



Оқу-әдістемелік құрал
Учебно-методическое пособие



Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу
әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по определению
уровня владения казахским языком способом тестирования



Қазақ тілін меңгеру деңгейін тәстiлеу әдiсiмен бағалау емтиханына дайындық үшiн

ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком способом тестирования

УДК 811.512.122 (07)
ББК 81.2 Қаз я 7
Т 93

«Тіл – құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралын» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны әзірледі

Пікір жазғандар:

Р.Ә. Авакова, С.Ш. Ақымбек, А.М. Алдаш, Е.Қ. Әбдірәсілов, Ж.Р. Әмірова, Ж.Т. Дәулетбекова, Р.А. Досжан, Т.Н. Ермакова, А.Ә. Жаңабекова, А.Ж. Жапбаров, Ш.К. Жаркинбекова, О.С. Жұбаева, Е.А. Журавлева, А.Ф. Зейнулина, З.С. Күзекова, С.Б. Қоянбекова, Г.А. Мұратова, Х.А. Ордабекова, Г.Т. Өтелбай

Т 93 Тіл – құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралы / Авторлар: М.Қ. Мамаева, М.С. Жолшаева, М.С. Жылқыбаева, С.М. Иманқұлова, Н.Ж. Егізбаева, Р.Т. Наралиева, Л.Қ. Тұрабаева, Г.М. Текесбаева, Б.Т. Күзембаева, С.К. Нарынбекова, А.М. Байғұтова, Ж.Т. Құлмағанбетова – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 250 бет.

Қазақ тілін меңгерудің орта деңгейін бағалау мақсатында тестілеу әдісімен емтихан тапсыру үшін дайындалуға арналған оқу-әдістемелік құралында тыңдалым, оқылым, жазылым түрлері бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және емтиханға дайындалудың тиімді жолдары мен әдістері ұсынылған.

Басылым – азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ-тің әдістемелік материалдарының бір бөлігі.

Оқу-әдістемелік құрал қазақ тілін екінші тіл ретінде, шетел тілі ретінде үйренушілерге, тест тапсырушыларға, сондай-ақ оқытушылар мен маман әдіскерлерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне және көпшілік тіл үйренушілерге арналған.

Учебно-методическое пособие предназначено для подготовки к сдаче экзамена по оценке среднего уровня владения казахским языком способом тестирования. В учебном пособии представлен материал по таким видам речевой деятельности как аудирование, чтение, письмо и лексико-грамматической структуре языка, также предлагаются эффективные методы и приемы подготовки к экзамену.

Данное издание является одной из структурных частей методических материалов системы оценки уровня владения казахским языком – ҚАЗТЕСТ.

Учебно-методическое пособие предназначено для изучающих казахский язык как иностранный, как второй язык, для тех, кто готовится к тесту, для преподавателей и методистов, студентов, а также для широкого круга читателей, изучающих язык.

ISBN 978-601-7185-47-3

УДК 811.512.122 (07)
ББК 81.2 Қаз я 7

© Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, 2011
© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2011

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
Түсініктеме.....	8
I тарау. ТЫҢДАЛЫМ БӨЛІГІ.....	10
Тыңдалым бөлігіне шолу.....	11
1. Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест.....	14
2. Тыңдалым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау.....	20
3. Тыңдалым бөлігі. Қорытынды тест.....	32
II тарау. ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК.....	38
Лексика-грамматикалық бөлікке шолу.....	39
1. Лексика-грамматикалық бөлік. Алдын ала тест.....	41
2. Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларын талдау.....	53
3. Лексика-грамматикалық бөлік. Қорытынды тест.....	109
III тарау. ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ.....	122
Оқылым бөлігіне шолу.....	123
1. Оқылым бөлігі. Алдын ала тест.....	125
2. Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау.....	138
3. Оқылым бөлігі. Қорытынды тест.....	161
IV тарау. ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІГІ.....	174
Жазылым бөлігіне шолу.....	175
1. Жазылым бөлігі. Алдын ала тапсырмалар.....	177
2. Жазылым бөлігі. Тапсырмаларды талдау.....	178
3. Жазылым бөлігі. Қорытынды тапсырмалар.....	196
V тарау. ҚОСЫМШАЛАР.....	198
1. Тыңдалым бөлігінің қосымшасы.....	199
2. Лексика-грамматикалық бөліктің қосымшасы.....	205
3. Оқылым бөлігінің қосымшасы.....	219
4. Жазылым бөлігінің қосымшасы.....	225
5. Тыңдалым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері.....	229
6. Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері.....	237
7. Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері....	239
8. Жазылым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері.....	241
ӘДЕБИЕТТЕР.....	248

КІРІСПЕ

Тіл үйренушінің басты мақсаты және арманы – сол тілде өз ойын жеткізе алатындай дәрежеде игеру. Осыған байланысты қазіргі кезеңде тілді үйретудің әлемдік практикасында ең тиімді бағыт ретінде сөйлеу әрекетінің түрлерін өзара сабақтастықта, белгілі бір жүйеде пайдалана отырып, тілді деңгейлер бойынша оқытып үйретудің әдістемесі алдыңғы қатарға шықты. Бұл әдістеме, ең алдымен, оқыту материалдарын «қарапайымнан күрделіге қарай» ұстанымы бойынша орналастыру арқылы тілді үйренудің оңтайлы екендігін, тілдік дағдыларды қалыптастырудың тиімді жолдарын айқын дәлелдеп берді. Деңгейлік жүйеде оқытудың бағыттары одан әрі тереңдетіле түсті; осының нәтижесінде әлемде ағылшын тілін үйретудің оңтайлы әдістері жинақталған, тіл үйренушінің тілдік дағдыларының қалыптасуына көмек беретін саналуан оқу-әдістемелік құралдар, шет тілі ретінде ағылшын тілінен емтихан тапсыруға арналған тест жүйесінің кешендері жарық көрді. Өсіресе, тілді шет тілі дәрежесінде меңгерудің деңгейін анықтауға арналған тест жүйесінің, тест тапсыру үшін өз бетінше дайындалуға ықпал ететін оқу-әдістемелік құралдардың маңызы жоғары. Осындай материалдарды пайдаланудың нәтижесінде тіл үйренуші тіл меңгеру сабақтары мен әдістері арқылы нақты бір деңгейге (мысалы, базалық деңгейге) қажетті тілдік құрылымдарды меңгерген соң дәл сол деңгейде тілді меңгергендігін растайтын емтихан бар екенін және ол емтихан мақсатына қарай әртүрлі талаптармен ұсынылатынын біледі, сондықтан емтихан тапсырмаларын түсіну арқылы тіл меңгерудегі білімін одан әрі шыңдай түседі.

Мұндай оқу-әдістемелік құралдар тест бөліктері, яғни тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктер бойынша тест тапсырмаларын талдау арқылы сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты дағдылардың қалыптасуын нақтылайды.

Тіл үйренушіге ыңғайлы тәсілдер бойынша жылдар бойы жинақталған тәжірибені ескере отырып, ұсынылған оқу-әдістемелік құралдарда алдымен кіріспе тест тапсыру арқылы тіл меңгеру дәрежесі анықталады, содан соң әрбір бөлік бойынша мазмұны ұқсас тапсырмаларды бірнеше рет талдау арқылы тапсырма мазмұны түсіндіріледі, тапсырма мазмұнын түсіну арқылы оқулық тілдік құрылымды толық түсінуге септігін тигізеді. Осы кезеңдерден соң тапсырмаларға қатысты жаттығулар беріледі. Бұл жаттығулар да тіл үйренушіге сол тілдің ерекшеліктерін түсінуге, қалыптасқан дағдыларды нақтылай түсуге көмектеседі. Қорытынды тест бөлігі алдыңғы кезеңдерде қалыптасқан тілдік құзыреттіліктерді тексеру тапсырмалары ретінде беріледі. Әрбір тест тапсырмаларының жауаптары оқу-әдістемелік құрал соңындағы қосымшада беріліп отырады, яғни тіл үйренушінің әрбір кезең сайын өзінің жауаптарын тексеріп отыруға мүмкіндігі бар. Жаттығу бөлігіндегі тапсырмаларда тікелей жұмыс дәптері ретінде пайдалануға болатындай мүмкіндіктер қарастырылған. Тыңдалым, жазылым бөліктері үшін аудиожазбалар компакт-дискіде қосымша беріліп отырады. Бұл тәсіл де сол тілдегі орфоэпиялық нормалардың дұрыс қалыптасуына, тапсырмалардың маңыздылығы мен негізгі мән берілетін тұстарын есте сақтау қабілеттерінің қалыптасуына септігін тигізеді.

Қазіргі таңда қазақ тілін меңгеру бағытында тіл үйренушілерге әртүрлі әдістемелер бойынша оқу құралдары, сөздіктер мен грамматикалық анықтағыштар, тілді меңгеруді бағалаудың құралдары, ақпараттық сүйемелдеулер, сондай-ақ БАҚ материалдары ұсынылып келеді. Соңғы 15-20 жыл көлемінде өзге тілді аудиторияларға арналып жарияланған сан түрлі оқулықтар мен оқу құралдарының, басқа да лингводидактикалық материалдардың республика өкілдеріне тілді үйрету, меңгерту, сайып келгенде, Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мен тіл стратегиясының жүзеге асырылуына елеулі үлес қосқандығын айрықша атап өтуге тиіспіз.

Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесі – ҚАЗТЕСТ-тің халықаралық жүйелермен ұқсастығы бар. ҚАЗТЕСТ жүйесі екі түрлі арнамен беріледі: бірі шетел тілі ретінде тіл үйренушінің тіл меңгеру деңгейін бағаласа, енді бірі қазақ тілін екінші тіл ретінде бағалауға бағытталған. Тест құрамы тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктерден тұрады. Әрбір бөліктер бойынша тапсырмалар «өте оңай тапсырмадан күрделіге» қағидатын негізге ала отырып құрастырылған. Тест тапсырмаларын қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттілік талаптарын анықтайтын мемлекеттік стандарттар* негізінде анықталады.

Тапсырмалардың өзі тіл меңгеру деңгейлеріне байланысты күнделікті өмір мен адамзатты қоршаған ортаға негізделіп тілдік ортада тіл қолдану мүмкіндіктеріне бағытталған. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер дәрежесінде тіл меңгеру деңгейлерін бағалауға болады. Бұл деңгейлер халықаралық тіл меңгеру деңгейлеріне сәйкестендірілген. Деңгейден деңгейге өтуде сабақтастық қағидаты сақталып отырады, төменгі деңгейде белгілі бір тақырып бойынша өте қарапайым тапсырма берілсе, одан жоғары деңгейде дәл сол тақырып қарастырылады, бірақ сөздік қоры да күрделірек, тапсырма түрі де қиынырақ болып келеді.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралдың ерекшелігі жоғарыда айтылғандай тест құрамындағы сөйлеу әрекетінің түрлері тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық құрылым бойынша тест тапсырмаларына тоқталып, талдап, қорытынды тест тапсыру арқылы тілдік дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ тілін орта деңгейде меңгеруге жету үшін 220-240 оқу сағаты қажет деп есептеледі.

Қазақ тілін меңгеруде бұл еңбек өз тиімділігін берер деген ниетпен тіл үйренушіге сәттілік тілейміз!

* 1. ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».

2. ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру».

3. ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».

4. ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».

5. ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».

ВВЕДЕНИЕ

Основная цель при обучении языку – достичь уровня, позволяющего излагать свои мысли на данном языке. В связи с этим на современном этапе в мировой практике обучения языкам одной из передовых является методика поуровневого обучения, использующая в качестве наиболее эффективного способа изучения видов речевой деятельности во взаимосвязи и единой системе. Такого рода методика доказывает, что обучение языку посредством соблюдения принципа расположения учебного материала «от простого к сложному» является наиболее приемлемым и определяет наиболее эффективные способы формирования речевых навыков. Обучение языку по уровневой системе более углублено, благодаря этому разработаны эффективные методы обучения английскому языку, изданы многочисленные учебно-методические пособия для формирования речевых навыков пользователя языка, комплексы тестовых заданий для сдачи экзамена по английскому языку как иностранному. Особое значение приобретает при этом система тестирования для определения уровня владения языком как иностранным, а также учебно-методические пособия, предназначенные для самостоятельной подготовки к тестированию. В результате их изучения для пользователя языка после усвоения определенных навыков, необходимых для того или иного уровня (к примеру базового), зная о существовании экзамена, подтверждающего владение языком на данном уровне и о том, что в зависимости от цели к сдаче экзамена предъявляются определенные требования, выполнение экзаменационных заданий способствует совершенствованию знаний и навыков.

Подобные учебно-методические пособия способствуют формированию навыков по видам речевой деятельности, предлагая анализ тестовых заданий по таким блокам теста, как аудирование, чтение, письмо, а также лексико-грамматическая структура языка.

Учитывая опыт применения наиболее эффективных методов для пользователя языка, совершенствующийся в течение многих лет, в представленных учебно-методических пособиях для начала с помощью проверочного теста определяется уровень пользователя языка, затем идет разъяснение заданий по каждому блоку путем неоднократного анализа однотипных заданий. Таким образом, данные пособия, предлагая задания, содержание которых необходимо усвоить, способствуют пониманию языковой структуры языка. После прохождения данных этапов предлагаются упражнения, вытекающие из заданий. Задания помогают пользователю языка понять специфику языка и закрепить сформированные навыки. Блок итогового теста основан на заданиях для проверки усвоенных ранее языковых умений и навыков. Ответы к тестам по каждому блоку даются в Приложении к учебно-методическому пособию, что дает возможность пользователю языка сверять ответы на каждом этапе. Раздел упражнений предусматривает использование пособия и в качестве рабочей тетради. К блокам Аудирование и Письмо прилагаются компакт-диски с аудиозаписями текстов, что способствует правильному формированию орфоэпических норм языка, запоминанию содержания заданий и основных моментов, на которые необходимо обратить внимание.

На современном этапе для тех, кто изучает казахский язык, предлагается широкий спектр учебно-методических комплексов: учебные пособия, составленные по различным методикам, словари и грамматические справочники, пособия, предназначенные для оценки уровня языка, информационная поддержка и материалы средств массовой информации. Следует подчеркнуть, что опубликованные за последние 15-20 лет многочисленные учебники, учебные пособия и другие лингводидактические материалы по обучению казахскому языку иноязычной аудитории внесли значительный вклад в реализацию языковой политики Республики Казахстан.

Отечественная система оценки уровня владения казахским языком – КАЗТЕСТ аналогична международным системам. Система КАЗТЕСТ представлена в двух направлениях, первый из которых оценивает усвоение казахского языка как иностранного, второй – усвоение казахского языка как второго. Тест состоит из таких блоков, как аудирование, чтение, письмо и лексико-грамматической части. Задания каждого блока составлены в соответствии с принципом «от простого к сложному». Особенности формирования тестовых заданий основаны на государственных стандартах, определяющих требования к коммуникативным языковым компетенциям владения казахским языком.*

Задания в зависимости от уровня владения языком направлены на формирование умения пользователя языка употреблять язык в языковой среде в соответствии с потребностями повседневной жизни и среды окружения. Система КАЗТЕСТ позволяет выявить такие уровни владения казахским языком, как элементарный, базовый, средний, уровень выше среднего и высокий уровни, которые соответствуют международным уровням владения языком. При переходе от одного уровня к другому соблюдается принцип преемственности. Если на первоначальном уровне даны простые задания на определенную тему, то на более высоком уровне предлагается эта же тема, но усложняется словарный запас и сами задания.

Особенность предлагаемого учебно-методического пособия заключается в том, что приведенный анализ тестовых заданий и итоговые тесты по таким видам речевой деятельности, как аудирование, чтение, письмо, а также лексико-грамматическая структура языка, способствуют формированию языковых навыков. Для достижения среднего уровня владения казахским языком считается необходимым 220-240 учебных часов.

Каждому, кто изучает казахский язык желаем больших успехов и надеемся, что наше пособие поможет Вам в этом!

* 1. СТ РК 1926-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Элементарный уровень. Общее владение».
2. СТ РК 1928-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Базовый уровень. Общее владение».
3. СТ РК 1929-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Средний уровень. Общее владение».
4. СТ РК 1925-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Уровень выше среднего. Общее владение».
5. СТ РК 1927-2009 «Коммуникативные языковые компетенции владения казахским языком. Высокий уровень. Общее владение».

Құрметті Тіл үйренуші!

Оқу-әдістемелік құрал қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлерде меңгеру үшін тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық бөліктері бойынша қазақ тілін меңгерудің емтиханына дайындық құралы ретінде ұсынылып отыр. Оқу-әдістемелік құралды әрбір бөлік бойынша тест тапсырмаларының түрлері, оларға дұрыс жауап берудің әдістері, әрбір бөлімдердегі тест тапсырмаларының дұрыс жауаптарының кілттері Сіз үшін ыңғайлы болу тұрғысынан берілген.

Оқу-әдістемелік құралдың құрылымы төмендегідей:

1) Алдымен тест тапсырып көруге мүмкіндік беріледі, бұл үшін алдын ала тест ұсынылған;

2) әртүрлі тест тапсырмаларына талдау жасалады, талдау арқылы тілдік құрылымдарды еске түсіріп, оларды нақтырақ түсінуге болады;

3) қорытынды тест арқылы біліміңізді шыңдауға мүмкіндік бар;

4) қосымшада жаттығулар мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері келтірілген.


Алдымен сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша бөліктерге шолу жасалады. Тест тапсырмаларының түрлеріне сипаттама берілген соң алдын ала тест тапсыруға мүмкіндік қарастырылған. Тыңдалым, жазылым бөліктері бойынша репликалар, диалогтер, монологтер мен мәтіндер компакт-дискіде қосымша беріледі. Мүмкіндігінше аудиоматериалдарды бір рет қана тыңдау керек. Бұл өз ретінде есте сақтау мен сөздік қордың қалыптасуына септігін тигізеді.

Тест талдау бөлімінде бөліктер бойынша түрлері мен күрделілік дәрежесіне қарай тест тапсырмаларына түсіндірме жасалады. Тест тапсырмасының жауап нұсқаларына талдау жасалады немесе қазақ тілінің тілдік құрылымдары бойынша қысқаша түсіндірме беріледі. Алайда дұрыс жауап нұсқасы мақсатты түрде әдейі көрсетілмейді. Талдаудан дұрыс жауапты түсініп, саралап табу өзіңізге қалдырылады. Бұл тәсіл де тілді меңгеруге деген ұмтылысты күшейте түсетіні анық.

Тест талдау бөліміндегі шыңдаған біліміңіз арқылы алдын ала тест тапсырудағы кемшіліктеріңізді Қорытынды тест бөлімінде түзетерсіз деген үміттеміз. Бұл бөлімдегі тест тапсырмалары да алдыңғы бөліктерге мазмұны бойынша ұқсас болғанымен, материалды кеңірек қамту мақсатында өзге де тақырыптар мен жағдаяттар қарастырылады.

Қосымша бөліміндегі тілдік құрылымдар бойынша әзірленген анықтамалар, жаттығулар мен әртүрлі мысалдар қазақ тілі бойынша біліміңізді шыңдайды.



Тест талдау бөлімінде  белгісі («түсіндіру», «талдау» сөздерінің алғашқы әрпі таңдалып отыр және дәстүрлі «Т» әрпінен өзгешелеу түрі қолданылады) тест тапсырмасы бойынша талдау немесе түсіндірменің басталған жерін білдіреді.

Е белгісі («ескерту», «ескертпе», «еске түсіру», «еске салу» сөздері мен сөз тіркестерінің алғашқы әрпі таңдалып отыр және дәстүрлі «Е» әрпінен өзгешелеу түрі қолданылады) тест тапсырмасына қатысты қазақ тілінің тілдік құрылымы бойынша ескерту немесе грамматикалық элементтерді еске салу бөлігінің басталғанын анықтайды.

Қосымшаларда берілген анықтамалар, мысалдар мен өз бетінше орындауға берілген жаттығулар сіздің қазақ тілінен біліміңізді тереңдете түсетініне сенеміз!

Қазақ тілін үйренуге деген ұмтылысыңызға сәттілік тілейміз!

Уважаемый Пользователь языка!

Учебно-методическое пособие рекомендовано для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком на элементарном, базовом, среднем, уровне выше среднего, высоком уровнях в соответствии с такими видами речевой деятельности, как аудирование, чтение, письмо и лексико-грамматическая структура языка. Для эффективной подготовки в учебно-методическом пособии представлены виды тестовых заданий по каждому блоку, способы определения правильных ответов, ключи правильных ответов тестовых заданий.

Структура данного учебно-методического пособия такова:


- 1) перед тем, как приступить к разбору заданий предоставляется возможность сдать предварительный тест;
- 2) далее приведен анализ разных видов заданий, что позволяет освежить в памяти и лучше усвоить языковую структуру;
- 3) с помощью итогового теста предоставляется возможность закрепить свои знания;
- 4) в приложении приведены упражнения и ключи правильных ответов тестовых заданий.


Для начала приведен обзор каждого блока по видам речевой деятельности. После описания вида речевой деятельности следует предварительный тест. Реплики, диалоги, монологи и тексты по блокам Аудирование и Письмо прилагаются на компакт-диске. По возможности аудиоматериал следует прослушать не более одного раза. Это оказывает влияние на формирование словарного запаса и закрепление его в памяти.

В разделе анализа тестов даются пояснения и разъяснения к различным видам тестовых заданий по степени сложности. Варианты ответов тестовых заданий подробно анализируются, либо даются краткие разъяснения по языковым конструкциям казахского языка. Но варианты правильных ответов не указываются намеренно. Умение понять и на основе анализа определить правильный ответ оставлено за Вами, что также усиливает стремление к усвоению языка.

Надеемся, что после усвоения анализа заданий пробелы, которые были допущены в предварительном тестировании будут отработаны и успешно выполнены в разделе итогового тестирования. Несмотря на то, что тестовые задания данного раздела схожи по структуре с предыдущими, здесь предусмотрены другие темы и ситуации с целью охвата большего объема материала.

Правила, справочная информация, упражнения и различные примеры, приведенные в приложении, помогут Вам закрепить свои знания по казахскому языку.

В разделе анализа тестовых заданий знак  (выбрана начальная буква слов түсіндіру – «разъяснение, толкование», талдау – «анализ» и использована иная форма традиционной буквы «Т») означает начало анализа или пояснения к тестовому заданию.

Знак  (выбрана начальная буква слов ескерту – «примечание», ескертпе, еске салу, еске түсіру – «напоминание» и использована иная форма традиционной буквы «Е») означает начало информации по языковым конструкциям казахского языка или грамматическим элементам, на которую необходимо обратить внимание, закрепить в памяти.

Искренне верим в то, что справочная информация, примеры и упражнения для самостоятельной работы, данные в приложении, помогут Вам углубить знания по казахскому языку.

Желаем успехов в изучении казахского языка!

I

тарау

Тыңдалым бөлігі

Блок Аудирование

- Тыңдалым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

Тыңдалым бөлігіне шолу

Тыңдалым бойынша тест мақсаты – тіл қолданушының тыңдаған мәтін тақырыбын, идеясын түсіну, мәтіндегі негізгі пікірлер мен қате пікірлерді анықтау, нақты деректер мен мәтін бөліктеріндегі ақпараттарды есте сақтау, жауап бере алу дағдыларын бағалау.

Қазақ тілін орта деңгейде меңгеруді бағалауға арналған тыңдалым бөлігі бойынша тест 3 бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде қарапайым және базалық деңгейлердегі жағдаяттарды кең әрі толық сипаттаған 10-12 сөйлемнен тұратын орташа 4 диалог беріледі. Әр диалогке 3 тапсырмадан, барлығы 12 тест тапсырмасы берілген. Әкімшілік орындарда (деканатта, дирекцияда, офисте), поштада, банкте, ақша айырбастау орындарында, театрда, мұражайда, қонақ үйде т.с.с. болған диалогтер, газеттен алынған немесе көркем әдебиет кейіпкерлерінің бейімделген сұхбаттары қолданылады. Тапсырма мәтіндердегі дұрыс ақпаратты көрсетіп, қате пікірлер мен сәйкес пікірлерді табуға құрылған. Дұрыс жауап нұсқасы қазіргі сөйлеу ережесіне, этикалық нормаға сай грамматикалық тұрғыдан сауатты болуы қажет.

Екінші бөлімде 15-25 сөйлемнен тұратын ұзақтау 2 диалог беріледі, әр диалогке 4 тест тапсырмасынан, барлығы 8 тапсырма берілген. Диалогтер газет-журналдардан алынған мәтіндерді жаңа кітаптар, театр қойылымдары, спорт жаңалықтары, мәдениет жаңалықтары мен саяси оқиғалар т.б. тақырыптарды қамтиды. Үлкен-кішімен, құрдастармен, бейтаныс ортамен қарым-қатынас орнатуға құрылған сұхбаттар да беріледі. Тапсырма сұхбатқа қатысушылардың жаңалықтарды қабылдау жайы мен көңіл күйін, сезімі мен көзқарасын анықтауға және негізгі пікірді көрсетуге, нақты деректерді айқындау мен диалогке қатысушылардың ниетін түсінуге бағытталады.

Үшінші бөлімде 180-200 сөзден немесе 25-30 сөйлемнен тұратын 2 монолог беріледі. Мәтінде таныс емес жаңа сөздер де кездеседі. Әр диалогке 5 тест тапсырмасы, барлығы 10 тест тапсырмасы беріледі. Оқу орындары, жұмыс түрлері жайлы жарнама, мамандығы, қызметі жайлы кең түрдегі әңгіме, еліміздегі жоғары оқу орындары туралы мәлімет, қаланың көрікті жерлері, қазақ халқының тұрмысы, салт-дәстүрлері жайлы мәтіндер, аздап бейімделген іс-қағаздар үлгілері (қызметтік хат, мінездеме, өмірбаян) беріледі. Тапсырмалар мәтін тақырыбын дәл табуға, мәтін идеясын түсінуге және мәтін бөліктерін айқындауға құрылады.

Тыңдалым бөлігінің тапсырмаларын дұрыс орындау үшін:

- 1) мұқият тыңдау;
- 2) жалпы түсіну;
- 3) ұзақтау диалогтер мен мәтін мазмұнын толық түсіну;
- 4) бірнеше ақпаратты бөлшектеп есте сақтау;
- 5) мәтіндегі ақпараттардың берілуіне – грамматикалық құрылымына (болған іс, болатын іс, болып жатқан іс) назар аудару қажет.

Тыңдалым бөлігінің орта деңгейі тапсырмаларын орындау ережесі:

- Тыңдалым бөлігі бойынша тест тапсырмаларының саны – 30;
- Тыңдалым бөлігінде тест орындау үшін 25 минут уақыт беріледі.
- Тест тапсырмалары жеңілден қиынға қарай қағидасына негізделген (тапсырмалардың үлесі: күрделілігі бойынша 12 тест тапсырмасы орташа, 8 – қиындау, 10 – қиын тапсырмалар болып бөлінген).

Қосымша диск бойынша нұсқаулық

Қосымша дискіде берілген бағдарламаны Windows операциялық жүйесіне орнатыңыз. Жұмыс үстеліндегі арнайы белгіні шертіп, бағдарламаны іске қосыңыз. Пайда болған терезеден Тыңдалым бөлігін таңдайсыз. Мәтіндердің реттік нөмірлеріне сәйкес аудиожазбаны арнайы батырманы басу арқылы тыңдайсыз. Аудиожазбаны тыңдау арқылы мәтінге сәйкес тест тапсырмаларын орындаңыз. Әр тапсырманы орындау үшін 15 секунд уақыт беріледі.

Обзор блока Аудирование

Целью теста по аудированию является оценка навыков определения темы текста, основной либо ошибочной информации по тексту, запоминания конкретных сведений и информации в отдельных частях текста, умения отвечать на поставленные вопросы.

Тест по аудированию, предназначенный для оценки среднего уровня владения казахским языком, состоит из 3-х частей.

В первой части содержится 4 средних диалога, состоящих из 10-12 предложений, в которых широко и в полном объеме описываются ситуации элементарного и базового уровней.

Каждый диалог содержит 3 задания, всего – 12 заданий. Диалоги, происходящие в административных местах (деканате, дирекции, офисе), на почте, в банке, в пункте обмена валюты, театре, музее, гостинице и т.д. взяты из газет или адаптированы диалоги персонажей художественной литературы. Задания рассчитаны на определение правильной информации, поиск ошибочного и правильного мнения. Правильный ответ должен быть сформулирован грамотно и дан в соответствии с правилами современной орфоэпии, нормами этики.

Вторая часть состоит из 2-х более длительных диалогов, содержащих по 15-25 предложений, каждый диалог включает в себя 4 задания, всего – 8 заданий.

Диалоги взяты из газет и журналов, охватывают такие темы, как новые книги, театральные постановки, спортивные новости, культурные новости, политические события и т.д. Также даются диалоги, предназначенные для установления отношений между старшими и младшими, сверстниками, незнакомой аудиторией.

Целью заданий является оценка восприятия новостей, определение настроения, чувств и взглядов участников диалога, определение основной информации текста, выяснение конкретных сведений и понимание намерений участников диалога.

В третьей части дается 2 монолога, состоящих из 180-200 слов или 25-30 предложений. В текстах встречаются незнакомые слова. В каждом монологе по 5 заданий, всего – 10 заданий. Здесь даются тексты, содержащие рекламу учебных заведений и различных видов работ, более объемные рассказы о специальности, роде деятельности, сведения о высших учебных заведениях нашей страны, достопримечательностях городов, тексты о быте и традициях казахского народа, адаптированные образцы деловых бумаг (служебные письма, характеристики, автобиография).

Задания рассчитаны на четкое определение темы и идеи текста, на умение выявить его структурные части. Последнее задание рассчитано на умение правильно сделать заключение.

Для успешного выполнения заданий по аудированию необходимо соблюдать следующие требования:

- внимательно прослушать представленную информацию;
- понять общее содержание информации;
- при прослушивании диалогов, текстов большого объема необходимо понимать основную идею текста, воспринимать текст в целом;
- необходимо также логически структурировать прослушанную информацию;
- следует обращать внимание на грамматические особенности текста (в частности, на время действия – прошедшее, настоящее, будущее и пр.).

Правила выполнения заданий среднего уровня:

- на прослушивание материала и выполнение заданий дается 25 минут;
- количество заданий среднего уровня блока аудирования – 30.
- задания сформированы по принципу возрастающей сложности (12 – средней сложности, 8 – более сложные, 10 – сложные).

Инструкция к прилагаемому диску

Установите программу на прилагаемом диске в операционную систему Windows. Щелкнув на специальный значок на рабочем столе, запустите программу. На появившемся окне выберите Тыңдалым бөлігі (блок Аудирование). Прослушайте аудиозапись, соответствующую порядковому номеру текста, нажав на кнопку проигрывателя. Прослушав аудиозапись, выполните тестовые задания по тексту. Для выполнения каждого задания отводится 15 секунд.

1

Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест Блок Аудирование. Предварительный тест

Бірінші бөлім

- Бірінші бөлімде Сіз 4 диалог тыңдайсыз.
- Диалогтердің мазмұнына сәйкес әр диалогке 3 тапсырмадан, барлығы 12 тапсырма беріледі.
- Тілдік дағдылардың тиімді қалыптасуы үшін, диалогтерді бір рет қана тыңдаңыз.
- В первой части Вы прослушаете 4 диалога.
- По содержанию каждого диалога необходимо ответить на 3 тестовых задания. Всего 12 тестовых заданий.
- Для формирования речевых навыков диалоги прослушиваются только один раз.



1-диалог тапсырмалары

- 1** Диалог мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, соответствующую содержанию диалога.
А) Мақпал жеке концертін берді.
В) Мақпал халық әндерін ұнатады.
С) Мақпал мұғалім болуды армандайды.
D) Мақпал 2005 жылғы Юрмалада жеңімпаз атанды.
- 2** Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, не соответствующую содержанию текста.
А) Мақпалдың ата-анасы да ән айтады.
В) Мақпал лирикалық әндерді ұнатады.
С) Мақпал Талдықорған облысында туған.
D) Мақпал – Юрмалада өткен халықаралық байқаудың жеңімпазы.
- 3** Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.
А) Мақпалдың анасы – әнші.
В) Мақпалдың анасы – ақын.
С) Мақпалдың анасы – суретші.
D) Мақпалдың анасы – педагог-психолог.



2-диалог тапсырмалары

- 4** Сөйлемді диалог мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.
Дополните предложение в соответствии с содержанием диалога.
Саябақта жеңілдік
А) он үш жасқа дейінгі балаларға бар
В) бес жасқа дейінгі балаларға ғана беріледі
С) он үш жастан жоғарыларға қарастырылған
D) бес-он екі жас аралығындағы балаларға беріледі

- 5** Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, не соответствующую содержанию текста.
- A) Саябақта түрлі танымдық байқаулар, ойындар өтеді.
 - B) Мамырда қоршаған ортаны қорғау күні атап өтіледі.
 - C) Саябақта дала бүркіті, қаршыға, қырғи сияқты құстар бар.
 - D) Құлан, арқар, қабылан сынды хайуанаттар Қызыл кітапқа енген.

- 6** Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.
- Мерекелік іс-шаралар ... арналады.
- A) тек балаларға
 - B) тек ата-аналарға
 - C) балалар мен қонақтарға
 - D) саябақты тамашалаушыларға



3-диалог тапсырмалары

- 7** Диалог мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, соответствующую содержанию диалога.
- A) Жарас аға басшылық қызметке тұрды.
 - B) Жарас аға мемлекеттік тілді жақсы біледі.
 - C) Жарас ағаның педагогикалық тәжірибесі бар.
 - D) Жарас ағаның басшылық қызметте көп жылдық тәжірибесі бар.

- 8** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Газеттің ... жұмысқа шақырады.
- A) жарнама бөліміне
 - B) әдеби сын бөліміне
 - C) басшылық қызметіне
 - D) компьютерлік бөлімге

- 9** Диалог мазмұны бойынша сұраққа жауап беріңіз.
Ответьте на вопрос в соответствии с содержанием диалога.
- Тоғжанның Жарас ағасы туралы пікірі қандай?
- A) жақсы
 - B) жаман
 - C) жоғары
 - D) жағымды



4-диалог тапсырмалары

- 10** Диалог мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, соответствующую содержанию диалога.
- A) Бәйшешек жазда өседі.
 - B) Бәйшешек шөл жерлерде өседі.
 - C) Бәйшешек наурыз айында шығады.
 - D) Бәйшешек шыққанда дала алуан түске боялады.

11 Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, не соответствующую содержанию диалога.

- A) Жауқазын тау беткейінде өседі.
- B) Жауқазын көктемде гүл ашады.
- C) Жауқазын Қызыл кітапқа енген.
- D) Жауқазын сары және қызыл түсті болады.

12 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Бәйшешек пен жауқазын ... айында гүл ашады.

- A) шілде
- B) мамыр
- C) наурыз
- D) маусым

Екінші бөлім

- Екінші бөлімде Сіз 2 диалог тыңдайсыз.
- Диалогтердің мазмұнына сәйкес әр диалогке 4 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі.
- Тілдік дағдылардың тиімді қалыптасуы үшін, диалогтерді бір рет қана тыңдаңыз.

- В первой части Вы прослушаете 2 диалога.
- По содержанию каждого диалога необходимо ответить на 4 тестовых задания. Всего 8 тестовых заданий.
- Для формирования речевых навыков диалоги прослушиваются только один раз.



5-диалог тапсырмалары

13 Негізгі ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите основную информацию.

- A) Еленаның сазгерлігі
- B) Еленаның студент кезі
- C) Мұқағалидың өлеңдерінің құдіреті
- D) Еленаның Жұмекен, Фариза, Төлеген өлеңдеріне сүйіспеншілігі

14 Нақты деректі анықтаңыз.
Укажите конкретный факт.

- A) Еленаның әндері көп.
- B) Елена домбыра тартады.
- C) Мұқағалидың өлеңдері – әсерлі.
- D) Елена – «Үкілі үміт» байқауының лауреаты.

15 Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Қандай әннің жазылу тарихы айтылған?

- A) «Сыр елі»
- B) «Үкілі үміт»
- C) «Көздеріңе ғашықпын»
- D) «Нұр жауып тұрған көктемде»

- 16** Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.
- Сұхбат алушының мақсаты не?
 А) Еленаның әнші болу себебін білу.
 В) Еленаның сазгер болу себебін анықтау.
 С) Еленаға Мұқағали өлеңдерінің әсерін білу.
 D) Еленаның өнердегі жетістіктері туралы білгісі келу.



6-диалог тапсырмалары

- 17** Негізгі ақпаратты табыңыз.
Найдите основную информацию.
- А) Бұзылған жемістің зияны.
 В) Жүзімнің дәрумендік қасиеті.
 С) Жеміс-жидектерді дұрыс пайдалану.
 D) Жеміс-жидектердің денсаулыққа пайдасы.
- 18** Нақты деректі анықтаңыз.
Укажите конкретный факт.
- А) Жеміс-жидектер дәрумендерге бай.
 В) Жеміс-жидектер иммунитетті көтереді.
 С) Күнде жеміс-жидек жеп жүрген дұрыс.
 D) Бұзылған жемістің бойында улы зат түзіледі.
- 19** Сөйлемді мәтін мазмұнына сай нақты дерекпен толықтырыңыз.
Дополните предложение конкретным фактом, соответствующим содержанию текста.
- Сәбіздің шырыны ... ем.
 А) буын ауруына
 В) жүрек ауруына
 С) бауыр ауырғанда
 D) қатерлі ісік ауруына
- 20** Дұрыс нұсқаны анықтаңыз.
Определите правильный ответ.
- Сұхбат алушының мақсаты –
 А) бақшада өсіруге болатын жемістер туралы білу.
 В) жеміс-жидектердің, көкөністердің түрлері туралы білу.
 С) жеміс-жидектер мен көкөністердің пайдасы туралы кеңес алу.
 D) жеміс-жидектер мен көкөністерді дұрыс өсіру туралы кеңес алу.

Үшінші бөлім

- Үшінші бөлімде Сіз 2 мәтін тыңдайсыз.
- Мәтін мазмұнына сәйкес әр мәтінге 5 тест тапсырмасынан, барлығы 10 тапсырма беріледі.
- Тілдік дағдылардың тиімді қалыптасуы үшін, мәтіндерді бір рет қана тыңдаңыз.
- В четвертой части Вы прослушаете 2 текста.
- По содержанию каждого текста необходимо ответить на 5 тестовых заданий. Всего 10 тестовых заданий.
- Для формирования речевых навыков тексты прослушиваются только один раз.



1-мәтін

- 21** Мәтінге лайық тақырып таңдаңыз.
Выберите подходящий заголовок для текста.
- A) Майқы бидің даналығы
 - B) Майқы бидің ұрпақтары
 - C) Билердің хандар саясатына ықпалы
 - D) Би және оның қазақ қоғамындағы орны
- 22** Мәтіннің алғашқы бөлігінің мазмұнын анықтаңыз.
Определите содержание вступительной части текста.
- A) «Билер соты»
 - B) Бидің кім екендігі
 - C) Майқы бидің өсиеті
 - D) Қазақтың тұңғыш биі
- 23** Мәтіннің соңғы бөлігінің мазмұнын анықтаңыз.
Определите содержание заключительной части текста.
- A) Қазақтың билері.
 - B) Майқы би туралы аңыздар.
 - C) Майқы би туралы халық нақылы.
 - D) Майқы би – түркі халықтарына ортақ би.
- 24** Мәтіннің негізгі идеясын анықтаңыз.
Определите основную идею текста.
- A) Майқы бимен таныстыру.
 - B) Мемлекеттік бірлікті насихаттау.
 - C) Хандар кеңесі туралы ақпарат беру.
 - D) Би төрелігін, шешендік өнерді дәріптеу.
- 25** Мәтіннің түйінін анықтаңыз.
Сделайте вывод по тексту.
- A) Билер кеңесін құру керек.
 - B) Билер ісінен өнеге алу керек.
 - C) Билер – бейбіт өмірді жақтаушылар.
 - D) Майқы би –қазақтың ұлттық шешендік өнерінің атасы.



2-мәтін

- 26** Мәтін мазмұнына сай тақырыпты көрсетіңіз.
Укажите подходящий заголовок для текста.
- A) Тастағы көне жазу
 - B) Кир патшаның жеңілісі
 - C) Тұмар ханымның жеңісі
 - D) Дари патшаның кек алуы
- 27** Мәтіндегі негізгі ойды көрсетіңіз.
Укажите основную мысль текста.
- A) Жазу 414 сөйлемнен тұрады.
 - B) Жартас жерден 152 метр биіктікте орналасқан.
 - C) Жазу әлемге «Бехистун» деген атпен танымал болған.
 - D) Бехистун жазбасы – Азия тарихы туралы көне дерек көзі.
- 28** Мәтіннің соңғы бөлігіндегі ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, которая была изложена в заключительной части текста.
- A) Дари патшаның Ұлы далаға жорығы.
 - B) Жартасқа салынған патшалардың суреті.
 - C) «Бехистун жартасы» қазіргі Иран жерінде орналасқан.
 - D) «Бехистун жазбасын» дүниеге таратқан – ағылшын ғалымы.
- 29** Мәтіннің басында берілген ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, которая была изложена во вступительной части текста.
- A) Тастағы жазудың көлемі.
 - B) Тасқа қашап жазушы ұсталар.
 - C) Дари жорығының жеңіске жетуі.
 - D) Тастағы жазудың қай тілде жазылғандығы.
- 30** Мәтіннің түйіні бола алмайтын қатарды көрсетіңіз.
Укажите строку, которая не может резюмировать текст.
- A) Тастағы суреттер – тарихи дерек.
 - B) «Бехистун жазбалары» тарих үшін құнды.
 - C) «Бехистун жазбаларын» әлемге таныту керек.
 - D) Дари патша жеңісінің куәсі – тастағы суреттер.

2

Тыңдалым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау Блок Аудирование. Анализ тестовых заданий

Бірінші бөлім

- Бірінші бөлімде Сіз 4 диалог тыңдайсыз.
- Диалогтердің мазмұнына сәйкес әр диалогке 3 тапсырмадан, барлығы 12 тапсырма беріледі.
- Тілдік дағдылардың тиімді қалыптасуы үшін, диалогтерді бір рет қана тыңдаңыз.
- В первой части Вы прослушаете 4 диалога.
- По содержанию каждого диалога необходимо ответить на 3 тестовых задания. Всего 12 тестовых заданий.
- Для формирования речевых навыков диалоги прослушиваются только один раз.



1-диалог

– Нұржан Жалауқызы, «Қазақстан» телеарнасының толық қазақ тіліне көшуі туралы ақпаратты біздің оқырмандар қуанышпен қабылдап жатыр. Осы игі қадамның мән-маңызына тоқталып өтіңізші?

– Бұл орайда тапсырма Мемлекет басшысы Н. Назарбаев тарапынан болғанын қалың қауым жақсы біледі. Президент 2011 жылғы 1 наурызда елдегі ең ықпалды ақпарат құралдары өкілдерімен кездесу кезінде «Қазақстан» телеарнасы үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегінен бастап тек қазақ тілінде хабар таратуға көшеді деген пікірін айтты. Сосын мамыр айындағы Дүниежүзі қазақтарының кезекті төртінші құрылтайында тағы осы шешімін тиянақтай түсті. Әр елден келген қандастарымыз бұл ізгі ниетті қошеметпен қарсы алды.

1

Диалог мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.

Укажите информацию, соответствующую содержанию диалога.

«Қазақстан» телеарнасы

- A) сенбі, жексенбі күндері таза қазақша хабар таратады.
- B) Президент тапсырмасы бойынша таза қазақшаға көшті.
- C) Премьер-Министрдің жарлығы бойынша қазақшаға көшті.
- D) көрермендердің сұрауы бойынша таза қазақ тілінде хабар тарата бастады.

Т

- 1) Мәтінде телеарнаның толық қазақшаға көшірілгендігі айтылған.
- 2) Телеарнаны қазақшаға көшіру туралы Елбасы пікір білдірген.
- 3) Мәтінде Премьер-Министр туралы ақпарат жоқ.
- 4) Мәтінде көрермендер туралы да ештеңе айтылмаған.

Ё

Толық қазақшаға көшіру – аптаның барлық күндерінде қазақша хабар тарату.

- 2 Диалог мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, не соответствующую содержанию диалога.

- A) «Қазақстан» телеарнасы таза қазақ тілінде хабар таратады.
B) Мамырда Дүниежүзі қазақтарының кезекті құрылтайы өтті.
C) Телеарна 1 наурыздан бастап таза қазақ тілінде хабар таратады.
D) Телеарна Президент нұсқауы бойынша қазақша хабар таратуға көшті.



- 1) Телеарнаның қазақ тілінде хабар тарататыны туралы мәтінде айтылған.
2) Дүниежүзі қазақтарының мамырда өткен құрылтайы туралы ақпарат бар.
3) 1 наурыз – телеарнаның болашақта қазақ тілінде хабар таратуға көшетінін хабарлаған уақыт.
4) Телеарнаны толық қазақшаға көшіруге Н.Назарбаев тапсырма берген.

- 3 Диалог мазмұнына сай дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ в соответствии с содержанием диалога.

Телеарна туралы жаңалықты шетелден келген қазақтар қалай қабылдады?

- A) қолдады
B) түсінбеді
C) құптамады
D) қарсы болды



- 1) Қолдады – құптады, келісті, жақсы қабылдады
2) Түсінбеді – ұқпады
3) Құптамады – қолдамады, қарсы болды
4) Қарсы болды – келіспеді, қаламады



2-диалог

Алдына сәлем бере және елді ынтымақтастыру жөнінде келген Төлеге Әнет баба садақтың алты оғын біртіндеп сындырып, екі бүктеп он екі шыбық етіп ортасынан буып: Міне, енді сындырып көрші,- дейді. Бума шыбықты сындыра алмаған Төле оны Әнет бабаға қайтарып:

– Айып етпеңіз, бұл жұмбағыңызды түсінбедім, - депті.

Сонда Әнет баба мынадай өсиет айтыпты:

– Төлежан, ешқашан да өзімшіл болма, көптің айтқанын тыңда. Көпті тыңдасаң, көп те сенің айтқаныңды орындайды. Көп болсаңдар, өзара ынтымақта болсаңдар, сендердің белдеріңді ешкім де сындыра алмайды. Ал әрқайсың жеке дара болып, ынтымақтарың жараспайтын болса, мына жеке шыбықтарды сындырған секілді әркім-ақ бірліктеріңді бұзып, берекелеріңді кетіреді.

«Қазақтың би-шешендері» кітабынан

- 4 Сөйлемді диалог мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.
Дополните предложение в соответствии с содержанием диалога.

Мәтінде айтылған жақсы қасиет – ...

- A) алауыздық
B) өзімшілдік
C) сабырлылық
D) ынтымақтастық



- 1) Алауыздық – бір-бірімен тату болмау
2) Өзімшілдік – тек қана өзінің жеке басын ойлау
3) Сабырлылық – ұстамдылық, шыдамдылық
4) ынтымақтастық – татулық, бірлік, достық

5

Диалог мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.

Укажите информацию, не соответствующую содержанию диалога.

- A) Төле Әнет бабаның жұмбағын шеше алмады.
- B) Әнет баба Төлеге «көп айтқанына құлақ салма» деп өсиет айтты.
- C) Төле елді ынтымақтастыру жөнінде жөн сұрап Әнет бабаға келеді.
- D) Әнет баба ел бірлігін бума шыбықтың мықтылығымен салыстырды.

Т

- 1) Төле Әнет бабамен ел бірлігі туралы ақылдасты.
- 2) Бір шыбықты сындыру оңай, ал бума шыбықты сындыру қиын.
- 3) Әнет баба бірлік, ынтымақтастық туралы өсиет айтты.
- 4) Әнет баба берген жұмбақ – бума шыбықты сындыру болатын.

6

Дұрыс жауапты табыңыз.

Найдите правильный ответ.

Төле шыбықтарды неге сындыра алмады?

- A) Шыбық су болды.
- B) Шыбыққа жаны ашыды.
- C) Сындыруға батылы жетпеді.
- D) Көп шыбықтың бумасына әлі жетпеді.

Т

- 1) Шыбық су болды – құрғақ емес, ылғал болды.
- 2) Шыбыққа жаны ашыды – шыбықты аяды.
- 3) Батылы жетпеді – жүрексізді, қорықты.
- 4) Әлі жетпеді – күші жетпеді, әлі келмеді.



3-диалог

– Мынау «Егемен Қазақстанның» жаңа саны ма? Қандай жаңалықтар бар екен?

– 26 тамызда шыққан. Алматыда КСРО халық әртісі, Халық Қаһарманы Роза Бағланованы мәңгі есте қалдыру үшін өзі тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта қойылыпты.

– Ашылу салтанаты болып па?

– Иә, ашылуында Алматы қалалық тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы кіріспе сөз сөйлеген. Одан кейін Алматы қаласы әкімінің орынбасары сөйлепті.

– Әртістерден кімдер болды екен?

– Алтынбек Қоразбаев, Сара Тыныштығұлова, Мақпал Жүнісова секілді өнер қайраткерлері өз пікірлерімен бөлісті. Атақты әншінің туған туыстары осы шараны ұйымдастырушылар мен қолдау көрсетуші азаматтарға жүрекжарды тілектерін жеткізді.

«Егемен Қазақстан» газетінен

7

Диалог мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.

Укажите информацию, соответствующую содержанию диалога.

- A) Олар жаңалықты теледидардан естіді.
- B) Алматы қаласында Р.Бағланованың атына көше берілді.
- C) Республика сарайында Р.Бағланованы еске алу кеші өтті.
- D) Р. Бағланова тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта қойылды.

Т

- 1) Жаңалықтарды оқыды, ал теледидарды тыңдайды, көреді;
- 2) Ұлы тұлғалардың атына көше беріледі, бірақ мәтінде мұндай ақпарат жоқ.
- 3) Атақты әншілерді еске алу кеші өткізіледі, бірақ мұндай ақпарат та жоқ.
- 4) Мәтінде ескерткіш тақта орнатылғаны, оның салтанатты ашылуы туралы ақпарат берілген.

8

Диалог мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, не соответствующую содержанию диалога.

- A) Халық Р. Бағланованың өнерін бағалайды.
- B) Халық Р. Бағланованы мәңгі есте сақтайды.
- C) Р. Бағланова өмірден халықтың құрметіне бөленіп өтті.
- D) Р. Бағланова өмірден озған соң ғана құрметке ие болды.

Т

- 1) Халық құрметтеген танымал тұлғаларға ғана ескерткіш қойылады.
- 2) Халық әртісінің есімі мәңгі ұмытылмас үшін ескерткіш тақта қойылды.
- 3) Р. Бағланова көзі тірісінде КСРО халық әртісі, Халық Қаһарманы атақтарын алған.
- 4) Мәтін мазмұны әртістің өмірінде зор құрметке ие болғандығын дәлелдейді.

Е

Көзі тірісінде – тірі кезінде
Құрметке бөлеу – құрметтеу, сыйлау
Өмірден озу – өмірден өту, қайтыс болу

9

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ескерткіш тақтаның ашылуына ... қатысты.

- A) өнер қайраткерлері
- B) Алматы қаласының әкімі
- C) «Егемен Қазақстан» газетінің ұжымы
- D) Алматы қалалық Мәдениет басқармасының басшысы

Т

- 1) Бірнеше өнер қайраткерлері қатысқандығы туралы нақты ақпарат бар.
- 2) Әкімнің орынбасары қатысты.
- 3) «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі ғана қатысты.
- 4) Алматы қалалық Тілдерді дамыту басқармасының басшысы қатысты.



4-диалог

– Сәлеметсіз бе? Бұл Абай атындағы мұражай ма?

– Иә, қош келдіңіздер!

– Біз белгілі қазақ суретшісі Әбілхан Қастеевтің көрмесі ашылады дегенді естіп келіп едік.

– Дұрыс келдіңіздер. Менің аты-жөнім – Мейрамгүл Қайранбаева. Мұражайдың ғылыми қызметкерімін. Биыл Ә.Қастеевтің туғанына 100 жыл толады. Соған орай көрме ашылып отыр. Ә.Қастеев – Абай тақырыбына тұңғыш рет қыл қалам тартқан суретші. Бұл туралы білуші ме едіңіздер?

– Иә, біз де Әбілхан ағаның жолын қуып жүрген жас суретшілерміз.

– Өте жақсы! Қуаныштымын! Онда суретшінің өнер туындыларымен сырласа беріңіздер. Мұндағы суретшінің "Жас Абай", "Қоңыр әулие", "Шыңғыстаудағы жаз" туындыларымен бірге басқа да суреттері ұлы ақын шығармаларымен үндесе суретші қиялынан туған.

«Парасат» журналынан

10 Диалог мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, соответствующую содержанию диалога.

- A) Мұражай Ө. Қастеев атында.
- B) "Қоңыр әулие", "Шыңғыстаудағы жаз" – Абай шығармалары.
- C) Мұражайда Ө. Қастеевтің 100 жылдығына орай көрме ашылды.
- D) Мұражайға келушілер Ө. Қастеев суреттерін бұрын көрмеген.

Т 1) Мұражай қазақтың ұлы ақынының атында.
2) Аталған шығармалар – суретші туындылары.
3) Мұражайдағы көрме қазақ суретшісінің мерейтойына арналған.
4) Мұражайға келушілер Ө. Қастеев туындыларымен таныс.

11 Диалог мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, не соответствующую содержанию диалога.

- A) Мұражайдағы көрмеге жас суретшілер келді.
- B) Ө. Қастеев – Абай тақырыбына алғаш барған суретші.
- C) Көрмеге суретшінің Абай тақырыбындағы суреттері қойылған.
- D) Мұражайда А. Құнанбаевтың 100 жылдығына арналған көрме ашылды.

Т 1) Мұражай қызметкері жас суретшілермен сұхбаттасты.
2) Бұл ақпарат мәтінде бар.
3) Көрмедегі суреттердің ішінде Абайға арналған суреттер бар.
4) Мұражайдағы көрме қазақ суретшісінің 100 жылдығына орай ашылған.

12 Сөйлемді диалог мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.
Дополните предложение в соответствии с содержанием диалога.

Мұражай қызметкері келушілерді ... қарсы алды.

- A) жылы
- B) салқын
- C) көңілсіз
- D) ықылассыз

Т 1) Жылы қарсы алу – жақсы қарсы алу
2) Салқын қарсы алу – ұнатпай қарсы алу
3) Көңілсіз қарсы алу – жабырқау қарсы алу
4) Ықылассыз – немқұрайлы, көңіл бөлмей қарсы алу

Екінші бөлім

- Екінші бөлімде Сіз 2 диалог тыңдайсыз.
- Диалогтердің мазмұнына сәйкес әр диалогке 4 тапсырмадан, барлығы 8 тапсырма беріледі.
- Тілдік дағдылардың тиімді қалыптасуы үшін, диалогтерді бір рет қана тыңдаңыз.
- В первой части Вы прослушаете 2 диалога.
- По содержанию каждого диалога необходимо ответить на 4 тестовых задания. Всего 8 тестовых заданий.
- Для формирования речевых навыков диалоги прослушиваются только один раз.



5-диалог

– Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту жөніндегі бөлімі мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, шешендік өнерді насихаттау, аудан тұрғындарының арасынан талапты, талантты азаматтарды іздеп табу мақсатында «Қанеки, тілім, сөйлеші» атты аудандық шешендік өнер байқауын өткізетін болыпты.

- Өте жақсы бастама екен. Байқау талаптары көрсетілген бе?
- Байқауға қатысушылар мынадай тапсырмаларды орындауы тиіс:
«Сәлемдесу – сөз басы» (үміткердің өзін-өзі көпшілікке таныстыруы).
«Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады». Жұмбақтап айтылған шешендік сөздердің, мақал-мәтелдердің астарын ашып, мән мағынасын түсіндіру.
«Өнерге әркімнің-ақ бар таласы». Би-шешендердің сөздерінен үзінділер айту, қисса, дастан, көркемсөз оқу, күй, терме, дәстүрлі ән орындау сияқты қазақ халқына тән ұлттық өнер түрінен сайысқа түсу.
«Шешендік-шеберлік». Үміткерлер осы заманғы проблемалық тақырыптар бойынша бір-бірінен асып түсетіндей білгірлік, ділмарлық, шешендік танытып, күнделікті өмірде кездесетін түрлі даулы мәселелерді шешу.
- Соңғысы қиындау екен. Дегенмен бағымызды сынап көрсек қайтеді?
- Көрсек, көрейік!

13 Негізгі ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите основную информацию.

- A) мемлекеттік тіл
- B) шешендік өнер сайысы
- C) қазақтың би-шешендері
- D) қазақтың ұлттық өнерінің түрлері

Т

- 1) Байқау мақсатына қатысты мемлекеттік тіл туралы айтылғанмен, ол толық ақпарат емес.
- 2) Мәтін шешендік өнер сайысы туралы толық ақпарат беруге арналған.
- 3) Мәтінде қазақтың би-шешендері туралы ақпарат жоқ.
- 4) Мәтінде тек шешендік сөз сайысы туралы ғана айтылған.

14 Нақты деректі анықтаңыз.
Определите конкретный факт.

- A) Сайыстың шарттары өте жеңіл.
- B) Сайыс бірнеше бөлімдерден тұрады.
- C) Сұхбатқа қатысушылар сайыс шарттарымен танысты.
- D) «Қанеки, тілім, сөйлеші» атты шешендік өнер сайысы өтеді.

Т

- 1) Сайыс шарттарының барлығы бірдей жеңіл емес және ол нақты дерек бола алмайды.
- 2) Сайыстың қандай бөлімдерден тұратыны жөнінде нақты дерек жоқ.
- 3) Сайыстың қандай шарттарымен танысқаныдығы нақты көрсетілмеген.
- 4) Қайда, қандай сайыс өтетіндігі туралы нақты айтылған.

15 Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

- Байқаудың қай тапсырмасы қиын?
- A) Би-шешендердің сөздерінен үзінділер айту
 - B) Үміткердің өзін-өзі көпшілікке таныстыруы
 - C) Шешендік сөздердің астарын ашып, мағынасын түсіндіру
 - D) Қазіргі проблемалық тақырыптар бойынша сөйлеп, шешендік таныту

Т

- 1) Дайын мәтіннен үзінді алып жатқа айту оңай.
- 2) Өзін таныстыруды да алдын ала дайындап жаттап айтады, бұл да жеңіл.
- 3) Шешендік сөздердің мағынасын түсіндіру – алдыңғы тапсырмаларға қарағанда күрделілеу болғанмен, аса қиын емес.
- 4) Бұл тапсырманың қиындығы туралы диалогта айтылған.

16

Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Сұхбаттасушылардың ойы қандай?

- A) Шешендік өнер сайысына қатысу
- B) Шешендік өнер сайысын тамашалау
- C) Шешендік өнер сайысын ұйымдастыру
- D) Шешендік өнер сайысына қатысушыларды сынау

Т

- 1) Олар өнер сайысында бақтарын сынағысы келді.
- 2) Олардың арасында сайысты көріп қайту туралы әңгіме болған жоқ.
- 3) Олардың сайысты ұйымдастыру жұмыстарына қатысы жоқ.
- 4) Әлі болмаған сайысқа қатысушыларды алдын-ала сынау мүмкін емес.

Е

Тамашалау – көру, куә болу.
Бақ сынау – қатысып көру.



6-диалог

– Қаланың халқы жылдан-жылға өсіп келеді, ә?

– Иә, халықтың өсімі жақсы ғой. Тәуелсіздік алған жылдардан бері алыс және жақын шетелдерден оралмандар келіп жатыр. Бір ғана Алматы облысына 30 мыңнан астам отбасы көшіп келген. Олардың жалпы саны 100 мың адамнан асқан. Биылдың өзінде 4 598 отбасы немесе 12 мың адам қоныс теуіпті.

– Қай елдерден көбірек келіп жатыр екен?

– Қандастарымыздың дені Өзбекстан, Қытай, Моңғолия, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстаннан. Облыстық көші-қон басқармасының деректеріне қарағанда, бірқатар аудандарда оралмандар отбасынан тұратын тұтас ауылдар да пайда болған. Әкімдер олардың жаңа ортаға тезірек бейімделуі үшін барлық мүмкіндіктерді жасап жатыр. Бейімделу бағдарламасына құқықтық мәселелер бойынша кеңестер, мемлекеттік тілді, сонымен қатар әркімнің қалауынша орыс тілін үйрету, кәсіпке дайындау, білім беру және әлеуметтік қамтамасыз ету кіреді.

– Дегенмен халық саны 20 миллионға жете қоймаған шығар?

– Соңғы халық санағы бойынша Қазақстан халқы 17 миллионға таяп келеді. Мұның өзі оралмандар есебінен қол жеткізген жетістік екендігін ерекше атап өткен орынды. Оралмандардың есебінен халық саны 700 мың адамға өссе, олардың бір бөлігін елін сағынып оралған қандастарымыз құрайды. Осылайша ордалы елге айналып келеміз. Сондықтан да алдағы уақытта да елге бет алған керуенге кедергі болатын мәселелерді шешу керек-ақ.

«Дала мен қала» газетінен

17

Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтаңыз.
Определите основную информацию текста.

- A) Бала санының өсуі
- B) Оралмандардың келуі
- C) Шетелдегі қазақтар жайы
- D) Қазақстан халқы санының өсімі

Т

- 1) Бала санының өсуі туралы айтылғанмен, бұл толық ақпарат емес.
- 2) Оралмандардың келуі – халық саны өсуінің бір жолы ғана, сондықтан бұл да толық ақпарат емес.
- 3) Шетелдегі қазақтардың жайы туралы ақпарат жоқ.
- 4) Мәтінде айтылған ақпараттар – халық саны көбеюінің негізгі факторлары, сондықтан халық санының өсімі толық ақпарат болып табылады.

- 18 Сөйлемді диалог мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.
Дополните предложение в соответствии с содержанием диалога.

Мәтінде Қазақстанның ... көшіп келген оралмандар туралы айтылады.

- A) батысына
- B) шығысына
- C) оңтүстігіне
- D) солтүстігіне

- Т
- 1) Қазақстанның батысы – Атырау, Ақтөбе т.б. облыстар.
 - 2) Қазақстанның шығысы – Өскемен, Семей т.б. қалалар.
 - 3) Қазақстанның оңтүстігі – Алматы, Шымкент т.б. қалалар.
 - 4) Қазақстанның солтүстігі – Астана, Қостанай т.б. қалалар.

- 19 Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Оралмандар есебінен Қазақстан халқы қанша адамға өсті?

- A) 30 мың
- B) 12 мың
- C) 100 мың
- D) 700 мың

- Т
- 1) Бұл – Алматыға көшіп келген отбасының саны.
 - 2) Бір жылда Қазақстанға көшіп келген адамдар саны.
 - 3) Алматы облысына келген оралмандардың жалпы саны.
 - 4) Қазақстан халқына қосылған барлық оралмандар саны.

- 20 Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Сұхбат берушінің ойы –

- A) оралмандарға жағдай жасау керек
- B) халықтың өсуі ел экономикасына әсер етеді
- C) халықтың өсімі аналар денсаулығына байланысты
- D) халық санын баланың туылуы арқылы арттыру керек

- Т
- 1) Оралмандардың келуі халық санын арттыруға ықпал ететіндіктен, оларға қолдау көрсету керектігі туралы ой айтылған.
 - 2) Мәтінде мұндай ой да айтылмаған.
 - 3) Мәтін халық өсімі туралы болғанмен, аналар денсаулығы туралы айтылмаған.
 - 4) Баланың туылуы халық өсіміне ықпал еткенмен, мұндай ақпарат мәтінде берілмеген.

Үшінші бөлім

- Үшінші бөлімде Сіз 2 мәтін тыңдайсыз.
- Мәтін мазмұнына сәйкес әр мәтінге 5 тест тапсырмасынан, барлығы 10 тапсырма беріледі.
- Тілдік дағдылардың тиімді қалыптасуы үшін, мәтіндерді бір рет қана тыңдаңыз.
- В четвертой части Вы прослушаете 2 текста.
- По содержанию каждого текста необходимо ответить на 5 тестовых заданий. Всего 10 тестовых заданий.
- Для формирования речевых навыков текст прослушивается только один раз.



1-мәтін

Әлемдік нарықта текстильдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру "Қазақ-орыс текстилі» АҚ текстильдік-иіру фабрикасын жаңа үлгідегі станоктармен, Швейцария, Германия және Бельгия өнеркәсіптік фирмаларының желдеткіш қондырғылармен жабдықтаған. Бұл фабрика жылына 8000 тонна мақта талшығын өңдей алады немесе 35 млн. метр мата шығарады. Еңбек өнімділігі бойынша ол кеңестік текстиль өндірісінің мақтанышы болған Алматылық мақта-мата комбинатынан асып түседі. Текстиль өндірісі капитал сыйымдылығы жоғары. Қазіргі заманғы текстильдік құрал-жабдықтар және жаңа технологиялар әлемдік нарықта бәсекелесуде. Тоқыма фабрикасы Италияда, Германияда және Эстонияда серіктес тапты.

Қазіргі уақытта жаңа текстильдік құрал-жабдықтар Швейцария, Англия, Италия фирмаларында шығарылады. Қазақстанның «Меланж» және «Қазақ-орыс текстилі» АҚ текстиль кластері өндірістерінде көбінесе швейцариялық құрал-жабдықтар пайдаланады. Осыған орай, М.Х. Дулати атындағы ТарМУ мен Швейцарияның текстильдік колледждерінің арасында студенттердің оқу тәжірибеден өту ісі ұйымдастырылды. Қазіргі заманғы текстиль құрал-жабдықтарын өндірушілермен қарым-қатынас жасау, текстильдік білім беру орталығының оқыту әдістемесімен танысу біздің студенттерге кәсіптік білімін кеңейтуге мүмкіндік берді. Текстиль өндірісінің қазіргі заманғы техникасы мен технологиясы инновациялық оқыту әдістерін қолданатын жоғары білікті мамандарды қажет етеді.

21

Мәтінге лайық тақырып таңдаңыз.

Выберите подходящий заголовок для текста.

- A) Шетелдік серіктестер
- B) Алматы мақта-мата комбинаты
- C) Оқытудың инновациялық әдістері
- D) Отандық текстиль өндірісін дамыту

Т

- 1) Негізгі әңгіме шетелдік серіктестер туралы да емес.
- 2) Алматы мақта-мата комбинаты тек фабрика өнімділігін салыстыру үшін ғана қолданылған ақпарат.
- 3) Оқытудың жаңа әдістері сөз болғанмен, бұл да мәтін мазмұнын толық қамтымайды.
- 4) Еліміздегі текстиль өндірісін дамыту жолдары: фабриканы заманауи құралдармен жабдықтау, кәсіби мамандар даярлау, тәжірибе алмасу.

22

Мәтіннің алғашқы бөлігінің мазмұнын анықтаңыз.

Определите содержание вступительной части текста.

- A) «Қазақ-орыс текстилі» АҚ текстиль фабрикасы туралы жалпы мәлімет
- B) ТарМУ мен Швейцария колледждерінің арасындағы келісім
- C) Текстиль саласында жоғары білікті мамандардың қажеттілігі
- D) Текстиль құрал-жабдықтарын жасаушылармен қарым-қатынас жасау

Т

- 1) Мәтіннің бірінші бөлігінде аталған фабриканың құрал-жабдықтары, өнімдері, шетелдік серіктестері туралы айтылған.
- 2) Бұл ақпарат мәтіннің соңына қарай берілген.
- 3) Бұл да мәтіннің ең соңында айтылады.
- 4) Бұл мәлімет те мәтіннің соңғы бөлігінде айтылған.

23 Мәтіннің соңғы бөлігінің мазмұнын анықтаңыз.
Определите содержание заключительной части текста.

- A) «Қазақ-орыс текстилі» фабрикасы өнімдерінің жылдық мөлшері
- B) Текстиль саласында шетелдік фирмалармен тәжірибе алмасу
- C) Фабриканың шетелдік қондырғылармен жабдықталуы
- D) Тоқыма фабрикасының шетелдік серіктестері

Т 1) Бұл ақпарат мәтіннің алғашқы бөлігінде.
2) Мәтіннің соңғы бөлігінде Швейцарияның текстильдік колледждерінде оқу-тәжірибеден өту туралы айтылады.
3) Бұл туралы мәтіннің басында айтылған.
4) Бұл мәлімет мәтіннің ортасында берілген.

24 Мәтіннің негізгі идеясын анықтаңыз.
Определите основную идею текста.

- A) Шетелден білікті мамандар әкелу
- B) Қазақстанда текстиль өндірісін дамыту
- C) Шетелдік құрал-жабдықтарды пайдалану
- D) Қазақ жастарын шетелдерде тәжірибеден өткізу

Т 1) Мәтінде шетелден мамандар әкелу туралы ой айтылмаған.
2) Мәтіндегі негізгі ой – отандық текстильді дамыту.
3) Шетелдік құрал-жабдықтарды өндірісте пайдалану тиімді болғанмен, бұл негізгі идеяға жатпайды.
4) Жастарды шетелдерде тәжірибеден өткізу білікті мамандар даярлау үшін қажет болғанмен, бұл – мәтіннің негізгі идеясы емес.

25 Мәтіннің түйінін анықтаңыз.
Сделайте вывод по тексту.

Текстиль өндірісін дамыту үшін ...

- A) Текстиль өндірісінде міндетті түрде шетелдік әріптестермен бірлесіп жұмыс істеу керек.
- B) Мамандарды шетелдерде дайындау керек.
- C) Еңбек өнімділігін бірқалыпты ұстап отыру керек.
- D) Текстиль өндірісіне заманауи техника мен технологияны меңгерген кәсіби мамандар керек.

Т 1) Шетелдік текстиль фабрикаларымен тәжірибе алмасу туралы айтылғанмен, бұл міндетті емес, сондықтан мәтін түйіні бола алмайды.
2) Мамандарды шетелде дайындау да міндетті емес, тек тәжірибе алмасу жөнінде сөз болған.
3) Бірқалыптылық өндірістің өсуін көрсетпейді, сондықтан бұл да түйін бола алмайды.
4) Текстиль өндірісінің дамуы жоғары білікті мамандарға тікелей байланысты, сондықтан мұндай қорытындыға келуге болады.



2-мәтін

Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері сан түрлі: кілем тоқу, ағаштан, жүннен, теріден, сүйектен, тұяқтан т.б. бұйымдар жасау, ши тоқу, ер тұрман жасау, кесте, аяқ киім тігу, сабын, бояу жасау. Қазақ қолөнерінің бір ерекшелігі ол ерлер, әйелдер айналысатын болып екі топқа бөлінген. Әйелдер – киіз басып, кілем мен ши тоқыса, ерлер жиһаз бен жабдық, ат әбзелі мен қару-жарақ тәрізді заттарды жасайды.

Қазақ қолөнерінде жастардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуде ою-өрнектің алатын орны айрықша. Этнографтардың пайымдауынша, осы уақытқа дейін ою-өрнектің 200-дей түрі анықталып отыр.

Қолөнер қашаннан халықты күнделікті тұрмыстық жағынан қамтамасыз еткен. XIX-XX ғасырларда қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің ішінде киіз үйдің сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрнек тоқу, киіз басу кең өрістеді.

Бір ғажабы қазіргі кезде жастарға арнап ер-тұрман, белдік, қыз келіншектерге арнап сәукеле, шашбау, білезік, сырға жасауға сұраныс артты. Бұл халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруы мен рухани жан-дүниесінің дүр сілкінген кезеңі болса керек. Қазір ұлттық сана, салт-дәстүріміз қайта жаңғырған тұста ұлттық қолөнер кәсібін дамытып, халқымыздың дәстүрлі қолөнерінің көркем туындыларын импортқа, экспортқа шығару бағытында жұмыстар әлі де аз. Әрине, адамзат қоғамы жылжыған сайын халықтың дәстүрлі қолөнерінің бірқатары жаңа түрге ие болып, кейбірі күнделікті тұрмысқа қажет болмай қалғаны ақиқат. Бұл күндері фарфордан, тоттанбайтын металдан, эмаль жалатылған темірден, пластмассадан жасалған сәнді жиһаз, бұйымдар көп. Бірақ қазақ қолөнері бұнымен халық тұрмысында өзінің ежелгі маңызын жоғалтып отырған жоқ.

26

Мәтінге лайық тақырып таңдаңыз.

Выберите подходящий заголовок для текста.

- A) Қазіргі тұрмыстық бұйымдар
- B) Қазақтың дәстүрлі қолөнері
- C) Ою-өрнектің тәрбиелік мәні
- D) Қазақтың зергерлік өнері

Т

- 1) Тұрмыстық бұйымдар туралы мәтіннің соңғы бөлігінде ғана айтылған.
- 2) Қазақтың дәстүрлі қолөнері мәтін мазмұнын түгел қамтиды.
- 3) Ою-өрнектің тәрбиелік мәні туралы мәтіннің бір бөлігінде ғана айтылған.
- 4) Мәтінде зергерлік бұйымдарға сұраныс артылғандығы туралы ғана айтылды.

27

Мәтіннің алғашқы бөлігінің мазмұнын анықтаңыз.

Определите содержание вступительной части текста.

- A) Қазақ қолөнерінің түрлері
- B) Қолөнердің тәрбиелік мәні
- C) Қазіргі сұранысқа ие қолөнер бұйымдары
- D) Қолөнер бұйымдарын импортқа, экспортқа шығару

Т

- 1) Кілем тоқу, ағаштан, жүннен, теріден, сүйектен, тұяқтан т.б. бұйымдар жасау, ши тоқу, ер тұрман жасау, кесте, аяқ киім тігу, сабын, бояу жасау – қазақ қолөнерінің түрлері.
- 2) Қолөнердің тәрбиелік мәні туралы мәтіннің ортаңғы бөлігінде айтылған.
- 3) Қазір сұранысқа ие қолөнер бұйымдары туралы мәтін соңында айтылған.
- 4) Бұл ақпарат та мәтіннің соңғы бөлігінде берілген.

28

Мәтіннің соңғы бөлігінің мазмұнын анықтаңыз.

Определите содержание заключительной части текста.

- A) Этнографтар анықтаған ою-өрнектің түрлері
- B) XIX-XX ғғ. кең өрістеген қазақ қолөнерінің түрлері
- C) Ерлер мен әйелдер айналысатын қолөнер бұйымдары
- D) Кейбір дәстүрлі қолөнер бұйымдарының тұрмыста қажет болмай қалу себебі.

Т

- 1) Бұл ақпарат мәтіннің ортаңғы бөлігінде берілген.
- 2) XIX-XX ғғ. қазақ қолөнерінің дамуы туралы мәтіннің орта бөлігінде айтылған.
- 3) Қолөнер бұйымдарының түрлері туралы алғашқы бөлікте сөз болған.
- 4) Мәтіннің соңғы бөлігінде көптеген қолөнер бұйымдарын жаңа бұйымдар алмастырғаны туралы айтылған.

29

Мәтіннің негізгі идеясын анықтаңыз.
Определите основную идею текста.

- A) Дәстүрлі қолөнер бұйымдарын заманауи бұйымдармен ауыстыру
- B) Қолөнер бұйымдарын мұражайларда ғана сақтау
- C) Қазақтың дәстүрлі қолөнер тарихын зерттеу
- D) Ұлттық қолөнер кәсібін дамыту

Т

- 1) Керісінше қолөнер бұйымдарын қайта жаңғырту туралы айтылған.
- 2) Қолөнер бұйымдарын мұражайларда сақтау туралы мүлдем айтылмаған.
- 3) Қазақтың дәстүрлі қолөнер тарихына шолу жасалған, бірақ ол мәтін идеясы болып табылмайды.
- 4) Мәтіндегі негізгі ой – ұмытылып бара жатқан ұлттық қолөнер кәсібін жаңғыртып дамыту.

30

Мәтіннің негізгі идеясын анықтаңыз.
Определите основную идею текста.

- A) Дәстүрлі қолөнер бұйымдары қазіргі тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайды.
- B) Дәстүрлі қолөнер бұйымдары уақыт өте келе мүлдем ұмытылады.
- C) Халық тұрмысында қолөнер бұйымдарының маңызы зор.
- D) Қолөнер бұйымдары тәрбиелік мақсатты көздеген.

Т

- 1) Дәстүрлі қолөнер бұйымдарының қазіргі кезде де тұрмыс қажетін өтейтіндері бар, сондықтан мәтіннен мұндай қорытынды жасауға болмайды.
- 2) Керісінше, салт-дәстүрдің жаңғыруына байланысты кейбір қолөнер бұйымдары қайтадан сұранысқа ие болуда, сондықтан бұл да мәтін түйіні бола алмайды.
- 3) Қолөнер бұйымдарының тұрмыс қажетін өтейтіндігі, тәрбиелік мәні, ұлттық салт-дәстүрді сақтаудағы маңызы оның халық өміріндегі орнын көрсетеді.
- 4) Қолөнер бұйымдарының тәрбиелік те мәні бар, алайда ол бірінші кезекте тұрмыстық қажеттіліктен туындаған.

3

Тыңдалым бөлігі. Қорытынды тест Блок Аудирование. Итоговый тест



1-диалог тапсырмалары

1

Диалог мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.

Укажите информацию, соответствующую содержанию диалога.

- A) Үй иесіне сыбаға беріледі.
- B) Қонақ сыбаға жайлы бұрыннан білетін.
- C) Сыйлы қонаққа алдымен сорпа беріледі.
- D) Қазақ отбасы қонақты құрметтеп төрге шығарады.

2

Диалог мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.

Укажите информацию, не соответствующую содержанию диалога.

- A) Қонақ төрге шығады.
- B) Еттен кейін сорпа беріледі.
- C) Сыйлы қонақ төменге отырады.
- D) Сорпадан кейін ас қайырылады.

3

Диалог мазмұнына сәйкес дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Укажите правильный ответ, соответствующий содержанию диалога.

Қандай ет дәмді болады?

- A) жас ет
- B) кепкен ет
- C) тұздалған ет
- D) сүрленген ет



2-диалог тапсырмалары

4

Диалог мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.

Укажите информацию, соответствующую содержанию диалога.

- A) Тұтынушы жаңа етік сатып алды.
- B) Отандық өнімдердің сапасы артып келеді.
- C) Етікші табаны ашылған етікті желімдеп берді.
- D) Сұхбаттасушылардың екеуі де отандық өнімді пайдаланады.

5

Диалог мазмұнына сәйкес емес ақпаратты көрсетіңіз.

Укажите информацию, не соответствующую содержанию диалога.

- A) Отандық өнімдерге сұраныс артып келеді.
- B) Елімізде шыққан тауарлардың сапасы төмен.
- C) Кәсіпкерлер сапалы өнім шығару керектігін түсінді.
- D) Қазақстанда өнімді жаңа технологиямен дайындайды.

- 6 Сөйлемді диалог мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.
Дополните предложение в соответствии с содержанием диалога.

Диалогтағы негізгі ақпарат ... туралы.

- A) отандық өнім
- B) отандық өндіріс
- C) еліміздегі дүкен
- D) еліміздегі кәсіпкер



3-диалог тапсырмалары

- 7 Диалог мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, соответствующую содержанию диалога.

- A) Асқар домбыра тарта алады.
- B) Асқар әнді тамаша орындайды.
- C) Асқар жолдасына домбыра үйретті.
- D) Асқардың арнайы музыкалық білімі бар.

- 8 Диалог мазмұнына сәйкес емес ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите информацию, не соответствующую содержанию диалога.

- A) Әнші домбырамен ән салды.
- B) Асқар күйді әкесінен үйренген.
- C) Мектепте домбыра үйірмесі жоқ.
- D) Асқар мен оның жолдасына концерт ұнады.

- 9 Сөйлемді диалог мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.
Дополните предложение в соответствии с содержанием диалога.

Асқардың әкесі

- A) ән салады
- B) домбыра жасайды
- C) күй тарта алмайды
- D) домбыра үйірмесіне қатысқан



4-диалог тапсырмалары

- 10 Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

- A) Жолдаманы алдын-ала алу тиімді.
- B) Қалада туристік фирмалар көп емес.
- C) Туристік фирмаларда ешқандай жеңілдік болмайды.
- D) Туристік фирма туралы тек жарнама арқылы ғана білесіз.

- 11 Диалог мазмұнына сәйкес емес ақпаратты көрсетіңіз.
укажите информацию, не соответствующую содержанию диалога.

- A) Қаладағы туристік фирмалардың жұмысы.
- B) Туристік фирмаларда болатын жеңілдіктер.
- C) Сапар алдында туристік бағдарламалармен танысу қажеттігі.
- D) Фирмаларда сапарға қатысты барлық мәліметтердің болатыны.

- 12 Сөйлемді диалог мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.
Дополните предложение в соответствии с содержанием диалога.

Туристік сапар жайында толық ақпаратты ... алуға болады.

- A) жарнамадан
- B) теледидардан
- C) туристік фирманың өзінен
- D) туристік сапарға барған адамдардан



5-диалог тапсырмалары

Ё Желаяқ – тез жүгіретін, жүйрік адам.

- 13 Мәтіндегі негізгі ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите основную информацию в тексте.

- A) Гиннестің рекордтар кітабына енген жүйріктер.
- B) Мараттың жүгіруге арналған бағдарламасы бар.
- C) Марат Жыланбаев жүгіруден әлемдік рекорд жасады.
- D) Маратқа моңғол деп ойлап, Шыңғысхан деп ат қойды.

- 14 Мәтін мазмұныны сәйкес нақты деректі анықтаңыз.
Определите конкретный факт, соответствующий содержанию текста.

- A) Мараттың бапкерлері бар.
- B) Марат көп қиындықтар көрді.
- C) Марат Қазақстанның туын алып жүрді.
- D) Марат – бірнеше жарыстардың жеңімпазы.

- 15 Сөйлемді диалог мазмұнына сәйкес толықтырыңыз.
Дополните предложение в соответствии с содержанием диалога.

«Өлім мекені» шөлі

- A) Невадада
- B) Сахарада
- C) Қарақұмда
- D) Қазақстанда

- 16 Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Сұхбат алушының ойы –

- A) Мараттың отбасы жайлы білу.
- B) Марат туралы толық ақпарат алу.
- C) Мараттың бапкері туралы мәлімет алу.
- D) Мараттың жарыс жолында көрген қиындықтары туралы білу.



6-диалог тапсырмалары

- 17 Негізгі ақпаратты көрсетіңіз.
Укажите основную информацию.

- A) Бақыт Сәрсекбаев – кәсіби боксшы.
- B) Олимпиада чемпионының аңғалдығы.
- C) Бақытты концертке қатысуға шақырды.
- D) Бақыттың «Екі жұлдыз» тележобасына қатысуы.

- 18** Мәтін мазмұнына сәйкес нақты деректі анықтаңыз.
Определите конкретный факт, соответствующий содержанию текста.
- A) Бақытпен сөйлескен – «Ақ желкен» журналының тілшісі.
 - B) Бақытпен телефон арқылы сөйлескен – студия қызметкері.
 - C) Бақытқа телефон шалған – «Қазақ тілі» қоғамдық қорының өкілі.
 - D) Бақытқа хабарласқан – «Екі жұлдыз» тележобасының ұйымдастырушысы.

- 19** Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Бақыт қалжыңды қалай қабылдады?

- A) күлді
- B) ренжіді
- C) ашуланды
- D) қатуланды

- 20** Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Сұхбат алушының ниеті қандай?

- A) әзілдесу
- B) амандасу
- C) көңіл күйін білу
- D) концертке шақыру



1-мәтін тапсырмалары

- 21** Мәтінге лайық тақырып табыңыз.
Выберите подходящий заголовок для текста.

- A) Киіз үйдің түрлері
- B) Киіз үйдің қызметі
- C) Киіз үйдің құрылымы
- D) Киіз үйдің сыртқы бөліктері

- 22** Мәтіннің соңғы бөлігінің мазмұнын анықтаңыз.
Определите содержание заключительной части текста.

- A) Киіз үйдің қасиетті бөлігі (шаңырақ)
- B) Керегенің қалай жасалатындығы
- C) Киіз үйді әшекейлеу
- D) Киіз үйдің түрлері

- 23** Мәтіннің алғашқы бөлігінің мазмұнын анықтаңыз.
Определите содержание вступительной части текста.

- A) Шаңырақ пен керегені байланыстыратын бөлшек (уық)
- B) Киізден жасалған іргелік суық өткізбейді
- C) Киіз үй босағасына байланысты тілектер
- D) Киіз үй – ыңғайлы баспана

- 24 Мәтіннің негізгі идеясын анықтаңыз.
Определите основную идею текста.
- A) Киіз үй тігуді үйрету
 - B) Киіз үйді ою-өрнекпен әшекейлеу
 - C) Киіз үйдің артықшылығын көрсету
 - D) Киіз үй құрылысы туралы толық ақпарат беру

- 25 Мәтіннің түйінін анықтаңыз.
Сделайте вывод по тексту.
- A) Киіз үйдің түрлері көп
 - B) Киіз үйді әшекейлеу оңай
 - C) Киіз үй – жылы, жайлы баспана
 - D) Киіз үй жасау – шеберлікті қажет ететін өнер



2-мәтін тапсырмалары

- 26 Мәтінге дәлірек тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для текста.

- A) Бала балуан
- B) Қажымұқанның марапаттары
- C) Қажымұқанның балуандық жолы
- D) Қажымұқанның Түрік еліне сапары

- 27 Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Мұқанға «Қажы» атағы қай уақытта берілді?

- A) бала кезінде
- B) Түркияға барған сапарында
- C) циркте ойын көрсеткен кезде
- D) балуандар мектебінде тәрбиеленген кезінде

- 28 Мәтіннің алғашқы бөлігінің мазмұнын анықтаңыз.
Определите содержание вступительной части текста.

- A) Қажымұқанның жалшы болған кезі
- B) Қажымұқанның Оңтүстік Америка қалаларын аралауы
- C) Қажымұқанның Омбы қаласындағы чемпионатқа қатысуы
- D) Қажымұқанның Троицк қаласындағы чемпионатқа қатысуы

- 29 Мәтіннің негізгі идеясын анықтаңыз.
Определите основную идею текста.

- A) Қажымұқанды мақтан тұту
- B) Классикалық күресті дәріптеу
- C) Күрестен әлем чемпиондарын таныту
- D) Балуанның балалық шағымен таныстыру

30 Мәтіннің түйінін анықтаңыз.
Сделайте вывод по тексту.

- A) Қажымұқан қазақты әлемге танытқан.
- B) Балуан әлемнің көптеген елдерінде болған.
- C) Ол дүниежүзілік чемпионаттарға қатысқан.
- D) Қажымұқан балуандар мектебінде тәлім алған.

II тарау

Лексика- грамматикалық бөлік

Лексико- грамматический блок

- Лексика-
грамматикалық
бөлікке шолу
- Алдын ала тест
- Тест
тапсырмаларын
талдау
- Қорытынды
тест

Лексика-грамматикалық бөлікке шолу

Лексика-грамматикалық бөлік бойынша тілдік құзыреттілікті функционалдық тұрғыдан қалыптастыру, тілдік ерекшеліктерді ескеру, берілген тест тапсырмалары мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі, тест мазмұнының тестіленушінің тілдік деңгейіне сай келуіне және т.б. қажетті тілдік білік-дағдыларын қалыптастыруға бағыттау ұстанымдары басшылыққа алынды.

Мақсаты мен міндеттері:

- тестіленушінің лексика-грамматикалық құрылымдарды орынды қолдана алу, тілдік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау;
- тест тапсырушының білімін тілдік, танымдық, лингвомәдени-танымдық, ұлттық-әлеуметтік тұрғыдан тереңдету;
- берілген тест тапсырмалары арқылы коммуникативтік бағыттағы дағдыларды қалыптастыру.

Лингвистикалық біліктілікті бағалау тестілерін орындау үшін алдымен лексика-грамматикалық, фонетикалық түсінік қалыптастыру керек. Ол үшін грамматикалық ережелермен мұқият танысып, сол бойынша тілдік материалды коммуникативтік қарым-қатынаста қолдана алатындай деңгейге жеткен жөн. Тест мазмұнында мүмкіндігінше тілдік терминдер қолданылмайды, тест тапсырушы контексте, лексика-грамматикалық құрылымдардың тіркесуіне қарай дұрыс жауапты таңдай алады.

Оқу құралындағы лексика-грамматикалық бөліктің құрылымы:

- тест тапсырушы өз мүмкіндіктерін алдын ала тексеру үшін 70 тест тапсырмасы беріледі;
- лексикалық немесе грамматикалық тақырыптың түсіндірмесі, ережесі мысалдармен беріледі;
- сол тақырыпқа қатысты тест тапсырмалары талданады, дұрыс жауапты табу жолдары көрсетіледі;
- сол тақырып бойынша түрлі тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін тест тапсырмалары жауапсыз беріледі;
- тілдік дағдыларды пысықтау үшін әр тақырыпқа арналған жаттығу жұмыстары оқу-әдістемелік құралдың соңындағы қосымшада көрсетіледі;
- соңында 70 қорытынды тест тапсырмасы беріледі.

Лексика-грамматикалық бөліктің тест тапсырмаларын орындау үшін 50 минут беріледі.

Обзор блока Аудирование

Для формирования языковой компетентности с позиции функциональности при разработке тестовых заданий лексико-грамматического блока были взяты за основу принципы, ориентированные на формирование таких речевых умений и навыков тестируемого как учет языковых особенностей, аутентичность содержания предлагаемых тестовых заданий, соответствие реальной жизни, соответствие содержания теста уровню тестируемого и др.

Цели и задачи блока:

- уместное употребление лексико-грамматического материала, определение уровня формирования языковой компетенции тестируемого;
- углубление знаний тестируемого с точки зрения языковых, познавательных, лингвокультурологических, национальных и социальных позиций;
- формирование коммуникативных навыков посредством тестовых заданий.

Выполнение тестовых заданий, оценивающих лингвистическую компетентность требует усвоения фонетических и лексико-грамматических понятий. Для этого необходимо внимательно ознакомиться с правилами по грамматике и научиться употреблять языковые материалы при коммуникации. В содержании теста по возможности не используются языковые термины, тестируемый выбирает правильный ответ в соответствии с контекстом и сопоставимости лексико-грамматических единиц.

Структура лексико-грамматического блока

- для предварительной проверки своих возможностей тестируемому предлагается 70 тестовых заданий;
- дано пояснение лексических и грамматических тем, соответствующие правила с примерами;
- предложен анализ тестовых заданий по определенной теме и ориентир на выбор правильного ответа;
- по этой же теме с целью формирования языковых навыков даны тестовые задания без ответов;
- для закрепления языковых навыков по каждой теме в приложении к учебному пособию даны тренировочные упражнения;
- в завершение предложен итоговый тест из 70 заданий.

Для выполнения тестовых заданий лексико-грамматического блока выделено 50 минут.

1

Лексика-грамматикалық бөлік. Алдын ала тест Лексико-грамматический блок. Предварительный тест

- 1 «Жылдам» сөзімен мәндес сөзді белгілеңіз.
Найдите слово, близкое по значению слову «жылдам».
A) тез
B) көп
C) баяу
D) ақырын
- 2 «Көбейді» сөзімен мәндес сөзді көрсетіңіз.
Найдите слово, близкое по значению слову «көбейді».
Өнім көбейді
A) баға түсті
B) өнім молайды
C) өндіріс дамыды
D) сүт өнімдері азайды
- 3 «Жүрек жұтқан» тіркесінің мағынасын көрсетіңіз.
Определите значение словосочетания «жүрек жұтқан».
A) қорқақ
B) жалқау
C) ержүрек
D) сабырлы
- 4 «Сүттен ақ, судан таза» тіркесінің мағынасын көрсетіңіз.
Определите значение словосочетания «сүттен ақ, судан таза».
A) кінәлі
B) кінәсіз
C) тәртіпті
D) ұқыпты
- 5 «-ме» қосымшасы жалғана алатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, к которому присоединяется аффикс «-ме».
A) көр
B) айт
C) оқы
D) қара

6

«-ыс» қосымшасы жалғанатын сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, к которому присоединяется аффикс «-ыс».

- A) жең
- B) айт
- C) күл
- D) біл

7

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Қаланың ... бірнеше елшілік орналасқан.

- A) ішінде
- B) сыртына
- C) жанынан
- D) қасының

8

Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Біз шетелдік қонақтармен мәжіліс залының ... сөйлестік.

- A) ішімен
- B) алдында
- C) сыртына
- D) қасының

9

Көп нүктенің орнына тиісті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Білсеңіз, ең қызық тарих ... екен.

- A) ненікі
- B) спорттың
- C) жарыстың
- D) футболдікі

10

Сұрақты толықтырыңыз.
Дополните вопрос.

Алтын медаль иеленген спортшы қай ... ?

- A) елдікі
- B) отандас
- C) одақтық
- D) мемлекеттің

11

Мақсат мәнді сөйлемді табыңыз.
Найдите предложение со значением цели.

- A) Шығыс Қазақстан – пайдалы қазбаларға бай өлке.
- B) Археологтар пайдалы қазбаларды анықтауға келді.
- C) Жерасты қазбалар да ұлттық байлық болып табылады.
- D) Каспий мұнайын игеруде жаңа технологияны пайдаланады.

- 12 Көп нүктенің орнына тиісті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Ол олимпиада жеңімпаздарын ... келді.

- A) иелену үшін
- B) марапаттауға
- C) құттықтауды
- D) шұғылданудың

- 13 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

... кейбір суда мекендейтін жануарлардан алады.

- A) Дәрілікке
- B) Сабынын
- C) Иіссуды
- D) Уылдырығы

- 14 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Мұражай Қазақстан ... хронологиялық түрде жан-жақты таныстырады.

- A) байлығы мен жері
- B) тарихын, мәдениетін
- C) әдебиетінен, өнерінен
- D) ұлттық құндылықтарда

- 15 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Орталық мұражай халықаралық мұражайлар ... ынтымақтастықта.

- A) одақтас
- B) бірлесуде
- C) келісім жасауда
- D) қауымдастығымен

- 16 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Шетелге іссапар алдында ... келіссөз жүргізуіміз қажет.

- A) таныстарының
- B) әріптестерінен
- C) серіктестермен
- D) жолдастарында

- 17 Ұйым атауын көрсетіңіз.
Укажите название организации.

- A) Дүниежүзілік валюта қоры
- B) Әлемнің көптеген кереметтері
- C) Әлемдік кедейшіліктен құтылу
- D) Дүниежүзілік бейбітшілікті сақтау

- 18 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.
- Жақсы ұйымдастырылған білім беру бағдарламасы қандай?
– ...
- A) "Жасыл ел" – табиғатты қорғау ұйымы
B) "Болашақ" халықаралық стипендиясы
C) Қазақ ұлттық техникалық университетіне
D) Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен
- 19 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.
- Осы жарыста еліміздің намысын қорғайтын – сен ...
- A) үшеу
B) бесеуі
C) екеуің
D) төртеуіміз
- 20 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.
- Мамандардың ... бірнеше жоғары білім бар.
- A) екеуі
B) бесеуіне
C) жетеуінен
D) алтауында
- 21 Көп нүктенің орнына тиісті сан атауын қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное числительное.
- Құрал-жабдықтарды әр бөлімге ... береміз.
- A) он-оннан
B) отызыншы
C) тоқсан бір
D) бес жарым
- 22 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.
- Дәрігердің қабылдауына ... кірді.
- A) алтыншы
B) бір-бірден
C) мыңдаған
D) сексен төрт
- 23 Болжал мәнді сан атауын көрсетіңіз.
Укажите приблизительное числительное.
- A) Азиада ойындары жетінші рет өткізілді.
B) Ойын 1:2 есебімен "Портудың" пайдасына шешілді.
C) Футболшы бір ойында он бір шақырымға жуық жүгіреді.
D) Бейжің Олимпиадасында он екі спортшы жүлдеге қол жеткізді.

- 24 Болжал мәнді сан атауын көрсетіңіз.
Укажите приблизительное числительное.
- A) Орталықта айына он шақты ән жазылады.
B) Бір әнді әр орындаушы әртүрлі орындайды.
C) Дәстүрлі әндер конкурсы келесі айда өткізілетін болды.
D) Байқау қорытындысында жүлдегер болуымыз әбден мүмкін.
- 25 «-паз» қосымшасы жалғана алатын нұсқаны көрсетіңіз.
Укажите вариант, в котором к словам присоединяется аффикс «-паз».
- A) отан, ел
B) тарих, дін
C) әсем, өнер
D) азамат, қоғам
- 26 Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный аффикс.
- Шәкірт... ұстаз – тұл.
- A) -ті
B) -сіз
C) -шіл
D) -тей
- 27 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.
- ... адам егін алмайды.
- A) Алыс
B) Білімді
C) Еріншек
D) Қызықты
- 28 Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный аффикс.
- Жылжы... мүліктің құжатын рәсімдеу жеңілдеді.
- A) -шақ
B) -улы
C) -ымды
D) -майтын
- 29 Тиісті сөзбен толықтырыңыз.
Дополните предложение нужным словом.
- Демалыс үйі ұсынған қызметтердің ... шипалы.
- A) бәрі
B) күллі
C) түгел
D) баршасын

30 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Демалуға келген балалар ... жеке шығармашылықпен айналысады.

- A) бәрі
- B) бүкіл
- C) баршасын
- D) түгелімен

31 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

... телеарна қазақстандық компаниялар туралы репортаждар көрсетті.

- A) Әрне
- B) Бірдеме
- C) Бірнеше
- D) Әлдеқалай

32 Асты сызылған сөзбен мәндес сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, близкое по значению подчеркнутому слову.

Бұл – әлдебіреулердің туристік фирма туралы айтқан жаңсақ пікірі.

- A) әрқалай
- B) әлденеге
- C) әлдеқалай
- D) әлдекімдердің

33 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Гонконг тұрғындарының 64 пайызы дінге ... қызықпайды екен.

- A) еш
- B) ешкім
- C) ештеңе
- D) ешқайдан

34 Болымсыздық мағынадағы сөзбен толықтырыңыз.
Дополните предложение, вставив слово со значением отрицания.

Көлемі жағынан Каспий теңізіне ... көл теңесе алмайды.

- A) ешбір
- B) әрқалай
- C) қайсыбір
- D) ешқандай

35 Бұрын орындалған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, совершенное ранее.

- A) Салт-дәстүрлерді ұмытпай сақтаған жөн.
- B) Дәстүрлер қоғам дамуымен бірге пайда болыпты.
- C) Салт-дәстүрлер адам өмірімен тығыз байланысты.
- D) Салт-дәстүрлер адам бойында жақсы қасиеттер қалыптастырады.

- 36 Көп нүктенің орнына бұрын орындалған іс-әрекетті білдіретін сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте слово, обозначающее ранее совершенное действие.
- «Титаник» кемесін құрастыруға 7 миллион АҚШ доллары
А) береміз
В) кетеді екен
С) жұмсалыпты
D) шашуым мүмкін
- 37 Дәл қазір орындалып жатқан іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, которое осуществляется в настоящий момент.
- А) "Тойбастар" бағдарламасын жас актер жүргізді.
В) Теледидарда "Қымызхана" бағдарламасы болып жатыр.
С) Баспасөз конференциясында телеарнаның жетістігін айтты.
D) Алматы студиясының хабарлары қызықты ұйымдастырылған.
- 38 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.
- Ақсақалдар күйеу жігітке батасын
А) алып жүр
В) беріп жатыр
С) сыйлаған едік
D) тыңдап отырған
- 39 Орындалмаған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите несовершенное действие.
- А) Телеарна ұжымы жылды табысты аяқтады.
В) Ол авторлық бағдарламалар жобасына қатыспады.
С) «Туризм» бағдарламасында пайдалы ақпараттар беріледі.
D) «Іске сәт» бағдарламасында Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі туралы айтылды.
- 40 Сөйлемді аяқтаңыз.
Дополните предложение.
- Топыраққа нитраттарды көп
А) өсірді
В) игерді
С) салынды
D) қоспайды
- 41 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.
- Биылғы демалыста не істемексің?
–
А) Құпияға толы Азия сіздерді өз әлеміне тартады.
В) «Рахман қайнарлары» демалыс орнына бармақпын.
С) Ал жазда балаларға арналған лагерь ұйымдастырылады.
D) Ашық бассейндер де осы жерден табылады.

42 Мәтелді толықтырыңыз.
Дополните поговорку.

Келісіп пішкен тон келте

- A) бермес
- B) бармас
- C) болмас
- D) білмес

43 Сөйлемді аяқтаңыз.
Дополните предложение.

Ол кезде емтиханды комиссия

- A) тексердік
- B) өткізіп жүр
- C) таныстырды
- D) қабылдайтын

44 Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Телеарнаның басшылары апта сайын

- A) мәжіліс өткізетін
- B) келіссөз жүргіздім
- C) жиналысқа кетпексің
- D) бағдарламаларды талдадық

45 Асты сызылған сөзбен ауыстыруға болатын нұсқаны белгілеңіз.
Найдите слово, которым можно заменить подчеркнутое слово.

Қала төңірегінде көптеген демалыс орындары орналасқан.

- A) қасынан
- B) жанына
- C) маңайында
- D) айналасы

46 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

... журналистер телеарнаның болашағы туралы сұрады.

- A) Артқа
- B) Әрі-бері
- C) Алдының
- D) Жол-жөнекей

47 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Пияз турағанда көз ашымас ... сағыз шайнау керек екен.

- A) соң
- B) үшін
- C) дейін
- D) туралы

- 48 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Күн ... жұмыстың есебін талап етеді.
А) сайын
В) таман
С) бұрын
D) арқылы
- 49 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.
- Жақсы қаламсаппен 50 мың сөзге ... жазуға болады екен.
А) әрі
В) дейін
С) туралы
D) жөнінде
- 50 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.
- Еңбек тәжірибесі қанша жыл болуы керек?
–
А) Екі жылдан соң
В) Бір жылға жетпей
С) Он жетінші жыл туралы
D) Үш жылдан бес жылға дейін
- 51 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Дағдарыстан ... экономикамызды арттыруға тырысамыз.
А) кейін
В) үшін
С) шейін
D) жайлы
- 52 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.
- Қашаннан бері шипалы шөппен емделіп жүрсіз?
–
А) Былтырдан бастап ойладым
В) 2012 жылдан кейін емделемін
С) 2009 жылдан бері емделемін
D) Жазға қарай емделуге барамын
- 53 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Менеджер шетелдік қонақтармен ... көрмеге кетті.
А) жуық
В) бірге
С) қарай
D) қабат

- 54 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Сонымен ... ол тоқсандық есепті де дайындады.

- A) дейін
- B) бұрын
- C) бойы
- D) қатар

- 55 Қажетті сөзді белгілеңіз.
Укажите нужное слово.

Баспасөз конференциясына тек студенттер ... келді.

- A) ғана
- B) қана
- C) ғой
- D) қой

- 56 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Маған Алматының табиғаты өте ұнады, ... Медеудің табиғаты тамаша екен.

- A) қой
- B) қана
- C) ғана
- D) әсіресе

- 57 Сөйлемнің жалғасын табыңыз.
Закончите предложение.

Туристер әуежайда екі сағат бөгелді,

- A) өйткені жолдама сатады
- B) сол себепті ұшақты күтті
- C) себебі ұшақта техникалық ақау бар екен
- D) сондықтан екі сағат әуежайда кешікті

- 58 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Әлемдегі ең қысқа сөзді тіл – жапон тілі, ... ең ұзын сөзі 12 әріптен тұрады.

- A) әлде
- B) немесе
- C) әйтпесе
- D) өйткені

- 59 Асты сызылған сөзбен ауыстырылатын сөзді белгілеңіз.
Найдите слово, которым можно заменить подчеркнутое слово.

Қызылша денсаулыққа өте пайдалы, сол себепті Грекияда жоғары бағаланады.

- A) өйткені
- B) сондықтан
- C) не болмаса
- D) дегенмен де

- 60 Сөйлемді жалғастырыңыз.
Закончите предложение.
- Сәбіздің құрамында сегіз түрлі дәрумен бар,
А) сондықтан көп қолдану керек
В) сондықтан көп қолданбайды
С) өйткені палауға қосады
D) дегенмен денсаулықты күту қажет
- 61 Асты сызылған сөздің мағынасын анықтаңыз.
Определите значение подчеркнутого слова.
- Ауылымызда бір ғана телеарна көрсетеді.
А) құптау мағынасында
В) шектеу мағынасында
С) қуану мағынасында
D) мақтау мағынасында
- 62 Диалогті аяқтаңыз.
Закончите диалог.
- Апат кезінде әкімшіліктен көмек келді ме?
–
А) Көктем кезінде тауға шығу қауіпті ғой
В) Әкімшілік қана жабық тұрды
С) Ауыл түгіл, аудан әкімшілігі де келді
D) Апаттан сақтану туралы хабар көрсетілді
- 63 Дыбысты бейнелейтін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, обозначающее звукоподражание.
- А) Найзағай шатыр-шұтыр етті.
В) Нәсер жаңбыр түнімен толастамады.
С) Найзағай – табиғаттың ерекше құбылысы.
D) Біз тауға жақындағанда, найзағай жарқылдады.
- 64 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Үйдің жанынан жүк машинасы ... етіп өте шықты.
А) гүр-гүр
В) дыр-дыр
С) шыңқ-шыңқ
D) салдыр-гүлдір
- 65 Қорыққан адамның әрекетін бейнелейтін сөзді көрсетіңіз.
Укажите слово, которое описывает состояние испуганного человека.
- А) селк етті
В) жарқ етті
С) жалп етті
D) қисаң етті

- 66 «Тез қарады» дегенмен мәндел сөзді табыңыз.
Найдите слово, близкое по значению выражению «тез қарады».
- A) жалтылдады
 - B) жалт қарады
 - C) күмп етті
 - D) салдыр етті
- 67 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- ..., бұл – біздің биылғы жетістігіміз!
- A) Ой
 - B) Қап
 - C) Кәні
 - D) Міне
- 68 Асты сызылған сөздің мағынасын анықтаңыз.
Определите значение подчеркнутого слова.
- Әне, екі жылда мәдени байланыс орнаттық.
- A) ренжу
 - B) ұнатпау
 - C) нұсқау
 - D) таңдану
- 69 Пікірді жақтағанын білдіретін сөйлемді анықтаңыз.
Определите предложение, в котором одобрено мнение.
- A) Жоқ, бұл нақты ақпарат емес.
 - B) Қан құю орталығы қайда орналасқан?
 - C) Біз ертең қан құю орталығына барамыз.
 - D) Рас, ақпарат қан құю орталығынан алынды.
- 70 Болжалдық мәнін білдіретін сөйлемді анықтаңыз.
Определите предложение со значением предположения.
- A) Мүмкін, сараптама жасаған болар.
 - B) Әрине, екі рет сараптамадан өткіздік.
 - C) Өзіңіз білесіз, сараптама жасау керек.
 - D) Бәрімізге белгілі, сараптама жасаған жоқ.

2

Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларын талдау Лексико-грамматический блок. Анализ тестовых заданий

Синонимдердің қарапайым түрі

Е

Айтылуы мен жазылуы әр алуан, бірақ мағыналары бір-біріне жақын, мәндес сөздер синонимдер деп аталады.

Синонимдік қатарды құрайтын сөздер мазмұндары бір-біріне жақын, мәндес болып келеді. Ал қолданыста стильдік тұрғыдан ажыратылады. Мысалы, «күшті» сөзі физикалық тұрғыда адамның күштілігін білдіретін болса, «мықты», «берік» сөздері адамның шыдамдылығын, төзімділігін білдіруде де қолданылады.

Синонимдер – заттар мен құбылыстардың қасиетін, сапасын, көлемін нақтылай анықтап, бір сөзді ретсіз қайталамай, құбылыстың бір-біріне ұқсас белгілерін таныту үшін, кейде эмоционалды-экспрессивті мән беру үшін қолданылатын мағынасы ұқсас сөздер. Синонимдер лебізде заттар мен құбылыстардың ерекше белгілерін, мағыналық реңктерін таңбалау үшін жұмсалады. Мысалы: жақын, таяу, т.б.

◆ Сөйлемдегі «жай» сөзімен мәндес сөзді белгілеңіз.

Найдите слово, близкое по значению слову «жай».

Бұл өзен жай ағады.

- A) тез
- B) баяу
- C) теріс
- D) жылдам

Т

- 1) тез сөзі - жай сөзіне қарсы мағыналы сөз;
- 2) баяу сөзі жай сөзімен мәндес;
- 3) теріс сөзі жай сөзіне мағыналас болмайды;
- 4) жылдам сөзі - жай сөзіне қарсы мағыналы сөз.

◆ Мәндес сөздерді табыңыз.

Укажите слова, близкие по значению.

- A) аспан, жер
- B) әлсіз, мықты
- C) арнайы, әдейі
- D) арттыру, кеміту

Т

- 1) аспан, жер сөздерінің мағыналары қарама-қарсы;
- 2) әлсіз, мықты сөздері қарсы мағыналы;
- 3) арнайы, әдейі сөздерінің мағыналары жақын, бірінің орнына бірін қолдануға болады;
- 4) арттыру, кеміту сөздерінің мағыналары қарама-қарсы.

◆ «Дос» сөзімен мәндес сөзді табыңыз.

Найдите слово, близкое по значению слову «дос».

- A) Інім келмекші.
- B) Жолдасым келді.
- C) Қарындасым сабақта.
- D) Атаммен бірге келдім.

Т

- 1) іні – туыстық атау, дос сөзімен мәндес болмайды;
- 2) жолдас сөзі дос сөзімен мәндес;
- 3) қарындас – туыстық атау, сондықтан «дос» сөзімен мәндес емес;
- 4) ата сөзі туыстық қатынасты білдіреді, сондықтан дос сөзімен мәндес емес.

1

Мәндес сөздер қатарын табыңыз.
Укажите ряд слов, близких по значению.

- A) әзіл, ойнау
- B) қалам, қалау
- C) бұйым, мүлік
- D) кезінде, кейбіреу

2

Мәндес сөздер қатарын табыңыз.
Укажите ряд слов, близких по значению.

- A) қолдау, құптау
- B) тоздыру, жаңалау
- C) жуықтау, қашықтау
- D) жақтырмау, жақтау

3

Мәндес сөздер қатарын табыңыз.
Укажите ряд слов, близких по значению.

- A) ескеру, елемеу
- B) есептеу, санау
- C) қызару, бозару
- D) жағыну, жадырау

4

Сөйлемдегі асты сызылған сөздің баламасын көрсетіңіз.
Найдите слово, эквивалентное подчеркнутому слову.

Қазіргі жастар – тәуелсіз еліміздің болашағы.

- A) өткені
- B) кешегісі
- C) келешегі
- D) мәртебесі

Тұрақты сөз тіркестері

Е

Бірнеше сөздің тіркесуі арқылы жасалып, бір ғана мағынаны беретін, құрамындағы сөздердің орны тұрақты сөздердің тіркесі тұрақты сөз тіркестері деп аталады.

Мысалы: бармағын тістеу (өкіну), ақылға салу (ойлану), арқаны кеңге салу (асықпау), бауыр басу (үйрену), т.б.

- Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің орнын өзгертуге, басқа сөздермен ауыстыруға келмейді;
- тұрақты сөз тіркестері бір сөздің орнына ғана жұмсалады;
- тұрақты сөз тіркестері бір сөзбен берілетін ұғымды бейнелі, көркем түрде жеткізеді.

Мысалы: батыр – жүрек жұтқан; момын – қой аузынан шөп алмас; жомарт – қолы ашық, т.б.

Қазақ тілінде тұрақты сөз тіркестері мағынасы жағынан бірнеше тақырыптарға топтастырылады:

I. Адамның жағымды, жағымсыз қимыл-әрекеттеріне байланысты тұрақты сөз тіркестері: жұлдызы оңынан туу – жолы болу, ағат кету – қателесу, алдынан қия өтпеу – сыйлау т.б.

II. Адамның жеке басының қасиеттеріне қатысты тұрақты сөз тіркестері: жүрегінің түгі бар – батыр, кең пейіл – жомарт, тас бауыр – қатал т.б.

III. Адамның физикалық қалпын бейнелейтін тұрақты сөз тіркестері: тілі аузына сыймау – шөлдеу, діңкесі құру – шаршау, көз шырымын алу – аздап ұйықтап алу т.б.

IV. Уақыт, кеңістік, өлшемді білдіретін тұрақты сөз тіркестері: ертеден қара көшке дейін – күні бойы; ит өлген жер – алыс, аспанмен таласқан – биік т.б.

V. Тамақ, киім, денсаулыққа байланысты тұрақты сөз тіркестері: жүрек жалғау – тамақтану, нәр татпау – аш жүру, ауыздан дәмі кетпеу – дәмді тамақ туралы т.б.

VI. Табиғат, ауа райына қатысты тұрақты сөз тіркестері: ақ қар, көк мұз – қыс, аспан айналып жерге түскендей – қатты ыстық т.б.

VII. Еңбек, өмір, тағдыр дүние туралы тұрақты сөз тіркестері: еңбегі еш болу – босқа еңбектену, қолын жылы суға малу – жеңіл өмір сүру, маңдайына жазғанын көру – өмірдің ағымына көну т.б.

VIII. Отбасы, үйлену, дос туралы айтылатын тұрақты сөз тіркестері: тұла бойы тұңғышы – бірінші бала, шаңырақ көтерді – үйленді, екі туып, бір қалғаны – жақын туысы т.б.

◆ Асты сызылған тіркестің мағынасын көрсетіңіз.

Определите значение подчеркнутого слова.

Апам үй тіршілігіне байланысты кеңес берді.

- A) ойланды
- B) ақыл қосты
- C) амал жасады
- D) іске дайын тұрды

Т

- 1) ойланды сөзі асты сызылған сөзге мәнделес емес;
- 2) ақыл қосты тіркесі асты сызылған сөзбен мағыналас, сөйлем мағынасына қарай ақыл сөзі кейде кеңес мағынасында да қолданылады;
- 3) амал жасады тіркесі асты сызылған сөздің мағынасына үйлеспейді;
- 4) іске дайын тұрды тіркесі кеңес берді деген мағынаға сәйкес келмейді.

◆ «Өресі биік» тіркесінің беретін мағынасын көрсетіңіз.

Укажите значение словосочетания «өресі биік».

- A) өжет
- B) өткір
- C) ақылды
- D) жарамды



- 1) өткір сөзі батыл мағынасында жұмсалады;
- 2) ақылды - ақыл-парасаты мол, есті, саналы деген мағынада қолданылады;
- 3) өжет – өткір, қайсар деген мағынада қолданылады;
- 4) жарамды - өресі биік тіркесінің мағынасына сәйкес келмейді.

◆ «Шаңырақ көтеру» тіркесімен мәндес сөзді белгілеңіз.

Отметьте слово, близкое по значению выражению «шаңырақ көтеру».

- A) үйлену
- B) үй салу
- C) үй сатып алу
- D) құрылыс жүргізу



- 1) үйлену сөзі шаңырақ көтеріп, отбасын құру мағынасында айтылады;
- 2) үй салу тіркесі шаңырақ көтеру, отбасын құру мәнінде қолданылмайды;
- 3) үй сатып алу тіркесі шаңырақ көтеру тіркесінің мағынасына үйлеспейді;
- 4) құрылыс жүргізу тіркесі шаңырақ көтеру тіркесінің мағынасымен сәйкес емес.

5

«Құлақ салу» тіркесінің беретін мағынасын анықтаңыз.

Определите значение выражения «құлақ салу».

- A) жазу
- B) көру
- C) қарау
- D) тыңдау

6

«Ауызға алу» тіркесінің беретін мағынасын анықтаңыз.

Определите значение выражения «ауызға алу».

- A) айту
- B) білу
- C) ойлау
- D) түсіну

7

«Көзді ашып-жұмғанша» тіркесінің білдіретін мағынасын көрсетіңіз.

Укажите смысл выражения «көзді ашып-жұмғанша».

- A) жай
- B) ұзақ
- C) лезде
- D) жақын

Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар

Е

Қазақ тілінде көптеген зат есім етістіктерге жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

Етістіктерден зат есім жасайтын өнімді жұрнақтар:

1) -ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе: түй+ме, мін+бе, бөл+ме, көр+ме, кес+пе т.б.

Бұл форма – сын есім жасауда да (қызба адам, құрама команда т.б), етістіктің болымсыз түрін жасауда да (бар-ма, кел-ме) кездесетін омоним жұрнақтар. Мысалы: Ол менің бөлмеде отыр. Мына жеміс-жидектерді бөлмей, осылай жеткіз.

2) -ым/-ім – бұл жұрнақтардан, біріншіден, абстрактілі ұғымдардың атаулары жасалады. Мысалы: біл+ім, ұқ(ғ)+ым, кешір+ім, келіс+ім т.б. Екіншіден, нақты заттардың атаулары жасалады: бөл+ім, құрыл+ым, өн+ім, тіз+ім, ки+ім т.б.

3) -қы/-кі, -ғы/-гі: күл+кі, соқ+қы, ұйт+қы, құрыл+ғы, сүз+гі, ашыт+қы т.б.

4) -ыс/-іс жұрнағы қимыл атауын: айт+ыс, шайқа+с, жүр+іс, ту+ыс, дағдар+ыс т.б. және мекен, орын атауларын: айнал+ыс, құрыл+ыс, қон+ыс т.б. жасайды.

5) -қ/-к, -ық/-ік, -ақ/-ек. Нақты (деректі) зат атаулары: тара+қ, күре+к, сыз+ық; абстрактілі (дерексіз) ұғымдардың атаулары: сұра+қ, тіле+к, бұйр+ық, сана+қ, түсін+ік т.б.

6) -ыш/-іш: қуан+ыш, өкін+іш, қызған+ыш, күйін+іш, сағын+ыш т.б.

7) -уыш/-уіш. Кейбір құрал-жабдық атаулары мен дерексіз зат есімдерді жасайды: өлше+уіш, желп+уыш, баста+уыш, баянда+уыш т.б.

Е

Ескерту! Қазақ тілінде бұл жұрнақтардан басқа да етістіктерден зат есім тудыратын өнімді, өнімсіз жұрнақтар бар. Мұнда ең жиі кездесетіндері ұсынылған.

◆ Етістіктен жасалған зат есімдерді белгілеңіз.

Отметьте слова, корень которых образован от глагола.

- A) билік, белдік
- B) бестік, бірлік
- C) жүрек, тілек
- D) қапшық, үйшік

Т

- 1) билік, белдік сөздерінің түбірі зат атауын білдіреді;
- 2) бестік, бірлік сөздерінің түбірі заттың санын білдіреді;
- 3) жүрек, тілек сөздерінің түбірі – етістік, жұрнақтар арқылы зат есімдер жасалып тұр;
- 4) қапшық, үйшік сөздерінің түбірі заттың атауын білдіреді, сөзге кішірейту мағынасындағы жұрнақтар жалғанып тұр.

◆ Құрал атауын белгілеңіз.

Укажите наименование предмета.

- A) шаршы
- B) ұқыпты
- C) шанышқы
- D) тыңдаушы

Т

- 1) шаршы - өлшемге қатысты қолданылатын сөз;
- 2) шанышқы сөзі – ыдыстың атауы, тамақ жейтін ас құралы;
- 3) ұқыпты сөзі адамның қасиетін білдіреді;
- 4) тыңдаушы сөзі адамға қатысты айтылады.

◆ Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужный аффикс.

Екі жаққа да тиімді келіс... жасалды.

- A) -ты
- B) -ім
- C) -ым
- D) -ық

Т

- 1) келіс сөзі жіңішке дыбыстардан құралғандықтан, жуан дыбысты қосымша (-ты) жалғана алмайды;
- 2) -ім қосымшасы келіс сөзіне жалғанып, жаңа сөз жасайды;
- 3) -ым қосымшасы жуан буынды болғандықтан, келіс сөзіне жалғанбайды;
- 4) -ық қосымшасы келіс сөзіне жалғанбайды, жуан буынды жұрнақ.

8

Қимылды білдіретін сөзден жасалған атауды көрсетіңіз.

Укажите слово, образованное от слова, обозначающего действие.

- A) киім
- B) аспаз
- C) достық
- D) құрмет

9

Етістіктен жасалған сөздерді көрсетіңіз.

Укажите слова, образованные от глагола.

- A) жез, без
- B) кең, жазық
- C) күйік, көрік
- D) алтын, күміс

10

Қимылды білдіретін сөзден жасалған атауды көрсетіңіз.

Укажите слово, образованное от слова, обозначающего действие.

- A) әнші
- B) ұшқыш
- C) дәрігер
- D) домбырашы

Көмекші есімдер

Е

Дербес лексикалық мағынасы әлсіреп, солғындап, басқа бір сөзге тіркесе қолданылатын сөздер көмекші есімдер деп аталады. Мысалы: алды, арты, маңы, қасы, жаны, асты, үсті, іші, сырты, төбесі, қарсысы, ортасы, арасы т.б.

Көмекші есімдер тәуелдік тұлғада тұрып, негізгі сөздермен ілік септігінің жалғауы арқылы тіркеседі: үйдің іші, дүкеннің қарсысы, мекеменің алды т.б.

Көмекші есімдер зат есімдер сияқты септеледі, көбінесе барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік формаларында қолданылады. Мысалы: Дүкеннің алдына гүл екті. Қаланың шетінде үлкен өндіріс орны салынды. Ағаштардың арасынан екі бала шықты. Өзен бойымен жоғары шықтық.

Көмекші есімдер сөйлем құрамында алдындағы сөзбен біртұтас мағынада қолданылып, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады.

◆ Сөйлемді толықтырыңыз.

Дополните предложение.

Жаңа пәтерім жұмысымның ... орналасқан.

- A) қасы
- B) басында
- C) жанында
- D) сыртынан

Т

- 1) қасы сөзі орналасқан сөзімен тіркесе алмайды;
- 2) басында сөзі сөйлем мағынасына сәйкес келмейді;
- 3) жанында сөзі сөйлем мағынасымен сәйкес, орналасқан сөзімен тіркеседі;
- 4) сыртынан сөзі жұмысымның сөзімен тіркес түзе алмайды.

- ◆ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Сырдария өзенінің ... балық өндіріледі.

- A) ішінде
B) бойында
C) ортасын
D) арасында



- 1) ішінде сөзі сөйлем мағынасына сәйкес емес;
2) бойында сөзі сөйлем мағынасына сәйкес, «өзенінің» сөзімен тіркеседі;
3) ортасын сөзі табыс септігінде тұрып, алдыңғы сөзбен тіркесе алмайды;
4) арасында сөзі сөйлем мағынасына үйлеспейді.

- ◆ Дұрыс құрылымды белгілеңіз.
Укажите правильный вариант.

- A) жолдың арты
B) вагонның іші
C) пойыздың түбі
D) жолсеріктің сырты



- 1) жолдың арты – тілде мұндай қолданыс жоқ;
2) вагонның іші – дұрыс тіркес, мағынасы айқын ;
3) пойыздың түбі – мұндай ұғым жоқ, бұлай қолданылмайды;
4) жолсеріктің сырты – дұрыс құрылым емес, мұндай қолданыс жоқ.

11

- Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Алматыда көшелердің ... апорт көшеттері отырғызылып жатыр.

- A) ішіне
B) бойына
C) арасында
D) ортасында

12

- Дұрыс құрылымды белгілеңіз.
Укажите правильный вариант.

- A) кешкі астың алдында
B) кешкі астың ішінде
C) кешкі астың сыртында
D) кешкі астың астында

13

- Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Жаңа пәтерім жұмысымның ... орналасқан.

- A) жанында
B) басында
C) бойынан
D) сыртынан

Меншіктікті білдіру

Е

Қазақ тілінде бір заттың екінші бір затқа тәуелді болуын тәуелдік жалғауларынан басқа -нікі, -тікі, -дікі формалары да білдіреді. Олардың жіңішке нұсқалары ғана қолданылады.

Бұл формалар ілік септіктің -ның/нің, -дың/дің, -тың/тің жалғауы мен -қы/кі, -ғы/гі формаларының бірігуінен пайда болған.

Бұл формалар заттың кімге меншікті, тиісті екенін білдіргенде сол зат атауынан кейін қойылады: еңбек балалардікі, бұл ақша сендердікі, мына орын менікі т.б.

Қолданылу ерекшеліктеріне қарай сөйлемнің әртүрлі мүшесінің қызметін атқарады: Бұл пәтер Гүлсімдікі. Біз бүгін Айнұрдікіне барамыз. Сенікінен көшірді.

◆ Қажетті қосымшаны жалғаңыз.

Вставьте соответствующий суффикс.

Т

- 1) -тың қосымшасының алғашқы дыбысы - қатаң , ал атам сөзінің соңғы дыбысы - үнді;
- 2) -нікі қосымшасы дыбыс үндестігіне сәйкес келмейді;
- 3) -тікі қосымшасының алғашқы дыбысы - қатаң , ал атам сөзінің соңғы дыбысы – үнді болғандықтан жалғанбайды;
- 4) -дікі қосымшасы дыбыс үндестігі бойынша сәйкес келеді: қосымша ұяң дыбыстан, атам сөзі үнді дыбысқа аяқталған.

Көзілдірік атам....

- A) -тың
- B) -нікі
- C) -тікі
- D) -дікі

◆ Меншік иесін көрсетіңіз.

Укажите принадлежность лицу.

- A) Оң жақтан көкпен боялған үй көрінді.
- B) Оң жақтағы көкпен боялған үй Асандікі.
- C) Көкпен боялған бір қабатты үлкен үйді таптық.
- D) Асан оң жақтағы көкпен боялған үйге кіріп кетті.

Т

- 1) -тың қосымшасының алғашқы дыбысы - қатаң , ал атам сөзінің соңғы дыбысы - үнді;
- 2) -нікі қосымшасы дыбыс үндестігіне сәйкес келмейді;
- 3) -тікі қосымшасының алғашқы дыбысы - қатаң , ал атам сөзінің соңғы дыбысы – үнді болғандықтан жалғанбайды;
- 4) -дікі қосымшасы дыбыс үндестігі бойынша сәйкес келеді: қосымша ұяң дыбыстан, атам сөзі үнді дыбысқа аяқталған.

◆ Диалогті толықтырыңыз.

Дополните диалог.

– Мынау тіркелмеген құжат кімдікі?

–

- A) Менікі
- B) Сенде
- C) Оның
- D) Сізден

Т

- 1) менікі сөзі сұраққа нақты жауап береді;
- 2) сенде сөзі қойылған сұраққа жауап бере алмайды;
- 3) оның – сұраққа жауап бере алмайды, бұл сөзден кейін тәуелді сөз айтылуы керек;
- 4) сізден сөзі кімдікі? сұрағына жауап ретінде қолданыла алмайды.

14

Тиісті қосымшаны жалғаңыз.

Вставьте соответствующий аффикс.

Мынау көк автомобиль ағам..., оны жақында ғана сатып алды.

- A) -тікі
- B) -ікі
- C) -нікі
- D) -дікі

- 15 Тиісті қосымшаны жалғаңыз.
Вставьте соответствующий аффикс.
- Мына жеңіл көлік көршім..., ал менің автокөлігім жоқ.
А) -тікі
В) -нікі
С) -дікі
D) -нің
- 16 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.
- Ұсынылып отырған идея кімдікі?
– ...
- А) Мамандар көп
В) Бас мамандікі
С) Басшының қалауы
D) Олардың айтуынша
- 17 Меншіктілікті білдіретін нұсқаны көрсетіңіз.
Укажите вариант, в котором выражена принадлежность.
- А) Талапкерлер ерте келді.
В) Бұл байқау талапкерлердікі.
С) Талапкерлер көп дайындалуда.
D) Университет жас талапкерлермен толығы түсті.

Барыс септігінің мақсат мәнін білдіруі

Е

Барыс септігіндегі сөз баяндауышпен тікелей немесе жанама түрде байланысып, іс-әрекеттің бағытын (олар Атырауға кетеді), мақсатын (мен оқуға келдім) білдіреді.

Барыс септігінің жалғаулары (-ға/-ге, -қа/-ке, -на/-не, -а/-е) сөзге үндестік заңына сәйкес жалғанады.

Іс-әрекеттің мақсатын білдіргенде барыс септігі қайда? неге? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: Ажар кітапқа кетті. Асылай ақшасына келді. Мақсат мәнін білдіргенде көбінесе тұйық етістікке жалғанып қолданылады: Мен құжатымды тапсыруға келдім. Айнұр тапсырмасын тексертуге кетті.

◆ Диалогті аяқтаңыз.

Дополните диалог.

– Балалар, ауылға не мақсатпен келдіңдер?

– Ауылдың тіршілік-тынысымен ... келдік.

- А) танысу
В) танысуға
С) таныссақ
D) таныспақшы



- 1) танысу сөзі келдік сөзімен тіркесе алмайды;
2) танысуға сөзі келдік сөзімен тіркесіп, мақсатты білдіреді;
3) таныссақ сөзі келдік сөзімен тіркеспейді, шарт мәнін білдіреді;
4) таныспақшы сөзі мақсатты білдіргенмен, келдік сөзімен тіркеспейді.

◆ Сөйлемдегі барыс септігіндегі сөздің мәнін көрсетіңіз.

Укажите значение слова, употребленного в предложении в дательном падеже.

Әкем дауыс беруге кетті.

- A) мезгіл
- B) құрал
- C) мекен
- D) мақсат



- 1) сөйлем мағынасы мезгілге қатысты емес;
- 2) сөйлемде құралды білдіретін сөз жоқ;
- 3) сөйлемде іс-әрекеттің орны туралы айтылмайды;
- 4) дауыс беруге тіркесі барыс септігінде қолданылған, мақсат мәнін білдіреді.

◆ Студенттердің мақсатын білдіретін сөйлемді табыңыз.

Найдите предложение, выражающее значение цели студентов.

- A) Студенттер конференцияға кетіп қалды.
- B) Студенттеріміз білімдерін сынауға келіпті.
- C) Студенттер қоғамдық шараларға қатысуда.
- D) Студенттердің өмірі қызықты өтуде.



- 1) сөйлем студенттердің мақсатын емес, бару бағытын білдіреді;
- 2) сөйлемде студенттердің мақсаты туралы айтылады;
- 3) сөйлемде студенттердің мақсаты туралы айтылмайды;
- 4) сөйлемде студенттердің мақсаты туралы баяндалмайды.

18

Мақсат мәнді қатарды көрсетіңіз.

Отметьте вариант, выражающий значение цели действия.

- A) бір сағатқа кетті
- B) мұражайға кетті
- C) кітап өткізуге кетті
- D) кітапханаға кетті

19

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Адам сөйлеп жатқанда сөзін ... болмайды.

- A) алуға
- B) бөлуге
- C) беруге
- D) көруге

20

Диалогті аяқтаңыз.

Дополните диалог.

– Ағай, балаңызды қалаға не үшін жібердіңіз?

– Балам биыл мектепті бітірді. Енді қалаға ... түссін деп жібердім.

- A) оқу
- B) оқуды
- C) оқуын
- D) оқуға

21

Мақсат мәнді сөйлемді көрсетіңіз.

Укажите предложение, выражающее значение цели.

- A) Бұл жерге адамдар көбіне емделуге келеді.
- B) Шипалы сулардың құрамына талдау жасау керек.
- C) Мұндай емдік сулардың тазалығын сақтауымыз қажет.
- D) Бұлақтың емдік қасиеті туралы халық бұрыннан біледі.

Табыс септігі

Ё

Табыс септігі іс-әрекеттің объектісін білдіреді. Кімді? нені? деген сұрақтарға жауап беріп, сабақты етістіктермен мағыналық байланыста болады. Мысалы: Мұрат есептерді тексерді. Айнаш хабарландыруды оқыды.

Жалғаулары:

сөздің соңғы дыбысы дауысты болса: -ны/-ні;

сөз қатаң дауыссызға бітсе: -ты/-ті;

сөз үнді және ұяң дауыссыздарға бітсе: -ды/-ді;

тәуелдік жалғауының III жағынан кейін -н жалғанады (ағасы-н, әжесі-н).

Табыс септігінің жалғаулары кейде жасырын тұрады:

Мен кітап оқыдым. – Мен кітап+ты оқыдым.

Табыс септігі сөйлемде өз алдында табыс жалғаулы сөзді керек етіп тұратын сабақты етістіктермен байланыса тіркеседі. Мысалы: Ол хатты оқыды. Ол хатты алды.

◆ Қажетті сөзді қойыңыз.

Вставьте нужное слово.

Сіз бос ... дұрыс пайдаланасыз ба?

- A) уақыт
- B) уақытта
- C) уақытты
- D) уақытында

Т

- 1) уақыт сөзі пайдаланасыз сөзімен тіркесе алмайды;
- 2) уақытта сөзі жатыс септігінде тұрып, пайдаланасыз етістігімен байланыспайды;
- 3) уақытты сөзі табыс септігінде тұр, пайдаланасыз етістігімен тіркеседі;
- 4) уақыттан сөзі пайдаланасыз сабақты етістігімен тіркес түзе алмайды.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Әсел бауырдан жасалған ... жемейді.

- A) тағамды
- B) тағамнан
- C) тағамның
- D) тағаммен

Т

- 1) тағамды сөзі табыс септігінде тұр, жемейді сабақты етістігімен тіркеседі;
- 2) тағамда сөзі жатыс септігінде тұр, жемейді сөзімен тіркеспейді;
- 3) тағамның сөзі ілік септігінде тұр, жемейді сөзімен тікелей тіркес түзе алмайды;
- 4) тағаммен сөзі көмектес септігінде тұр, жемейді сөзімен тіркесе алмайды.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Олар орталық мұражайдағы «Алтын адам» ... тамашалады.

- A) газетті
- B) мүсінін
- C) радионы
- D) журналды

Т

- 1) газетті сөзі «Алтын адам» тіркесіне мағыналық жақтан үйлеспейді;
- 2) мүсінін сөзі «Алтын адам» тіркесімен тіркеседі және сөйлем мазмұнына сәйкес келеді;
- 3) радионы сөзі «Алтын адам» тіркесімен және тамашалады сөзімен байланыспайды;
- 4) журналды сөзі «Алтын адам» сөзімен байланыспайды.

- 22 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Бұл ... теледидардан көрсетті.

- A) жарнамаға
- B) жарнамада
- C) жарнаманы
- D) жарнамадан

- 23 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Мен көркем әдебиетті ұнатамын, әсіресе «Абай» ... сүйіп оқимын.

- A) роман
- B) романды
- C) романын
- D) романның

- 24 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Мен I. Есенберлиннің ... ұнатамын, әсіресе тарихи романдарын сүйіп оқимын.

- A) туындылар
- B) туындылары
- C) туындыларын
- D) туындыларды

Көмектес септігі

Е

Көмектес септігі кіммен? немен? сұрақтарына жауап беріп, іс-қимылдың құралын, амалын және іс-әрекетке ортақтықты, бірлесуді білдіреді.

Көмектес септігінің жалғаулары: -мен, -пен, -бен; жуан дауысты сыңары жоқ, буын үндестігіне бағынбайды. Мен, бен, пен шылауларына ұқсас айтылады, бірақ шылаулар бірыңғай мүшелердің арасына жазылады (қағаз бен қалам, теледидар мен радио), ал көмектес септігінің жалғауы көбіне толықтауыш, пысықтауыш қызметінде қолданылып, сөйлемде баяндауышпен (етістікпен) тіркеседі. Шылауларды басқа сөзбен ауыстыруға болады (қағаз және қалам), ал көмектес септігі жалғаулары ауыстырылмайды.

Мысалы: Театрға достарыммен барамын. Теледидарды баламмен бірге барып, таңдаймын. Айнұр кешке сіңлісімен келді.

Бұл мысалдардағы көмектес септігіндегі сөздер іс-әрекетке ортақтықты, бірлесуді білдіреді.

- ◆ Мақалды толықтырыңыз.
Дополните пословицу.

Бауыр шырын, бас тәтті,
Көп... ішкен ас тәтті.

- A) -пен
- B) -бен
- C) -мен
- D) -бенен

Т

- 1) -пен қосымшасы дыбыс үндестігіне сәйкес көп сөзіне жалғанады, көп адаммен бірге деген мағынаны білдіреді;
- 2) көп сөзі қатаң дауыссызға біткендіктен, оған ұяң дауыссыздан басталатын қосымша (-бен) жалғана алмайды;
- 3) көп сөзі дауыссызға біткендіктен, оған үнді дауыссыздан басталатын қосымша (-мен) жалғанбайды;
- 4) дыбыс үндестігіне сәйкес -бенен қосымшасы қатаң дауыссыздан кейін қолданылмайды.

- ◆ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Ғалымдар ... бұл құпияның сырын ашты.

- A) қазбалар үшін
B) зерттеу туралы
C) тапқаннан бұрын
D) археологтармен бірге



- 1) қазбалар үшін тіркесі сөйлем мағынасына сәйкес емес;
2) зерттеу туралы тіркесі сөйлемді толықтыра алмайды;
3) тапқаннан бұрын тіркесі сөйлем мағынасына үйлеспейді;
4) археологтармен бірге тіркесі ғалымдардың іс-әрекеті олармен бірлесіп орындалғанын білдіреді.

- ◆ Бірлескен әрекетті білдіретін көмектес септігіндегі сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором есть слово в творительном падеже, выражающее значение совместного действия.

- A) Ол Астанаға ұшақпен барады.
B) Біз әкімшілікпен сөйлестік.
C) Оқу инемен құдық қазғандай.
D) Саяхатты кемемен жасау керек.



- 1) ұшақпен сөзі құралдық мағынаны білдіреді;
2) әкімшілікпен сөзі - ортақ әрекетті білдіретін көмектес септігіндегі сөз;
3) инемен сөзі құралдық мағынада қолданылып тұр;
4) кемемен сөзі құралдық мағынаны білдіріп тұр.

- 25 Бірлесіп жасалған әрекетті білдіретін көмектес септігіндегі сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором есть слово в творительном падеже, выражающее значение совместного действия.

- A) Ол – өнерлі жігіт.
B) Өнерлі өрге жүзер.
C) Өнерлі жастар жиналды.
D) Ол Р. Рымбаевамен бірге өнер көрсетті.

- 26 Бірлесіп атқарған іс-әрекетті білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором есть слово, выражающее значение совместного действия.

- A) Мен жаңа инновациялық әдістемемен таныстым.
B) Біздің мектеп инновациялық әдістерді кеңінен пайдалануда.
C) Ұстаздар әдіскерлермен бірге жаңа әдістемені меңгере бастады.
D) Оқу бағдарламасына инновациялық технологиялық әдістер енгізді.

- 27 Бірлесіп жүзеге асырған іс-әрекетті білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором есть слово, выражающее значение совместного действия.

- A) Ұстаздар әдістемелік семинар өткізді.
B) Ұстаздар республикалық семинарға барды.
C) Семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылыпты.
D) Ұстаздар оқушылармен бірге семинар ұйымдастырды.

Күрделі атаулардың тәуелдік жалғауы арқылы берілуі

Е

Қазақ тілінде күрделі жалқы есімдер, яғни бір географиялық объект, қала, көше, мекеме атауы өздері анықтайтын сөзге ілік септігінің жалғауы арқылы тіркеседі (жалғау көбіне жасырын тұрады), анықталатын сөз тәуелдік формасында тұрады. Мысалы: Қазақстан Республикасы, Қазақ(тың) ұлттық университеті, Абай көшесі, "Парасат" журналы.

Мұндай атауларға септік жалғауларының тәуелдік жалғауларының III жағынан кейін қойылатын нұсқалары жалғанады. Мысалы:

Атау с.	Қазақстан Республикасы
Ілік с.	Қазақстан Республикасының
Барыс с.	Қазақстан Республикасына
Табыс с.	Қазақстан Республикасын
Жатыс с.	Қазақстан Республикасында
Шығыс с.	Қазақстан Республикасынан
Көмектес с.	Қазақстан Республикасымен

◆ Көп нүктенің орнына қажетті күрделі атауды қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте соответствующее наименование.

Ол – Алматы қаласы Түркісіб ауданы ... төрағасы.

- A) «Қазақ тілі» қоғамы
- B) «Қазақ тілі» қоғамын
- C) «Қазақ тілі» қоғамымен
- D) «Қазақ тілі» қоғамының

Т

- 1) «Қазақ тілі» қоғамы тіркесі төрағасы сөзімен тіркесе алмайды, бұл сөз ілік септігіндегі сөзді керек етеді;
- 2) төрағасы сөзі өзінен бұрын ілік септігіндегі сөзді керек етеді, сондықтан «Қазақ тілі» қоғамын тіркесі сөйлемді толықтыра алмайды;
- 3) төрағасы сөзі ілік септігіндегі сөзді керек ететіндіктен, «Қазақ тілі» қоғамымен тіркесімен тіркесе алмайды;
- 4) «Қазақ тілі» қоғамының тіркесі ілік септігінде тұр, сондықтан төрағасы сөзімен байланыса алады.

◆ Дұрыс жазылмаған атауды белгілеңіз.

Отметьте вариант с неверным написанием.

- A) Болжау институты
- B) «Егемен Қазақстан» газет
- C) Халықаралық келісім басқармасы
- D) «Ғажайып әлем» телебағдарламасы

Т

- 1) болжау институты тіркесі ережеге сай мекеме атауы ретінде тәуелдік жалғауымен берілген;
- 2) «Егемен Қазақстан» газет тіркесіндегі газет сөзінде тәуелдік жалғауы түсірілген;
- 3) халықаралық келісім басқармасы тіркесінде басқарма атауы толық, тәуелдік жалғауы арқылы берілген;
- 4) «Ғажайып әлем» телебағдарламасы тіркесінде мекеме атауы тәуелдік жалғауымен ережеге сай берілген.

- ◆ Көп нүктенің орнына тиісті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте соответствующий вариант.

... деректері бойынша, 280 орындық балалар бақшасын салу керек.

- A) Қазақ ұлттық университетіне
B) Білім және ғылым министрлігінің
C) «Қазақстан Темір жолы» Акционерлік қоғамы
D) Қазақстан Республикасы Ғылым академиясында



- 1) деректері сөзі өзінен бұрын ілік септігіндегі сөзді керек етеді, сондықтан көп нүктенің орнына Қазақ ұлттық университетіне тіркесі қолданыла алмайды;
2) деректері сөзі өзінің алдында ілік септігіндегі сөзді керек ететіндіктен, Білім және ғылым министрлігінің тіркесі қолданылады;
3) "Қазақстан Темір жолы" Акционерлік қоғамы тіркесі атау септігінде болғандықтан «деректері» сөзімен тіркеспейді;
4) Қазақстан Республикасы Ғылым академиясында тіркесі деректері сөзінен бұрын келе алмайды, себебі ол сөз өзінің алдында ілік септігіндегі сөзді керек етеді.

- 28 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Білім және ғылым ... тапсырмасын орындадық.

- A) министрлігін
B) министрлігіне
C) министрлігінің
D) министрлігімен

- 29 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ... болып табылады.

- A) қазақ тілі
B) қазақ тілің
C) қазақ тіліңіз
D) қазақ тілінде

- 30 Қате нұсқаны көрсетіңіз.
Укажите неверный вариант.

- A) М. Әуезов мұражайы
B) Опера және балет театр
C) "Егемен Қазақстан" газеті
D) «Ұлттық қауіпсіздік» комитеті

- 31 Мекеменің атауын көрсетіңіз.
Найдите наименование учреждения.

- A) Әлемдік валюта нарығы
B) Дүниежүзілік даму банкі
C) Банк салымдарын қорғау
D) Дүниежүзілік банктер жүйесі

Жинақтық сан есімдер

Е

Жинақтық сан есімдер бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге -ау/-еу жұрнағы жалғану арқылы жасалады: біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу. Олар нешеу? сұрағына жауап беріп, заттың санын жинақтап көрсетеді: дәптер үшеу, қыздар алтау т.б.

Жинақтық сан есімдерге тәуелдік жалғауы семантикалық ерекшеліктеріне қарай ғана жалғанады. Олар: екеуіміз, екеуің, екеуіңіз, екеуі болып түрінде тәуелденеді.

Жинақтық сан есімдердің жіктелуі:

Біз үшеуіміз

Сендер үшеусіндер

Сіздер үшеусіздер

Олар үшеу

◆ Жинақтау мағынасындағы сан атауын көрсетіңіз.

Укажите предложение с собирательным числительным.

- A) Ел құлағы – елу.
- B) Жігітке жеті өнер де аз.
- C) Ақыл – алтау, ой – жетеу.
- D) Бірінші байлық – денсаулық.

Т

- 1) елу сөзі заттың санын білдіреді, жинақтау мәнінде жұмсалмаған;
- 2) жеті сөзі заттың санын білдіреді, жинақтап көрсетпейді;
- 3) алтау, жетеу сөздері заттың санын жинақтап көрсетіп тұр;
- 4) бірінші сөзі заттың ретін білдіреді, жинақтау мәнін білдірмейді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті санды жазыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное число.

Ол ... Қапшағай көліне шомылуға кетті.

- A) екеуі
- B) біреуі
- C) үшеуі
- D) бесеуі

Т

- 1) екеуі сөзі жинақтау мағынасында жұмсалып тұр, сөйлем мағынасына сәйкес келеді;
- 2) біреуі сөзі сөйлемнің мағынасына сәйкес келмейді;
- 3) үшеуі сөзі сөйлемді мағыналық жақтан толықтыра алмайды
- 4) бесеуі сөзі сөйлемнің мағынасына үйлеспейді.

◆ Сөйлемді толықтырыңыз.

Дополните предложение.

Үстелде отырған ... өзгелерге сөз берер емес.

- A) төрт
- B) төртеу
- C) төрттей
- D) төртінші

Т

- 1) төрт сөзі заттың санын білдіреді, сөйлем мағынасына үйлеспейді;
- 2) төртеу сөзі адамның санын білдіріп, сөйлемнің мағынасына сәйкес келеді;
- 3) төрттей сөзі заттың санын шамалап білдіреді, сөйлем мағынасына сәйкес келмейді;
- 4) төртінші сөзі заттың ретін білдіреді, іс-әрекет иелерінің санын көрсетпейді.

32

Жинақтау мәнді сөзі бар сөйлемді белгілеңіз.

Укажите предложение с собирательным числительным.

- A) Ел құлағы елу.
- B) Ерінген екі істейді.
- C) Ердің екі сөйлегені – өлгені.
- D) Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

- 33 Көп нүктенің орнына қажетті сан атауын жазыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное число.

Әскери киімдегі ... бізге қарай келе жатыр.

- A) екеу
B) біреуі
C) алтауды
D) жетеуге

- 34 Адам санын көрсетіп тұрған сөзі бар сөйлемді табыңыз.
Укажите предложение, в котором есть слово, обозначающее количество людей.

- A) Жиналыс екіде басталады.
B) Жиналысты екіге ауыстырды.
C) Жиналысқа екінші рет кешіктім.
D) Жиналысқа екеуіміз ғана қатыстық.

Топтау сан есімдері

Ё

Топтау сан есімдері заттың санын топтап көрсетіп, нешеден? қаншадан? деген сұрақтарға жауап береді. -дан/-ден, -тан/-тен қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. Топтау сан есімдері дара түрде: бестен, жетіден, қырықтан т.б.; күрделі түрде: жиырма екіден, он бестен т.б.; қосарланған түрде: екі-екіден, алты-алтыдан, бір-бірден т.б. болып қолданылады.

- ◆ Топтау мағынасындағы сан есімі бар сөйлемді белгілеңіз.
Укажите предложение с собирательным числительным.

- A) Маған бесеуі қажет.
B) Беске қарай келуі тиіс.
C) Кітапты бес-бестен тарату керек.
D) Екінші нұсқасын алу керек.

Т

- 1) бесеуі сөзі жинақтау мәнінде қолданылып тұр;
2) беске сөзі уақытқа қатысты жұмсалып тұр;
3) бес-бестен сөзі кітаптың санын топтап көрсетіп тұр;
4) екінші сөзі заттың ретін білдіріп тұр.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сан атауын қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное числительное.

Сенбілікке қатысқан қонақтар ... ағаш отырғызды.

- A) қырықта
B) бір-бірден
C) қырықтан бес
D) тоқсаннан екі

Т

- 1) қырықта сөзі жатыс септігінде тұрып, адамның жас мөлшерін білдіреді;
2) бір-бірден сөзі сөйлем мағынасына сәйкес, заттың санын топтап көрсетіп тұр;
3) қырықтан бес тіркесі бір санның бөлшегін білдіріп тұр, сөйлем мағынасына сәйкес емес;
4) тоқсаннан екі тіркесі бір санның бөлшегін білдіріп тұр, сөйлем мағынасына сәйкес келмейді.

- ◆ Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.
Подберите вопрос к подчеркнутому слову.

Балалар үйіне көмек ретінде қызметкерлер екі мыңнан жинады.

- A) неше?
B) қалай?
C) қашан?
D) қаншадан?

Т

- 1) неше? сұрағы екі мыңнан тіркесіне тікелей қойылмайды;
2) қалай? сұрағы қимылдың өту амалын сұрағанда пайдаланылады;
3) қашан? сұрағы қимылдың өту мерзімін сұрайды;
4) қаншадан? сұрағы санды топтап айтқанда қойылатын сұрақ, екі мыңнан тіркесінің сұрағы ретінде қолданыла алады.

- 35 Көп нүктенің орнына қажетті сан атауын қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное числительное.

Тіл үйренушілер ... топқа бөлініп отырды.

- A) онда
- B) бір-біріне
- C) екі-үштен
- D) жиырма үшке

- 36 Көп нүктенің орнына тиісті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Әр сыныпта ... бала бар.

- A) отызыншы
- B) отыз-отыздан
- C) отыздың жартысы
- D) отыз бүтін оннан екі

- 37 «Қаншадан?» сұрағына жауап беретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором есть слово, отвечающее на вопрос «қаншадан?».

- A) Бұл – екеуіміздің де үйіміз.
- B) Үйден кеткеніне көп уақыт болды.
- C) Үйдің салынғанына екі жыл болды.
- D) Қаптарды үй астынан екі-екіден шығарды.

Болжалдық сан есімдер

Е

Болжалдық сан есімдер заттың санын дәл білдірмей, шамамен болжап көрсетеді.

Есептік сан есімдерге -дай/-дей, -тай/-тей; -даған/-деген, -таған/-теген, -лаған/-леген; -лап/-леп, -дап/-деп, -тап/-теп қосымшалары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: қырықтай, мыңдаған, мыңдап т.б.

Болжалдық сан есімдер есептік сан есімдерге көптік жалғауы мен жатыс септік қосымшасы жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: жасы қырықтарда, сағат ондарда т.б.

Есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Мысалы: қырық-елу, он-он үш т.б.

Есептік сан есімдерге шамалы, жуық, астам, тарта, қаралы, шамамен сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: отызға жуық, қырыққа тарта, алпысқа тарта, жүзден астам т.б.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Мерекелік шоуы ... адам тамашалады.

- A) он бесінші
- B) он мыңнан
- C) үш мыңдап
- D) бес мыңдай

Т

- 1) үш мыңдап тіркесі адам сөзімен тіркеспейді;
- 2) бес мыңдай тіркесі адамның санын болжап көрсетіп тұр, адам сөзімен тіркеседі;
- 3) он мыңнан тіркесі топтау мәнді сан есім, сөйлем мағынасына үйлеспейді;
- 4) он бесінші тіркесі заттың ретін білдіреді, сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді.

- ◆ Адамның жасын шамалап көрсетіп тұрған сөзі бар сөйлемді табыңыз.
Укажите предложение, в котором есть слово, обозначающее приблизительный возраст человека.

- A) Ол кісі отыз жасында үй тұрғызыпты.
B) Бұл ер адамның жасы қырықта екен.
C) Жасы қырықтардағы ер адам үйге кірді.
D) Ол қырқыншы үйде тұратын ер адам ғой.

Т

- 1) отыз жасында тіркесі адам жасын нақты көрсетеді;
- 2) жасы қырықта тіркесі адам жасын нақтылап дәл көрсетеді;
- 3) қырықтардағы сөзі адамның жасын шамалап, болжаммен көрсетіп тұр;
- 4) қырқыншы сөзінде адамның жасы көрсетілмеген, үйдің нөмірі берілген.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Жұмыстан сағат ... босайтын шығармын.

- A) жетідей
B) жетілеп
C) жетілерде
D) жетіге тарта

Т

- 1) жетідей сөзі сөйлем мағынасына сәйкес емес, босау сөзімен тіркеспейді;
- 2) уақыт мөлшерін жетілеп түрінде айтуға болмайды;
- 3) жетілерде сөзі уақыт мөлшерін шамамен, болжалдап көрсетіп тұр, сөйлем мазмұнына сәйкес келеді;
- 4) уақыт мөлшері жетіге тарта тіркесімен берілмейді.

- 38** Шамамен болжап көрсетілген сан атауы бар сөйлемді көрсетіңіз.
Найдите предложение, в котором есть приблизительное числительное.

- A) Франция Президенті жылына 319,8 мың доллар табады екен.
B) Германия канцлерінің жылдық табысы – 303,8 мың доллар.
C) Сингапур үкімет басшысының жылдық табысы – 2 миллиондай.
D) Ирландия премьер-министрінің жылдық жалақысы – 342,4 мың доллар.

- 39** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Дарынды тележүргізуші – жиырмадан ... телебағдарламалардың авторы.

- A) астам
B) тарта
C) жуық
D) шамасында

- 40** Дұрыс жауапты табыңыз.
Найдите правильный ответ.

Қазақстаннан ... спортшы олимпиадаға барады.

- A) жүздерде
B) жүз-жүз
C) жүзінші
D) жүз шақты

41

Асты сызылған сөзді ауыстыруға болатын сөзді табыңыз.
Найдите слово, близкое по значению подчеркнутому слову.

Бұл мәселені шешуге жиырма шақты адам қатысты.

- A) жиырма
- B) жиырмасыншы
- C) жиырмаға жуық
- D) жиырмадан астам

Жалпылау есімдігі

Е

Жалпылау есімдігі жалпылау, жинақтау мағынасын білдіреді. Жалпылау есімдігі деп мағыналық жақтан кемінде екі немесе одан көп заттарды, нәрселерді жинақтап атау үшін пайдаланылатын сөздерді айтамыз. Мысалы: бәрі, барша, барлық, бар (адам), күллі, бүкіл, түгел. Ауылдың еңкейген қарты да, төрт-бес жасар бүлдіршіндер де – үлкен-кішісі түгел жылжымалы дүкеннің тауарын көруге келіпті.

Бар, барлық, барша, бүкіл, күллі, түгел есімдіктері тәуелденеді. Мысалы: біздің барымыз, сендердің барлықтарың, олардың баршасы.

- ◆ Көп нүктенің қажетті сөзді белгілеңіз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Экологиялық мәселелер ... әлемді толғантып отыр.

- A) сол
- B) анау
- C) сонау
- D) бүкіл

Т

- 1) сол сөзі сөйлемге мағыналық жақтан үйлеспейді;
- 2) анау сөзі сөйлемді толықтыра алмайды;
- 3) сонау сөзі сөйлемге мағыналық жақтан сәйкес емес;
- 4) бүкіл сөзі сөйлемде айтылған ойға сәйкес келеді.

- ◆ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Жер – ... адамзаттың ортақ мекені, аялайық біз оны!

- A) күллі
- B) тегіс
- C) ыңғай
- D) баршасы

Т

- 1) күллі сөзі сөйлемнің ой желісіне сәйкес келеді;
- 2) тегіс сөзі сөйлемде айтылған ойға үйлеспейді;
- 3) ыңғай сөзі сөйлемді мағыналық жақтан толықтырмайды;
- 4) бәрі сөзі адамзат сөзімен тіркеспейді.

- ◆ Жалпылама мәнді сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение со словом, выражающим обобщение.

- A) Бақта алма, өрік, шие өсіп тұр.
- B) Бағбан жеміс ағаштарын күтіп баптайды.
- C) Шабдалы, алма мен алмұрт – баршасы жеміс ағаштары.
- D) Бағбан баққа екі түп алша және төрт түп шие ағашын отырғызды.

Т

- 1) сөйлемде жалпылама мәнді сөз жоқ;
- 2) сөйлемде жалпылама мәнді сөз қолданылмаған;
- 3) баршасы сөзі – жалпылау есімдігі, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін (шабдалы, алма, алмұрт) жинақтап тұр;
- 4) сөйлемде жалпылама мәнді сөз берілмеген.

- 42 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Галереядағы суреттердің ... табиғат туралы екен.

- A) бәрі
B) күллі
C) жалпы
D) барлық

- 43 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Арал экологиясы – ... әлемнің мәселесі.

- A) бәрі
B) барша
C) ыңғай
D) тегіс

- 44 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу - ... адал азаматтың отансүйгіштігінің белгісі.

- A) барша
B) күлліге
C) бәрімізге
D) баршамызға

- 45 Жалпылама мәнді сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение со словом, обозначающим обобщение.

- A) Туған елімді қатты сағындым.
B) Туған ауылыма қайтып келе жатырмын.
C) Туған жердің тауы да, тасы да – бәрі де ыстық маған.
D) Туған-туыстарымды бір көруді аңсап жүрмін.

Белгісіздік есімдігі

Белгісіздік есімдігі деп заттар мен құбылыстарды нақты түрде көрсетпей, белгісіз мәнді білдіретін сөздерді айтамыз. Белгісіздік есімдіктерінің жасалуына бір, әр, әлде деген үш сөздері негіз болады.

Мысалы:

- біреу, кейбір, кейбіреу, қайсыбір, бірнеше, бірдеңе, бірдеме;
- әркім, әрине, әрқайсы, әрқалай;
- әлдекім, әлдене, әлдеқайдан, әлдеқашан, әлденеше.

Олардың арасында жол білетін біреу бар екен, жолды сол көрсетіп отырыпты. Айнаш әлденеше рет іздеп барып, құрбысын үйінен таба алмады.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Оған ... мәрте айтқан соң жауап берді.

- A) бірнеше
B) бірдеме
C) біраздан
D) әрқалай

Т

- 1) бірнеше сөзі сөйлемнің ой желісіне сәйкес келеді, мәрте сөзімен тіркесе алады;
- 2) бірдеме сөзі мәрте сөзімен тіркеспейді;
- 3) біраз сөзі мәрте сөзімен қатар айтылмайды;
- 4) әрқалай сөзі сөйлемде айтылған ойға үйлеспейді, мәрте сөзімен тіркесе алмайды.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқасы қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Адам ... кездері жабырқап отыратын сәттері де болады.

- A) ештеңе
- B) кейбір
- C) дәнеме
- D) ешқандай



- 1) ештеңе сөзі кездері сөзімен тіркеспейді;
- 2) кейбір сөзі кездері сөзімен тіркеседі, сөйлем мазмұнына сәйкес келеді;
- 3) дәнеме сөзі кездері сөзімен тіркесе алмайды, сөйлемнің мазмұнына үйлеспейді;
- 4) ешқандай сөзі сөйлемнің желісіне сәйкес келмейді.

- ◆ Белгісіздік мәнін білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.

Укажите предложение, в котором есть слово, обозначающее неопределенность.

- A) Маған күздік киімдер сатып алу керек.
- B) Сен киім алу үшін дүкенге бармайсың ба?
- C) Біреулер дүкенге барса, біреулер базарға барады.
- D) Дүкендерде арзан бағамен күздік киімдер сатылып жатыр.



- 1) сөйлемде белгісіздік мәнін білдіретін сөз жоқ;
- 2) сөйлемдегі іс-әрекет иесі (сен) анық көрсетілген;
- 3) сөйлемдегі біреулер сөзі белгісіздік мәнде айтылған;
- 4) сөйлемде белгісіздік мәнді білдіретін сөз жоқ.

- 46 Көп нүктенің орнына тиісті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

...дің қатесі – ...ге сабақ.

- A) Біреу
- B) Ешкім
- C) Ешбір
- D) Ештеңе

- 47 Белгісіздік мәнін білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.

Укажите предложение со словом, которое обозначает неопределенность.

- A) Сен өзің шаруаға ұқыпты бала екенсің.
- B) Мына шаруаны, қарағым, сен бітіре салшы.
- C) Сөзін әлденеше қайталап, нықтап отыратын.
- D) Әр адам өз ісіне жауаптылықпен қарауы керек.

- 48 Белгісіздік мәнін білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.

Укажите предложение со словом, которое обозначает неопределенность.

- A) Оны өзім әкелейін.
- B) Осы істі мен аяқтай салармын.
- C) Ол осы мәселеден қашқақтап жүр.
- D) Бұл түйінді басқа біреу шеше алмайды.

49

Қимыл иесі белгісіз нұсқаны көрсетіңіз.

Укажите вариант, в котором не указано лицо, совершившее действие.

- A) Кейбіреулер ісіне енжар қарайды.
- B) Туған еліме, туған халқыма адал қызмет еткім келеді.
- C) Адал азаматтар еліне қызмет етуге әрқашанда дайын.
- D) Елімізде халқына адал еңбек етіп жүрген нағыз азаматтар көп.

Болымсыздық есімдігі

Ё

Болымсыздық есімдігі болымсыздық мағынаны білдіреді. Болымсыздық есімдіктері (дәнеңе деген сөзден басқасы) еш деген сөздің кейбір есімдіктермен бірігуі арқылы жасалады. Сөйлемде жоқ, емес деген сөздермен және болымсыз етістіктермен тіркесіп қолданылады. Мысалы: Ол осы жайтты ешкімге айтпады. Сара оның әрекетінен оғаш ештеңе байқаған жоқ.

Болымсыздық есімдіктері жіктелмейді. Көптік және тәуелдік жалғаулары жалғанады: ештеңелері, ешкімдері, дәнеңелері.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Бұл жөнінде ... мәселе қозғалған жоқ.

- A) ештеңе
- B) әрқалай
- C) дәнеме
- D) ешқандай

Т

- 1) ештеңе сөзі сөйлемдегі ой желісіне сәйкес келмейді;
- 2) әрқалай сөзі мәселе сөзімен тіркеспейді;
- 3) дәнеме сөзі мәселе сөзімен қатар қолданылмайды;
- 4) ешқандай сөзі сөйлемде айтылған ойға үйлеседі, мәселе сөзімен тіркеседі.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

... де менің анамдай тамақ дайындай алмайды.

- A) Ешбір
- B) Ешкім
- C) Ештеңе
- D) Ешқайда

Т

- 1) ешбір сөзі сөйлемнің мағынасына сай емес, сөйлемді толықтыра алмайды;
- 2) ешкім сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келеді;
- 3) ештеңе сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді;
- 4) ешқайда сөзі сөйлемде айтылған ой желісіне үйлеспейді.

◆ Болымсыздық мәнін білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.

Укажите предложение, в котором есть слово со значением отрицания.

- A) Сайлаудың қарсаңында қарбалас басталды.
- B) Сайлауға дайындық белсенді жүргізілді.
- C) Үміткерлер халыққа өз бағдарламаларын ұсынды.
- D) Одан басқа ешкім де ауыз су мәселесіне мән бермепті.

Т

- 1) сөйлемде болымсыздық мәнін білдіретін сөз жоқ;
- 2) сөйлемде ақпарат нақты берілген;
- 3) сөйлемдегі сөздер болымсыздық мәнде қолданылмаған;
- 4) сөйлем болымсыздық мәнін білдіреді.

- 50 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Адам үшін өмірден бағалы ... жоқ.

- A) ешкім
- B) ештеңе
- C) ешбір
- D) ешқайсы

- 51 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Кішкентай баласымен ... бара алмай қалды.

- A) ешкім
- B) ештеңе
- C) ешқайда
- D) ешнәрсе

- 52 Болымсыздық мәнін білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором есть слово со значением отрицания.

- A) Сайлауда дауыс берушілер белсенділік танытты.
- B) Ауылдағы ешбір жан сайлауға салғырттықпен қарамады.
- C) Сайлауда халық өз таңдауын жасады.
- D) Бір үміткер ғана айқын басымдылыққа ие болып, депутат атанды.

Етістіктің бұрынғы өткен шағы

Ё

Іс-әрекеттің, амалдың жүзеге асқанына көп уақыт болғанын білдіретін етістіктің түрі етістіктің бұрынғы өткен шағы деп аталады. Етістіктің бұрынғы өткен шағы болымды/болымсыз етістіктерге көсемшенің -ып/іп, -п жұрнақтары жалғанып, олардың жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: жаз-ып-ты, жаз-ба-п-ты, айт-ып-сың, айтпа-п-сың.

- ◆ Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.

Бүгін ол әдемі киініп

- A) алыпты
- B) қалыпты
- C) жақсарыпты
- D) тазаланыпты

Т

- 1) алыпты сөзі киініп сөзімен тіркесіп, аяқталған қимылды білдіреді;
- 2) қалыпты сөзі сөйлем мазмұнына үйлеспейді;
- 3) жақсарыпты сөзі сөйлем мағынасына сай емес;
- 4) тазаланыпты сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Астана Саммитіне келетін шетелдіктерге қонақүйлер

- A) өткізіпті
- B) бөлініпті
- C) көрініпті
- D) жабылыпты

Т

- 1) өткізіпті сөзі сөйлемдегі ой желісіне сай емес;
- 2) бөлініпті сөзі сөйлемді мағыналық жағынан тиянақтайды;
- 3) көрініпті сөзі мағыналық жақтан үйлеспейді;
- 4) жабылыпты сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді.

◆ Бұрын орындалып кеткен іс-әрекетті көрсетіңіз.

Укажите действие, выполненное ранее.

- A) Атам таза ауада демалғанды ұнатады.
- B) Әкем кешке қарай бақта серуендеп қайтпақшы.
- C) Қонақ та кеше кешке бақты аралап қайтыпты.
- D) Анам үйдің жанындағы бақта қыдырғанды жақсы көреді.



- 1) ұнатады сөзі сөйлем ауыспалы осы шақта айтылған;
- 2) қайтатын сөзі ұдайы болған және болатын іс-әрекетті білдіреді;
- 3) аралап қайтыпты тіркесі ертеректе орындалған іс-әрекет туралы баяндайды;
- 4) жақсы көреді тіркесі қимыл ауыспалы осы шақта берілген.

53

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ол қандай мәселелерді талқылау керектігін

- A) сеніпті
- B) өткізіпті
- C) айтыпты
- D) шақырыпты

54

Бұрын орындалған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, выполненное ранее.

- A) Әкем кейде кешке теледидар көретін.
- B) Таңертең теледидардан қызық хабар айтылыпты.
- C) Мен теледидардан тарихи фильм көргенді ұнатамын.
- D) Кішкентай інілерім қасқыр мен қоян жайлы мультфильмді жақсы көреді.

55

Бұрын орындалған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, выполненное ранее.

- A) Айнұр түскі асын дәмханадан ішеді.
- B) Саяхатшылар кешкі асты мейрамханадан ішеді.
- C) Әпкем таңғы асқа тәтті тоқаштар мен сусындар әзірлепті.
- D) Мен таңертең ыстық сүт ішкенді ұнатамын.

56

Бұрын орындалған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите действие, выполненное ранее.

- A) Әкем тамақтан кейін шай ішті.
- B) Анам кешкі асқа манти пісіріпті.
- C) Мен бауырсақты жақсы пісіремін.
- D) Сіңлім еттен қуырдақ әзірледі.

Етістіктің нақ осы шағы (күрделі түрі)

Ё

Сөйлеп тұрған уақытта орындалып жатқан іс-әрекетті, қимылды білдіретін етістіктің түрі етістіктің осы шағы деп аталады. Етістіктің осы шағы екіге бөлінеді: ауыспалы осы шақ және нақ осы шақ. Нақ осы шақ етістік құрамына қарай: жалаң нақ осы шақ және күрделі нақ осы шақ болып екіге бөлінеді. Бір ғана етістіктен жасалған түрін жалаң нақ осы шақ деп атаймыз. Мысалы: Қазір ол далада жүр.

Екі немесе одан да көп етістіктің тіркесуінен жасалған түрін етістіктің күрделі нақ осы шағы деп атаймыз. Күрделі нақ осы шақ етістік көсемше мен қалып етістіктің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: Ұлым аулада доп ойнап жүр. Айнұр дүкенге бара жатыр.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Отандық өнімдер тұтынушылардың көңілінен ... жүр.

- A) алып
- B) ұнап
- C) келіп
- D) шығып

Т

- 1) тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздерді алмастыруға болмайды, сондықтан көңілінен алып жүр түрінде қолданылмайды;
- 2) көңілінен шығып жүр тіркесінің орнына көңілінен ұнап жүр түрінде қолданылмайды;
- 3) ұнады деген мағынада жұмсалатын көңілінен шықты тіркесінің орнына көңілінен келіп түрінде қолдануға болмайды;
- 4) шығып сөзі көңілінен сөзімен тіркесіп, сөйлемді мағыналық жақтан толықтырады.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті тіркесті қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное словосочетание.

Далаға шықсам, жаңбыр

- A) өтіп тұр
- B) сеуіп жатыр
- C) жауып жатыр
- D) болып жатыр

Т

- 1) өтіп тұр тіркесі жаңбыр сөзімен тіркеспейді;
- 2) сеуіп жатыр тіркесі жаңбыр сөзімен тіркеспейді;
- 3) жауып жатыр тіркесі мағыналық жақтан үйлеседі, жаңбыр сөзімен тіркесе алады;
- 4) болып жатыр тіркесі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді.

- ◆ Осы сәтте орындалып жатқан іс-әрекетті білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором действие выполняется в настоящий момент.

- A) Айымгүл ағасына хат жазып отыр.
- B) Бұрын адамдар жиі хат жазысатын.
- C) Әжем әскердегі ағама хат жаздырды.
- D) Айымгүл құрбысымен хат жазысып тұрған екен.

Т

- 1) сөйлемде сөйлеп тұрған уақытта болып жатқан іс-әрекет туралы айтылған;
- 2) сөйлемде осы сәтте орындалып жатқан іс-әрекет туралы емес, орындалған іс-қимыл жайлы баяндалған;
- 3) сөйлемдегі іс-әрекет бұрын орындалған;
- 4) сөйлемде бұрын орындалған іс-қимыл баяндалған.

- 57 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.
- Бүгін күн
А) бұлттанып жүр
В) бұлттанып тұр
С) бұлттанып қалады
D) бұлттанып жатыр
- 58 Көп нүктенің орнына қажетті тіркесті қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное словосочетание.
- Ол дүкеннен азық-түлік
А) алып тұр
В) қойып тұр
С) сатып жүр
D) салып жүр
- 59 Осы сәтте орындалып жатқан іс-әрекетті білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором действие выполняется в настоящий момент.
- А) Арман Маратқа жедел хат салып жіберді.
В) Әсем досын туған күнімен құттықтап ашық хат жіберіпті.
С) Досымды ертең туған күнімен құттықтаймын.
D) Алмас оны туған күнімен құттықтап, тілек айтып тұр.
- 60 Осы сәтте орындалып жатқан іс-әрекетті білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором действие выполняется в настоящий момент.
- А) Біздің сынып Наурыз мерекесіне дайындалып жатыр.
В) Қазақстандықтар Наурыз мерекесіне дайындықты бастап кетті.
С) Олар Наурыз мерекесін жақсы дайындықпен қарсы алды.
D) Сендердің де Наурыз мерекесіне жақсы дайындалуларың қажет.

Ауыспалы осы шақ (болымсыз түрі)

Ё

Ауыспалы осы шақ етістік негізіне көсемшенің -а/-е/-й жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Етістіктің ауыспалы осы шағы іс-әрекеттің, қимылдың дағдылы түрде болып жатқанын білдіреді: іс-әрекет тыңдаушыға бұрын болып кеткендей, қазір де болып жатқандай және болашақта да шүбәсіз болатындай етіп айтылады. Мысалы: Айжан жексенбі сайын көк базарға барады. Шәкірттер ұстазының дәрісін жақсы тыңдайды. Гүлнұр қазір көшеде келеді. Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі болымсыз етістікке көсемшенің -а/-е/-й жұрнақтары үстеліп барып, жіктелуі арқылы жасалады.

Мысалы: Ағам маған айт-па-й-ды. Сен оны неге тыңда-ма-й-сың?

- ◆ Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Дәрігер дәрісімен ғана ...,
тілімен де емдейді.

- А) жазады
В) демейді
С) емдемейді
D) сұрамайды

Т

- 1) сөйлем құрылымы болымсыз мәніндегі сөзді керек етеді, сондықтан көп нүктенің орнына жазады сөзін қоюға болмайды;
2) демейді - сөйлем мазмұнына үйлеспейді;
3) емдемейді - сөйлемдегі емде етістігімен түбірлес, алайда болымсыз мәніндегі сөзді қажет етіп тұрғандықтан, көп нүктенің орнына емдемейді сөзін қоюға болады;
4) сұрамайды - сөйлемнің мағынасына сәйкес келмейді.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ағам ұсақ-түйек нәрселерге көңіл

- A) бермейді
- B) салмайды
- C) аудармайды
- D) қорғамайды



- 1) тұрақты тіркестегі сөздердің орнын ауыстыруға болмайды, сондықтан көп нүктенің орнына бермейді сөзін қоюға болмайды;
- 2) көңіл аудармайды тіркесінің орнына көңіл салмайды түрінде қолдануға болмайды;
- 3) аудармайды сөзі көңіл сөзімен тіркесіп, тұрақты тіркесті құрайды, сондықтан көп нүктенің орнына аудармайды сөзін қоюға болады;
- 4) тұрақты тіркесінің құрамындағы сөздерді алмастыруға болмайтындықтан, көп нүктенің орнына қорғамайды сөзін қоюға болмайды.

- ◆ Орындалмаған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите невыполненное действие.

- A) Айгүл Жанар мен Нұрсұлуды таныстырды.
- B) Олар ескі достарша тез тіл табысып кетті.
- C) Ал Асқар Нұрсұлуды да, Жанарды да танымайды.
- D) Айгүл олардың бұрыннан бері бәрін жақсы таниды.



- 1) сөйлемдегі іс-әрекет болымды мәнде баяндалған;
- 2) сөйлемдегі ақпарат болымды мәнде берілген;
- 3) сөйлемдегі іс-әрекет болымсыз мәнде айтылған;
- 4) сөйлемдегі ақпаратта болған іс-әрекет хабарланып тұр.

- 61 Мақалды толықтырыңыз.
Дополните пословицу.

Ас қадірін тоқ ...,
Ат қадірін жоқ

- A) біл
- B) білу
- C) білме
- D) білмес

- 62 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді белгілеңіз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Еліміз ғылым-білімсіз алға

- A) тұрмайды
- B) бармайды
- C) сақтамайды
- D) жылжымайды

- 63 Орындалмаған іс-әрекетті көрсетіңіз.
Укажите невыполненное действие.

- A) Бастық ұжымға жаңа маманды таныстырды.
- B) Жаңа маманға жұмыс орнын көрсетті.
- C) Жас маман әлі жұмыс жайын жақсы түсінбеді.
- D) Тәжірибелі мамандар жас маманға көмектесті.

- 64 Болымсыз мәнді сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение со значением отрицания.

- A) Адамның мінезі ісіне сай болса ғой.
- B) Шынайы сезім болмаса, махаббат та болмайды.
- C) Парасатты, ақылды адамдарды аса қадірлеймін.
- D) Ержан өзін үнемі бірқалыпты ұстайтын шығар.

Етістіктің мақсатты келер шағы (болымсыз түрі)

Ё

Келешекте істелетін іс-әрекеттің жүзеге асу, аспауының мақсатын білдіретін етістіктің түрін етістіктің мақсатты келер шағы деп атаймыз. Етістіктің мақсатты келер шағы етістіктерге есімшенің -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек жұрнақтары үстеліп, жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: бармақ, келмек, жазбақ, сүзбек, айтпақ, кетпек. Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі емес көмекші етістігі тіркесіп, жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: Мен бүгін базарға бармақшы емеспін. Ол жуыр маңда қалаға қайтадан кетпекші емес.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашанда егеменді ел ... емес.

- A) болмақ
- B) жасамақ
- C) жүрмек
- D) шығармақ

Т

- 1) болмақ сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келеді;
- 2) жасамақ сөзі сөйлемдегі ой желісіне сәйкес емес;
- 3) жүрмек сөзі сөйлем мазмұнымен үйлеспейді;
- 4) шығармақ сөзі сөйлемді мағыналық жақтан толықтыра алмайды.

- ◆ Көп нүктенің орнына тиісті сөз тіркесін қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное словосочетание.

Мен уақытымды бос

- A) болмақ емес
- B) жүрген жоқпын
- C) өткізбек емеспін
- D) шұғылданған жоқпын

Т

- 1) болмақ емес тіркесі бос сөзімен тіркесе алмайды, сондықтан сөйлемді толықтыра алмайды;
- 2) жүрген жоқпын тіркесі уақытымды сөзімен тіркесе алмайды;
- 3) өткізбек емеспін тіркесі уақытымды сөзімен тіркесе алады, сөйлем мазмұнына сәйкес келеді;
- 4) шұғылданған жоқпын тіркесі сөйлем мағынасына сәйкес келмейді.

- ◆ Мақсатты түрде орындалмаған қимылды табыңыз.
Найдите преднамеренно несовершенное действие.

- A) Айжан ата-анасына жиналыс жайлы айтпады.
B) Қалижан ағасына мұғалімнің ескертпесі туралы айтпақшы емес.
C) Гүлжиһан мен Бану ұстаздарының ескертуінен қорытынды шығарды.
D) Марат ата-анасына мектептегі жиналыс болатынын айтуды ұмытыпты.

Т

- 1) сөйлемде орындалған қимыл туралы айтылған;
2) сөйлемде мақсатты түрде жүзеге асырылмаған әрекет туралы баяндалған;
3) сөйлемдегі іс-әрекет болымды мәнде берілген;
4) сөйлемде мақсатты түрде орындалмаған іс-әрекет емес, аңдаусызда орындалмаған оқиға сипатталған.

- 65 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Бұл мәселені бүгін ... емеспін.

- A) таппақ
B) жинамақ
C) талқыламақ
D) жауап бермек

- 66 Көп нүктенің орнына қажетті тіркесті қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное словосочетание.

Енді ол досымен жиі

- A) шығармақ
B) тапқан жоқ
C) аяқтамақ еді
D) кездеспек емес

- 67 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Осыдан кейін ол ауыр жұмыс ... емес.

- A) сенмек
B) істемек
C) бармақ
D) қайтпақ

- 68 Мақсатты түрде орындалмаған іс-әрекетті табыңыз.
Найдите преднамеренно несовершенное действие.

- A) Студенттер ертең жорыққа шығады.
B) Студенттер биыл жорыққа көп шыққан жоқ.
C) Осы демалыста студенттер жорыққа шықпақ емес.
D) Студенттер өткен аптада жорыққа шықпаған болатын.

Ауыспалы келер шақ

Е

Етістіктің келер шағы алдағы уақытта болатын іс-әрекетті білдіреді. Етістіктің ауыспалы келер шақ түрі -атын/-етін, -йтын/-йтін тұлғалы есімше мен көмекші сөздердің тіркесуінен жасалады. Қайтатын сияқты, баратын білем, келісетін тәрізді, істейтін шығар деген тіркестер іс-әрекеттің болашақта жүзеге асуының күмәнді екенін көрсетеді. Мысалы: Құрбыммен кеңесетін шығармын. Ал баратын болды, жасайтын болып отыр деген тіркестер қимылдың келешекте айғақты түрде жүзеге асатынын білдіреді: Айгүл апам қыздың жасауын өзі дайындайтын болып отыр.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Бүгін кешке «Дударай» бағдарламасын ... едім.

- A) көрдім
- B) естігем
- C) көретін
- D) тыңдағам

Т

- 1) көрдім сөзі едім етістігімен тіркеспейді;
- 2) естігем сөзі едім етістігімен тіркесе алмайды;
- 3) көретін сөзі едім етістігімен тіркесе алады, әрі сөйлем мазмұнына сәйкес келеді;
- 4) тыңдағам сөзі сөйлемді аяқтайды, сол себепті едім етістігімен тіркес түзе алмайды.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Біз отандық тауарларды

- A) тұтынатын едік
- B) қолданатын болсақ
- C) өндіретін тәрізді
- D) пайдаланатын шығар

Т

- 1) сөйлемдегі біз сөзі етістіктің I жақта көпше түрде болуын қажет етеді, тұтынатын едік тіркесі сөйлем мазмұнына да сәйкес келеді;
- 2) қолданатын болсақ тіркесі - тиянақсыз, сондықтан сөйлемді аяқтай алмайды;
- 3) біз есімдігі I жақ, көпше түрдегі етістікті қажет етеді, ал өндіретін тәрізді тіркесі III жақта тұр (олар);
- 4) III жақтағы пайдаланатын шығар тіркесі I жақтағы біз сөзімен тіркесе алмайды.

- ◆ Іс-әрекеттің болашақта жүзеге асу-аспауы күмәнді екенін білдіретін сөйлемді табыңыз.

Укажите предложение, в котором выражено сомнение в осуществимости действия в дальнейшем.

- A) Айдар жаңа жұмысқа тұрғалы біраз уақыт болды.
- B) Гүлсім жаңа зауытқа жұмысқа тұрғысы келеді.
- C) Жаңадан ашылған зауытта бос жұмыс орындары бар.
- D) Мұрат інісі екеуі де осы зауытқа жұмысқа тұратын болар.

Т

- 1) сөйлемде айтылған ақпарат нақты да айқын;
- 2) сөйлемдегі іс-әрекеттің келешекте іске асуы күмәнсіз;
- 3) сөйлемде іс-әрекет туралы мәлімет нақты көрсетілген;
- 4) сөйлемде ақпараттың болашақта іске асуы күмәнді.

- 69 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Жас кезінде мерекелерді отбасында атап өткенді

- A) көретін
- B) ренжитін
- C) ұнататын
- D) қиналатын

- 70 Көп нүктенің орнына қажетті тіркесті қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное словосочетание.

Сен оны

- A) білетін шығар
- B) көретін секілді
- C) танитын сияқты
- D) танымайтын боларсың

- 71 Іс-әрекеттің болашақта жүзеге асу-аспауы күмәнді екенін білдіретін сөйлемді табыңыз.

Укажите предложение, в котором выражено сомнение в осуществимости действия в дальнейшем.

- A) Әкем күнде жұмысқа уақтылы барады.
- B) Апам жұмысқа бүгін ерте барыпты.
- C) Ол жұмысқа кешікпей баратын болып отыр.
- D) Әрине, жұмысқа кешікпей ертерек барған дұрыс.

- 72 Сөйлемді аяқтаңыз.
Закончите предложение.

Мүмкін олар ертең саябаққа

- A) жүретін шығар
- B) тұратын тәрізді
- C) баратын болар
- D) болатын сияқты

Мекен үстеулер

Ё

Мекен үстеулер іс-әрекеттің жүзеге асатын орнын не бағытын білдіреді. Сұрақтары: қайда? қай жерде? қайдан? қай жерден? қалай қарай? Мысалы: ілгері, төмен, жоғары, кейін, т.б.. Ол демалысқа кейін шығады. Олар амал жоқ төмен түсті.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Қызметкерлердің көпшілігі ... отырған болуы керек.

- A) осында
- B) ілгеріде
- C) тысқары
- D) одан-бұдан

Т

- 1) осында сөзі сөйлемдегі ой желісіне сәйкес, отырған сөзімен тіркесе алады;
- 2) ілгеріде сөзі сөйлем мазмұнымен үйлеспейді;
- 3) тысқары сөзі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді;
- 4) одан-бұдан сөзі отырған сөзімен тіркесе алмайды.

- ◆ Көп нүктенің орнына мекендік ұғымды білдіретін сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте слово со значением месторасположения.

Асқар бүгін ... досын кездестірді.

- A) кейін
B) оқта-текте
C) соңында
D) жол-жөнекей



- 1) кейін сөзі сөйлем мазмұнына сай емес;
2) оқта-текте сөзі сөйлем мағынасына үйлеспейді;
3) соңында сөзі бүгін сөзімен тіркесе алмайды;
4) жол-жөнекей сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келеді.

- ◆ Мекендік ұғымды білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором есть слово со значением месторасположения.

- A) Демалыс күнін балалар қызықты өткізді.
B) Балалар екі топқа бөлініп, қашар доп ойнады.
C) Содан соң жаяулар жарысын ұйымдастырды.
D) Балалар жол-жөнекей қуыспақ ойнап қайтты.



- 1) сөйлемде мекендік ұғымды білдіретін сөз жоқ;
2) сөйлемде іс-әрекеттің өтіп жатқан орны туралы мәлімет жоқ;
3) сөйлемдегі ақпаратта қимылдың уақыты айтылған, мекендік ұғым көрсетілмеген;
4) сөйлемде іс-әрекеттің орны көрсетілген, жол-жөнекей сөзі мекендік ұғымды білдіреді.

- 73 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Оның мансабы ... көтеріліпті

- A) төмен
B) астына
C) жоғары
D) қасына

- 74 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Мәжілісте орынбасары бастығынан сәл ... отыр екен.

- A) қасында
B) жанында
C) төменірек
D) жоғарыдан

- 75 Көп нүктенің орнына мекендік ұғымды білдіретін сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте слово со значением месторасположения.

Бақыт інісін таппаған соң, ... кетті.

- A) кері
B) бұрын
C) кешке
D) әлдеқашан

Мекендік ұғымды білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.

Укажите предложение, в котором есть слово со значением месторасположения.

- A) Кешке балалар спортпен айналысады.
- B) Үйдің астында, төменде өздері жасаған спорт залы бар.
- C) Қолдары бос уақытында балалар спортпен шұғылданады.
- D) Ұлдар ауыр атлетикамен, қыздар аэробикамен айналысады.

Шылау сөздер. Септеулік шылаулар Атау септігіндегі сөздермен тіркесетін септеуліктер

Е

Дербес мағынасы жоқ, белгілі бір сұраққа жауап беріп, өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайтын көмекші сөздерді шылаулар деп атаймыз. Шылаулар мағынасы мен қызметіне қарай үшке бөлінеді:

- 1) септеуліктер;
- 2) жалғаулықтар;
- 3) демеуліктер.

Өзінің алдындағы негізгі сөздің белгілі бір септікте тұруын қажет ететін шылаулар септеуліктер деп аталады. Ілік, табыс және жатыс септіктерінен басқа атау, барыс, шығыс және көмектес септіктерінің бірінде тұрған сөздермен тіркеседі. Мысалы: сен туралы, үйге шейін, содан соң, сабақпен қатар.

Септеулік	Шылау сөздер
Атау септіктегі сөзбен тіркесетін септеулік	арқылы, жайында, жөнінде, туралы, жайлы, үшін, сайын, сияқты, секілді, тәрізді, сықылды, шамалы, шақты

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Біз интернет ... көптеген ақпарат алып отырмыз.

- A) үшін
- B) сайын
- C) секілді
- D) арқылы

Т

- 1) үшін сөзі сөйлемді мағыналық жақтан толықтыра алмайды;
- 2) сайын сөзі сөйлемде айтылған ой желісіне үйлеспейді;
- 3) секілді сөзі сөйлемде берілген ой ағымына сай емес;
- 4) арқылы сөзі сөйлемнің мазмұнына сәйкес келеді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ұста өмір ... айналысқан кәсібінен бірден қол үзіп кете алмады.

- A) бойы
- B) қатар
- C) секілді
- D) туралы

Т

- 1) бойы сөзі сөйлемге мағыналық жақтан үйлесіп, өмір сөзімен тіркеседі;
- 2) қатар сөзі сөйлемдегі айтылған ойға сай емес, өмір сөзімен тіркеспейді;
- 3) секілді сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді;
- 4) туралы сөзі айтылған ой желісіне үйлеспейді.

- ◆ Асты сызылған сөзді мәндес сөздермен алмастырыңыз.
Найдите вариант, заменяющий подчеркнутое слово.

Ауыл әкімі ауданға ақпаратты факспен жіберді.

- A) факстен кейін
B) факстен соң
C) факске дейін
D) факс арқылы

Т

- 1) факспен сөзі іс-әрекеттің қалай, ненің көмегімен орындалғанын білдіреді, сондықтан факстен кейін тіркесімен алмастырылмайды;
2) факстен соң тіркесі қимылдың не арқылы орындалғанын білдіре алмайтындықтан, факспен сөзінің орнына қолданылмайды;
3) факске дейін тіркесі факспен сөзінің орнына беретін мәнін білдіре алмайтындықтан, бұл сөзбен ауыстыруға болмайды;
4) факс арқылы тіркесі қимылдың ненің көмегімен, қалай іске асқанын білдіреді, факспен сөзімен мәндес.

- 77 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Бауыржан Момышұлы ... қызықты аңыздар көп.

- A) шақты
B) туралы
C) жайынан
D) турасынан

- 78 Асты сызылған сөздерді мәндес сөздермен алмастырыңыз.
Замените подчеркнутые слова близкими по значению.

Ауылды дамытуға арналған ауқымды жаңа бағдарламалар қабылданып жатыр.

- A) Ауылды дамыту үшін
B) Ауылды дамыту арқылы
C) Ауылды дамытумен қатар
D) Ауылды дамытқанға шейін

- 79 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Сая оқуға түсу ... дайындалып жүр.

- A) үшін
B) бойы
C) сайын
D) арқылы

Барыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеулік шылаулар

Е

Барыс септігіндегі сөздермен тіркесетін септеуліктер мекендік ұғымдағы сөздермен тіркескенде бағыт мәнін білдіреді, мысалы: үйге қарай, жұмысқа дейін, ал мезгіл мәнді сөздермен тіркескенде уақытты, мерзімді нақтылай түседі, мысалы: кешке шейін, түске таман, кейде сан есімдермен тіркесіп мөлшерге болжалдық мән үстейді, мысалы: жүзге тарта, отызға жуық.

Септеулік	Шылау сөздер
Барыс септігіндегі сөздермен тіркесетін септеулік	дейін, шейін, таман, қарай, жуық, жақын, тарта

◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Аналар мерекесіне ... оқушылар концерт ұйымдастырмақшы.

- A) орай
- B) кейін
- C) шейін
- D) шамалы

Т

- 1) орай сөзі барыс септігіндегі сөзбен тіркесіп, сөйлем мазмұнына сәйкес келеді;
- 2) кейін сөзі шығыс септігіндегі сөзбен ғана тіркеседі, барыс септігіндегі сөзбен (мерекесіне) тіркеспейді;
- 3) шейін сөзі сөйлем мазмұнына үйлеспейді;
- 4) шамалы сөзі атау септігіндегі сөзбен тіркеседі, ал барыс септігіндегі сөзбен тіркесе алмайды.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Оқу ордасында жиырма мыңға ... студент оқиды.

- A) шақты
- B) салым
- C) қарай
- D) жуық

Т

- 1) шақты сөзі барыс септігіндегі сөзбен тіркеспейді;
- 2) салым сөзі сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді, мезгіл мәнді сөздермен ғана тіркеседі;
- 3) қарай сөзі тіркескен сөзіне бағыттық мән үстейді, сондықтан сөйлем мазмұнына сәйкес мөлшер мәнін білдіру үшін қолданылмайды;
- 4) жуық сөзі сөйлем мазмұнына сәйкес, оқу ордасында оқитын студенттердің жалпы санын шамалап көрсетеді.

◆ Бағытты білдіретін тіркесі бар сөйлемді көрсетіңіз.

Укажите предложение, в котором есть словосочетание со значением направления.

- A) Біз түске дейін қалада болдық.
- B) Олар қалаға қарай кетіп барады.
- C) Ағам қаладан келген сайын көп базарлық әкелетін.
- D) Інім қаладан келгелі бері әлденеге мазасызданып жүр.

Т

- 1) қалада сөзі қимылдың орнын, мекенін білдіреді;
- 2) қалаға қарай тіркесі сөйлемде іс-әрекеттің орындалу бағытын білдіреді;
- 3) қаладан келген сайын тіркесі іс-әрекеттің мезгілін көрсетеді;
- 4) қаладан келгелі бері тіркесі қимылдың уақытын айқындайды.

80 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Өзі ана болғанға ... анасын түсінбеген екен.

- A) салым
- B) дейін
- C) қарсы
- D) астам

81 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Бақыт ойланып қалды да кабинетіне ... бет алды.

- A) тарта
- B) салым
- C) қарай
- D) қарсы

82 Бағытты білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение со значением направления.

- A) Алматыға дейін ұшақпен жетті.
- B) Тараз - бұрыннан келе жатқан көне қала.
- C) Қалаға таман орналасқан елді мекендерде тарихи ескерткіштер көп.
- D) Тарихи қалаларды - Таразбен қатар Түркістан қаласын да көргім келеді.

Шығыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеулік шылаулар

Ё

Септеуліктер дегеніміз - өздері тіркесетін сөздерге әрқилы грамматикалық мағыналарды үстеп, белгілі бір септік жалғауымен тіркесетін көмекші сөздер.

Септік	Мысалдар
Шығыс септігі	кейін, соң, бері, бұрын, қарай, бетер, гөрі, әрі, басқа, бөлек, астам, артық, өзгеше, ілгері, шет, тыс, асыра, тысқары және т.б.

Кейін септеулігі зат есімге, мезгіл атауларына, есімдіктерге, қимыл атауына, -ған/-ген тұлғалы есімшелерге тіркесіп, белгілі бір фактінің соңынан болатын мекендік я мезгілдік ұғымды білдіру үшін қызмет етеді және соң, артынан сөздерімен мағыналас болып келеді. Мысалы: Жаңбырдан кейін қар жауа бастады. Осыдан кейін жаман ойламайтын шығар. Үйіңе жеткеннен кейін хабарлас.

Соң септеулігі қолданылу ыңғайына қарай бірде мезгілдік қатынасты білдірсе, бірде себептік мағынада қолданылады. Мысалы: Осы аптадан соң демалыс басталады. Ол шетелден келгеннен соң, өз ісін бастап жіберді.

Бері септеулігі негізінде мезгілдік шектің басталуына, кейде тұтас қамтылуына байланысты ұғымды білдіреді де, көбінесе мезгіл атауларына, есімдіктерге және -ған/-ген тұлғалы есімшелерге тіркесіп, уақыттың я мерзімнің басталу шегін аңғартады. Мысалы: Сол уақыттан бері бұл әңгіме қозғалмаған еді. Бұл мекемеде бір жылдан бері басшы қызметін атқарған еді.

Бұрын септеулігі белгілі бір амалдың я жағдайдың басқа бір амалдың я оқиғаның алдын ала болатынын білдіреді. Мысалы: Мерзімінен бұрын жоспарды өткізіп келді. Алтыдан бұрын келіп алды.

Бетер септеулігі белгілі бір іс-әрекеттің бұрын істелген іс-әрекеттен анағұрлым күшті болатынын білдіру үшін жұмсалады. Мысалы: Оның қызы өзінен бетер пысық болып өскен. Өзі жас қыздан бетер әдеміленіп кеткен.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Кадр бөліміне сағат екіден ... келіңіз.

- A) гөрі
- B) кейін
- C) бетер
- D) қарай



- 1) гөрі сөзі салыстыру мәнінде жұмсалады, келіңіз сөзімен тіркеспейді;
- 2) кейін сөзі істің орындалу мерзімінен соңғы жағдайды нақтылайды, шығыс септікті сөзбен тіркеседі;
- 3) бетер сөзі екіден сөзімен тіркес түзе алмайды, мағыналық жақтан үйлеспейді;
- 4) қарай сөзі барыс септігіндегі сөзбен тіркеседі, сондықтан шығыс септігіндегі сөзден (екіден) кейін қолданылмайды.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Қонақтар астан ... бата қайырды.

- A) кейін
- B) бері
- C) шейін
- D) арқылы



- 1) кейін сөзі шығыс септік тұлғалы сөзбен (астан) тіркесіп, істің орындалуының мезгілін білдіріп тұр;
- 2) бері сөзі - істің басталу шегін білдіретін септеулік, ал сөйлем өткен шақта тұр;
- 3) шейін сөзі - барыс септікті сөздермен тіркесіп, мезгіл-мекен мағынасын білдіретін септеулік;
- 4) арқылы сөзі - атау септігіндегі сөздермен тіркесетін септеулік, шығыс септігіндегі сөзбен байланыспайды.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Қазақстанда 2011 жылы маусымда 56 мыңнан ... жеңіл автокөлік тіркелді.

- A) бірге
- B) бетер
- C) астам
- D) салым



- 1) бірге сөзі - көмектес септігіндегі сөздермен тіркесетін септеулік, шығыс септігіндегі сөзбен тіркесе алмайды;
- 2) бетер сөзі іс-әрекеттің бұрын істелген іс-әрекеттен неғұрлым күшті болғанын көрсетеді, сөйлем мазмұнына үйлеспейді;
- 3) астам сөзі шығыс септігіндегі сөзбен тіркесе алады, сөйлем мазмұнына сәйкес келеді;
- 4) салым сөзі - барыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеулік, шығыс септігіндегі сөзбен байланыспайды.

83

- Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Оқушылар сабақтан ... мәдени-танымдық саяхатқа барады.

- A) кейін
- B) дейін
- C) шейін
- D) сайын

- 84 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Шығыс Қазақстан өңірі өзінің өзен-суларынан ... оңтүстік аймақтардан биік тауларымен де ерекшеленеді.

- A) гөрі
B) астам
C) бөлек
D) бірге

- 85 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

2017 жылдан ... елімізде қазақ тілін меңгергендер саны 80 пайызға жетеді.

- A) соң
B) сайын
C) ілгері
D) сәйкес

Көмектес септігін меңгеретін септеуліктер

Ё

Септік	Мысалдар
Көмектес септігі	бірге, қатар, қабат, қоса және т.б.

Көмектес септікті меңгеретін септеуліктер іс әрекетті бірнеше субъектінің бірігіп жасағанын немесе белгілі бір әрекеттің басқа бір әрекетпен қабаттаса, жарыса жасалуын білдіру үшін қолданылады.

Мысалы: Маманның өз саласын терең білуімен қатар тәжірибесі де болуы керек. Көрмеге шетелдік өнімдермен бірге қазақстандық тауарлар да қойылған.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Елордада «Бізбен ... бол: Тәуелсіздік шыңы» акциясы өтуде.

- A) бірге
B) басқа
C) бөлек
D) артық

Т

- 1) бірге сөзі іс-әрекеттің бірлесіп жасалуын көрсететін, көмектес септігіндегі сөзбен тіркесетін септеулік;
- 2) басқа сөзі алдында тұрған сөзбен (бізбен) тіркесіп тұрған жоқ, бұл – шығыс септігінен кейін келетін септеулік;
- 3) бөлек сөзі шығыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеулік, көмектес септігіндегі сөзбен тіркесе алмайды;
- 4) артық сөзі шығыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеулік бізбен сөзімен тіркесе алмайды.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Мектеп – біліммен ... әр адамның өміріне жолдама беретін қасиетті де ардақты шаңырақ.

- A) бері
- B) қоса
- C) жуық
- D) бетер

Т

- 1) бері сөзі шығыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеулік, ал алдындағы сөз көмектес септігінде тұр;
- 2) қоса сөзі көмектес септігінен кейін келетін септеулік, мұнда бір әрекет (білім беру) басқа бір әрекетпен (өмірге жолдама беру) қабаттаса қолданып тұр;
- 3) жуық – барыс септігіндегі сөзбен тіркесетін, мезгіл мәнді білдіретін септеулік;
- 4) бетер – көмектес септігінен кейін келетін септеулік. Сөйлемдегі екі әрекет те (білім беру, өмірге жолдама беру) қатарласа, жарыса біреуі екіншісіне басымдық беріп тұрған жоқ; бетер септеулігі – бір әрекеттің екінші бір әрекеттен артық не кем екендігін білдіру үшін жұмсалатын септеулік.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Сонымен ... мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қазақ тілінің қоғамдық қызметін жан-жақты жетілдіру керек.

- A) қатар
- B) бетер
- C) өзгеше
- D) бұрын

Т

- 1) қатар сөзі - көмектес септігінен кейін келетін септеулік, сондықтан көп нүктенің орнына қатар сөзін қоюға болады;
- 2) бетер сөзі бір әрекеттің екінші бір әрекеттен артық не кем екендігін білдіру үшін жұмсалатын септеулік, сөйлемде ондай салыстыру жоқ;
- 3) өзгеше сөзі – шығыс септігіндегі септеулік, алдындағы сөз көмектес септігінде тұр;
- 4) бұрын сөзі – шығыс септігіндегі септеулік, алдындағы сөзбен (сонымен) тіркеспейді.

86

- Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Дастарқанға шаймен ... ыстық самса да қойылды.

- A) бірге
- B) бетер
- C) қарай
- D) сәйкес

87

- Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Қыркүйек айының ортасында Азамат әкесімен ... Италияға жол жүрмек.

- A) таяу
- B) бірге
- C) кейін
- D) бұрын

88

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Апта соңында «Жеті күннің» басты жаңалықтарымен ... ғаламтордағы жаңалықтармен де танысамын.

- A) бері
- B) қоса
- C) қарай
- D) бұрын

89

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ол өз сіңлісімен ... келе жатқан қызды танымады.

- A) кейін
- B) бетер
- C) қатар
- D) қарай

Демеулік шылаулар. Күшейткіш, нақтылау мәнді демеуліктер

Е

Демеуліктер – өздері тіркесетін сөздерге әр алуан грамматикалық мағына қосатын көмекші сөздер. Демеулік шылаулар лексикалық мағынасынан айырылып, тек көмекші сөз қызметін атқарады.

Күшейткіш мәнді демеуліктер қатарына - ақ, - ай, - ау, -да, -де, -та, -те шылаулары жатады. Олар сөйлемде айтылған ойға күшейткіш мән қосу үшін жұмсалады.

-ақ демеулік шылауы өзі тіркескен сөздерге күшейткіш мән береді. Мысалы: Ауылға қазір-ақ жүріп кетсек қайтеді?

-ау демеулік шылауы сөйлемге көбінесе эмоциялық мән береді. Мысалы:

Сен де кеттің,

Мен де кеттім,

Ол да кетті ауылдан.

Осынымыз ұят болды-ау, ұят болды-ау, қауымнан! (М. Мақатаев).

-ай демеулігі күшейткіш мәнге ие. -ай демеулігі зат есімдермен болған сөздерге тіркесе, ол сөздерге ой екінін түсіріп, ерекшеленіп тұрады. Мысалы: Балам-ай, абайласаң еді! Мұнда әрі жаны ашу, әрі таңырқау мәні бар.

да (де, та, те) шылауы демеулік ретінде қолданылғанда, тек бір сөзге қатысты болады да, сол сөзді өзге сөздерден бөліп күшейту мәнін үстейді.

Мысалы: Оның кемшілігін айттым да, тастадым.

Нақтылау мәнді демеуліктер –ды, –ді, –ты, –ті жеке сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын, сөйлемде айтылатын өткен шақтағы сөзді нақтылап, тұжырымдай түсу үшін қолданылады. Мысалы: Қазақ халқының басынан осындай қилы тағдырлар өткен-ді.

Қой (ғой) нақтылау мәнді демеулік сөз мағыналарына нақтылау, тұжырымдау, мақұлдау мәнін үстейді. Мысалы: Кеше сізге бұл мәселені айтып еді ғой.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Сондай-... ұлт зиялылары бас қосып, қазақ елінің алдағы мұратын талқылады.

- A) ақ
- B) ау
- C) тек
- D) ғана

Т

- 1) ақ сөзі күшейткіш мән үстеп тұр;
- 2) ау сөзі сөйлем эмоцияға құрылмаған, сондықтан көп нүктенің орнына қоюға келмейді;
- 3) тек сөзі шектік мағынада қолданылады және дефис арқылы жазылмайды;
- 4) ғана сөзі сөзге шектеу мағынасын үстейтін шылау, бөлек жазылады.

- ◆ Асты сызылған көмекші сөздің беретін мағынасын көрсетіңіз.
Укажите значение подчеркнутого служебного слова.

Айтуын айтты-ау, бірақ мен нақты ештеме түсінген жоқпын.

- A) тамсану
- B) шаттану
- C) қомсыну
- D) таңырқау



- 1) -ау – тамсану мағынасын білдірмейді;
- 2) -ау – шаттану мәнін үстемейді;
- 3) -ау – етістікпен тіркесіп, қомсыну мәнін білдіреді;
- 4) -ау – таңырқау мағынасын бермейді.

- ◆ Көп нүктенің орнына тиісті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Бұл ... көшірме ... , түпнұсқасы әлдеқайда жақсы.

- A) тек, ғой
- B) ғана, ай
- C) тек, ме
- D) қана, ғой



- 1) тек, ғой – тек шылауы есімдікпен (бұл) тіркесіп, шектеу мәнін үстеп тұрса, ғой шылауы көшірме екенін нақтылап тұр;
- 2) ғана, ай – сөйлемнің мағынасына сай келмейді;
- 3) тек – шектік мағынада дұрыс қолданылып тұр, ал сұраулық шылау (ме) сөйлем мазмұнына сәйкес келмейді;
- 4) қана – бұл сөзінен кейін үндестік заңы бойынша ғана шылауы тіркесуі керек әрі ол сөз (қана) мағыналық жағынан да бұл сөзінен кейін келе алмайды, ғой шылауы көшірме сөзіне дұрыс тіркесіп тұр.

90

«-ау» арқылы берілген сөйлеушінің көңіл күйін анықтаңыз.

Определите настроение говорящего, которое передано с помощью частицы «-ау».

– Балам-ау, денсаулығыңды неге ойламайсың?

- A) ренжу
- B) қуану
- C) қолдау
- D) растау

91

Көп нүктенің орнына көмекші сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте соответствующее служебное слово.

Бұл әнді сіз осымен бірнеше рет естідіңіз

- A) ай
- B) тек
- C) ғой
- D) ғана

92

Көп нүктенің орнына көмекші сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте соответствующее служебное слово.

Сен-... үнемі шаршап жүреді екенсің.

- A) ақ
- B) ай
- C) ау
- D) тек

93

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Күн суықта терезені ... қояйыншы.

- A) айтпай-ақ
- B) ашпай-ақ
- C) көрмей-ақ
- D) қарамай-ақ

Жалғаулық шылаулар. Себеп мәнді жалғаулықтар

Е

Өзара тең дәрежедегі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді әртүрлі мағыналық қатынаста байланыстыратын көмекші сөздердің бір тобын жалғаулықтар деп атайды.

Себеп мәнді жалғаулықтарға себебі, өйткені шылаулары жатады. Бұл жалғаулықтар тілде жиі кездеседі. Себеп мәнді жалғаулықтар салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстырып, соңғысы алдыңғы сөйлемдегі айтылатын ойдың себебін білдіреді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Құжатыңызды қазір бере алмаймын, ... бастық қол қойған жоқ.

- A) бірақ
- B) себебі
- C) әйтсе де
- D) сол үшін

Т

- 1) бірақ – қарсылық мәнде жұмсалатын жалғаулық, екінші сөйлемдегі ой бірінші сөйлемдегі ойға қарсы мәнде қолданылмаған;
- 2) екінші сөйлемде бірінші сөйлемдегі айтылған ойдың себебі түсіндіріліп тұр, сондықтан көп нүктенің орнына себебі сөзін қоюға болады;
- 3) әйтсе де шылауы қарсылықты мәнді болғандықтан, сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді;
- 4) сол үшін тіркесі бірінші сөйлемдегі ойды нақтылай алмайды.

◆ Сөйлемнің жалғасын табыңыз.
Найдите продолжение предложения.

Туристер әуежайда екі сағат бөгелді,

- A) өйткені жолдама сатады
- B) сол себепті ұшақты күтті
- C) сондықтан екі сағат әуежайда кешікті
- D) себебі ұшақта техникалық ақау болған екен

Т

- 1) жолдама сатылатыны үшін туристердің екі сағат әуежайда бөгелуі күмәнді, берілген сөйлем мазмұнымен үйлеспейді;
- 2) екі сөйлем арасында мағыналық үйлесім жоқ;
- 3) сөйлемдер арасында мағыналық байланыс жоқ;
- 4) біріншісінде туристердің бөгелуі айтылса, екінші сөйлемде сол жағдайдың себебі түсіндіріліп тұр.

◆ Себеп мәнді сөйлемді көрсетіңіз.

Укажите предложение со значение причины.

A) Біздің елімізде ауылшаруашылыққа көп көңіл бөлінеді, өйткені сауда айналымында отандық азық-түліктің үлесін артыру қажет.

B) Отандық азық-түлік өнімдерін шығаруға мән берілуде, сонда да жеткіліксіз.

C) Ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесін жиі ұйымдастырса, қала тұрғындарына көп жеңілдік болар еді.

D) Ауылдық жердің тұрғындары өз өнімдерін біресе дүкендерге өткізіп әлек, біресе базар маңайлап сатуға мәжбүр.



- 1) екінші сөйлем бірінші сөйлемнің себебін түсіндіріп тұр;
- 2) бірінші сөйлемдегі ойға екінші сөйлем қарсылық мәнде айтылған;
- 3) екінші сөйлем бірінші сөйлемнің шартын білдіріп тұр;
- 4) екі сөйлемдегі іс-әрекет кезектесіп келіп отыр.

94

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Компьютерде көп отырма, ... көзіңе салмақ түседі.

- A) бірақ
- B) себебі
- C) ендеше
- D) сонда да

95

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Мен тауық сорпасын ұнатамын, ... ол жеңіл қорытылады.

- A) себебі
- B) бірақ
- C) әйтсе де
- D) сол себепті

96

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Қажетті құрал-жабдықтар жеткізілмеді, ... жүргізуші жұмысқа келмепті.

- A) біресе
- B) егер де
- C) өйткені
- D) сол себепті

97

Себеп мәнді сөйлемді көрсетіңіз.

Укажите предложение со значением причины.

A) Жамбыл облысында қант қызылшасына арнайы жер бөлінген, бірақ оның барлығына қызылша егіліп жатқан жоқ.

B) Жамбыл облысында қант қызылшасының алқабының көлемін кеңейту керек, өйткені осы өңір бұл дақылды өсіргенге өте қолайлы.

C) Жамбыл облысында қант қызылшасын не өсіру керек, не бұл істі тастау керек.

D) Қант қызылшасын егетін шаруаларға мемлекет тарапынан қомақты субсидия бөлінген, яғни қант қызылшасын өсіруге барлық мүмкіндіктер жасалған.

Салдар мәнді жалғаулық шылаулар

Е

Өзара тең дәрежедегі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді әртүрлі мағыналық қатынаста байланыстыратын көмекші сөздердің бір тобын жалғаулықтар деп атайды.

Салдар мәнді жалғаулықтар құрмалас сөйлемнің басыңқы сыңарындағы болған іс-әрекеттің нәтижесін, салдарын білдіру үшін жұмсалады. Жалғаулықтардың бұл түріне сондықтан, сол себепті, сонан соң шылаулары жатады. Мысалы: Наурыз мерекесі – біздің халқымыз үшін ұлы мейрам, сондықтан да оны зор қуанышпен қарсы аламыз.

Талапкерлер тест тапсырып жатыр, сол себепті қатты шуламауларыңызды сұраймыз!

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Бастық кеш келеді, ... күтуіңізге тура келеді.

- A) егер
- B) себебі
- C) біресе
- D) сондықтан

Т

- 1) егер сөзі - шарттық мән үстейтін шылау;
- 2) себебі сөзі себептік жалғаулық, сөйлеммен мағыналық сәйкестік жоқ;
- 3) біресе сөзі іс-әрекеттің алмасып отыратынын білдіру үшін жұмсалады;
- 4) сондықтан сөзі бірінші сөйлемде бастықтың кешігу салдары, екінші сөйлемдегі осы шылау арқылы түсіндіріліп тұр.

◆ Көмекші сөздің қандай мағынада жұмсалып тұрғанын көрсетіңіз.

Укажите, в каком значении использовано служебное слово.

Қаланың экологиясы ластануда, сол себепті айналмалы жолдар мен гүлзарларды көбейтіп жатыр.

- A) шарт
- B) себеп
- C) салдар
- D) қарсылық

Т

- 1) сол себепті шылауы сөйлемдер арасындағы шарттық қатынасты білдіре алмайды;
- 2) сол себепті шылауы бірінші сөйлемдегі іс-әрекеттің себебін түсіндіре алмайды;
- 3) сол себепті шылауы басыңқы сөйлемдегі айтылған іс-әрекеттің салдарын білдіріп тұр;
- 4) сол себепті шылауы сөйлемдер арасындағы қарсылық мәнді білдіре алмайды.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Алматыда қызметі бірдей фирмалар көп, ... олардың өнімдерінің сапасын қадағалай алмай жатыр.

- A) себебі
- B) дегенмен
- C) неге десең
- D) сол себепті

Т

- 1) екінші сөйлем бірінші сөйлемдегі ойдың себебін түсіндіріп тұрған жоқ, сондықтан себебі сөзі қолданылмайды;
- 2) дегенмен шылауы – қарсылық мән тудыру үшін қолданылатын көмекші сөз;
- 3) неге десең – сөйлемдер арасындағы іс-әрекеттің себебін білдіреді, сөйлемде салдары туралы сұрап тұр;
- 4) сол себепті – бірінші сөйлемдегі фирманың көптігінен екінші сөйлемде өнімдердің сапасы қадағалана алмай жату салдары осы көмекші сөз арқылы түсіндіріліп тұр.

98

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Мен кездесуге сағат 10-ға жазылғанмын, ... тосып отырмын.

- A) әлде
- B) біресе
- C) сол себепті
- D) не болмаса

99

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Кеше болған жоқпын, ... сенен сұрап жатырмын.

- A) алайда
- B) әйтпесе
- C) не үшін
- D) сондықтан

100

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Тұрмыстық техника бөлімінде кезекте тұрған адам көп, ... сізге жарты сағаттай күте тұруға тура келеді.

- A) бірде
- B) себебі
- C) болмаса
- D) сондықтан

101

Іс-әрекеттің салдары көрсетілген сөйлемді көрсетіңіз.
Определите предложение, в котором передаются последствия действия.

- A) Ас тұзы қымбаттаса, халыққа қиын, сондықтан оған мемлекеттік қолдау қажет.
- B) Ас тұзының құрамында йод бар, алайда ол ағзаға жеткіліксіз.
- C) Менің мына ас тұзын алғым келмеді, себебі қорабы жыртылып кетіпті.
- D) Тамақ істемекші болып біресе ас тұзын іздеді, біресе майды іздеді.

Демеулік шылаулар: шектік, болымсыздық

Е

Демеуліктер – өздері тіркесетін сөздерге әр алуан грамматикалық мағына қосатын көмекші сөздер.

Шектеулік демеуліктер белгілі бір нәрсені, іс-әрекетті, амалды, сын-сипатты, мезгілді шектеу, тежеу мәнінде жұмсалады. Олардың қатарына –қана, –ғана, –ақ шылаулары жатады.

-қана, –ғана демеулігі тәуелдеулі, септеулі есім сөздерге, мезгіл, мекен мәнді сөздерге, етістік формаларына тіркесіп шек қою мәнін үстейді.

- ақ демеулігінің негізгі мағынасы күшейту болғанымен, қолданылу ерекшелігіне қарай шек қою, тежеу мағыналарын да білдіреді. Мысалы:

Сен-ақ өміріңе риза болмай жүреді екенсің!?

Салыстыру (болымсыздық) демеуліктеріне түгіл, тұрсын, тұрмақ шылаулары жатады.

Түгіл демеулігі зат есім, сын есім, сан есім, есімдер, қимыл атауларына тіркесіп, болымсыздық пен салыстыру мағынасын үстейді. Мысалы: Бұл өтірік пен өсек ешбір адамды да, адам түгілі тұтас ұлттар мен ұлыстарды да өрге басқызған емес.

Тұрсын, тұрмақ сөздері түгіл септеулігімен әрі мағыналас, әрі қызметі жағынан да ұқсас. Мысалы: Бүйрек ауруларына шалдыққандар санын өзге тұрмақ, нефрологтардың өздері де білмейді.

◆ Көп нүктенің орнына көмекші сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте соответствующее служебное слово.

Конференцияда сен ..., маған да орын жоқ.

- A) ғана
- B) онда
- C) демек
- D) тұрмақ

Т

- 1) ғана – сөзге шектеу мағынасын үстейтін шылау болғанымен, сөйлем мазмұнымен сәйкес келмейді;
- 2) сөйлем шарттық қатынасқа құрылмаған, сондықтан онда сөзі қолданылмайды;
- 3) демек сөзі алдыңғы сөзбен тіркеспейді, тұлғалық жағынан да үйлеспейді, (саған, демек, маған) болуы керек;
- 4) тұрмақ – сөзге салыстыру мағынасын үстейтін шылау, сөйлем мазмұнымен сәйкес келеді.

◆ Көп нүктенің орнына шектеу мәнін беріп тұрған көмекші сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте служебное слово со значением ограничения.

Осы жұмысты сол-... аяқтай салса қайтеді?!

- A) ау
- B) ақ
- C) тек
- D) ғой

Т

- 1) ау – сөйлемге көбінесе эмоциялық реңк беретін шылау;
- 2) ақ – езі тіркескен сөзге шектеу мағынасын үстеп тұр, сондықтан көп нүктенің орнына қоюға болады;
- 3) тек – бөлек жазылатын әрі көбінесе қана демеулігімен тіркесетін шылау;
- 4) ғана – дефис арқылы жазылмайтын, шектеу мағынасын үстейтін шылау.

- ◆ Асты сызылған көмекші сөздің мағынасын анықтаңыз.
Определите значение подчеркнутого служебного слова.

Сен ғана сабаққа кешіктің.

- A) қуану
- B) құптау
- C) шектеу
- D) мақтау

Т

- 1) ғана сөзі қуану мәнін үстемейді;
- 2) ғана сөзі құптау мәнін білдірмейді;
- 3) ғана шектеу мәнін үстеп тұр;
- 4) ғана – мақтау мағынасын бермейді.

- 102 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Бұл мәселені мен ..., бүкіл ұжым шеше алмады.

- A) ғана
- B) бірақ
- C) демек
- D) тұрмақ

- 103 Көп нүктенің орнына қажетті көмекші сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте соответствующее служебное слово.

Аз ... ғұмырда тату-тәтті өмір сүргенге не жетсін!

- A) ау
- B) ды
- C) ғой
- D) ғана

- 104 Көп нүктенің орнына қажетті көмекші сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте соответствующее служебное слово.

Қарбыздың денсаулыққа пайдалы екенін үлкендер ... бала да біледі.

- A) егер
- B) ғана
- C) түгілі
- D) онда

- 105 Көп нүктенің орнына қажетті көмекші сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте соответствующее служебное слово.

Сауда орындарының саны ..., атынан жаңылысып қаламыз.

- A) тек
- B) егер
- C) ғана
- D) тұрмақ

Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Кабинетте бөлім бастығы ғана отыр ма?

– ...

- A) Иә, ол бөлім бастығы ғой
- B) Жоқ, ол ғана емес, қонақтар да бар
- C) Бөлім бастығы мына кабинетте отыр еді ғой
- D) Бөлім бастығы өндіріске ертең баратын болды

Еліктеуіш сөздер

Е

Еліктеу сөздер – қоршаған табиғат құбылыстарының және айналадағы заттардың қозғалуынан шыққан дыбыстарға еліктеуден немесе адамның түрлі жағдайға байланысты әрекетіне, қозғалысына қатысты көріністердің еліктеуден пайда болған мән-мағынаны білдіретін ұғым атаулары, сол сөздердің жиынтығы.

Еліктеу сөздер семантикалық жағынан алғанда біріншіден, табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысу я соқтығысуларынан туатын, сондай-ақ, неше түрлі жан-жануарлардың дыбыстау мүшелерінен шығатын әрқилы дыбыстарға еліктеуден пайда болған түсініктерді білдірсе, екіншіден, сол табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың және неше түрлі жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаты мен қимыл-әрекеттерінің де қилы-қилы көріністерінен пайда болатын түсініктерді білдіреді.

Мысалы: арс, гүрс, дүрс, қорс, тарс, тырс, ырс, барқ, борт, күрт, кірт, морт, сарт, шырт, дүңк, күңк, қыңк, мыңк, маңк, саңк, шаңк, шіңк, сыңк, таңк, тыңк, ыңк, болп, былп, жалп, желп, қолп, ірк, ырк, сарт-сұрт, тарс-тұрс, арс-ұрс, жалт-жалт, жалт-жұлт, қалт-қалт, қалт-құлт, қаңк-қаңк, шаңк-шаңк, шаңк-шұңк, арбаң-арбаң, бүгжең-бүгжең, арсалаң-арсалаң, ербелең-ербелең, шатыр-бұтыр, далаң-далаң, тарбаң-тарбаң, қызараң-қызараң, қаңғыр-күңгір, қайқаң-қайқаң, митың-митың, салаң-сұлаң, ыржың-тыржың т.б.

Еліктеу сөздер мағынасына қарай айналадағы әртүрлі дыбысқа, жеке қимылға, іс әрекетке еліктеуді білдіруіне байланысты еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер болып екіге бөлінеді.

Табиғаттағы заттардың қозғалуы, бір-бірімен қақтығысуы, сияқты алуан түрлі қимыл, әрекеттердің нәтижесінде әртүрлі дыбыстар пайда болады. Сол дыбыстарға еліктеу арқылы пайда болған сөздер дыбыстық еліктеуіш сөздер деп аталады.

Еліктеуіш сөздер қайталанып та, қосарланып та жұмсалады. Ондай кезде көмекші етістікпен тіркесіп, онымен бір қызметте немесе жеке тұрып, қимылдың амалын білдіреді. Мысалы: тырс-тырс етті, сарт етті, арс-арс етеді, пыр-пыр етті т.б. Мысалы: Қыздың сыңғыр еткен күлкісі өзіне керемет жарасады.

Еліктеуіш сөздер көбінесе көмекші етістікпен (көбінесе ет көмекші етістігімен) тіркесіп жұмсалады. Мысалы: сарт етті, қыңк етпеді, саңк етті, топ етті т.б. Күн күркіреп, найзағай жарқ-жұрқ ойнады, артынша нөсер жаңбыр құйды.

Ескерту:

Еліктеу сөздер жіктелмейді. Еліктеу сөздер құрамындағы ашық-қысаң дауысты дыбыстардың ауысуы сөз мағынасына әсер етеді. Мысалы: алыстан от жалт етті – алыстан от жылт етті (оттың көлемі өзгеріп көрінеді). Есік сарт етіп ашылды – есік сырт етіп ашылды (есіктің ашылу күйі өзгерді: бірде қатты, бірде жай ашылды).

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Кабинетке кірсем, ... әңгіме қызып жатыр екен.

- A) гу-гу
- B) сарт-сұрт
- C) бүлк-бүлк
- D) былш-былш

Т

- 1) гу-гу – әңгіменің қызған кезін білдіреді;
- 2) сарт-сұрт – әңгіме абстрактілі ұғым, оның дыбыстық еліктеуіші жоқ;
- 3) бүлк-бүлк – бұл сөз сорпа бүлк-бүлк қайнады, ат бүлк-бүлк желді және т.б; сөздермен тіркесіп, қимылдың бірқалыпты қозғалысын білдіреді;
- 4) былш-былш – бұл сөз батпақты былш-былш кешу және т.б. сөздермен тіркеседі, ал әңгіме сөзімен тіркеспейді.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Бөлмеде тып-тыныш, тек ... соққан сағаттың дыбысы ғана естіледі.

- A) сарт-сұрт
- B) сырт-сырт
- C) жарқ-жұрқ
- D) жылт-жылт

Т

- 1) сарт-сұрт сөзі – есік және т.б. қатты заттарға қатысты қолданылады: есік сарт-сұрт жабылады;
- 2) сырт-сырт сөзі – сағат сыртылына қатысты қолданылады, сондықтан көп нүктенің орнына қоюға болады;
- 3) жарқ-жұрқ сөзі – найзағай, шамның жарқылына қатысты қолданылады;
- 4) жылт-жылт сөзі – бір заттың алыстан жылтылдап көрінуін білдіреді.

◆ Қате жауапты белгілеңіз.

Определите неверный ответ.

– Балам, үйдің артында бір нәрсе бар сияқты, қарашы.

– ...

- A) Сиыр ғой мөңіреп жатқан
- B) Ит қой арс-арс үріп жатқан
- C) Мысық қой пыр-пыр етіп жатқан
- D) Апа, жаңбыр тамшылары ғой, тыз-тыз еткен

Т

- 1) сиыр мөңіреді, сондықтан бұл дұрыс;
- 2) ит арс-арс етіп үреді, сондықтан бұл – қате емес;
- 3) мысық пыр-пыр етіп жатады, сондықтан бұл сөйлем – қате емес;
- 4) жаңбыр тамшылары тыз-тыз етпейді, тырс-тырс етіп тамады, сондықтан бұл сөйлем – қате.

107

Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Олардың дауысы ... етіп, қасымдағы адамның сөзі естілмей кетті.

- A) су-су
- B) шиқ-шиқ
- C) тарс-тарс
- D) шаңқ-шаңқ

- 108 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Алда күн суытатын сездіргісі келгендей қарғалар ... етеді.

- A) шиқ-шиқ
B) тарс-тарс
C) қарқ-қарқ
D) сылқ-сылқ

- 109 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Көкте ... найзағай ойнап, аспан қақ айырылғандай болды.

- A) сырт-сырт
B) жалт-жалт
C) шаңқ-шаңқ
D) шатыр-шұтыр

- 110 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Інім үстелдегі ыдыстарды ... еткізіп құлатып алды.

- A) тық-тық
B) күмп-күмп
C) шолп-шолп
D) салдыр-гүлдір

Бейнелеуіш сөздер

Е

Бейнелеуіш сөздер табиғатта кездесетін елес, құбылыстарды көзбен көру қабілеті арқылы туатын түсініктердің аттарын білдіреді. Мысалы: Ырғалып қарға қарқ етті, ірімшік жерге салп етті (Абай) деген сөйлемдердің екіншісінде салп деген сөз дыбысты емес, қарғаның аузынан ірімшіктің жерге қарай түсіп бара жатқан я түскен кезіндегі көрініс елесін, сол көріністің бейнесін білдіреді.

Бейнелеуіш сөздер көмекші етістікпен (көбінесе ет көмекші етістігімен) тіркесіп жұмсалады. Мысалы: жалп ете түсті, жалт қарады, қалт етті, ербең етті, қайқаң етті, сылаң етіп шыға келді, тыржың етті т.б. бейнелеуіш сөздер қайталанып, қосарланып, көмекші етістікпен тіркесіп жұмсалады. Мысалы: жалт-жұлт, маң-маң, бүгжең-бүгжең жүрді, қиқаң- қиқаң етті т.б.

Дүкендегі жалт-жұлт еткен әдемі ойыншықтарға немересі қатты қызықты.

Базардағы ығы-жығы халықтың арасынан өту мүмкін емес.

Атасы тоз-тозы шыққан ескі кітапты қолына алды да, бетінің шаңын сүртті.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Таңертең науқастың ... жөтелгенінен оянып кеттім.

- A) күрк-күрк
B) жарқ-жұрқ
C) мырс-мырс
D) күбір-гүбір

Т

- 1) күрк-күрк – жөтелгенде шығатын дыбыс немесе жөтелмен тіркесетін сөз;
- 2) жарқ-жұрқ – найзағайдың жарқылына, шамның жарығына қатысты қолданылатын сөз;
- 3) мырс-мырс – адамның күлкісіне қатысты қолданылатын сөз;
- 4) күбір-гүбір – сөзді сыбырлап жай айтқанда, бір сөз естіліп, бір сөз естілмей тұрғандағы дыбыстық күйі.

- ◆ Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Баласы ... етіп келе жатыр еді, әкесінің қату қабағынан езуін жия қойды.

- A) елең-елең
- B) қоқаң-қоқаң
- C) арбаң-арбаң
- D) ыржаң-ыржаң

Т

- 1) елең-елең сөзі жан-жағына жалтаң-жалтаң етіп қараған қимыл-қозғалысты білдіреді;
- 2) қоқаң-қоқаң сөзі біреуге сес, күш көрсету мәнінде қолданылады;
- 3) арбаң-арбаң – адамның ебедейсіз қимыл-қозғалысына қатысты сөз;
- 4) ыржаң-ыржаң – күліп келе жатқан адамның қимыл-қозғалысына қатысты қолданылады, сондықтан сөйлем мазмұнымен сәйкес келеді.

- ◆ Ойламаған жерден, кенеттен, шұғыл істелген қимылды көрсетіңіз.
Укажите действие, выполненное внезапно и неожиданно.

- A) Көзінен мөлт-мөлт етіп қуаныш жасы ағып жатыр.
- B) Ертесіне түске қарай сау етіп құдалары жетіп келді.
- C) Далада тырс еткен дыбыс жоқ, айнала меңіреу тыныштық.
- D) Анасы абыр-сабырда ұялы телефонын үйде қалдырып кетіпті.

Т

- 1) мөлт-мөлт етіп тіркесі адамның эмоциясын көрсетіп тұр;
- 2) сау етіп – кенеттен, ойламаған жерден келген қонақтардың қимыл-қозғалысын білдіріп тұр;
- 3) тырс – дыбыстық еліктеуіш сөз;
- 4) абыр-сабыр сөзі қимылдың жүйесіз болғанын білдіреді.

111

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Отты көздері ... ете қалды.

- A) жұлт
- B) жарқ
- C) жалт
- D) жалп

112

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Баласы анасына ... етіп қарағыштай берді.

- A) сылаң-сылаң
- B) далаң-далаң
- C) жалтаң-жалтаң
- D) күркіл-күркіл

113

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Үйдің шатырынан шелекке ... етіп тамып жатыр.

- A) тарс-тарс
- B) күмп-күмп
- C) жалп-жалп
- D) тырс-тырс

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Қыздың мойнындағы моншағы ... етіп көздің жауын алады.

- A) жарқ-жарқ
- B) жалт-жұлт
- C) жалт-жалт
- D) жалп-жалп

Ишара одағайларының берілуі

Е

Одағай сөздер көбінесе адам сезімінің алуан түрлі күйін білдіретін дыбыстар сияқты болып келеді. Мұндай сөздер жұртшылыққа әбден түсінікті болып, белгілі дағды бойынша сөз ретінде пайдаланылады. Мысалы: -Уау, жігіттер-ау, бұл қалай? - Па, сабаз, мал болғанына! -Түү, қандай тымырсық түн. Е, жолдас, жақсы жатып, жай тұрдыңыз ба? деген сөйлемдердегі уау, па, түү, е деген одағайлары үйреншікті сөздерге айналып, жұрттың бәріне түсінікті болып кеткен.

Одағай сөздердің мағыналары адамның әртүрлі сезімімен байланысты шығатын дыбыстық ишараттарды білдіреді. Мысалы: Мұны бастап жүрген кім екен, ә? -Япырым-ау, жастық деген қандай қызық?

Ишара одағайларына адам не хайуанатқа бағышталып айтылатын шақыру, жекіру, тыйым салу, бұйыру мақсатымен қолданылатын одағай сөздер жатады. Бұлар бағытталып отырған объектісіне қарай төмендегідей топқа бөлінеді:

1. Адамға қатысты айтылатын одағайлар: Ау! Әй! Тәйт! Сап-сап! Көне! Жә! Тек! Өуп! Тәй-тәй! Қаз-қаз! және т.б.

2. Жануарға қатысты айтылатын одағайлар:

түйеге: көс-көс!, сорап-сорап!

қой мен ешкіге: пұшайт-пұшайт, қош-қош, шәйт!, шек!

жылқыға: моһ-моһ! тәк, тәк! құрау-құрау! құр, құр!

сиырға: ауқау-ауқау, әукім-әукім.

ит пен мысыққа: кө!, күшім-күшім!, мышым-мышым!, пырс!

Ескерту:

Одағай сөздер мағына жағынан заттың өзі туралы да, сыны, саны, қимылы туралы да, қимылдың жайы-күйі туралы да ұғым бермейді.

- ◆ Көп нүктенің орнына тыйым салу мағынасын білдіретін сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте слово со значением запрета.

..., жетер енді дауласқандарың, - деп әкесі балаларына зекіп тастады.

- A) Тәйт
- B) Шіркін
- C) Пай-пай
- D) Бәрекелді

Т

- 1) тәйт – тыйым салу үшін жұмсалатын одағай;
- 2) шіркін сөзі сүйсінуді, таңдануды білдіруде жұмсалады;
- 3) пай-пай сөзі қуанышты білдіруде жұмсалады;
- 4) бәрекелді – ризашылықты білдіруде қолданылды.

- ◆ Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

«..., лағым!», - деп немересі лақты шақырып, мәз болды.

- A) Кә-кә
- B) Көс-көс
- C) Шөре-шөре
- D) Құрау-құрау

Т

- 1) кә-кә – итті шақыруға арналған одағай сөз;
- 2) көс-көс – түйеге қатысты қолданылатын сөз;
- 3) шөре-шөре – лаққа қатысты қолданылады;
- 4) құрау-құрау – жылқыға қатысты айтылатын одағай сөз.

◆ Тыйым салу мағынасындағы сөйлемді табыңыз.
Найдите предложение со значением запрета.

- A) Қап, автобустың кетіп қалғаны-ай!
- B) Беу, туған жер, қадіріңді білмеппін ғой?!
- C) Пәлі, осыны да қиынсынып тұрмысың!
- D) Жә, баланың көзінше не болса, соны айта берме!



- 1) қап – өкініш мәнін білдіретін сөз;
- 2) беу сөзі – адамның көңіл күйін (сағынышын) көрсетіп тұр;
- 3) пәлі сөзі – таңдану мәнінде қолданылған;
- 4) жә сөзі – тыйым салу мәнінде жұмсалып тұр.

115 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

..., тез жетіп алайық!

- A) О
- B) Аһ
- C) Уһ
- D) Көне

116 Асты сызылған сөздің мағынасын көрсетіңіз.
Укажите значение подчеркнутого слова.

– Жә, жылама енді.

- A) ұнату, қуану
- B) тоқтату, тыю
- C) ренжу, ұнатпау
- D) таңдану, көрсету

117 Жекіру мәнді сөзді көрсетіңіз.
Найдите слово со значением недовольства, выраженного повышенным тоном.

- A) Әй
- B) Ой
- C) Тәйт
- D) Пәле

118 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Ерсұлтан, қайдасың балам?

– ...

- A) Ой, апа! Үйде кілтім қалып кетіпті ғой!
- B) Апа, ертең қалаға қыдырып қайтайықшы.
- C) Түү, әже! Менің өтінішімді орындайды ғой десем...
- D) Төргі бөлмеде сабақ оқып отырмын.

Қыстырма сөздердің берілуі

Е

Қыстырма сөздер – сөйлеушінің айтылған ойға әр алуан қатынасын білдіретін, сөйлем мүшелерімен синтаксистік белгілі тәсілдермен байланыспайтын жеке сөздер, сөз тіркестері.

Қыстырмалар жеке сөз ретінде де (әрине, рас, біріншіден, сірә), сөз тіркес ретінде де (қорыта келгенде, бір жағынан, өкінішке қарай) жұмсалады. Қыстырма сөздер сөйлемде орын талғамайды: сөздің басында да, ортасында да, соңында да келе береді.

Қыстырма сөздердің мағыналық топтары:

1) адамның көңіл күйін, сезімін білдіретін қыстырма сөздер: біздің бағымызға, бақытымызға қарай, өкінішке орай, обалы не керек, амал қанша, сорыма қарай және т.б.

2) айтылған ойға сенуді, жорамалдауды білдіретін қыстырма сөздер: әрине, шынында, шынын айту керек, рас, сірә, бәлкім, мүмкін, кім біледі және т.б.

3) ойдың айтылу амалын, тәсілін білдіретін қыстырма сөздер: қысқасы, демек, дегенмен, айтпақшы, қорыта келгенде және т.б.

4) айтылған ойға басқаның пікірі тұрғысынан қарағандықты білдіретін қыстырма сөздер: сіздіңше, біздіңше, біреудің сөзіне қарағанда және т.б.

5) айтылған ойлардың өзара қатынасын білдіретін қыстырма сөздер: сөйтіп, не дегенмен, сонымен, біріншіден, екіншіден, бір жағынан т.б.

Ескерту: Қыстырма сөздер сөздің басында келсе – одан кейін үтір, ортасында келсе – екі жағынан үтір, ал соңында келсе – алдынан үтір қойылады.

◆ Айтылған ойды нақтылайтын тіркесті көрсетіңіз.

Укажите словосочетание, в котором конкретизируется высказанная мысль.

..., Қазақстан экономикасы қарқынды дамып келеді.

- A) Сөз жоқ
- B) Кім біледі
- C) Бір жағынан
- D) Өкінішке қарай

Т

- 1) сөз жоқ тіркесі айтылған ойды нақтылап тұр;
- 2) кім біледі тіркесі айтылған ойға болжам мәнін береді;
- 3) бір жағынан тіркесі айтылған ойға қатысты басқаның пікірін білдіреді;
- 4) өкінішке қарай тіркесі адамның көңіл күйін білдіретін қыстырма.

◆ Біреудің пікірін білу үшін қолданылатын сөйлемді табыңыз.

Укажите предложение, в котором спрашивается чье-либо мнение.

- A) Біріншіден, өнімдерді көруіміз керек.
- B) Сіздіңше, бұл өнімнің сапасы нашар ма?
- C) Ең алдымен, станоктарды жөндедіңдер ме?
- D) Шынымен, өте сапалы тауарлар қайда екен?

Т

- 1) біріншіден сөзі айтылған ойдың өзара қатынасын білдіреді;
- 2) сіздіңше сөзі айтылған ойға басқаның пікірін білдіру үшін қолданылады;
- 3) ең алдымен сөзі айтылған ойдың ретін білдіреді;
- 4) шынымен сөзі айтылған ойға сенуді білдіру үшін қолданылады.

◆ Жорамалдау мағынасында айтылған сөйлемді көрсетіңіз.

Укажите предложение со значением предположения.

- A) Ауылға кеткені, бір жағынан, дұрыс.
- B) Амал қанша, ертең Алуа ауылға кетеді.
- C) Сірә, Алуаның ауылға кеткісі келген шығар.
- D) Айтпақшы, Алуа кеше кешкі пойызбен ауылға кетіп бара жатқан.

Т

- 1) бір жағынан тіркесі айтылған ойдың өзара қатынасын білдіреді;
- 2) Амал қанша тіркесі адамның көңіл күйін білдіру үшін қолданылады;
- 3) Сірә сөзі жорамалдау мәнін білдіру үшін жұмсалады;
- 4) Айтпақшы сөзі ойдың айтылу амалын білдіру үшін қолданылады.

119 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

..., мен өткен күнге сынмен қарайтын жалғыз адам шығармын.

- A) Әрине
- B) Бәлкім
- C) Сөз жоқ
- D) Дегенмен

120 Өз көзқарасын білдіру үшін айтылған сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором употреблено слово для выражения своей точки зрения.

- A) Меніңше, досым дұрыс айтады.
- B) Досым, шынында, басқаша ойлайды.
- C) Кім біледі, досым дұрыс айтатын шығар.
- D) Өкінішке қарай, досым дұрыс айтпады.

121 Асты сызылған сөздің мағынасын көрсетіңіз.
Определите значение подчеркнутого слово.

Мүмкін, бұл әдісті өзгертсек дұрыс болар.

- A) сену
- B) келісу
- C) қолдау
- D) болжау

122 Ойды тұжырымдау мәнінде қолданылған нұсқаны белгілеңіз.
Выберите вариант, в котором резюмируется мысль.

- A) Сірә, мұндай елдің болашағы зор шығар.
- B) Қорыта келгенде, қазақ тілінің болашағы зор.
- C) Бір жағынан, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту керек.
- D) Айтпақшы, 2020 жылы қазақстандықтардың 90%-ы қазақша сөйлейтін болады.

3

Лексика-грамматикалық бөлік. Қорытынды тест Лексико-грамматический блок. Итоговый тест

- 1 Мәндес сөздер қатарын табыңыз.
Определите ряд слов, схожих по смыслу.
А) азаю, ұлғаю
В) арту, кему
С) азаю, кему
D) үлкею, кішірею
- 2 Мәндес сөздер қатарын табыңыз.
Определите ряд слов, схожих по смыслу.
А) ата, әже
В) адам, кісі
С) бала, қыз
D) апа, көке
- 3 «Балапандай баптау» тіркесін мағынасын көрсетіңіз.
Укажите значение словосочетания «балапандай баптау».
А) күту, аялау
В) аңқау, аңғал
С) баптау, құшақтау
D) мінезі бала сияқты
- 4 «Жүрегі су ету» тіркестің беретін мағынасын көрсетіңіз.
Укажите значение словосочетания «жүрегі су ету».
А) қуану
В) толқу
С) қорқу
D) шаттану
- 5 Етістіктен жасалған зат есімдерді белгілеңіз.
Укажите имя существительное, которое образовано от глагола.
А) айтыс
В) қасық
С) жады
D) қалам
- 6 «-н» жұрнағы жалғанатын сөздер қатарын көрсетіңіз.
Укажите ряд слов, к которым можно присоединить суффикс «-н».
А) шық, жи
В) сүз, біл
С) бұр, тоқта
D) толқы, бора

7

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Сабақ ... телефонды сөндіріп қою керек.

- A) үстінде
- B) астында
- C) қасында
- D) жанында

8

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ол ... болып жатқан жағдайларды еске алды.

- A) түбінде
- B) тысында
- C) сыртында
- D) айналасында

9

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

«Желсіз түнде жарық ай » өлеңі

- A) Ахметтікі
- B) Абайдікі
- C) Ыбырайдікі
- D) Мұқағалидікі

10

Құрамында меншіктік мәнді білдіретін сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором выражена принадлежность предмета.

- A) Бұл мәшине көршімдікі.
- B) Көршілерге кіріп шықтым.
- C) Көршімен бірге бардым.
- D) Көршілерді көшеден көрдім.

11

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Кездесу туралы ... келіп тұр.

- A) қуануға
- B) көрсетуге
- C) хабарлауға
- D) көмектесуге

12

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Адам сөйлеп жатқанда сөзін ... болмайды.

- A) алуға
- B) бөлуге
- C) беруге
- D) көруге

- 13 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ол тәтті ... көп жемейді.

- A) тағамды
- B) тағамға
- C) тағамның
- D) тағаммен

- 14 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Олар Орталық мұражайдағы «Алтын адам» ... тамашалады.

- A) суретін
- B) бейнесін
- C) естелігін
- D) ескерткішін

- 15 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Жас әнші тамаша ... тамсандырды.

- A) дауысқа
- B) киімімен
- C) тамағымен
- D) даусымен

- 16 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Қазақстан мұнай ... мақтана алады.

- A) жерімен
- B) орнымен
- C) қорымен
- D) бұйымымен

- 17 Көп нүктенің орнына қажетті атауды қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ағасы Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі ... бөлім бастығы болып тағайындалды.

- A) сотының
- B) агенттіктің
- C) орталығының
- D) министрлігінің

- 18 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым ... жолдамасы бойынша жұмысқа келіпті.

- A) министрлігін
- B) министрлігіне
- C) министрлігінің
- D) министрлігімен

- 19 Көп нүктенің орнына қажетті сан атауын қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное числительное.
- Оның бес баласының үшеуі мектепке, ал ... балабақшаға барады.
- A) екеуі
 - B) төртеуі
 - C) үшеуі
 - D) бесеуі
- 20 Көп нүктенің орнына қажетті сан атауын қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное числительное.
- Олардың арасынан батыл ... шығып, өз ұсынысын айтты.
- A) біреуі
 - B) екеуі
 - C) төртінші
 - D) бес-алтыдай
- 21 Көп нүктенің орнына қажетті сан атауын қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное числительное.
- Емтиханда оқушылар ... отырып, есеп шығаруда.
- A) бір-бір
 - B) бір-бірден
 - C) бір-бірлеп
 - D) бір-бірдей
- 22 Көп нүктенің орнына қажетті сан атауын қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное числительное.
- Саяхатшылар ... екі топқа бөлінді.
- A) он-ондай
 - B) екі-үшке
 - C) он-оннан
 - D) бес-алтауы
- 23 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Мерекелік шеруге ... адам қатысты.
- A) үш мыңдап
 - B) бес мыңдай
 - C) он мыңнан
 - D) жүз мыңның жартысы
- 24 Көп нүктенің орнына қажетті сан атауын қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное числительное.
- Әкесі таңертең сағат ... үйден шығып кетті.
- A) жетілеп
 - B) жетінші
 - C) жетілерде
 - D) жетілердей

- 25) Мақалды толықтырыңыз.
Дополните пословицу.
- Оқусыз білім жоқ, ... күнің жоқ.
А) сусыз
В) білімсіз
С) көліксіз
D) ақылсыз
- 26) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Қаланың ... көрінісі адамды қиялға жетелейді.
А) ішкі
В) түскі
С) түнгі
D) сыртқы
- 27) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Әріптесім «... достар» бағдарламасын жүргізеді.
А) Өткір
В) Ұтқыр
С) Алғыр
D) Тапқыр
- 28) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Кәсіпкерлік жұмыс ... мамандарды талап етеді.
А) іскер
В) ұшқыр
С) санаулы
D) жарамды
- 29) Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.
- Театрдағы басты рөлді ойнағандардың ... – танымал актерлер.
А) тегісі
В) күллі
С) барша
D) барлығы
- 30) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Кездесуге курстастарым ... келді.
А) бүкіл
В) түгел
С) барша
D) барлық

- 31 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.
- Қазақстанда өсімдіктердің ... түрі бар.
А) қайбір
В) әлдене
С) бірнеше
D) әрқалай
- 32 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- ... адамдар сағат жинауды ұнатады.
А) Бүкіл
В) Кейбір
С) Әркім
D) Бірдеңе
- 33 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Үйінде ... домбыра тартпаса да, Асқар домбыраға үйір болды.
А) түк
В) ешбір
С) ешкім
D) ештеме
- 34 Сөйлемді қажетті сөзбен толықтырыңыз.
Дополните предложение нужным словом.
- ... өтірік айтушы болма!
А) Ешқайда
В) Әрқашан
С) Ешқайсы
D) Ешқашан
- 35 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Ол құжаттарын қабылдау комиссиясына
А) алыпты
В) қалыпты
С) қатысыпты
D) тапсырыпты
- 36 Сөйлемді қажетті сөзбен толықтырыңыз.
Дополните предложение нужным словом.
- Жапондық азамат жеке іс парағын қазақ тілінде
А) орнатыпты
В) толтырыпты
С) қолданыпты
D) пайдаланыпты

- 37 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.
- Апам дәрігерлік тексеруден
А) өтіп жатыр
В) бітіп жатыр
С) шығып отырмыз
D) келіп жатырсың
- 38 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.
- Мен кәсіпорынға бухгалтер қызметіне
А) кіріп жатыр
В) өтіп жатырмыз
С) тұрып жатырсың
D) орналасып жатырмын
- 39 Іс-әрекеттің орындалмайтынын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение со значением действия, которое не будет выполнено.
- А) Науқасқа дәрілік шөптер жазып берді.
В) Ауру адам өз бетінше ем қабылдауға болмайды.
С) Алма қан құрамындағы холестеринді төмендетеді.
D) Тұмаудың алғашқы белгілері білінісімен емделу керек.
- 40 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Қаланың тазалығын ойламасқа
А) білмейді
В) жүрмейді
С) болмайды
D) қорғамайды
- 41 Іс-әрекеттің мақсатын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение со значением цели действия.
- А) Ол кеше жұмыста болды.
В) Мүмкін, жақсы жұмыс табар.
С) Ертең жаңа жұмысқа шығады.
D) Жұмысты жарнама арқылы іздемек.
- 42 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Ана тілі жоқ халық ел ... емес.
А) болмақ
В) жасамақ
С) сөйлемек
D) үйренбек

43 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ол радиодан үнемі «Қазақ елі» бағдарламасын

A) керетін
B) ұнататын
C) білетін
D) тыңдайтын

44 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Журналистердің таным деңгейі жоғары

A) өтпейтін
B) болатын
C) жеткізетін
D) алынатын

45 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Үлкен көл қайда?
– Ауылдың

A) төмен
B) ішкері
C) шетінде
D) тысқары

46 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Абай даңғылына қалай барсам болады?
– ... жүрсеңіз Абай даңғылына шығасыз.

A) Іште
B) Сыртта
C) Жоғары
D) Тысқары

47 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Қазақ қонақжайлық қасиеті ... әлемге танылған ел.

A) түгіл
B) тәрізді
C) сияқты
D) арқылы

48 Сөйлемді қажетті сөзбен толықтырыңыз.
Дополните предложение нужным словом.

Күн ... анасы бауырсақ пісіреді.

A) бойы
B) үшін
C) сайын
D) жуық

- 49 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Қала шетінен күзге ... үй салып алды.

- A) астам
- B) дейін
- C) төмен
- D) сәйкес

- 50 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Ғалымдар қатерлі ауруға ... дәрі ойлап тапты.

- A) жуық
- B) салым
- C) қарсы
- D) артық

- 51 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Қонақтар астан ... бата қайырды.

- A) әрі
- B) гөрі
- C) соң
- D) бетер

- 52 Сөйлемді қажетті сөзбен толықтырыңыз.
Дополните предложение нужным словом.

Сырыңды досыңнан ... айта да алмайсың.

- A) гөрі
- B) астам
- C) өзгеше
- D) басқаға

- 53 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Көрмеге шетелдік өнімдермен ... қазақстандық тауарлар да қойылған.

- A) қарай
- B) қатар
- C) сәйкес
- D) бұрын

- 54 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.

Айнұр дастарханға тәтті тоқашпен ... ыстық бауырсақ та әкеліп салды.

- A) бірге
- B) бетер
- C) қарай
- D) сәйкес

- 55 Көп нүктенің орнына көмекші сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте соответствующее служебное слово.

Саған босағаны керуге болмайды деп айтты

- A) ақ
- B) ма
- C) тек
- D) ғой

- 56 Көп нүктенің орнына көмекші сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте соответствующее служебное слово.

Бастық іссапарға кетті-... деймін?

- A) ай
- B) ақ
- C) ау
- D) да

- 57 Көп нүктенің орнына көмекші сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте соответствующее служебное слово.

Келген қонақты төрге шығару керек, ... қонақпен бірге құт келеді.

- A) бірақ
- B) себебі
- C) әйтсе де
- D) сол себепті

- 58 Диалогті толықтырыңыз.
Дополните диалог.

– Өкшесі биік аяқкиім алмайсыз ба?

–

- A) Алмаймын, себебі аяғым ауырады
- B) Не үшін аяғым қақсайтынын білмеймін
- C) Сондықтан жай табан аяқ киімді таңдаймын
- D) Егер де аяқ киіміңіз тар болса, ауыстырып беремін

- 59 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложения.

Менің білікті маман болғым келеді, ... жоғарғы оқу орнына түсуім керек.

- A) сонда да
- B) дегенмен
- C) әйткенмен
- D) сондықтан

- 60 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.

Дәрігер сізге көп қимылдауға болмайды деді, ... көп жүрмеңіз.

- A) әйтпесе
- B) не үшін
- C) неге десең
- D) сол себепті

- 61 Қомсыну мәнін беретін нұсқаны көрсетіңіз.
Выберите вариант со значением пренебрежения.
- A) Жә, күй тартсаңдаршы, төгілтіп!
B) Кеше ғана домбыра үйірмесіне жазылды.
C) Ендеше, домбырамен тағы бір өлең айтып берейін.
D) Қобыз тұрмақ, домбыраны көрмегендер де бар екен.
- 62 Шектеу мәнінде қолданылатын сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.
Укажите предложение, в котором есть слово со значением ограничения.
- A) Осымен сөзді тоқтатайық.
B) Ойпыр-ай, енді не болар екен?!
C) Оның бір өзі-ақ бітіретін шаруа еді.
D) Құдай-ау, қайда, сол жылдар...
- 63 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Ауылдағы көк төбет ... етеді.
- A) арс-арс
B) шақ-шұқ
C) шыр-шыр
D) қыңқ-қыңқ
- 64 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужное слово.
- Қасымдағы достарым түнімен әңгіме айтып, ... күліп ұйықтатпады.
- A) шап-шұп
B) сылқ-сылқ
C) қалт-құлт
D) бүлк-бүлк
- 65 Сөйлемді толықтырыңыз.
Дополните предложение.
- Жас бала найзағайдың жарқылынан ... ете түсті.
- A) қалт
B) селк
C) жалт
D) желп
- 66 Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны қойыңыз.
Вместо многоточия вставьте нужный вариант.
- Мәшиінемен ... етіп айтқан жерге лезде жетіп келді.
- A) зу-зу
B) дір-дір
C) селк-селк
D) тарс-тұрс

67 Асты сызылған сөз тіркесінің мағынасын көрсетіңіз.
Укажите значение подчеркнутого словосочетания.

Сап-сап көңілім, сап көңілім!

- A) көңілін жұбату
- B) көңілін көтеру
- C) көңілін қалдыру
- D) көңілін тыныштандыру

68 Сәбиге арнай айтылған сөзді белгілеңіз.
Отметьте слово, сказанное по отношению к ребенку.

Құлыным, ... баса ғой.

- A) беу
- B) құп
- C) тәй-тәй
- D) өне-міне

69 Адамның көңіл күйіне қатысты нұсқаны көрсетіңіз.
Выберите вариант, отражающий настроение человека.

- A) Қысқасы, біздің мүмкіндігіміз шектеулі.
- B) Біріншіден, асқынбай тұрып келу керек.
- C) Кім біледі, мүмкін сауығып кететін шығар.
- D) Япырм-ай, қолыңыздан келгені осы болды ма?

70 Айтылған ойдың ретін білдіретін нұсқаны көрсетіңіз.
Укажите вариант, в котором отражена последовательность мыслей.

- A) Сірә, осы қызметкер жасаған болу керек.
- B) Айтпақшы, кеше сені теледидардан көрсетті.
- C) Қорыта келгенде, қызметкер жан-жақты маман болу керек.
- D) Біріншіден, мен жұмысшы алып қойдым, екіншіден, өзің келем деп уақытында келмедің.

III тарау

Оқылым бөлігі

Блок Чтение

- Оқылым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

Оқылым бөлігіне шолу

Оқылым – бұл нақты бір тілдегі және басқа тілдегі жүйе бойынша графикалық таңбалар арқылы мағлұматты қабылдау және белсенді өңдеу үдерісі. Оқылым – сөйлеу әрекетінің репродуктивті түрі және тілдік тұлғаны қалыптастырудағы тілдік дағдыларының маңызды бөлігі.

Оқылым бөлігіндегі тестілеу объектісі – мәтіннің жалпы мазмұны мен нақты ақпаратын оқып түсіну барысында тілдік білік-дағдыларының қалыптасу деңгейі.

Орта деңгейдегі мәтін түрлері: сипаттау, баяндау, пайымдау элементтері бар аралас мәтіндер, орта деңгейге сәйкес лексико-грамматикалық материалдар негізінде арнайы құрастырылған мәтіндер. Мәтін тақырыптары әлеуметтік-мәдени саласында өзекті болып табылады.

Жалпы Оқылым бөлігі тапсырмаларын орындау уақыты – 65 минут, бөлік бойынша тапсырма саны – 50. Тест тапсырмалары тілді меңгеру деңгейіне байланысты түрлене отырып, қиындай түседі.

Оқылым бөлігінің орта деңгейінде:

- мәтін көлемі: 200-400 сөз;
- 1 мәтінге сәйкес тапсырмаларының саны: 7-12.

Тестілеу арқылы орта деңгейде тіл қолданушының:

- 1) мәтін тақырыбын анықтау біліктілігі;
- 2) мәтін мазмұнындағы негізгі және қосымша мағлұматты толық, нақты және терең түсіну;
- 3) автор ойының бағытын, қорытынды және бағалауын түсіну біліктілігі тексеріледі.

Орта деңгейдегі тест тапсырмаларының түрлері:

Қарапайым деңгейдегі 3 тапсырма түрі:

- 1) Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз;
- 2) Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз;
- 3) Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз;

базалық деңгейде қосылған 2 тапсырма түрі:

- 4) Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз;
- 5) Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз (сұрақ – жауап)

және 5 тапсырма түрі қосылады:

- 6) Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз;
- 7) Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз;
- 8) Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз;
- 9) Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз;
- 10) Мәтіннің бірінші (екінші, үшінші) азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

Обзор блока Чтение

Чтение – это процесс восприятия и активной переработки информации, графически закодированной в системе того или иного языка. Чтение является одним из репродуктивных видов речевой деятельности и неотъемлемой частью формирования языковой личности.

Объект тестирования по блоку Чтение – уровень сформированности речевых навыков и умений при чтении текстов с общим и детальным охватом содержания.

Типы текстов на среднем уровне: описание, повествование, тексты смешанного типа с элементами рассуждения, специально составленные тексты, построенные на основе лексико-грамматического материала, соответствующего среднему уровню. Тематика текстов актуальна для социально-культурной сферы общения.

На всех уровнях владения языком время выполнения теста по чтению – 65 минут, количество тестовых заданий – 50. Тестовые задания заменяются и усложняются в зависимости от уровня владения языком.

На среднем уровне блока Чтение:

- объем текстов: 200-400 слов;
- количество заданий по одному тексту: 7-12.

В процессе тестирования на среднем уровне проверяется:

- 1) умение пользователя языка определять тему текста;
- 2) умение точно, достаточно полно и глубоко понять основную и второстепенную информацию по тексту;
- 3) умение понять основную мысль, выводы и оценку автора.

Виды тестовых заданий на среднем уровне владения казахским языком:

5 тестовых заданий элементарного уровня:

- 1) Найдите главные опорные слова текста;
- 2) Выберите информацию, соответствующую тексту;
- 3) Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте;

2 вида заданий базового уровня:

- 4) Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту;
- 5) Найдите ответ на вопрос, соответствующий тексту (вопрос – ответ);

а также дополнительно даются следующие 5 видов заданий:

- 6) Определите основную мысль текста;
- 7) Выберите наиболее точную тему текста;
- 8) Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста;
- 9) Выберите второстепенную информацию, не представляющую особой важности;
- 10) Выберите наиболее точное заглавие первого (второго, третьего) абзаца.

1-мәтін

Баянауыл – көрікті аймақ. Ертегілер елі сияқты. Міне, осы өлкені отандық туризмнің орталығына айналдыруға болады. Әр тасының өзі тұған өлкенің тарихынан сыр шертеді. Мұндай мекен – отандық, шетелдік демалып келушілер үшін таптырмайтын жұмақ жай. Жасыбайдың жағасында сұға түсіп, құмға қыздырылған жан бұл өлкенің сұлу табиғатын ешқашан ұмытпайтыны – ақиқат. Бұл аймақ туралы аңыздар да өте көп.

Солардың бірі – Кемпіртас туралы аңыз. Кемпіртас – Баянауылдың ұлттық саябағындағы ең танымал тас. Ертеде жергілікті тұрғындар бұл жерде ерекше жылқы тұқымын өсіріпті. Бұл аттардың бағасы қымбат болыпты. Оларды ең батыл жігіттер көздің қарашығындай күзетіпті. Алайда соған қарамастан, күнде бір жылқы жоғала беріпті. Түнде күзет қойылса да, бәрі де ұйықтап қала беріпті. Ақыры солардың арасынан жас батыр түнде ұйықтап қалмау үшін білегін кеседі. Түн ортасында жер астынан түрі қорқынышты кемпір шығады. Ол жылқылардың ішіндегі ең семізін таңдап алып, өзімен бірге жер астына әкетеді. Жас батыр көргендерін ақсақалдарға айтып береді. Ол халқын сиқыршыдан құтқармақшы болады. Жігіт түнде мыстанның келер уақытын күтеді. Кемпір жерден шығады да жігітпен жағаласа кетеді. Жігіт мыстанмен түнімен алысып, әбден шаршайды. Кемпір де әлсірейді. Өйткені таң білінісімен, кемпірдің күші қайтады. Таң атқан кезде мыстан кемпір жердің астына түсіп ұлгермейді. Таң арайлап атып, күн сәулесі жер бетіне шамылады. Сол мезетте мыстанның басы мен денесінің жарығысы тасқа айналып, қатып қалыпты.

Халық арасында айтылып жүрген аңыздың бірі – осы.

Е сыр шерту – поведать тайну, поделиться тайной
көздің қарашығындай – как зеницу ока
жағаласу – 1) схватить друг друга за шиворот 2) подраться

1

Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

- A) Баянауыл тастары ертегілер еліне жетелей ме?
- B) Баянауыл туралы аңыздарды жинастырып жүрген кім?
- C) Шетелдік демалушылар үшін таптырмайтын мекен қайсы?
- D) Баянауыл туралы жазылған қандай шығармаларды білесіз?

2

Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

Выберите информацию, соответствующую тексту.

- A) Баянауыл – Кемпіртастың ең биік шыңы.
- B) Кемпіртас оқиғасын халыққа кең тарату қажет.
- C) Баянауыл жылқыларының бағасы өте қымбат.
- D) Баянауыл – демалуға арналған табиғаты сұлу аймақ.

3

Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные опорные слова в тексте.

- A) Баянауыл, батыр, жылқы, күзету
- B) Баянауыл, аңыз, жылқы, жігіт, құтқару
- C) Кемпіртас, табиғат, аңыз, жігіт, шаршау
- D) Жасыбай, ақсақал, кемпір, білек, жағаласу

4

Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

- A) Баянауыл өлкесіне демалушылар жиі келеді.
- B) Ұлттық саябаққа шетелдіктер өте жиі келеді.
- C) Баянауыл табиғаты көркем, қойнауы аңызға толы өлке.
- D) Баянауыл табиғатының әсемдігін көрген адам естен шығармайды.

5

Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Найдите ответ на вопрос, соответствующий тексту.

Аңыз бойынша кім ұрлық жасады?

- A) күзетші
- B) бір жігіт
- C) жас батыр
- D) сиқыршы

6

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

- A) Белгілі тас – Кемпіртас туралы аңыз баяндалады.
- B) Жылқышы жігіттің бастан кешкен оқиғасы баяндалады.
- C) Баянауылдың табиғат сұлулығын аңызбен байланыстырады.
- D) Ұлттық саябақтағы Кемпіртастың сұлу табиғаты суреттеледі.

7

Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее точный заголовок текста.

- A) Кемпіртас – Көкшенің тауы
- B) Баянауыл саябағының тарихы
- C) Баянауылдағы Кемпіртас аңызы
- D) Жасыбай жылқылары туралы аңыз

2-МӘТІН

Досым Балнұрдың отбасы шағын. Оның отбасында төрт адам бар. Олар: жолдасы, ұлы, қызы және өзі. Жолдасы Ермек – сәулетші. Өзі қаржылық бақылау басқармасының бас маманы болып жұмыс істейді. Ұлы Әлішер – бастауыш сынып оқушысы. Ол сабағын жақсы оқиды. Әлішер мектепке өзі барады. Қызы Нағима балабақшаға барады. Олар Алматы қаласында тұрады. Балнұр мен Ермек мемлекеттік қызметші болғандықтан, жақында мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы бойынша пәтер алды.

Балнұрдың отбасы өте татау тұрады. Өйткені жақын тұрыс адамдар сыйлас болады. Жолдасы мен өзінің жалақылары жақсы, жалақыларын уақытылы алады. Олар отбасында күнделікті шығын мен жылдық шығынды үнемі есептеп отырады. Алматы қаласында пәтеракы төлемі қымбат. Балнұр мен Ермек ақшаны есеппен жарағын, тиімді жұмсайды.

Ермектің ата-анасы Шығыс Қазақстан облысының Ақсуат ауданында тұрады. Атасы мен әжесі үнемі қаладағы немерелерін сағынып жүреді. Немерелері де ата-әжелерін қатты сағынады. Атасы мен әжесі Алматыға келген сайын немерелеріне бағалы сыйлықтар ала келеді.

Ермек пен Балнұр балаларын үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелейді. Ұлы Әлішер қарындасы Нағимаға үнемі қамқорлық жасап жүреді.

Балнұрдың отбасы өте қонақжай. Олар өткен сенбі күні қоныстой жасады. Тұйға бүкіл тұған-тұыстары мен дос-жарандары, әріптестері келді. Үй иелері келген қонақтарды төрге шығарып, сый-құрмет көрсетті. Балнұр ұлттық тағамдарды дәмді дайындайды. Ол дастарқанға шаймен бірге жылы-жұмсақ, тәтті дүниелер – қызыл күрең бауырсақ, анасы ауылдан алып келген ақ ірімшік, құрт, тіл үйірек балқаймақ, қазы-қарта, жал-жая, тәтті жент, жеміс-жидектер, тіпті бұы бұрқыраған құырдақ та қоса әкелді. Халқымыздың айран, шалап, қымыз, шұбат секілді дәстүрлі сусындары да қойылды. Дастарқан басында Балнұрдың әкесі бата берді. Өйткені қазақта асқа үлкен кісі бата қайырады. Дастарқанға ас қайыру – үлкен ізеттіліктің белгісі.

Балнұрдың отбасы – үлгілі, қонақжай отбасыларының бірі.

8

Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

- A) Жолдасы Ермек аулына қашан барды?
- B) Менің досымның отбасында қанша адам бар?
- C) Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы қашан пайда болды?
- D) Алматы қаласы тұрғындарының күнделікті шығын мөлшері қандай?

9

Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

Выберите информацию, соответствующую тексту.

- A) Ата-әжесі қоныстойға шақырды.
- B) Досым Шығыс Қазақстан облысында тұрады.
- C) Досымның жолдасы басқарманың бас маманы.
- D) Досымның бір ұл, бір қызы бар, олар мектепте оқиды.

- 10 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные ключевые слова текста.
- A) отбасы, қонақ, туыс, ауыл, қуырдақ
 - B) отбасы, қонақ, уақыт, қызмет, әріптес
 - C) отбасы, қызмет, ата-ана, қоныстой, қонақ
 - D) сыйластық, қымыз, отбасы, қонақ, қызмет
- 11 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.
- A) Досымның бір ұлы, бір қызы бар.
 - B) Ақсуат ауданында ата-аналары тұрады.
 - C) Досымның отбасы шағын болса да, үлгілі, қонақжай.
 - D) Мемлекеттік қызметшілер жалақыларын уақытылы алады.
- 12 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Выберите ответ на вопрос, соответствующий содержанию текста.
- Дастарқан басында батаны кім берді?
- A) достары
 - B) әріптестері
 - C) Балнұрдың шешесі
 - D) Ермектің қайын атасы
- 13 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.
- A) Үлгілі қазақ отбасы туралы ақпарат беріледі.
 - B) Қазақ халқының қонақжайлылығы сипатталады.
 - C) Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу жолдары
 - D) Қазақ халқының ұлттық тағамдары мен дәстүрлі сусындары туралы
- 14 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее точный заголовок текста.
- A) Қоныстой иелері
 - B) Ұлттық тағамдар
 - C) Досымның отбасы
 - D) Мемлекеттік қызметшілер

3-МӘТІН

Елімізде жеңіл өнеркәсіп жылдан-жылға дамып келеді. Соңғы жылдары, әсіресе, Алматы қаласында жеңіл өнеркәсіп қанатын кеңге жайып келеді. Сондай өнеркәсіп орындарының бірі – Алматы тоқыма фабрикасы. Фабрика жаңа стильдегі жоғары сапалы киім, әртүрлі арнайы жұмыс киімдері мен кәдесыйлар шығарады. Алматы тоқыма фабрикасы – сапалы өнім өндіруші кәсіпорын. Фабрикада тек қой жүнінен ғана емес, мақтадан да түрлі өнім өндіріледі. Мақта өнімдері де жақсы болады. Бұл фабриканың өнімдері тұтынушылардың сұранысына ие. Онда ерлер мен әйелдерге, балаларға арналған тоқыма бұйымдар мен киім-кешектің сан алуан сәнді үгілері өндіріледі. Қалада Алматы тоқыма фабрикасының өнімдерін сататын дүкендер де өте көп. Бұл дүкендерге түскен тауарлар лезде сатылып кетіп жатады. Өйткені сапалы тауар өтімді болады әрі бұл кәсіпорынның өнімдерін тұтынатын тұрақты тұтынушыларының саны да көп болады.

Мен – Алматы қаласының тұрғынымын. Мен сапасы жоғары тауарларды тұтынамын. Отбасы мүшелеріне керекті киім-кешекті тек қана осы Алматы тоқыма фабрикасының өнімдерінен алуға тырысамын. Крйдың жүнінен тігілген киім жылы болатыны белгілі. Сондықтан қыстық киімдердің қой жүнінен жасалғандарын аламын. Кеше әжеме түбіт шәлі мен жылы шұлық, ініме жылы қолғап пен бас киім алдым. Сәнді бұйым адалға жақсы көңіл күй сыйлайды. Өзіме кең қалталы шалбар мен ақ түсті сәнді көйлекті таңдадым. Көйлекке түйме қадау да шеберлікті қажет етеді екен. Мен алған көйлектің түймесінің өзі айрықша пішінді, белбеуі өте сәнді көрінеді. Бауырым Арсен мақтадан тігілген жылы күртеше алды. Жаңа жыл қарсаңында осы дүкеннен анама сұр түсті пальто, әкеме жылы кеудеше алғанмын. Алған сыйлықтарым ата-анама қайты ұнады.

Өзім осы Алматы тоқыма фабрикасында жұмыс істеймін. Жеңіл өнеркәсіп жұмысшылары ауысымдық мерзіммен жұмыс жасайды. Мен де ауысымдық мерзім бойынша еңбек етемін. Сапалы тауар арқылы тұтынушы қажеттілігін өтеуге болады. Сондықтан фабрика жұмысшылары өзіміз өндіретін тауарларды сапалы өндіруге бар ынтымазды саламыз. Өнімді жаңа технологиямен дайындаймыз. Тұтынушы қажеттілігін орындау – басты міндетіміз.

Қазақстандықтар отандық өнімдерді тұтынады. Отандық өнімді пайдалану отандық кәсіпкерлер үшін тиімді. Сапалы тауарлардың иесі – отандық кәсіпкерлер. Олар өнімдерінің өтімді болуы үшін тұтынушы көңілінен шығуды міндет санайды. Сондықтан да болар отандық өнімге деген сұраныс артып келеді.

Соңғы уақытта Қазақстанда отандық өнім өндіретін кәсіпорындардың саны артып келеді. Елімізде тұтынушы қажеттілігін отандық өнімдер өтейді. Қазақстан халқы тек отандық өнімдерді пайдаланады.

Е жеңіл өнеркәсіп – легкая промышленность
сұраныс – спрос
кәдесый, базарлық – сувенир
түбіт шәлі – пуховой платок

- 15 Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.
- A) Қандай тауарлар өтімді болады?
 - B) Кәсіпкерлік жұмыс біліктілікті қажет ете ме?
 - C) Тауар сапасын қандай белгілеріне қарап білесіз?
 - D) Отандық кәсіпкерлер өндіретін қандай өнім түрлерін білесіз?
- 16 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.
- A) Ініме кең қалталы шалбар алдым.
 - B) Қойдың жүнінен қыстық киімдер тігіледі.
 - C) Кәсіпкерлік жұмыс табандылықты қажет етеді.
 - D) Тұтынушы сұранысын шетелдік өнімдер өтейді.
- 17 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные ключевые слова текста.
- A) тұтынушы, жеңіл өнеркәсіп, түбіт шәлі
 - B) жұмысшы, отандық өнім, қысқа күртеше
 - C) өтімді тауар, тоқыма фабрикасы, кәдесый
 - D) жеңіл өнеркәсіп, отандық өнім, өтімді тауар
- 18 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.
- Ол
- A) дүкеннен ата-анасы мен әжесіне кәдесый алды
 - B) әжесіне, інісіне және ата-анасына сыйлық алды
 - C) інісі Арсен мен ата-анасына сәнді кәдесыйлар сатып алды
 - D) дүкеннен әжесіне жылы шұлық және сыйлықтар сатып алды
- 19 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Выберите ответ на вопрос, соответствующий содержанию текста.
- Олардың басты міндеті не?
- A) сәнді бұйымдар өндіру
 - B) ата-анасының сенімін ақтау
 - C) тұтынушы қажеттілігін орындау
 - D) дүкендердің тапсырысын орындау
- 20 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.
- A) Мақта өнімдерінің сапасы туралы баяндалады.
 - B) Жеңіл өнеркәсіп орындары туралы баяндалады.
 - C) Алматы қаласы тұтынушыларының талғамы жоғары.
 - D) Алматы тоқыма фабрикасының өнімдері тұтынушы қажеттілігін өтейді.

- 21 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок текста.
- A) Білікті кәсіпкерлер
 - B) Жеңіл өнеркәсіп түрлері
 - C) Отандық сапалы тауар өндіруші
 - D) Өндіруші және тұтынушы пайдасы
- 22 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
Определите вывод, конкретизирующий содержание текста.
- A) Өтімді тауар лезде сатылып кетеді.
 - B) Отандық өнімге сұраныс артып келеді.
 - C) Отандық өнімді тұтыну шетелдіктер үшін пайдалы.
 - D) Сапалы тауар – тұрақты тұтынушыларды және пайданы көбейту кепілі.
- 23 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите наименее важную информацию.
- A) Мен ақ түсті сәнді көйлек таңдап алдым.
 - B) Өнім өтімді болу үшін сапалы болуы керек.
 - C) Қазақстан халқы тек отандық өнімдерді ғана пайдаланады.
 - D) Өнімнің өтімді болуы тұтынушы көңілінен шығуына байланысты.
- 24 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для первого абзаца.
- A) Фабрика өнімдері
 - B) Сапалы тауар тұтынушылары
 - C) Алматы тоқыма дүкендерінің пайдасы
 - D) Алматы тоқыма фабрикасының өнімдері
- 25 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для второго абзаца.
- A) Ата-анама сыйлық
 - B) Сәнді әрі жылы киімдер
 - C) Сапалы тауар тұтынушысы
 - D) Сәнді киім - жақсы көңіл күйінің кепілі.
- 26 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для третьего абзаца.
- A) Басты міндеттер
 - B) Жаңа технология
 - C) Жұмысымды ұнатамын
 - D) Фабрика өнімінің сапасын арттыру

4-МӘТІН

Ас – адамның арқауы. Адам ағзасы түрлі аспен қоректеніп, күш жинайды. Маллы тағамдар ет, сүт, дәнді-дақылдардан жасалады. Олардың әрқайсысы адам ағзасы үшін пайдалы. Ет өнімдері дәмділігімен және өзінің құрамындағы адам ағзасына пайдалы ақуыз заттарымен құнды. Қазақтың дәстүрлі дастарқанында күріш, бидай, жүгері, тары сияқты дән азықтарынан дайындалатын тағамдар да өте мол. Бұл тағамдар дәрумендерге бай, ағзаға сіңімді келеді. Майға құйрған қып-қызыл бидай, аппақ баданалы жүгері дастарқанның сәні емес пе?

Сүт тағамдары денсаулыққа аса пайдалы. Кезінде академик И.П. Павлов: «Сүт – табиғаттың өзі дайындаған тамаша тағам» деп бағалаған болатын. Шындығында қоректік жағынан алғанда, сүт – тағамдық құндылығымен ағза үшін аса маңызды өнім. Сүт – сүт қоректі жануарлардың сүт бездерінен бөлінетін секреторлық сұйық. Адам баласының саналы тіршілігінің барысында өз қажетіне қарай лайықтап алған бұл табиғи өнімнің қоректік жағынан алғанда тағамдық құндылығы өте жоғары.

Сүт және одан өндірілетін өнімдер – өте сіңімді және адам ағзасы үшін пайдалы тағам. Сүттен қаймақ, кілегей алынып, сары май шайқалады. Сыр, қой, ешкі сүтінен айран ұйытылып, май шайқалса, бие сүтінен қымыз, түйе сүтінен шұбат ашытылады.

Сүтті жас баладан еңкейген кәріге дейін ішеді. Өйткені ол дәрумендерге, қышқылдар мен майларға, ақуыз бен минералды заттарға, микроэлементтер мен ферменттерге өте бай. Бір сөзбен айтқанда, сүт – химиялық құрамы жағынан тамаша тағам. Себебі оның құрамында адам ағзасының қалыпты жетілуі үшін қажетті барлық заттар бар. Соған орай физиологиялық құндылығы жағынан бір де бір азық тең келе алмайды. Сүттің тағзы бір ерекше қасиеті – ас қорыту бездерінің жұмыс істеу қабілетін үнемі жақсартып отыру.

Сүтті пайдаланып әртүрлі тағамдар дайындауға болады. Айран ұйытып, ірімшік, құрт кептіруден бастап, ботқа пісіруге дейін осы бір ерекше өнім пайдаланылады. Ал сүт қосылып дайындалған тағам өте дәмді болады. Оның үстіне сүт өнімдерінің дәрулік қасиеті бар. Олар емдеу, түрлі аурудың алдын алу және диеталық тағам ретінде де қолданылып жүр.

Сүт өнімдерінің ерекше бір түрі – ұыз. Ұыз – жаңа төлдеген малдың қою сүті. Қазақ халқы оны қара ұыз, сары ұыз, ақ ұыз деп үшке бөледі. Қара ұыз – төлдеген малдың төлі еметін алғашқы ұызы. Сары ұыз – төлі емгеннен кейін сауылатын ұыз. Ақ ұыз – бір күннен кейін сауылған ұыз.

Ұыз – қазақ халқының аса дәмді әрі сүйікті ұлттық тағамы. Ол – адам ағзасына өте пайдалы ас.

27

Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

- A) Шұбат қалай ашытылады?
- B) Қандай диеталық тағам түрлерін білесіз?
- C) Дәнді-дақылдарда қандай дәрумендер бар?
- D) Адам ағзасына қажетті қандай дәрумендерді білесіз?

- 28 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.
- A) Ет өнімдері ферменттерге бай болды.
 - B) Қаймақты ботқа пісіргенде пайдалануға болады.
 - C) Дәрумені көп тағам ағзаға түскенде тез қорытылады.
 - D) Дәнді-дақылдар құрамындағы ақ уызымен құнды болып келеді.
- 29 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные ключевые слова текста.
- A) сүт, өнім, денсаулық, дәрумен, тағам
 - B) ағза, ірімшік, жүгер, сүт, өнім, минерал
 - C) дәрумен, сүт, уыз, май, өнім, құндылық
 - D) сүт, күріш, ботқа, фермент, микроэлемент
- 30 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.
- A) Сүт – тамаша тағам.
 - B) Сүт және оның өнімдері адамға өте пайдалы.
 - C) Сүт ас қорыту бездерінің жұмысын жақсартады.
 - D) Сүтті жас баладан бастап, қарт адамдар да пайдаланады.
- 31 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Выберите ответ на вопрос, соответствующий содержанию текста.
- Уыз қандай тағам?
- A) ұйытылған сүттен жасалатын ас
 - B) ұйытылған қатықтан жасалатын тағам
 - C) сүт өнімдерінен жасалатын ұлттық тағам
 - D) кілегейі алынған сүттен жасалатын тағам
- 32 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.
- A) Сүттен тағам жасау жолдары туралы айтылады.
 - B) Сүт және сүт өнімдерінің пайдасы туралы баяндалады.
 - C) Еттен жасалатын тағам түрлері туралы ақпарат беріледі.
 - D) Дәннен жасалатын ұлттық тағамдар туралы ақпарат беріледі.
- 33 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок текста.
- A) Пайдалы тағамдар
 - B) Ас – адамның арқауы
 - C) Сүт және сүт өнімдері
 - D) Сүттен өндірілетін өнімдер

34

Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.

- A) Сүттен қаймақ алынады.
- B) Ешкі сүтінен айран ұйытады.
- C) Сүттің адам денсаулығына пайдасы зор.
- D) Сүттің химиялық құрамын И.П. Павлов зерттеді.

35

Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите наименее важную информацию по содержанию текста.

- A) Бие сүтінен ұлттық сусын – қымыз ашытылады.
- B) Сүт дәрумендерге, қышқылдар мен майларға өте бай.
- C) Сүт құрамында микроэлементтер мен ферменттер көп.
- D) Сүттің ерекше қасиеті – ас қорыту бездерінің жұмысын жақсарту.

36

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для первого абзаца.

- A) Еттен жасалатын тағамдар
- B) Адам ағзасына қуат беруші
- C) Қуырылған жүгері түрлері
- D) Дәннен жасалатын тағамдар

37

Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для второго абзаца.

- A) Ағзаға пайдалы өнім
- B) Айран – ұлттық сусын
- C) Сүт өнімдерінің түрлері
- D) Сүттен дайындалатын тағамдар

38

Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для третьего абзаца.

- A) Уыз түрлері
- B) Ірімшік дайындау тәсілі
- C) Сүттен өндірілетін тағамдар

4-МӘТІН

Туризм – кез келген мемлекеттің экономикасы мен әлеуметтік-қоғамдық өмірінде ерекше орын алатын сала. Кез келген елдің халықаралық байланыстары мен экономикасын дамытуға туризм өзіндік үлесін қоса алады. Сондай-ақ, сыртқы сауда байланысын арттыру мен жұмыс орындарының анағұрлым мол ашылуы секілді мәселелерге аталым сала өз әсерін тигізеді. Мемлекетімізде туризм саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Елімізде ішкі және сыртқы туризм бірдей өркендеп келеді. Халқымыздың әл-ауқаты артып, ел экономикасы дамығалы еліміздің азаматтары да туристік сапарларға жиі шығатын болды.

Туристік сапарларға арналған фирмалар біздің қалада көп. Теледидар жарнамалары арқылы туристік фирмалармен танысуға болады. Ерсін де теледидар жарнамалары арқылы бірнеше туристік фирмалармен танысып шықты. Ол достарымен ақылдаса келе биылғы кезекті еңбек демалысында отбасымен туристік сапарға шығуды жөн көрді. Туристік сапарға шықпас бұрын туристік бағдарламамен танысу керек. Ол өзі таңдаған «Саяхатшы» туристік фирмасының бағдарламасымен танысу мақсатында фирмаға барып келді. «Саяхатшы» туристік фирмасы Абай даңғылының бойында орналасқан екен. Абай даңғылының бойында үлкен ғимараттар өте көп. Солардың бірі – Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы театр. Ерсін іздеген туристік фирманың кеңсесі де осы театр жанында орналасқан екен. Ерсін көп қиналмастан «Саяхатшы» фирмасының кеңсесін тез тауып барды. Әріптестік байланыс орнату арқылы жұмыстың сапасын арттыруға болады. «Саяхатшы» туристік фирмасы да қаламыздағы барлық туристік фирмалармен тығыз байланыста еңбек етеді. Фирма қызметкерлері де сыпайы, мәдениетті екен. Олар келушілерге сапалы қызмет көрсетуде. Ерсінге қызмет көрсеткен Манар өз ісінің нағыз білгірі екен. Ол лезде Ерсінді қызықтырған сауалдарға жауап беріп, еліміздегі демалыс орындар туралы толық мәлімет берді. Туристік фирмалардың жеңілдіктерін пайдалану арқылы табысы орташа адамдар да алыс сапарларға баруына болады.

Ерсін ойлана келе Көкшетауға барып демалуға жөн көрді. Ол бала күнінен Бұрабай көлдерін, әйгілі Оқжетпес пен Жұмбақтасты көруге құмартушы еді. Көкшетауды «Қазақ Швейцариясы» деп атайды. Бұл – атына заты сай жер. Көкшенің биік таулары, тұңық мөлдір көлдері, хош иісті ұлгер мен жидекке толы ормандары көрген адамды таңдандырады. Көкшетаудың солтүстік батысында «Алтын тоғай» атты туристік база бар. «Бұрабайға» баратын жол орманның арасынан өтеді. Жолдың бойында өсіп тұрған ару ақ қайыңдар, қарағайлы ормандар, күміс күлкісімен сылдырап ағып жатқан мөлдір бұлақтар көздің жауын алады. «Бұрабай» – минералды суларымен, шипалы балшығымен белгілі аймақ. Көкшетаудың әсем табиғаты – барша қазақстандықтардың мақтанышы. Оның жұпар аңауы – дертке дауа.

Ерсін отбасы мүшелеріне, әсіресе, ұлы мен қызына отанымыздың көрікті аймағы Көкшені көрсеткісі келді. Өйткені ол балаларының өз елінің нағыз патриоты болып өскенін қалайды.

Туристік сапарларға ұшақпен барған тиімді. Ерсін отбасымен Бұрабайға ұшақпен баратын болды.

39

D) Ас қорыту бездерінің қызметі
Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

- A) Ерсін «Алтын тоғай» туристік базасына бұрын барған ба?
- B) Көкшетаудың солтүстік батысында қандай туристік база бар?
- C) «Алтын тоғай» туристік базасы Алматы қаласында орналасқан ба?
- D) Көкшетаудың оңтүстік батысында «Саяхатшы» туристік базасы бар ма?

40

Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.

- A) Ерсін – Көкшетау қаласының тұрғыны.
- B) Ол достарына Бурабай көлдерін көрсетуге құмар еді.
- C) Ерсін отбасы мүшелеріне Көкшетауды көрсеткісі келді.
- D) Көкшетау қаласында «Бурабай» туристік базасы ашылды.

41

Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные ключевые слова текста.

- A) сапар, жарнама, ұшақ, туризм
- B) Ерсін, сапар, туристік фирма, Көкшетау
- C) Ерсін, туристік фирма, бағдарлама, қарағай
- D) Ерсін, Жанар, туристік фирма, демалыс, бұлақ

42

Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

- A) Көкшетау өлкесінің табиғаты өте әдемі.
- B) Көкшетауда «Саяхатшы» туристік фирмасы бар.
- C) Қазақстандықтар Көкшетауда демалғанды ұнатады.
- D) Көкшетаудың сұлу табиғаты, жұпар ауасы – дертке дауа.

43

Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Выберите ответ на вопрос, соответствующий содержанию текста.

- Ерсін туристік фирмаға не үшін келді?
- A) жарнама беру үшін
 - B) жұмысқа орналасу үшін
 - C) фирманың бағдарламасымен танысу үшін
 - D) фирма қызметкерлерімен жақын танысу үшін

44

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

- A) Сыртқы туризмнің дамуы туралы ақпарат беріледі.
- B) Еліміздегі ішкі туризмнің дамуы туралы баяндалады.
- C) Еліміздегі туризм мен Ерсіннің сапарға шығуы туралы баяндалады.

- 45) D) Ел туризмінің дамуы мен Ерсіннің туристік фирмасы туралы айтылады. Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок к тексту.
- A) Отандық туризм
B) Саяхатқа дайындық
C) «Қазақ Швейцариясы»
D) Арман болған Жұмбақтас
- 46) Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.
- A) «Алтын тоғай» – қала халқына танымал туристік фирма.
B) Бүгінде туризм саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінбей отыр.
C) Мемлекетімізде ішкі және сыртқы туризм бірдей дамып келеді.
D) «Бурабай» – минералды суларымен, емдік балшығымен әйгілі өлке.
- 47) Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите наименее важную информацию по тексту.
- A) Ерсін демалысын Көкшетауда өткізбекші.
B) Жанар – «Саяхатшы» туристік фирмасының қызметкері.
C) Көкшетаудың сұлу табиғаты көрген адамды таңдандырады.
D) Ерсін балаларының өз елінің патриоты болып өскенін қалайды.
- 48) Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для первого абзаца.
- A) Туризм саласының бағыттары
B) Еліміздің сыртқы сауда байланысы
C) Халықаралық байланыстың нығаюы
D) Туризм – ел экономикасын дамытушы сала
- 49) Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для второго абзаца.
- A) Туристік сапар
B) Біздің қаладағы туристік фирмалар
C) «Саяхатшы» туристік фирмасының сапалы қызметі
D) Жанар – өз ісін нағыз білетін қызметкер.
- 50) Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для третьего абзаца.
- A) Ерсіннің арманы
B) Туристік фирмалар
C) Көкшенің биік таулары
D) Атына заты сай жер

2

Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау Блок Чтение. Анализ тестовых заданий

1-мәтін

Мүсінші

Мен бала кезімде мүсінші болуды армандайтынмын. Мектеп қабырғасында жүрген кезімде сазбалшықтан түрлі мүсіндер жасайтынмын. Аңызда мені «мүсінші бала» деп те атайтын. Бұл ат өзіме қатты ұнайтын. «Мүсінші бала» дегенді естіген сайын өзімді мүсіншідей сезінетінмін.

Қолым дос кезде мүсін өнері туралы жазылған кітаптар оқып, түрлі мүсін жасағанды ұнатамын. Мәдениет сарайындағы міндетті жұмысымнан басқа мезгілдің бәрін досым Саматтың мүсінін жасаумен өткізіп жатырмын. Қазандай көгілдір мәрмәр тастың қашай-қашай бөріктейі ғана қалды. Саматтың ойлана алысқа көз тігіп тұрған тұлғасы ойылып та бітті. Енді жұмыстың ең ақыр сатысы қалды. Адам ажарына құбылыс, денеге көркемдік беру керек. Ішкі жан сезімі мен сыртқы бейненің үндестігін, сұлулығын, бірін-бірі толықтырып тұрған қасиетін келтіру керек. Бұның бәрі көз, бет құбылыстары, дене ишараты арқылы айтылу қажет. Бұл – жұмыстың ең қиын тұсы. Бұл үлкен шеберлікті, дарынды қажет етеді. Адамды тек шығармашылық шабыт билейтін сатысы. Бүгінгі жұмыс күндегіден нәтижелі болды. Тіпаңерттеннен үйден шықпай, тас мүсінді айналдырдым. Көптен бері ойымдағыдай шықпай жүрген Саматтың маңдай кейпін айнытпай түсірдім. Қабағын түйгенде пайда болатын маңдайындағы білінер-білінбес қос сызық соншалық дұрыс тұсті. Қапелігімдегі шеберлігіме өзім де риза болып қалдым. Тас мүсінге қарап тұрып, досым Саматты көргендей болдым. Соншалық, шынайы, соншалық айнымай шыққанына қатты қуандым. Өз жұмысыма өзім сұқтана қарап, сүйсіндім.

Мүсін өнері – өнер біткеннің ішіндегі ең нәзігі.

1

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

Определите основную мысль текста.

- A) Мүсін өнерінің сыр-сипаты туралы
- B) Досының сыртқы келбетін суреттейді.
- C) Оның балалық шағы жайлы айтылады.
- D) Мүсінші болуды армандағаны туралы

Е

Тапсырма түрі автордың негізгі идеясын, мәтіндегі басты ақпаратты анықтауды талап етеді. Ол үшін тіл үйренуші мәтіннің жалпы мазмұнын түсініп, негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырату керек. Дұрыс емес жауаптарда мәтін мазмұны бойынша қосымша, маңызды емес ақпараттар берілуі мүмкін.

Данное тестовое задание требует определения основной идеи, замысла автора текста, самой основной информации. Для этого необходимо понять общее содержание текста и отделить основную информацию от второстепенной. То есть необходимо выявить, о чем хотел рассказать автор текста. Неправильные варианты ответов могут содержать второстепенную, менее значимую информацию, соответствующую содержанию текста.

Е

- Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:
- мәтіндегі ақпаратты жалпылау;
 - мәтіндегі жалпы ақпаратты жүйелеу;
 - мәтіндегі жалпы ақпаратты қортындылау;
 - мәтіндегі негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білу;
 - автордың негізгі идеясын білдіретін ақпаратты анықтау.

Т

- 1) Мәтін мазмұнынан мүсін өнерінің сыр-сипаты туралы мәліметті ала аламыз.
- 2) Мәтін мазмұнында досы Саматтың сыртқы келбеті сипатталмаған, тек «қабағын түйгенде қос сызық пайда болады» дегеннен басқа еш ақпарат берілмеген.
- 3) Мәтінде «бала кезімнен мүсінші болуды армандайтынмын, мектепте оқып жүргенде сазбалшықтан мүсін жасайтынмын, ауылда мүсінші бала», - дейтін деген жалпылама ақпарат берілгенмен, кейіпкердің балалық шағы туралы нақты ақпарат берілмеген.
- 4) Мәтінде бала кезінен мүсін өнерін ұнататындығы туралы ақпарат бар, бірақ бүкіл мәтіннің емес, бірінші азатжолының негізгі ақпараты.

2

Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

Выберите наиболее подходящий заголовок к тексту.

- A) Мүсінші бала
- B) Мүсін туралы кітаптар
- C) Мүсінші баланың арманы
- D) Мүсін өнерінің ерекшелігі

Е

Бұл тест тапсырмасы мәтіндегі негізгі ойды ескере отырып, мәтінге нақты және сәйкес тақырып болатын жауапты талап етеді. Мәтінді оқымас бұрын негізгі мазмұнын, яғни мәтін не жайлы екендігін алдын ала аңғара білетіндей болуы керек. Дұрыс емес жауаптарда мәтінде бар ақпарат, бірақ негізгі, басты ақпарат болмайтын атаулар берілуі мүмкін.

Тестовое задание формирует навык определения основной мысли автора текста, так как здесь необходимо выбрать наиболее подходящий заголовок к тексту. Неправильные варианты ответов содержат информацию, которая лишь затронута в тексте и не является основной мыслью автора.

Тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі негізгі ақпараттарды жүйелеу;
- мәтіндегі негізгі ақпараттарды біріктіру;
- автордың негізгі ойын білдіретін ақпаратты таба білу;
- мәтіндегі негізгі ақпаратты қорытындылау;
- мәтінде берілген негізгі ақпаратты нақты түсіну;
- мәтін мазмұнына сәйкес тақырып таңдай білу.

Т

- 1) Мәтінде балалық шағы туралы емес, ересек адамның өміріндегі оқиға негізгі ақпарат болып отыр.
- 2) Мәтінде «қолым бос кезде мүсін өнері туралы жазылған кітаптар оқып, түрлі мүсін жасағанды ұнатамын» деген ақпарат берілгенмен, ол кітаптар жайлы ақпарат жоқ.
- 3) Мәтін мазмұнында мүсінші адамның балалық шағы емес, ересек кездегі әрекеті туралы баяндалады.
- 4) Мәтінде мәрмәр тасты қашау, тұлғасын ою, адамның ажарын, денесін жасаудың өзіндік қиындықтары туралы ақпарат бар.

3

Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.

- A) Бұл – жұмыстың ең қиын жері.
- B) Мүсін – бейнелеу өнерінің бір түрі.
- C) Мүсінші бала – менің оқушы кездегі атым.
- D) Мүсін өнері – барлық өнердің ішіндегі ең нәзігі.

Е

Берілген тест тапсымасы мәтіндегі ақпаратты жалпылай отырып, нақты қорытындысын таба білуді қажет етеді. Тіл үйренуші жауаптарды салыстыра отырып, дұрыс емес жауаптардағы қосымша немесе маңызды емес, бейтарап ақпаратты, мәтін мазмұнындағы фактілерді баяндайтын ақпаратты ажырата білу керек.

В данном тестовом задании необходимо найти вывод, который обобщает и уточняет какую-либо информацию по тексту. В неправильных вариантах ответа может быть дана нейтральная, второстепенная информация, лишь констатирующая факты.

Тапсырма тіл үйренушінің төмендегідей білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды таба білу;
- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды талдай білу;
- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды салыстыра білу;
- мәтіндегі ақпараттарды жүйелей білу;
- мәтіндегі негізгі ақпарат пен қосымша ақпаратты ажырата білу;
- мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды ақпаратты таба білу.

Т

- 1) Берілген жауап «адамның ішкі жан дүниесін көз, бет әлпеті, дене ишараты арқылы білдіру жұмыстың ең қиын жері» деген ақпараты бойынша алынған, бірақ бұл ақпарат нақты емес.
- 2) Мәтін мазмұнында мүсін өнерінің ерекшелігі, оның түрлері туралы ақпарат берілмеген.
- 3) Мәтін мазмұнында мүсінші бала деген аттың бала кезіндегі екінші аты екендігі туралы ақпарат берілгенмен, бұл ақпарат мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды емес.
- 4) Мәтінде мүсін өнерінің нәзік әрі қиын өнер екендігі туралы ақпарат бар және бұл ақпарат мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды бола алады.

4

Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.

Выберите менее важную информацию по содержанию текста.

- A) Мүсінші бала атым өзіме ұнайтын.
- B) Тас мүсінге қарап, өз ісіме риза болдым.
- C) Ішкі жан дүниесі мен сыртқы бейнесін үйлестіру қажет.
- D) Уақытымның көбін досымның мүсінін жасаумен өткізудемін.

Е

Тест тапсымасы мәтін мазмұнынан маңызды емес, қосымша, бейтарап ақпаратты таба білуді, ақпараттың маңыздылығын анықтауды қажет етеді. Берілген жауаптардың үшеуінде маңызды, мағыналы ақпарат, біреуі – маңызды емес, қосымша ақпарат, кейбір маңызсыз деректерді баяндайтын жауап болуы мүмкін.

Тестовое задание требует разграничения значимой информации и второстепенной. В трех неверных вариантах ответа представлена содержательная, важная информация по тексту, в правильном ответе – малозначимая информация, какие-либо детали, незначительные факты.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі маңызды және маңызды емес ақпараттарды саралау;
- мәтіндегі маңызды және маңызды емес ақпараттарды өзара салыстыру;
- мәтіндегі маңызды және маңызды емес ақпараттарды жауаптарда берілген ақпаратпен салыстыра білу;
- жауаптардағы ақпараттардың шынайы немесе шынайы емес екендігін анықтау;
- мәтіндегі маңызды ақпараттан маңызды емес ақпаратты ажырата білу.

Т

- 1) Балалық шағындағы мүсінші бала аты мәтіндегі аса маңызды ақпарат емес.
- 2) Бұл жауап өз ісіне деген ризашылығын, жұмысының ойдағыдай орындалғандығын білдіріп тұрған маңызды ақпарат болып табылады.
- 3) Мәтінде «ішкі жан сезімі мен сыртқы бейненің үндестігін, сұлулығын, бірін-бірі толықтырып тұрған қасиетін келтіру керек» деген ақпарат берілген. Мүсін жасауда ішкі жан дүниесі мен сыртқы кейіпті үйлестіре білу маңызды рөл атқарады.
- 4) Жауап қолға алған ісінің орындаушы үшін маңызды іс екендігін көрсетеді.

5

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

Выберите наиболее подходящий заголовок для первого абзаца.

- A) Менің алғашқы мүсіндерім
- B) Мүсінші баланың арманы
- C) Менің балалық кезім
- D) Білім алған мектебім

Е

Бұл тапсырма түрі мәтіннің бірінші (екінші, үшінші) азатжолына сәйкес және нақты тақырыпшаны таңдауды талап етеді. Көрсетілген азатжолын қайтадан көз жүгірте оқып шығып, үзіндінің негізгі ақпаратын (ойын, идеясын) анықтау қажет. Дұрыс емес жауаптарында азатжолда кездесетін сөздер мен сөз тіркестері, бірақ негізгі, маңызды болып табылмайтын, тек аталып өтетін ақпарат беріледі.

Тестовое задание требует выбора наиболее подходящего, точного заголовка к первому (второму, третьему) абзацу. Необходимо повторно бегло прочитать указанный абзац и определить основную информацию (мысль, идею) данного отрывка. В неправильных вариантах ответов могут быть представлены заголовки, в которых есть слова и словосочетания из этого абзаца, также лишь затронутая информация, не являющаяся главной, наиболее значимой.

Тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтін бөліктеріндегі ақпараттардың мазмұнын анықтау;
- мәтін бөліктерінде берілген ақпараттарды жүйелеу;
- мәтін бөліктеріндегі негізгі, маңызды ақпаратты табу;
- мәтін бөліктеріндегі негізгі және қосымша ақпараттарды толық және терең түсіну;
- мәтін бөліктеріне дәлірек тақырыпша табу.

Т

1) Мәтінде сазбалшықтан түрлі мүсіндер жасайтынмын деген ақпарат берілгенімен, бұл атау бірінші азатжолының негізгі ойын білдірмейді.

2) Бірінші азатжолында автордың бала кезінде мүсінші болуды армандайтынмын деген сөздерінен мүсінші болу оның бала арманы екенін аңғаруға болады. Мүсінші бала атану себептері сондықтан.

3) Бірінші азатжолының мазмұнында бас кейіпкердің балалық шағы туралы мәтінде толық ақпарат жоқ.

4) Бірінші азатжолында бас кейіпкердің білім алған мектебі туралы нақты мәліметтер айтылмайды.

2-МӘТІН

Қазақта өнегелі өмірі үлгі боларлық аналар көп. Көш басында тұрған Домалақ, анадан бастасак, беріректе Құнанбайдың әжесі Зере әжемiз, ұлт анасындай болған Абай атамyzдың анасы – Ұлжан, Шоқанның Айғаным әжесі, батыр атамyz Бауыржан Момышұлының келіні – Зейнеп Ахметова апамыз секілді қазақ әйелдері галереясын тізбектеп шықсак, қазақта небір дана да даға аналарымыздың болғанын көреміз. Үлгі боларлық аналар, қазақ әйелдері бүгінде аз емес. Әрине, мен осы қазақтың ақылгөй аналарының қатарына өз анамды қосқым келеді. Өйткені менің анам қазақтың қызы, қазақтың қарындасы, қазақтың жары, қазақтың келіні, қазақтың анасы және қазақтың әжесі деген үлкен атты абыроймен, үлкен жауапкершілікпен арқалап келе жатқан аяулы жан.

Анам көп жылдар бойы ұстаздық, қызмет етіп, қазір құрметті демалыстағы жан. Еңбек еткен жылдарын, алдынан еліміздің сан түрлі болашақ маман иелерін оқытып, білімді шәкірт тәрбиелеген кездерін қуанышпен сағына еске алып отырады. Әлі күнге дейін анамның мектепте оқытқан шәкірттері келіп сәлем беріп, түрлі мерекелерде құттықтап жатады. Сол кездері анамның қуаныштан жүзі жайнап, шәкірттеріне риза болып отырады.

Менің анам биыл 70 жасқа толды. Наурыз айында үлкен мерекелік мүшелтойын ұл-қыздары, немерелері, тұған-тұыстарының ортасында бәріміз бірге өткіздік. Бір қыз, үш ұлды өсіріп, қазір олардан отыздан аса немере сүйіп отырған жайы бар. Әкеміз өмірден ерте озғандықтан, біз анамыздың тәрбиесінде болдық. Жетпіс жас – бұл «адамның ардақ пен мадаққа ең лайық шағы», - дейді қазақ. Анамның өнегелі өмірі барлық қазақ қызы мен келіндеріне үлгі болса деймін.

6

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

Определите основную мысль текста.

- A) Дара да дана аналар туралы.
- B) Қазіргі кезде үлгілі аналар аз емес.
- C) Біз анамыздың мүшелтойын тойладық.
- D) Менің анам – «ана» деген үлкен атқа лайық жан.

Т

1) Мәтін мазмұнында дара да дана аналар деп Зере әжемiз, ұлт анасындай болған Абай атамyzдың анасы – Ұлжан, Шоқанның Айғаным әжесі, батыр атамyz Бауыржан Момышұлының келіні – Зейнеп Ахметова апаларымызды көрсеткенімен, мәтін мазмұны автордың өз анасы жайлы.

2) Мәтіннің бұл жауабында қазіргі кезде үлгілі аналар көп екендігі туралы ақпарат негізгі ой емес, ол сөз бастамасы ғана.

3) Мәтін мазмұны мүшел тойдың өтуі жайлы емес, той мәтінде тек қосымша ақпарат ретінде беріліп, мәтіннің негізгі ойын білдірмейді.

4) Мәтінде «ана» деген атқа лайық деп және сол атты үлкен абыроймен арқалап келе жатқан аяулы жан туралы ақпарат негізгі ойды беріп тұр. Мәтінде автор өз анасын мадақтайды.

7

Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

Выберите наиболее подходящий заголовок для текста.

- A) Ер ана
- B) Ұстаз ана
- C) Анаға құрмет
- D) Үлгі боларлық аналар

Т

- 1) Мәтін мазмұнында ананың батырлығы емес, анаға деген құрмет туралы айтылады. Сондықтан да ол мәтінге тақырып бола алмайды.
- 2) Мәтінде анасының мамандығы туралы мәлімет қосымша болып саналады және ол маңызды орын алмайды.
- 3) Мәтінде балаларының, отбасының анаға деген құрметі жайында көп мәлімет қамтылғандықтан мәтінге нақтырақ тақырып болуға жарайды.
- 4) Үлгі боларлық аналар туралы ақпарат мәтіннің негізгі ойы емес, сөз бастамасы.

8

Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.

- A) Қазақ халқында үлгілі аналар көп.
- B) Анам үшін шәкірттерінің келгені – үлкен қуаныш.
- C) Наурыз айында анамыздың мүшелтойын тойладық.
- D) Менің анам – ұзақ жылдар еңбек еткен, абыройлы, отбасы мен көпшілікке сыйлы, аяулы да ардақты жан.

Т

- 1) Мәтін мазмұнында елімізде үлгілі аналардың баршылық екендігі шынайы ақпарат болғанымен, мәтін мазмұнын нақтылай алмайды.
- 2) Мәтінде шәкірт пен ұстаз қарым-қатынасы мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды емес.
- 3) Мәтіндегі анасының 70 жылдық мерейтойын тойлағандары қосымша ақпарат, ол мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды ақпарат бола алмайды.
- 4) Мәтіндегі аналарының еңбекқорлығы, сыйлы да абыройлы жан екендігі туралы ақпарат – мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды.

9

Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты табыңыз.

Выберите менее важную информацию по содержанию текста.

- A) Анам – қазір құрметті демалыстағы аяулы жан.
- B) Менің анамның 70 жылдық мерейтойын тойладық.
- C) Менің анам – сыйлы, аяулы, ардақты аналардың бірі.
- D) Анам көптеген шәкірттерді тәрбиеледі және оларға білім берді.

Т

- 1) Автор анасының зейнет жасындағы аяулы ана екені жайлы ақпарат – маңызды ақпаратқа жатады.
- 2) Мәтін мазмұны бойынша анасының мерейтойын өткізуі жайлы ақпарат мәтіндегі маңызды ақпарат болып табылмайды.
- 3) Анасының отбасындағы сыйлы, ардақты жан екендігі маңызды ақпарат болып табылады.
- 4) Мәтін мазмұнында анасының ұзақ жылдар ұстаздық етіп, қазір құрметті демалыстағы ана екендігі маңызды ақпарат.

10

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

Выберите наиболее подходящий заголовок для первого абзаца.

- A) Өнегелі өмір
- B) Ана мерекесі
- C) Аяулы аналар
- D) Ардақты ұстаз

Т

- 1) Мәтіннің бірінші азатжолында белгілі бір адамның өмір жолын басқаларға өнеге тұту жайында емес. Онда жалпы аяулы аналар есімдері беріледі.
- 2) Мәтіннің бірінші азатжолында аналар мерекесі туралы ақпарат айтылмайды.
- 3) Мәтіннің бірінші азатжолында есімдері ел есінде сақталған, өмірлері өнегелі ардақты аналар – Зере әжеміз, ұлт анасындай болған Абай атамыздың анасы – Ұлжан, Шоқанның Айғаным әжесі, батыр атамыз Бауыржан Момышұлының келіні – Зейнеп Ахметова апаларымыз туралы ақпарат бар.
- 4) Анасының ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарғандығы туралы мәлімет мәтіннің бірінші азатжолда айтылмаған.

3-МӘТІН

Қазақ халқы – ән мен күйге аса бай халық. XIX ғасырдағы қазақтың музыка мәдениетін зерттеушілер қазақ халқының мың ән, бес жүз күйі барлығын жазған болатын. Қазақтың музыка мәдениеті дәуірден-дәуірге қамып келеді. Қазақтың жыршылары мен әншілері, ақындары мен жыраулары өлең-жырларды, ұзақ дастандарды домбыраға қосып әнмен айтқан. Эпостық, немесе тарихи жырлардың, қысқа қайырылатын баяу әндері болады. Қазақтың лирикалық әндері көтеріңкі айтылып, неше түрлі сарынға салынып, күйкылжи айтылады. Қазақ – ән мен күйге аса құмар халық.

Сазгерлердің, эпостық, тарихи және түрлі тақырыптарға арналған музыкалық аспаптармен орындауға негізделген шығармалары «күй» деп аталады. Күй – әнге қосылмай, тек музыкалық аспаппен ғана орындалатын тұынды. Әрбір күйдің өзіндік тарихы бар. Күйшілер шаршы топ алдында күйді орындарда күйдің шығу тарихын баяндай келе: «Ал енді, осы күйді тыңдаңыздар», – деп, күйді жорғалата жөнелген. Қазақ күйлері сан-салалы, онда өзен ағысы, теңіз толқыны, аққу мен бұлбұлдың әні, айттың жүрісі, сан алуан табиғат құбылыстары, адамның сан қырлы көңіл күйі қамтылады.

Қазақтың ертеден келе жатқан тарихи күйлерінің бірі – «Бозторғай» күйі. Күйді өзінің балапанын жыланнан қорғаған бозторғайдың жан таласы, үрейі ұшқан балапанның шикылы, жыланның ысылы, ана торғайдың қанатының, діріл қағуы, ақырында балапанын қорғап қалу үшін өз жанын қиып, жыланның аузына түскен кездегі оның ақтық, рет шик, еткен даусы домбыраның үнімен берілді.

Қазақтың ежелгі күйлерінің бірі – «Ақсақ құлан» күйі. Бұл эпостық күй XIII ғасырда Шыңғысхан дәуірінде шыққан. Тарихи аңызда айтылуына қарағанда Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы хан аң аулап, жаралы ақсақ құланды қуып жүріп қаза табады. Мұны іштей сезген Шыңғысхан “сұйық хабар естірткен адамның көмейіне қорғасын құямын” деп жарлық қылады. Ханның қаһарынан қорыққан адамдардың бірде-бірі бұл қайғылы хабарды айтпа бәтә алмайды. Шыңғысхан одан әрмен ашуланып, халыққа қаһарын шамады. Жұрттың ауыр азабын жеңілдетуге ұмтылған найман тайпасының күйшісі Кербұға бұл хабарды Шыңғысханға «Ақсақ құлан» атты шығарған күйімен естірттеді. Шыңғысхан өз жарлығына сәйкес Кербұға күйшінің домбырасының көмейіне қорғасын құяды. Бұл күй ханның қаталдығын, халықтың ауыр азабын, аңшылық өнерді, адамзат баласының сан алуан көңіл күйін бейнелейді.

Міне, осы сияқты әр күйдің астарында аңыз әңгімелер, тарихи оқиғалар жатыр. Күй – халқымыздың аспаптық пьесасы.

11

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

Определите основную идею текста.

- A) Қазақ күйлерінің шығу тарихы баяндалады.
- B) Қазақ халқының тарихи күйлері суреттеледі.
- C) Қазақтың ән мен күйлерінің тақырыптары сипатталады.
- D) XIX ғасырдағы қазақ музыкасын зерттеушілері туралы айтылады.

Т

- 1) Мәтінде қазақ күйлерінің шығу тарихы туралы айтылады. Ол мәтін мазмұнындағы негізгі ойды білдіреді.
- 2) Мәтін мазмұнында қазақ халқының тарихи күйлері туралы жалпы ақпарат болғанымен, олар туралы жеке суреттелмейді.
- 3) Мәтінде қазақтың күйлерінің тақырыптары аталғанымен, әндері мен күйлері нақты сипатталмайды.
- 4) Мәтін мазмұнына сүйенсек, XIX ғасырдағы қазақ музыкасын зерттеушілер туралы айтылмайды.

12

Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

Выберите наиболее подходящий заголовок к тексту.

- A) Қазақ халқы
- B) Қазақтың музыка мәдениеті
- C) Ән мен күй – қазақтың рухани байлығы
- D) Домбыра – күй орындалатын аспаптың бірі

Т

- 1) Мәтін мазмұнында жалпы қазақ халқы туралы емес, ән мен күйді сүйетін халық туралы болғандықтан бұл тақырып мәтін мазмұнын аша алмайды, мәтінге тақырып емес.
- 2) Мәтінде жалпы музыка мәдениеті туралы емес, нақты күйлер туралы ғана ақпарат беріледі.
- 3) Мәтінде ән мен күйдің қазақтың рухани байлығы екендігі туралы ақпарат берілген.
- 4) Мәтінде домбыраның тек күй орындауға арналған аспап екендігі жайлы нақты бір ақпарат берілмеген.

13

Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.

- A) Кербұға – Шыңғысханға суық хабарды домбырамен жеткізген күйші.
- B) Қазақтар ұзақ дастандарды домбыраға қосып әнімен айтқан.
- C) Қазақ халқының музыкалық мәдениеті жылдан-жылға дамып келеді.
- D) Қазақ – ән мен күйге құштар, музыкалық мәдениеті дамыған халық.

Т

- 1) Кербұға туралы ақпарат мәтіннің үшінші азатжолында бар, бірақ бұл мәтіннің негізгі ақпараты емес.
- 2) Мәтінде қазақтардың ән мен жырды домбыраға қосып әнімен айтқандығы туралы ақпаратқа тек қосымша ақпарат ретінде тоқталып өткен. Ол белгілі бір ойды қорытындылап тұрған жоқ.
- 3) Мәтінде қазақ музыкалық мәдениетінің қазіргі жағдайынан гөрі қалыптасқан ескі тарихына көбірек көңіл бөлінген. Сондықтан жылдан-жылға дамып келе жатқандығы туралы ақпарат мәтін мазмұнына сай келмейді.
- 4) Қазақтардың ән мен күйге, музыкаға құштар халық екендігін мәтін мазмұнында күй арқылы қазақтың өзен ағысы, теңіз толқыны, аққу мен бұлбұлдың әні, аттың жүрісі, сан алуан табиғат құбылыстарын салатынын айтып, оны бірнеше мысалдармен нақтылайды.

14

Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.

Выберите менее важную информацию по тексту.

- A) Күй – қазақ халқының баға жетпес қазынасы.
- B) Қазақтың тарихи күйлерінің бірі – «Ақсақ құлан».
- C) Жошы – Шыңғысханның тұңғыш ұлы болып табылады.
- D) Күй – әнге қосылмай, ұлттық аспаппен орындалатын жанрдың түрі.

Т

- 1) Күйдің қазақ халқының баға жетпес қазынасы екендігі туралы мәлімет мәтіннің негізгі мазмұнын білдіріп тұр.
- 2) Қазақтың ежелгі күйлерінің бірі «Ақсақ құланның» шығу тарихы бабымен баяндалады және ол туралы ақпарат мәтін мазмұнына негіз бола алады.
- 3) Мәтінде Жошы Шыңғысханның үлкен ұлы екендігі туралы ақпарат негізге мазмұнға қосымша ақпарат ретінде берілгендіктен, маңызды бір ойды білдіріп тұрған жоқ.
- 4) Қазақ күйлерінің әнге қосылмай, музыкалық аспаппен ғана орындалатын жанр екендігі туралы ақпарат маңызды ақпарат болып табылады.

15

Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для второго абзаца.

- A) Күй – әнсіз туынды
- B) Күй – музыкалық туынды
- C) Күй – сан-салалы туынды
- D) Күй – көп жанрлы туынды

Т

- 1) Күй «әнге қосылмайтын», яғни әнсіз туынды деген тақырып екінші азатжолындағы ақпаратқа сәйкес келеді.
- 2) Мәтінде күйді музыкалық туынды деп айта алмаймыз, өйткені бұл ақпарат нақты емес.
- 3) Қазақ күйлері сан-салалы туынды деген ақпарат мәтіннің аталған бөлігінде қосымша ақпарат ретінде күйді суреттеу үшін берілген.
- 4) Мәтінде күйдің түрлі жанрлары туралы ақпарат қамтылмағандықтан оны тақырып етіп таңдай алмаймыз.

4-МӘТІН

Өнерпаздар сайыстарының бір түрі – халықаралық фестиваль. Біздің республикамызда осындай фестиваль дәстүрлі мереке болып есептеледі. Оларға әлемнің көптеген елдерінің дарынды өнер иелері қатысады. Қазақ сахнасында Жапон, Үндістан, Қытай, Малайзия сияқты елдердің әндері орындалады. Бәсекеге нағыз дарындар түседі. Фестивальда қазіргі қазақстандық әндер де сүйіспеншілікпен шырқалады. Қазақстандық әншілер де фестивальға белсенді қатысады. Халықаралық фестивальдар елімізде Астана, Алматы сияқты қалаларда жиі ұйымдастырылады. Олар – сұлу саздың және адал достықтың мерекесі. Мұндай өнер сайыстарына қатысу үлкен абырой болып есептеледі.

«Азия даусы» – халықаралық фестиваль. Фестивальға еліміздің және шетелдердің талантты жастары қатысады. Бәсекеге нағыз талантты дарын иелері түседі. Халықаралық музыка фестивалі «Азия даусы» өнерсүйер қауымды қуанта береді. Ол – әсем ән мен мың бұралған бишілердің, жалпы музыка өнерінің мерекесі. Мұндай өнер сайыстарына қатысу кімге де болса зор мақтаныш болып табылады. «Азия даусы» – музыка өнеріндегі танымал әндер мен талантты орындаушылардың жыл сайын Қазақстанда өтетін халықаралық байқауы. Бірінші рет 1990 жылы 29 шілдеде Медеу мұзайдынының кешенінде өтті. Бұл сайыста бас жүлдені Өзбекстаннан келген «Карс» тобы жеңіп алды.

Фестивальда қазіргі қазақстандық әндердің байқауы да өтеді. Таңдаулы қазақ әндеріне «Алтын домбыра» жүлдесі беріледі. «Алтын домбыра» жүлдесін алғашқы жылы Мақпал Жүнісова мен Нағима Есқалиева, 1997 жылы Роза Рымбаева жеңіп алды. «Азия даусы» байқауының Бас жүлде, алтын, күміс және қола бәйгесіне қоса Алматы қаласының әкімі, демеушілер тағайындаған әр түрлі ынтыландыру сыйлықтары бар. Фестиваль Алматы қаласындағы Медеу мұзайдыны сахнасында жылына бір рет жазда өткізіледі.

16

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста:

- A) Мәтінде Медеу мұзайдынының келбеті суреттеледі.
- B) Мәтінде дәстүрлі қазақ әндері туралы баяндалады.
- C) Мәтінде халықаралық фестиваль туралы ақпарат беріледі.
- D) Мәтінде «Азия даусы» фестивалінің демеушілері туралы ақпарат берілген.

Т

- 1) Мәтін бойынша «Азия даусы» Медеу мұзайдынында өткені шынайы ақпарат, бірақ мәтінде мұзайдынының келбеті суреттелмеген. Мәтін халықаралық фестиваль жайлы.
- 2) Мәтінде «Азия даусы» халықаралық фестивалі туралы толық ақпарат берілген.
- 3) Мәтінде дәстүрлі қазақ әндерінің ерекшеліктері туралы баяндалмайды. Онда тек сол номинацияға жүлде тігілетіні айтылады.
- 4) Мәтінде «Азия даусы» байқауының жүлделерін тағайындау туралы ақпарат кездескенімен, фестиваль демеушілері туралы толық ақпарат кездеспейді.

17

Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

Выберите наиболее подходящий заголовок для текста.

- А) Өнер байқаулары
- В) Республикадағы мерекелер
- С) «Алтын домбыра» жүлдесі
- Д) Халықаралық фестивальдар тарихы

Т

- 1) Мәтінде «Азия даусы» халықаралық фестивалі өнерпаздардың бақ сынайтын жері екенін айтады. Фестивальдың ерекшелігі, фестиваль жүлдегерлері туралы, жалпы өнер сайыстары жөнінде ақпарат берілген.
- 2) Мәтінде "Біздің республикамызда осындай фестиваль дәстүрлі мереке болып есептеледі" деген ақпарат берілген, басқа мерекелер туралы ақпарат жоқ.
- 3) Мәтінде «Алтын домбыра» жүлдесі туралы қосымша ақпарат ретінде берілгендіктен бұл мәтінге нақтырақ тақырып бола алмайды.
- 4) Мәтін нақты «Азия даусы» фестивалі туралы, онда жалпы халықаралық фестивальдар тарихы туралы айтылмайды.

18

Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.

- А) «Азия даусы» – қазақ әншілерінің байқауы.
- В) «Азия даусы» сайысы – халықаралық байқау.
- С) «Азия даусы» фестивалі – қазақ әндерінің байқауы.
- Д) «Азия даусы» фестивалі – Медеу мұзайдынында өтетін байқау.

Т

- 1) Мәтін мазмұнына сүйенсек, «Азия даусы» фестивалі тек қазақ әншілеріне қатысты болмағандықтан, мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыға жатпайды.
- 2) «Азия даусы» халықаралық байқауы тапсырма шартына сәйкес мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды бола алады.
- 3) Мәтінде «Азия даусы» фестивалі – қазақ әндерінің байқауы деген ақпарат мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды болып есептелмейді.
- 4) Мәтінде «Азия даусы» фестивалі Медеу мұзайдынында ғана өтеді деген ақпарат мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды бола алмайды.

19

Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.

Выберите менее значимую информацию.

- А) «Азия даусы» – өнер мерекесі.
- В) «Азия даусы» – өнерсүйер елдің мақтанышы.
- С) «Азия даусына» Өзбекстаннан келген «Карс» тобы қатысты.
- Д) «Алтын домбыра» жүлдесінің алғашқы жеңімпазы – М.Жүнісова.

Т

- 1) Мәтін мазмұнындағы «Азия даусы» өнер мерекесі деген жауап мәтіндегі маңызды ақпарат болып есептеледі.
- 2) «Азия даусы» өнерсүйер елдің мақтанышы деген ақпарат мәтіндегі маңызды ақпарат болып табылады.
- 3) Берілген жауап тапсырма шартына сай маңызды ақпарат болмайды, халықаралық байқауға басқа да топтар және өнер иелері қатыса алады.
- 4) Мәтінде «Алтын домбыра» жүлдесінің алғашқы жеңімпазы Мақпал Жүнісованың болғаны – маңызды ақпарат.

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий позаголовок для первого абзаца.

- A) Қазақ сахнасы
- B) Қазақстандық әншілер
- C) Елімізде өткен ән байқаулары
- D) Фестиваль – өнер мен достықтың мерекесі

Т

- 1) Мәтіннің бірінші азатжолында қазақ сахнасы туралы ешқандай ақпарат берілмеген.
- 2) Мәтіннің бірінші азатжолындағы қазақстандық әншілер туралы ақпарат дәлірек тақырыпша бола алмайды. Себебі фестиваль – достықтың нышаны, оған барлық халықтың әншілері қатысады.
- 3) Мәтіннің бірінші азатжолында елімізде өткен басқа да ән байқаулары туралы ақпарат берілмеген.
- 4) Мәтіннің бірінші бөлігінде халықаралық фестивальдің сұлу саздың және адал достықтың мерекесі екендігі туралы айтылады.

5-мәтін

Ұрпақ денсаулығына көп көңіл бөлген жөн, денсаулығы мықты білімді ұрпақ – еліміздің жарқын болашағы. Елімізде пайдалы қазбалар көп кездеседі. Қазақстанның басты байлығы – мұнай. Қазақстанда мұнай өнімдерін өндіруші компаниялар өте көп. Олардың ішіндегі әлемге танымал атақтысы – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы. Мұнайдан жанармай алынады. Мұнайды өңдегенде зиянды газдар көп бөлінеді. Мұнай өндірісінің адам денсаулығына зияны көп болса, ұран өндірісі де табиғатқа көп зиян келтіреді. Қалалардағы осындай түрлі зауыттар мен өндіріс орындарынан шыққан ұлы түтін де адам мен табиғатқа көп әсер етеді.

Денсаулық жақсы болу үшін уақтылы тамақтанып, құнарлы, дұрыс тамақ ішіп, оны күту керек. Денсаулыққа зиянды заттар – есірткі, спиртті ішімдіктерден, шылым шегуден аулақ болған жөн. Ауру белгілері пайда болған жағдайда дер кезінде дәрігерге қаралып, емделу керек. Кез келген ауру – адам денсаулығына қауіпті. Кейбір ауруларды дәрілік шөптермен де емдеуге болады. Спортпен айналысып, көп қимылдау керек, аурудың алдын алу керек. Елімізде құс тұмауы көп кездеседі. Бұл аурудың белгілері: тыныс алудың қиындауы, қатты жөтел, дене қызуының көтерілуі. Құс тұмауының алғашқы белгілері білінісімен дәрігерге қаралып, емделу керек. Бұл аурумен ауырған адам өзін әлсіз сезініп, қимылы ауырлайды. Бүгінде ғалымдар құс тұмауынан сақтанудың жолдарын іздейтінде.

Жеміс-жидектерді көп пайдаланудың адам денсаулығына пайдасы мол. Мер шарында алманың 36 түрі белгілі. Қазақстанда Сиверс алмасы, Недзвецкий алмасы, қырғыз алмасы өседі. Алматы қаласында алма көп өсіріледі. Алманың денсаулыққа пайдасы зор. Алма денедегі тұздарды шығарады. Оның құрамындағы В2, В6, С, РР дәрумендері мен минералды заттар қан айналымына әсер етеді. Алманың құрамында темір көп болады. Адамдар жемістердің ішінде алманы көп пайдаланады. Алманың шырынынан шарап, сусын дайындалады, жемісін дәрі ретінде қолданады. Алма ас қорыту мүшелерінің жұмысын жақсартады және қан құрамындағы холестеринді төмендетеді. Алма адамға құат береді, ағзаның түрлі ауруларымен күресуге көмектеседі. Ауырған адамдарға да, сау адамдарға да алма жеу пайдалы. Барлық жеміс-жидектер адам ағзасына пайдалы, дәрумендерге өте бай. Жеміс-жидектерді жиі пайдалану керек.

Ертеңгі ұрпақ болашағын бүгіннен ойлаған жөн. Ұрпақ денсаулығы – өз қолымызда. Ол үшін Мер-Ананы, экологияны таза сақтауымыз қажет. Қала көшелерін көріктендіріп, қоқыстан тазартып, көшет, ағаш отырғызып, ұл өсіру керек. Өйткені тазалық – денсаулық кепілі.

21 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

- A) Алманың Қазақстанда кездесетін түрлері сипатталады.
- B) Қазақстанның экологиясын таза сақтау жолдары сипатталады.
- C) Ұрпақ денсаулығын сақтау жолдары туралы баяндалады.
- D) Адам ағзасына зиянды газдар мен олардың зияны туралы баяндалады.

- Т
- 1) Мәтінде алманың Қазақстанда кездесетін түрлері туралы ақпарат берілгенімен, ол мәтіннің негізгі ойын білдірмейді, қосымша ақпарат ретінде пайдаланылады.
 - 2) Мәтінде "экологияны таза сақтауымыз қажетті" деген сөздер бар, ал нақты сақтау жолдары көрсетілмеген.
 - 3) Мәтінде денсаулықты күту және жеміс-жидектердің адам ағзасына пайдасы, ұрпақ болашағы туралы ақпарат – негізгі ақпарат болып табылады.
 - 4) Мәтін мазмұны бойынша адам ағзасына зиянды газдар туралы қосымша мәлімет беріліп өткен.

22 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для текста.

- A) Пайдалы қазбалар
- B) Денсаулық – ұрпақ болашағы
- C) Денсаулықты сақтау жолдары
- D) Қазақстан денсаулық сақтау ұйымдары

- Т
- 1) Мәтін мазмұнында пайдалы қазбалар жайлы азырақ мәлімет қамтылған, бірақ ол мәтінге тақырып болуға жарамайды.
 - 2) Мәтін мазмұны бойынша денсаулыққа зиянды нәрселерден қорғану, ұрпақ болашағы өз қолымызда екені жайлы айтылған. Ол ақпарат мәтін мазмұнын толық қамтып тұр.
 - 3) Мәтін мазмұнында денсаулықты күту керек екендігі, денсаулықты сақтаудың жолдары туралы пайдалы кеңестер берілген. Ол да мәтін мазмұнын толық ашып тұрған жоқ.
 - 4) Мәтін мазмұнында Қазақстанның денсаулық ұйымдары туралы ешқандай ақпарат жоқ.

23 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.

- A) Тазалық – денсаулық кепілі.
- B) Қазақстанда Сиверс алмасы көп кездеседі.
- C) Денсаулығы жақсы ұрпақ – жарқын болашақ кепілі.
- D) Тыныс алудың қиындауы – аурудың ең алғашқы белгісі.

- Т
- 1) Мәтін мазмұны бойынша бұл қорытынды соңғы бөлігінде берілген, мәтіннің жалпы мазмұнын нақтыламайды.
 - 2) Мәтін мазмұны бойынша Сиверс алмасының елімізде кездесетіндігі жайлы ақпарат бар болғанымен, мәтін мазмұнын қорытындыламайды.
 - 3) «Денсаулығы мықты білімді ұрпақ – еліміздің жарқын болашағы» деген ақпарат мәтін мазмұнын нақтылай алады.
 - 4) Мәтін мазмұнындағы тыныс алудың қиындауы аурудың алғашқы белгісі екендігі туралы ақпарат мәтін мазмұнын қорытындылай алмайды.

24 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите менее важную информацию по содержанию текста.

- A) Адамның дені сау болу үшін оны күту керек.
- B) Ұрпақ денсаулығы өз қолымызда.
- C) Аурудың алдын алу керек.
- D) Алманың 36 түрі бар.

- Т
- 1) Бұл өте маңызды, негізгі ақпаратқа жатады.
 - 2) Ұрпақ денсаулығы жөніндегі ақпарат маңызды болып табылады.
 - 3) Мәтінде аурудың алдын алу керек деген ақпарат маңызды.
 - 4) Алма түрлерінің саны туралы ақпарат қосымша берілген.

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

Выберите наиболее подходящий подзаголовок для первого абзаца текста.

- A) Еліміздің жарқын болашағы
- B) Өндірістің денсаулыққа әсері
- C) "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы
- D) Қазақстанның басты байлығы – мұнай.



- 1) Бұл тақырып бірінші азатжолының негізгі ақпараты емес, себебі Қазақстанның болашағы баяндалмайды.
- 2) Бірінші азатжолының негізгі ойы — өндіріс орындарының адам ағзасына тигізетін әсері жайлы.
- 3) Бұл мекеме мысал ретінде келтірілген.
- 4) Мәтінде мұнай туралы ақпарат берілгенімен, бұл бірінші азатжолының негізгі ақпараты емес.

6-МӘТІН

Менің аты-жөнім – Айдарханов Дәурен. Менің мамандығым – журналист. Маған бұл мамандық бала кезімнен ұнайды. Мен 2006 жылы эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін бітіріп шықтым. Алғашқы еңбек жолымды елімізде жаңадан ашылған «Балапан» телеарнасында журналистік қызметтен бастадым.

Өзім қызмет атқаратын сүйікті телеарна жайлы айтып өтсем, бесіктен бөлі шыққан кішкентай нәрестеден бастап, тілі былдырлап шыға бастаған балыңдарды экранның алдына жинайтын «Балапан» телеарнасының бір артықшылығы өз хабарларын тек қана мемлекеттік тілде таратады. Бұл – әуелгі кезекте, баласы қазақша тіл сындырмаған отбасыларға таптырмайтын тәрбиелік құрал.

Қазақстанда электронды ақпарат құралының қатарына қосылған «Балапан» телеарнасы таңғы оннан кешкі онға дейін балаларға базарлық тарту етпек. Бұл интеллектуалды жобаның жүзеге асуын «Қазақстан» ұлттық телеарнасы өз мойнына алып отыр. Балалар енді «Алақай, балақай!» хабарымен бірге оянайтын болады. Спорттық, ойын-сауық, бағдарламасының, арқасында денелерін шынықтырып, бой сергітіп алға мүмкіндік бар. Бүлдіршіндер телеарна арқылы ана тілінде әріп танып, шығармашылық қабілеттерін де шыңдай алады. Эфирде тұрақты түрде «Әліппе», «Ғажайыпстанға саяхат», «Айжұлдыз» сынды танымдық бағдарламалар көрсетілімек. «Айгөлек» тасада жүрген жас таланттарды ашса, «Шеберханада» балалар түрлі өнерлерді игереді. Сонымен қатар үш пен он жас аралығындағы балаларға арналған ұлттық мәдениет пен әдебиетке де қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты хабарлар саны да қайыңдалыпты. «Балапан» телеарнасының жетекшісі Жанар Шәмелдің айтуынша, «Балапанның» хабарларының бәрі де педагог-психолог мамандардың қатысуымен, балалардың жас ерекшеліктері мен мінез-құлықтарын ескере отырып жасалады. Мұның сыртында әлемдік балалар киносы мен анимациялық фильмдердің ең үздік туындылары «Қазақстан» ұлттық арнасының дубляж бөлімінде қазақша дыбысталып, ұсынылмақшы.

«Балапан» тек қазақ тілінде шығады. Енді біздің алдымызда «Балапанды» ғарыштық байланыс арқылы әр елді мекенге, әр аңызға тарату мақсаты тұр. Маған өз қызметім мен өзім қызмет жасайтын «Балапан» телеарнасы қатты ұнайды.

26 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

- A) «Қазақстан» ұлттық телеарнасының қызметі сипатталады.
- B) «Балапан» телеарнасының жетекшісі Жанар Шәмел туралы баяндалады.
- C) Өзінің және «Балапан» телеарнасының жұмысы туралы мәлімет берілген.
- D) «Айгөлек» тасада жүрген жас таланттарды елге танытып, жол ашып береді.

- Т
- 1) Мәтін мазмұны бойынша «Қазақстан» телеарнасының ашқан белгілі бір арнасы жайлы, ал жалпы ұлттық арна туралы мәлімет мәтінде қамтылмаған.
 - 2) Мәтін мазмұнында «Балапан» телеарнасының жетекшісі Жанар Шәмел туралы айтылып өткенімен ақпарат негізгі ойды білдірмейді.
 - 3) Мәтін мазмұны бойынша Дәуреннің өз қызметі мен жұмыс істейтін «Балапан» телеарнасы туралы ақпарат мәтіннің негізгі ойын білдіреді.
 - 4) Мәтін мазмұны бойынша ұлттық арнадағы «Айгөлек» жобасы қазақстандық телеарналар туралы ақпарат қамтылғанымен, негізгі ақпарат емес.

27 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для текста.

- A) Менің сүйікті жұмысым
- B) «Қазақстан» телеарнасы
- C) Менің мамандығым
- D) "Балапан" телеарнасы

- Т
- 1) Автордың негізгі мақсаты – өзінің жұмыс орны туралы, жұмысы өзіне ұнайтыны туралы ақпарат беру.
 - 2) Мәтін «Балапан» телеарнасы жайлы болғандықтан, мазмұнындағы «Қазақстан» телеарнасы туралы ақпарат негізгі болып саналмайды.
 - 3) Мәтін мазмұнында автордың мамандығы туралы ақпарат бар, негізгі ақпарат емес.
 - 4) Негізгі ой жалпы "Балапан" телеарнасы емес, сонда жұмыс істейтін қызметкер туралы.

28 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.

- A) Жанар Шәмел – "Балапан" телеарнасының жетекшісі.
- B) 2012 жылы балаларға арналған «Балапан» телеарнасы ашылады.
- C) «Балапан» – балаларға қазақ тілін үйрететін негізгі арналардың бірі.
- D) «Қазақстан» ұлттық телеарнасында «Әліппе» бағдарламасы ашылды.

- Т
- 1) Мәтінде Жанар Шәмел туралы ақпарат бар, бірақ негізгі емес, мәтіннің жалпы мазмұнын ашпайды.
 - 2) 2012 жылы «Балапан» телеарнасының ашылатындығы туралы ақпарат мәтін мазмұнын нақты болғанымен, мәтін мазмұнын қорытындылай алмайды.
 - 3) «Балапан» – балаларға қазақ тілін үйретуге арналған арна. Сондықтан, аталған ақпарат мәтіннің мазмұнын нақтылайтын қорытындыға жатады.
 - 4) Мәтін мазмұнында «Қазақстан» телеарнасында «Әліппе» бағдарламасының ашылғандығы туралы ақпарат кездеспейді.

29 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите менее важную информацию по содержанию текста.

- A) «Балапан» – балаларға арналған телеарна.
- B) Университетте журналистика факультеті бар.
- C) Дәурен «Балапан» телеарнасында қызмет істейді.
- D) Алдағы мақсат – «Балапан» телеарнасын әр ауылға тарату.

- Т
- 1) Бағдарламаның балаларға арналғандығы жайлы ақпарат мәтін мазмұнындағы маңызды ақпаратқа жатады.
 - 2) Мәтінде журналистика факультеті туралы ақпарат берілгенімен, бұл ақпарат маңызды ақпарат емес.
 - 3) Мәтінде Дәуреннің телеарнада қызмет істейтіндігі туралы ақпарат маңызды болып тұр.
 - 4) Мәтінде телеарнаны әр ауылға тарату туралы ақпарат маңызды болып табылады.

30

Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для третьего абзаца.

- A) Ұлттық телеарна
- B) Электронды ақпарат құралдары
- C) Телеарна бағдарламалары
- D) "Алақай, балақай!" хабары

Т

- 1) Мұнда ұлттық телеарнаның қызметі жайлы, қосымша айтылып өткендіктен, үшінші азатжолға ол тақырып бола алмайды.
- 2) Мәтіннің үшінші азатжолында "Балапан" телеарнасы электронды ақпарат құралдарының қатарына қосылған" деген ақпараттан басқа ақпарат жоқ.
- 3) Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша бола алатын телеарна бағдарламалары туралы ақпарат бар.
- 4) Мәтіннің үшінші азатжолында тек қана "Алақай, балақай!" туралы емес, басқа да бағдарламалар туралы айтылған.

7-мәтін

«Хабар» – еліміздегі жетекші телеарналардың бірі. Осыған орай оған бүгінде артылатын жауапкершіліктің, де салмағы ауыр. Ал министрлік агенттік тарапынан ұсынылған кез келген бастаманы қолдауға дайын», - деді Мәдениет, ақпарат және байланыс министрі. Келесі жылдан бастап «Хабар» агенттігі» Акционерлік қоғамын қаржыландыру айтарлықтай ұзаятын болады. Алдын ала есеп бойынша ол 6 миллиард 200 миллион теңгені құрамақ. Бұл туралы Мәдениет, ақпарат және байланыс министрі «Хабар» агенттігі» Акционерлік қоғамының өкілдерімен болған кездесуде мәлім етті. Министрдің сөзіне қарағанда, бұл қаржы агенттік өкілдері тарапынан білдірілген ұсыныстар неізінде әлі де болса пысықталмақ.

«Бүгінде агенттікке артылатын жүк ауыр. Өйткені ол – еліміздегі жетекші арналардың бірі. Агенттікке қарасты телеарналардың хабарлары – Елбасының, ұдайы назарында. Мемлекет басшысы агенттікке қарасты арналарды тек тамашалап қана қоймай, оған қаржылық тұрғыдан да үлкен қолдау көрсетіп келеді. Мысалы, 2006 жылы агенттікке берілген мемлекеттік тапсырыс 3 миллиард 900 миллион теңге болса, небәрі үш жылдан соң, бұл көрсеткіш 5 миллиард 900 миллион теңгеге жетті. Бұл – өте үлкен сома», - деді министр.

Қазақ тіліндегі хабарлары елу пайызға жетпейтін телеарналар заң жүзінде қатан жауапқа тартылады. «Бәсекеге қабілетті қазақи ортаны қалыптастыру – басты міндеттеріміздің бірі. Елімізде қазір өз тілін түсінбейтін бірде-бір қазақ жоқ. Бұл мәселені «Хабар» агенттігі басты назарда ұстағаны жөн», - деді министр. «Біз бүгінде телеарна саласындағы үлкен өзгерістерді күтіп отырмыз. Ол – сандық, телеарнаға көшпен байланысты мәселе. Қазір біз сандық телеарнаға көшуге қажетті шыншандардың мөлшерін анықтау үстіндеміз», - дейді министр.

31

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для первого абзаца.

- A) Министрдің баяндамасы
- B) Министрдің "Хабар" агенттігін қолдау
- C) "Хабар" агенттігін қаржыландыру
- D) «Хабар» - Қазақстандағы басты телеарналардың бірі.

Т

- 1) Жалпы бүкіл мәтінде министрдің баяндамасынан үзінділер берілген, сондықтан бұл тақырып бірінші азатжолының тақырыбы деп айта алмаймыз.
- 2) Бұл ой бірінші азатжолының негізгі ақпараты емес.

- 3) Бұл ақпарат бірінші азатжолдың негізгі ақпараты емес.
4) Мәтіннің бірінші азатжолында автордың негізгі ойы "Хабар" телеарнасы туралы, оның республикамыздағы жетекші телеарналарының бірі екендігін айту.

32 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для второго абзаца.

- A) Министрдің есебінен
- B) Елбасы назарындағы телеарна
- C) Телеарна саласындағы өзгерістер
- D) «Хабар» телеарнасының даму жолы

Т

- 1) Мәтіннің екінші азатжолында министрдің сөзі бар, бірақ бұл тақырып нақты емес, өйткені есеп бергені жайлы ақпарат жоқ.
- 2) Елбасының басты назарындағы телеарна деген ақпарат мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша бола алады.
- 3) Мәтін мазмұнындағы телеарна саласындағы өзгерістер туралы ақпарат екінші азатжолға дәлірек тақырыпшаға келмейді.
- 4) Мәтіннің екінші азатжолында «Хабар» телеарнасының даму жолы жайлы ақпарат берілмейді.

33 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для третьего абзаца.

- A) Тіл үйренушілер бағдарламасы
- B) "Хабар" агенттігінің басты міндеттері
- C) Қазақ тіліндегі хабарлардың санын көбейту
- D) «Хабар» - қазақи ортаны қалыптастыратын арна

Т

- 1) Мәтін мазмұнының үшінші азатжолында жалпы агенттіктің негізгі міндеттері туралы ақпарат ашылмаған.
- 2) Мәтіннің үшінші азатжолында тіл үйренушілерге арналған бағдарлама туралы ақпарат берілмеген.
- 3) Мәтіннің үшінші азатжолында телеарнаның қазақи ортаны қалыптастыруы алдына қойылған міндет, ал оған жетудің бір жолы қазақ тіліндегі хабарлар санын көбейту керек деген.
- 4) Мәтіннің үшінші азатжолында қазақи ортаны қалыптастыру міндеті жайлы айтылады.

34 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок к тексту.

- A) «Хабар» агенттігінің қаржысы
- B) «Хабар» телеарнасының болашағы
- C) Еліміздегі мықты телеарналардың бірі
- D) «Хабар» телеарнасы сандық телеарнаға көшуде

Т

- 1) «Хабар» агенттігінің қаржысы жайлы ақпарат мәтіннің екінші азатжолында ғана аталып отырғандықтан бүкіл мәтінге ол нақтырақ тақырып бола алмайды.
- 2) Мәтінде «Хабар» телеарнасының болашағы туралы ақпарат мәтін мазмұнында қамтылмаған.
- 3) «Хабар» телеарнасының жетекші телеарналардың бірі екендігі туралы ақпарат мәтін мазмұнын нақты көрсетіп, тақырып мәтін мазмұнына сәйкес келіп тұр.
- 4) «Хабар» телеарнасының сандық телеарнаға көшуі қосымша ақпарат қана болып табылады.

35 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

- A) "Хабар" агенттігінің қазіргі хал-жағдайы мен даму жолдары
- B) Телеарнадағы қызметкерлер жұмысы жайлы сипатталады.
- C) Республикамыздағы айтулы телеарналардың бірі туралы
- D) «Хабар» телеарнасы бағдарламаларының жағдайы баяндалады.



- 1) Мәтінде "Хабар" агенттігінің толық хал-жағдайы мен даму жолдары анықталмаған, тек министрдің баяндамасынан кейбір үзінділері келтірілген.
- 2) Мәтінде «Хабар» телеарнасының қызметкерлерінің атқаратын жұмысы сипатталмайды.
- 3) Мәтінде «Хабар» телеарнасы еліміздегі айтулы телеарналардың бірі екендігі туралы баяндалады.
- 4) Мәтінде «Хабар» телеарнасының бағдарламаларының жағдайы толық ашылмайды.

8-МӘТІН

Есте жоқ, ерте заманда бидай өз бетімен өседі екен. Бір жылы құраңшылық болады. Піршілік үшін жанталасқан өсімдік атаулы Ақ бидайды жан-жағынан қауғалап, астындағы сұды тартып алады. Кейбір бойшаң, бұталар күннің көзіне қасақана тұрып алып, жарық түсірмейді. Сөйтіп, Ақ бидайдың жағдайы күннен-күнге нашарлай бастайды. Ақырында өлер халге жетеді. Содан соң, олай-бұлай өткен әр түрлі аңғардан жәрдем сұрайды. Үстінен әрлі-берлі қалықтап ұшып жатқан үлкенді-кішілі құстарға жалбарынады. Бірақ оның өтінішіне, мұң-зарына ешкім құлақ аспайды. Енді өлдім ғой деген сәтте Ақ бидайға садақ асынған, қолында найзасы бар, аң аулап жүрген Адам тап болады. Бидай байұс көзінің жасын төгіп тұрып, Адамға мұңын шағады. Адам ойланyp тұрып, ақырында оның өтінішін қабыл алады. Садағын жерге қойып, найзасын бұтаға сүйей салады да, білегін сыданып жіберіп, іске кіріседі. Ақ бидайдың айналасындағы шөптің бәрін қолымен отап, тып-типыл қылады. Олардың бидайға ауыз салып жатқан тамырларын найзасының ұшымен қонарып тастайды.

Бұлаққа барып тақиясына толтырып сү әкеледі. Әлсіреп қалған Ақ бидай мөлдір сұға қанып бой түзеп, құлдырып сала береді. Адам да жиі-жиі келіп, бидайға қамқор болып жүреді. Қаскөй шөп, тікендерді оның қасына жұытпай, мезгіл-мезгіл сұарып тұрады. Күзге салым бидай піседі. Бақанадай қандерінің бір түйірін де шашау шығармастан, Адамға тарту етеді. Адам сыйға алған қәнін бір қыс сақтайды.

Көктем шыққанда ол үйшігінің жанындағы тәуірлеу жерді қопсытып, соған әлгі қәнді себеді. Жаз бойы арам шөбін жұлып, мезгілімен сұарып, баптап тұрады. Ақырында еңбегі зая кетпей, күзде Адам бір қорба бидай алады. Келер жылы бір қап, содан соң он қап, одан соң мың қап, қойшы, адамзат бидайды әлденеше миллион қап етіп алатын болды. Адам мен Ақ бидайдың айырмалас достығы ерте заманда осылай басталған екен.

36

Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

Выберите наиболее подходящий заголовок текста.

- A) Ақ бидайдың өтініші
- B) Ақ бидай туралы әңгіме
- C) Адам мен Ақ бидайдың жағдайы
- D) Адам мен Ақ бидайдың достығы



- 1) Мәтінге «Ақ бидайдың өтініші» деген тақырып нақты бола алмайды, себебі ол ақпарат тек бірінші азатжолда ғана қамтылып отыр.
- 2) Мәтіндегі «Ақ бидай туралы әңгіме» деген тақырыпта «әңгіме» деген сөз жанрды көрсеткенімен, нақты тақырып емес.
- 3) Адам мен Ақ бидайдың жағдайы нақты тақырып бола алмайды, себебі мәтінде бидайдың жағдайын суреттеп қана қоймай, олардың арасында достық пайда болғаны туралы айтылады.
- 4) Бұл жауаптағы ақпарат мәтінге нақты тақырыпқа сай келеді.

37 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для первого абзаца.

- A) Еңбектің зая кетпеуі
- B) Ақ бидай мен Адамның кездесуі
- C) Бидайдың Адамға берген сыйлығы
- D) Бидайдың адам ағзасына тигізетін пайдасы

- Т 1) Мәтіннің бірінші азатжолына еңбектің зая кетпеуі деген ақпарат тақырыпша сәйкес келмейді, өйткені ондай ақпарат мәтіннің келесі азатжолында қамтылған.
2) Аталған бөлікте Ақ бидай мен Адамның кездесуі – негізгі ой, ең маңызды ақпарат.
3) Мәтіннің бірінші азатжолында Ақ бидайдың Адамға берген сыйлығы туралы ақпарат берілмеген.
4) Мәтіннің бірінші азатжолында бидайдың адам ағзасына тигізетін пайдасы туралы айтылмайды.

38 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для второго абзаца.

- A) Баданадай дән
- B) Адамның қамқорлығы
- C) Ақ бидайдың Адаммен достығы
- D) Ақ бидайдың Адамға берген сыйы

- Т 1) Мәтіннің екінші азатжолында баданадай дән деп, бидайдың берген сыйын мапаздап отырғандықтан, ол қосымша ақпарат болып саналады.
2) Мәтіннің екінші азатжолында адамның бидайға жасаған қамқорлығы жайлы ақпарат қамтылған.
3) Мәтіннің екінші азатжолында Адам мен Ақ бидайдың достығы жайлы ақпарат берілмеген.
4) Мәтіннің екінші азатжолында Ақ бидайдың Адамға берген сыйы айтылады, бірақ ол тақырып бола алмайды, себебі, әлсіреп қалған бидайға адамның көмек бергені жөнінде толығырақ ақпарат беріледі.

39 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для третьего абзаца.

- A) Адамның көмегі
- B) Ақ бидайдың өтініші
- C) Адам еңбегінің нәтижесі
- D) Бидай мен адамның кездесуі

- Т 1) Мәтіннің үшінші азатжолына адамның көмегі емес, еңбегі туралы айтылған.
2) Мәтіннің үшінші азатжолында Ақ бидайдың өтініші туралы ақпарат берілмеген.
3) Мәтіннің үшінші азатжолында адам еңбегінің зая, яғни бекер кетпеуі, нәтижесі туралы айтылады.
4) Мәтіннің үшінші азатжолында бидай мен адамның кездесуі жайлы ақпарат жоқ.

40 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

- A) Ақ бидай мен қаскөй тікеннің арпалысы
- B) Адам мен Ақ бидайдың достығы туралы
- C) Адам найзаның ұшымен топырақты қопарады.
- D) Қуаңшылық жылғы өсімдіктердің тіршілік үшін жанталасы

- Т 1) Қуаңшылық жылғы өсімдіктердің тіршілік үшін жанталасы басталғанда бидай мен тікеннің арпалысы оқиғаның шиеленісуін білдіреді.
2) Адам мен Ақ бидай достығы деген ақпарат мәтіннің негізгі идеяны білдіріп отыр.
3) Мәтінде адамның найза ұшымен топырақты қопарып, бидайға көмектесуі, қосымша ақпарат.
4) Мәтінде қуаңшылық жылдың басталғаны, өсімдіктердің тіршілік үшін жанталасы оқиғаның басталуына себеп болған жағдай, ол негізгі ойды білдірмейді.

9-МӘТІН

Досым Сәлімнің отбасы үлкен. Олар Панфилов ауданындағы Қоңырөлең ауылында тұрады. Сәлімнің отбасында жеті адам бар. Олар: әкесі, анасы, әйелі, қарындасы, інісі және ұлы. Әкесі Мәлік – мектепте мұғалім. Анасы Сара – балалар дәрігері. Әйелі Салтанат – кітапханашы. Қарындасы Ақниет – заңгер. Ол – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі. Қазір Ұлттық банкте заңгер болып жұмыс істейді. Інісі Әлім – Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің студенті. Ол – президенттік шәкіртақы иегері. Досым Сәлім – байланыс бөлімшесінің меңгерушісі. Оның ұлы Әлішер – бастауыш мектеп оқушысы. Ол – сыныбындағы озып оқушылардың бірі.

Қазақ отбасында ата-ананың орны ерекше. Әкені отбасының тірегі деп есептеген. Сондықтан «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», деп, әкені тауға, отбасының ұйытқысы ананы бұлаққа, баланы өсіп келе жатқан құраққа, шөпке теңеген. Досымның отбасы да ата-анасын ерекше құрметтейді. Сәлімнің әйелі Салтанат атасы мен енесін өз ата-анасындай жақсы көреді. Оларға үнемі шын ниетімен қызмет етеді.

Қазақ қонақжай халық. Қазақтар қамқоршы мен жұмсағын қонағына сақтайды. Сәлімнің отбасы да өте қонақжай. Үйлеріне келген қонақты сыйлап, құрметтеп төрге шығарады.

Салтанат – шебер аспаз. Ол ұлттық тағамдарды қамқоршы дайындайды. Салтанаттың пісірген бауырсағын бүкіл отбасы жақсы көреді. Салтанат сиыр сауып, айран ұйытады. Одан құрт-май жасайды. Әкелері Мәлік келінінің жасаған жентін сүйсініп жейді. «Менің Салтанатымның жасаған женті бала күнімдегі әжемнің жентіне ұқсайды», – деп, келінін үнемі мақтап отырады. Отбасындағы ерке қыз Ақниет те жеңгесін ерекше сыйлайды. «Ақ жеңгетай, маған да ас әзірлеуді үйретсеңші», – деп жеңгесінің жанынан қалмайды. Салтанат та өз білетінін Ақниетке үйретуден еш жалықпайды.

Тәні сауың, – жаны сау. Отбасы мүшелерінің барлығы спортпен шұғылданады. Олар таңертең ерте тұрып, спорттық жаттығулар жасайды.

41

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

Определите основную мысль текста.

- A) Әке мен бала арасындағы татулық
- B) Келін мен ата арасындағы сыйластық
- C) Үлгілі отбасы мүшелері арасындағы сыйластық
- D) Сәлімнің отбасында ата-аналарын ерекше құрметтейді.

Т

- 1) Әке мен бала арасындағы татулықты білдіретін ақпарат мәтіннің негізгі ойын білдіре алмайды.
- 2) Мәтін мазмұнына сүйенетін болсақ, келін мен ата арасындағы сыйластық мәтін мазмұнындағы негізгі ой болмайды.
- 3) Үлгілі отбасы мүшелері арасындағы сыйластықты білдіретін ақпарат мәтіннің негізгі ой болып табылады.
- 4) Мәтінде Сәлімнің отбасы мүшелері ата-аналарын ерекше құрметтейтіндігі туралы ақпарат болғанымен, негізгі ойды білдірмейді.

42 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок к тексту.

- A) Досымның отбасы
- B) Әке – отбасының тірегі
- C) Қазақ – қонақжай халық
- D) Спорт – дене шынықтырудың кепілі

Т

- 1) Мәтінде досы Сәлімнің отбасы туралы жан-жақты ақпарат берілген.
- 2) Мәтінде әкенің отбасының тірегі екендігі туралы ақпарат болғанмен, мәтіндегі негізгі ақпарат қазақ отбасындағы әкенің рөлі туралы емес.
- 3) Мәтінде қазақ халқының қонақжай халық екендігі жайында ақпарат берілген, бірақ бұл ақпарат мәтінге нақты тақырып емес.
- 4) Мәтінде отбасы мүшелерінің спортпен шұғылданатындығы жайында ақпарат берілгенмен, бұл нақты тақырып болмайды.

43 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.

- A) Досымның отбасы үлкен әрі тату.
- B) Әйелі Салтанат кітапханада істейді.
- C) Ақниет – отбасындағы кенже ерке қыз.
- D) Қоңырөлең – Панфилов ауданының орталығы.

Т

- 1) Мәтінде Сәлімнің отбасы үлкен де тату екендігі туралы ақпарат берілген, әрі бұл ақпарат мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды бола алады.
- 2) Мәтінде Салтанаттың кітапханашы екендігі туралы ақпарат бар, алайда бұл ақпарат мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды емес.
- 3) Мәтін мазмұнына сүйенсек, Ақниет отбасындағы кенже қызы емес, ерке қызы деген қосымша ақпарат ретінде берілген.
- 4) Мәтінде Қоңырөлең Панфилов ауданының орталығы екендігі жайлы ақпарат жоқ.

44 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите менее важную информацию по содержанию текста.

- A) Сәлімнің отбасы үлгілі.
- B) Сәлімнің ұлы – оқушы.
- C) Қазақ – қонақжай халық.
- D) Ата-ананың орны ерекше.

Т

- 1) Мәтін мазмұнындағы ақпарат Сәлімнің отбасы үлгілі екендігін көрсетеді, бұл өте маңызды ақпарат.
- 2) Мәтінде Сәлімнің ұлының оқушы екендігі жайлы ақпарат маңызды емес, қосымша ақпарат.
- 3) Қазақ – қонақжай халық, даусыз бұл ең маңызды ақпарат.
- 4) Қазақ отбасында ата-ананың орны ерекше, әрине бұл ақпарат маңызды емес деп айта алмаймыз.

45 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для первого абзаца.

- A) Досым Сәлім
- B) Қонақжайлылық
- C) Отбасы мүшелері
- D) Отбасыдағы сыйластық

Т

- 1) Сәлім туралы ақпарат берілгенмен байланыс бөлімшесінің меңгерушісі деп, тек Сәлім жайлы емес, оның отбасы туралы да айтылады.
- 2) Қонақжайлылық туралы ақпарат мәтіннің үшінші азатжолында берілген.
- 3) Бірінші азатжолда Сәлімнің отбасы мүшелері туралы толық ақпарат беріледі.
- 4) Отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас туралы ақпарат мәтіннің екінші азатжолында берілген.

10-МӘТІН

Ағаш пен сүйектен оюлап тұрмыстық, музыкалық аспаптар жасау – халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрлі өнерлерінің бірі. Сүйектен ойып әшекейлі бұйым жасайтын шеберлерді, ағаш ұсталарын жұрт бұйым жасау үшін алыстан іздеп келетін болған. Қолөнер шеберлері ағаш бұйымдардың бетіне, атың, қалың-сайман, ер-тұрманына, музыкалық аспаптарға сүйектен ойып өрнек салған.

Ағаштан оюлап жасалатын тұрмыстық заттың көп тараған түрі – ағаш төсек, кебеже, сандық. Халық шеберлері ағаштан түрлі ыдыстар да дайындаған. Олар астау, тостаған, саптыаяқ, ожау сияқты ыдыстар жасаған. Мұндай әшекейлі заттар қазақтың баспанасы киіз үйге ерекше сән беріп тұрған. Көздің жауын алатын әсем оюлар киіз үйдің сүйегіне де түсірілген.

Осындай шеберлердің бірі – Дүйсен ағай. Ол Алматы облысының Кеген ауылында тұрады. Дүйсен ағай – жеке кәсіпкер. Оның ағаштан ұлттық бұйымдар жасайтын бірнеше шеберханасы бар. Оның бірінде төсек, сандық, кебеже жасалады. Оны ағайдың үлкен ұлы Қанат басқарады. Екінші ұлы Санат түрлі ою салынған киіз үй жасайтын шеберхананы басқарса, үшінші шеберханасын өзі басқарады. Онда ұлттық музыкалық аспап домбыра жасалады.

Қазақтың музыка мәдениеті тарихында домбыра ел ішіне кең тараған екі, үш ішекті, шертіп немесе қағып ойнайтын музыкалық аспады ретінде ертеден белгілі болған. Қазақ жерлерінің әр өңірінде тұратын халық шеберлері домбыраны әр түрлі үлгіде жасаған. Домбыра жасауға қайың, қарағай, жөке, шырша, үйеңкі сияқты ағаштар пайдаланылған. Дүйсен ағай да домбыра жасау үшін осы ағаштарды пайдаланады. Ағай домбыраның шанағын бөлшек-бөлшек ағаштардан немесе сом ағаштан ойып жасайды. Шанақтың қақпағына қос ішектен дыбыс беретін тиік орнаттылады. Ал ұзынша мойнына иірген ішектен екі немесе үш ораған пернелер тағылады.

Домбыра – қазақ музыка мәдениеті тарихында ел ішіне ең көп тараған аспап. Ол – қазақ халқының тарихын паш ететін киелі музыкалық аспап. Үй ішінің біреуі домбыра шертпейтін отбасы қазақ арасында кем де кем. Сондықтан да Дүйсен ағайға келушілер саны өте көп. Олар еліміздің барлық аймағынан келеді. Олардың бірі домбыраны өз отбасына арнап жасатса, енді біреулері сыйға тарту үшін әзірлейді. Тіпті халық арасында кеңінен танылған әнші-күйшілерге арнап жасататындар да бар.

Дүйсен ағайдың отбасы – қонақжай. Ол шеберханасына келген адамды жылы шыраймен қарсы алып, төрге шығарады. Келген қонақты төрге шығару – қазақ халқының салты бойынша құрмет көрсетудің белгісі. Келушілер ағайдың отбасының қонақжайлығы мен шеберлігіне тәнті болады. Тапсырыс берушілер саны да жылдан-жылға артып келеді.

Шеберлер дәстүрі бүгінде жалғасын тауып келеді.

Отандық кәсіпкерлер жасаған ұлттық бұйымдардың сапасы өте жақсы.

46 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

- A) Киіз үй ағаш шеберханасында жасалады.
- B) Жеке кәсіпкерлікпен айналысу – табыс көзі.
- C) Отандық өнімдердің сапасы жыл санап артып келеді.
- D) Ұлттық бұйымдарды дәріптеу – бүгінгі ұрпақтың парызы.

Т

- 1) Киіз үй ағаш шеберханасында жасалады деген ақпарат негізгі ойды анықтамайды.
- 2) Жеке кәсіпкерлікпен айналысу – табыс көзі жайлы мәлімет негізгі ой болып саналмайды.
- 3) Мәтінде берілген отандық өнімдердің сапасы жыл санап артуы қосымша айтылған ақпарат, негізгі ой болып саналмайды.
- 4) Ұлттық бұйымдарды дәріптеу жөніндегі ақпарат негізгі ойды анықтап тұр.

47 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок к тексту.

- A) Он саусағынан өнер тамған хас шебер
- B) Музыкалық аспаптар – халық қазынасы
- C) Ағаштан жасалатын заттардың қолданылуы
- D) Қолөнер шеберлерінің әшекей бұйымдарды жасауы

Т

- 1) Бұл тақырып мәтіннің мағнасына сай нақтырақ тақырып, өйткені мәтін шеберлер дәстүрі туралы.
- 2) Музыкалық аспаптар туралы ақпарат мәтінде бар, бірақ ол маңызды ақпарат емес.
- 3) Ағаштан жасалған бұйымдардың қолданылуы қосымша ақпарат болғандықтан бүкіл мәтін мазмұнын қамтитын тақырып бола алмайды.
- 4) Мәтін әшекей бұйымдарды жасауы жайлы ғана емес, бұл қосымша ақпарат.

48 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.

- A) Дүйсен ағай – шебер әрі жеке кәсіпкер.
- B) Домбыра – қазақ халқының музыкалық аспабы.
- C) Қонақты төрге шығару – құрмет көрсетудің белгісі.
- D) Төсек, кебеже, сандық жасайтын шеберхананы Санат басқарады.

Т

- 1) Мәтіндегі Дүйсен ағайдың шеберлігі туралы ақпарат мәтіннің мазмұнын нақтылайтын қорытындыға жатады.
- 2) Домбыра қандай аспап екендігін анықтайтын ақпарат, мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыға жатпайды.
- 3) Құрмет көрсетудің белгісі жайлы ақпарат мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды емес.
- 4) Мәтін мазмұнында шеберхананы Серіктің басқаруы қосымша ақпарат болып табылады.

49 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите менее важную информацию по содержанию текста.

- A) Дүйсен ағайдың отбасы – қонақжай.
- B) Ағай домбыраның шанағын тек сом ағаштан ойып жасайды.
- C) Ұлттық бұйымдар жасайтын шеберлердің бірі – Дүйсен ағай.
- D) Домбыра – қазақтың ән-күй өнері саласындағы ең көп тараған ұлттық аспап.

Т

- 1) Дүйсен ағайдың отбасы қонақжай екендігі туралы ақпарат – маңызды ақпарат.
- 2) Мәтінде домбыраның шанағын тек сом ағаштан ойып жасалатындығы туралы ақпарат аса маңызды емес, қосымша ақпарат болып табылады.
- 3) Дүйсен ағай туралы берілген ақпарат – мәтіндегі негізгі ақпарат.
- 4) Мәтінде домбыраның қазақтың ұлттық ән-күй өнері саласындағы ең көп тараған аспаптарының бірі екендігі маңызды ақпараттың бірі.

50

Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для третьего абзаца.

- A) Дүйсен ағай
- B) Ұлттық бұйымдар
- C) Жеке кәсіпкерлік
- D) Домбыра – ұлттық аспап

Т

- 1) Мәтінде Дүйсен ағай – жеке кәсіпкер деген ақпарат берілген, сондықтан бұл жауап нақты емес
- 2) Мәтіннің үшінші азатжолында ұлттық бұйымдар туралы ақпарат – негізгі ой емес.
- 3) Мәтіннің үшінші азатжолында Дүйсен ағайдың шеберханалары, ұлдары туралы толық ақпарат берілген.
- 4) Домбыра шеберханада жасалады деген ақпарат бар, домбыра туралы толық ақпарат мәтіннің келесі азатжолында берілген.

3

Оқылым бөлігі. Қорытынды тест Блок Чтение. Итоговый тест

1-мәтін

Досым Дәуреннің отбасында 8 адам бар. Олар: атасы, әжесі, әкесі, шешесі, ағасы, жеңгесі, қарындасы. Атасы Қадір мен әжесі Зәмзә – зейнеткерлер. Анасы Айша – сауда экономикалық колледжінің оқытушысы, әкесі Талғат – жаттықтырушы. Ағасы Олжас – жеке кәсіпкер. Оның шағын кәсіпорны бар. Жеңгесі Балнұр мұғалім, облыстық қарынды балаларға арналған гимназияда оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істейді. Ол – отбасында тәрбиелі, үлгілі келін. Қарындасы Анар – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті. Ол – президенттік шәкіртқақы иегері. Досым Дәурен – есепші. Олар Алматы қаласында тұрады. Олардың үйі Құрманғазы Сағырбаев атындағы көшенің бойында. Үйлерінің алдында Шоқан Уәлихановқа арнап қойылған ескерткіш бар. Отбасы мүшелері кешке қарай үнемі осы ескерткіштің жанындағы саябаққа келіп тынығады.

Дәуреннің отбасы өзара тату. Әкесі мен ағасының табысы жақсы. Отбасының шығынын әкесі мен ағасы есептейді.

Дәуреннің отбасы – барлық қазақ отбасыларындай өте қонақжай. Үйлеріне келген қонақтарға үнемі үлкен ілтипат білдіріп, сыйлайды. Дастарқандарын жайып, төрге отырғызады. Олар ұлттық салт-дәстүрлерді үнемі сақтап отырады. Қазақта асқа үлкен адам бата беру дәстүрі бар. Сол дәстүрді досымның отбасы ешқашан бұзған емес. Атасы үнемі асқа бата қайырады. Дастарқанға ас қайыру – үлкен ізеттіліктің белгісі.

Әжесі Зәмзә – қолөнер шебері. Жасының ұлғайғанына қарамай үйде бос отырмайды. Ұршық, иіріп, тоқыма тоқиды.

Жеңгесі Балнұр мен қарындасы Анар – сырлас достар. Балнұр Анарды үнемі еркелетіп отырады. Анар да жеңгесінің көңілін қалдырмауға тырысады.

Дәуреннің отбасы – үлгілі, қонақжай қазақ отбасыларының бірі.

1

Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

- A) Дәуреннің атасының жасы нешеде?
- B) Досымның отбасында неше адам бар?
- C) Әкесінің қандай жеке кәсіпорны бар?
- D) Зәмзә сауда экономикалық колледжінің оқытушысы ма?

2

Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

Выберите информацию, соответствующую содержанию текста.

- A) Дәуреннің ағасы – есепші.
- B) Дәуреннің әкесінің аты – Олжас.
- C) Досымның атасы мен әжесі – зейнеткерлер.
- D) Досымның жеңгесі мен қарындасы – мұғалім.

3

Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные ключевые слова текста.

- A) Дәурен, әке, шәкіртақы, дәстүр
- B) әже, жезде, отбасы, әке, аға, Дәурен
- C) дос, отбасы, дәстүр, қонақжайлылық
- D) ата, дос, дастарқан, дастарқан, Дәурен

4

Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

- A) Дәурен – адал дос.
- B) Дәурен досымен бірге тұрады.
- C) Досымның отбасы – шағын әрі өзара тату отбасы.
- D) Дәуреннің отбасы – үлкен, үлгілі және қонақжай отбасылардың бірі.

5

Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Выберите ответ на вопрос, соответствующий содержанию текста.

Дәуреннің отбасы қайда тұрады?

- A) Шоқан ауылында
- B) ата-анасынан бөлек тұрады
- C) Құрманғазы атындағы көшеде
- D) Шоқан Уәлиханов атындағы көшеде тұрады

6

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

- A) Ұлттық университет туралы ақпарат беріледі.
- B) Үлгілі, қонақжай отбасы туралы ақпарат беріледі.
- C) Шоқан Уәлихановтың ескерткіші туралы ақпарат беріледі.
- D) Құрманғазы Сағырбаевтың күйлері туралы мәлімет беріледі.

7

Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок текста.

- A) Шағын отбасы
- B) Менің отбасым
- C) Досымның отбасы
- D) Қонақжайлық белгісі

2-МӘТІН

Мен бос уақытымда қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын оқығанды жақсы көремін. Үйде өзімнің кітапхана қорым бар. Мен қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын, қазақ әдебиеті тарихы мен тіл білімі туралы жазылған кітаптарды сатып алып, жинап жүремін.

Менің сүйікті ақыным – Мұқағали Мақатаев. Мұқағали Мақатаев 1931 жылы Алматы облысының Нарынқол ауданында дүниеге келген. Оның шығармаларының қайнар көзі – туған жері, замана тынысы. Ол өз шығармалары арқылы қазақ поэзиясын жаңа биіктерге көтерді, мазмұнын байытты. Мұқағали поэзиясы оның өлмес өнері, қанағатты поэзиясы қазақ халқының парасатын көтерді.

Мұқағали аударма саласында да еңбек сіңірді. Ол Дантениң «Құдіретті комедиясының», «Тамұқ» атты бөлімін, Шекспирдің «Сонеттерін», Уолт Уитменнің өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Кеше Жазушылар Одағында қазақ поэзиясының алып тұлғасы Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған кеш өтті. Қазақстан Жазушылар Одағының ғимараты Алматы қаласында Абылай хан даңғылының бойында орналасқан. Жазушылар Одағының үлкен залы көрермендерге толы болды. Кешке халқымыздың біртұар ақын қызы Фариза Оңғарсынова мен ақынның ұлы Жұлдыз және ақын шығармашылығын зерттеуші ғалымдар қатысты. Кеш барысында Мұқағали Мақатаевқа арнау өлеңдер мен ақық, ақынның өлеңдері оқылды. Ақынның «Аққұлар ұйықтағанда» поэмасы бойынша қойылым көрсетілді. Кеш қызықты да тартымды өтті.

Бүгін Республика сарайында концерт болады. Онда кәсіпқой бишілер би билеп, дәстүрлі әндер орындалады. Классикалық би билеу – үлкен өнер. Жұырда «Сарыарқа» кинотеатрынан «Көшпенділер» фильмін көрдім. Қазақ өнерін жоғары бағалаймын. Мен бос уақытымда кітап оқып, ән тыңдап, мәдени орындарға барғанды ұнатамын.

8

Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

- A) Ақынның қандай өлеңдерін білесің?
- B) Мұқағали Мақатаев қай жерде дүниеге келді?
- C) Жазушылар Одағының ғимараты Мұқағали Мақатаев көшесінде ме?
- D) Мұқағалидың Фариза Оңғарсыноваға арнап жазған өлеңі қалай аталады?

9

Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

Выберите информацию, соответствующую содержанию текста.

- A) Мәдени орындарға бару – менің сүйікті ісім.
- B) Менің сүйікті ақыным – Фариза Оңғарсынова.
- C) Маған дәстүрлі ән айтқан және тыңдаған ұнайды.
- D) Кеше Жазушылар Одағында Мұқағали кітаптарының көрмесі болды.

10

Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

Найдите главные ключевые слова текста.

- A) Мұқағали, поэзия, шығармашылық, шабыт
- B) қойылым, сүйікті іс, би, Жазушылар Одағы
- C) концерт, биші, фильм, Жазушылар Одағы, кеш
- D) бос уақыт, сүйікті іс, Мұқағали, кеш, концерт

11 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по изложению текста.

- A) Мұқағали өлеңдерін жатқа білемін.
- B) Мен қазақ өнерін жоғары бағалаймын.
- C) Жазушылар Одағында түрлі кештер өтеді.
- D) «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы – үздік туынды.

12 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Выберите ответ на вопрос, соответствующий тексту.

Мұқағали Мақатаевқа арналған кеш қайда өтті?

- A) Жазушылар Одағында
- B) Республика сарайында
- C) ақынның туған жерінде
- D) «Сарыарқа» кинотеатрында

13 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

- A) Жазушылар Одағы туралы толық ақпарат беріледі.
- B) Қазақ әдебиетіндегі поэзия жанры насихатталады.
- C) Бос уақытында айналысатын сүйікті істері жайлы баяндалады.
- D) Қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығы таныстырылады.

14 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок текста.

- A) Би өнері
- B) Ақиық ақын
- C) Менің сүйікті ісім
- D) Жазушылар Одағы

3-МӘТІН

Жер жаннаы – Жетісуғаы «Ақбұлақ» шипажайы Алматы қаласынан 15 км жерде, Талғар ауданының, Алатау бөктеріндегі Шымбұлақ шатқалында орналасқан. Бүгінгі заманның талабына сай күрделі жөндеуден өткен шипажай кезінде ғарышкерлердің, ұшып келгеннен кейін денсаулығын сауықтыру орны болғаны бекер болмаса керек.

Шипажай орналасқан жердің табиғаты әсем. Оның 250 метр тереңдіктен шығатын минералды суы бар. Шипажай маңында қысы-жазы сылдырлап өзен ағып тұрады. «Ақбұлақ» шипажайын қайың, шырша, емен ағаштары көмкеріп тұр. Шипажайдағы жүзу бассейні мен спорттың түр-түріне арналған орындары толық демалып, денені сауықтыруға оң әсерін тигізеді. Онда денсаулықты сауықтыруға және нығайтуға барлық жағдай жасалған.

Шипажай аумағына 2002 жылы 3 қабатты жаңа емдеу орталығы салынды. Бұл орталық бүгінгі заманның талабына сай диагностика, емдеу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Емдеу орталығында жүрек, асқазан, ішек, бүйрек, жыныс бездері, бауыр, өкпе, жүйке жүйесі, бұын, сүйек, омыртқа, тері ауруларына арнайы жобалармен емдеу тәсілдері жолға қойылған. Емдеу тәсілдері адамның жасына, қан құрамына, өмір сүру тәртібіне, тамақтану әдісіне байланысты әр адамға жеке бағдарламамен қолданылады. Емдеу түрлері табиғи, халықтық медицинасына сүйене отырып, шөптің, бірнеше түрлерімен, балшықпен, минералды суменен, инемен, сүлікпен, тұзды немесе оттегімен азондалған ауамен, денені шлактан, ұлы заттардан тазарту әдістерімен, тағамның ішү тәртібін реттеу немесе аспен емдеу, қымыз, шұбатты пайдалану, әртүрлі дене шынықтыру тәсілдерімен ауру денені қалпына келтіру, тоқпен, жарықпен, шүңгіт тасымен және денені ұзу, су астында омыртқаны созу, массаждың әртүрлі әдістерін қолдану сияқты ем-шаралар қолданылады. Онда денені тазартудың қан тазарту, бауыр өтін жүзу, ішекті минералды сумен тазарту әдістері кеңінен пайдаланады. Емдеу тәртібі сенбі, жексенбі күндерінде де жалғасады. Шипажайға келген адамдар ем алудан қатар Алматы, Алматы облысының тарихи ескерткіштері мен сәулет өнерінің тұңдыларына экскурсия жасайды. Бос уақыттарында би, ойын-сауық, кино, концерт тамашалап, спорттың түр-түрімен айналыса алады. Бөлмелерге ыстық-мұздай минералды су қосылып, тоңазытқыш, көгілдір экран, телефон және ұялы телефонның бәрімен байланыс орнатылған.

«Денсаулық – зор байлық», – дейді қана халқымыз. Ендеше, денсаулықтың жақсы болуы – үнемі күтіп, уақытылы емделгенде ғана болатынын ұмытпайық.

15

Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

- «Ақбұлақ» шипажайы қай жерде орналасқан?
- A) Талғар қаласында
 - B) Алматы қаласында
 - C) Талғар қаласының орталығында
 - D) Талғардағы Шымбұлақ шатқалында

16 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую содержанию текста.

- A) «Ақбұлақ» – сауықтыру спорт кешені.
- B) «Ақбұлақ» – тек сүлікпен емдейтін орталық.
- C) «Ақбұлақ» – денсаулықты, сауықтыру орталығы.
- D) «Ақбұлақ» – тек инемен емдейтін шипажайдың бірі.

17 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные ключевые слова текста.

- A) денсаулық, ауру, емен, шипажай
- B) денсаулық, шипажай, ем, сауықтыру
- C) денсаулық, шипажай сүйек, шұбат, ем
- D) денсаулық, бауыр, бүйрек, бұлшықет

18 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.

- A) Шипажай жанында жыл бойы сылдырлап өзен ағады.
- B) «Ақбұлақ» орналасқан жерде қайың, шырша, емен ағаштары өсіп тұр.
- C) Шипажайдағы жүзу бассейні денені сауықтыруға көп пайдасын тигізеді.
- D) Шипажайда денсаулықты сауықтырып, нығайтуға барлық жағдай жасалған.

19 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Выберите ответ на вопрос, соответствующий содержанию текста.

Шипажайдағы емдеу орталығы қандай жабдықтармен қамтамасыз етілген?

- A) жүрек қызметін реттейтін құралдармен
- B) заманға сай диагностика, емдеу құралдарымен
- C) түрлі ауруларды анықтайтын құрал-жабдықтармен
- D) өкпе ауруларын тексеретін бүгінгі заманғы құралдармен

20 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

- A) Талғар ауданындағы шипажай туралы баяндалады.
- B) Минералды судың пайдасы туралы ақпарат беріледі.
- C) Денсаулықты сақтау жолдары туралы ақпарат беріледі.
- D) Телеграф байланысының маңызы туралы ақпарат беріледі.

21 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок текста.

- A) Балшықпен емдеу орны
- B) Денсаулықты сауықтыру орны
- C) Халықтық медицина орталығы
- D) Минералды сумен емдейтін шипажай

- 22 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.
- A) Денсаулық – зор байлық.
 - B) «Ақбұлақ» – сүйек ауруларын емдейтін орын.
 - C) «Ақбұлақ» – тері ауруларын емдейтін орталық.
 - D) «Ақбұлақ» – Алматы облысындағы шипажайлардың бірі.
- 23 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты табыңыз.
Выберите наименее важную информацию.
- A) Емдеу тәртібі сенбі, жексенбі күндерінде де жалғасады.
 - B) Шипажайда жаңа емдеу орталығы 2002 жылы салынды.
 - C) Шипажайда денені тазартудың түрлі әдістері кеңінен қолданылады.
 - D) Емдеу тәсілдері адамға жеке жасалған бағдарлама бойынша қолданылады.
- 24 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для первого абзаца.
- A) Емдеу тәсілдері
 - B) Талғар – таулы аймақ
 - C) «Ақбұлақ» шипажайы
 - D) Алматыдағы шипажай
- 25 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для второго абзаца.
- A) Жетісу – жер жаннаты
 - B) Сүлікпен емдеу түрлері
 - C) Емдеу құрал-жабдықтары
 - D) Әсем табиғат аясындағы «Ақбұлақ» шипажайы
- 26 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для третьего абзаца.
- A) Саяхатқа шығу
 - B) Инемен емдеу ерекшелігі
 - C) Сәулет өнерінің туындылары
 - D) Шипажайдың өзіндік ерекшеліктері

4-МӘТІН

Әлемнің ең ірі кітапханалары

Адамзат тарихындағы ең ірі кітапханалар саналатын әйгілі Александрия кітапханасы мен қазақ жерінде болған Отырар кітапханасы – заманында әлемдік өркеніеттің дамуына теңдессіз үлес қосқан кешенді білім ордалары. Алайда бұл екеуінің де өмірі бүгінгі таңға жетпей, тарихтың бір қойнауымен шектеледі.

Александрия кітапханасы негізін Александрия қаласында II Птолемей қалаған, қорында бес мың том кітап болған. Оны Эратосфен, Зенодот, Аристарх, Калиммах есімді ірі ғалымдар басқарған. Сол заманғы оқымыстылар жүз мыңнан жеті жүз мың томға дейін кітап қоры болғанын жазады. Кітапхана қорының негізін ежелгі грек әдебиеті мен ғылымынан тұратын шығармалар құрағанмен, мұнда шығыс халықтары тілдеріндегі кітаптар да көп болған. Александрия кітапханасы жанында көшірмешілер штаты жұмыс істеп, олар кітаптарды көшіріп жазып, қанасын көбейтіп отырған. Калиммахтың жетекшілігімен кітапхана каталогі жасалынып, сол жұйе негізінде кітап қоры толықтырылып тұрған.

Әлемнің екінші үлкен білім бұлағы – Отырар кітапханасы. Бұл кітапхананың қоры өте бай болған. Отырар – біздің ұлы бабаларымыз Әбу насыр әл-Фарабидің отаны. «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ол әлемнің екінші ірі кітапханасында білім нәрімен сусындап өсті. Мұнда ежелгі сына жазуымен жазылған тұңғыштар мен папирусорама қағаздарынан бастап, ортағасырлық Еуропа, араб және Қытай ғалым-оқымыстыларының шығармаларына дейін жинақталған.

2001 жылы 27 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) арасында көне Отырар қалашығын сақтау жобасы бойынша келісімге қол қойылды. Келешекте Ұлы Жібек жолының батыс пен шығыс әлемдері тоғысар тұсында ғылым мен мәдениет орталығына айналған көне шаһардың бүгінгі орнын шетелдік қонақтар үшін туризм орнына айналдыру көзделіп отыр. Әйгілі Отырар кітапханасы ата-бабаларымыз мекен еткен алып аймақта ілім дәнін сепкен киелі жер екені баршаға аян.

27

Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.

- A) Әлемде неше кітапхана болған?
- B) Отырар кітапханасы қай жылы ашылды?
- C) Ұлы Жібек жолы қай жерлерді басып өтеді?
- D) Әбу насыр әл-Фарабидің қандай шығармалары бар?

28

Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

Выберите информацию, соответствующую тексту.

- A) Фараб қаласында Александрия кітапханасы ашылды.
- B) Отырар кітапханасы әл-Фарабидің қатысуымен ашылды.
- C) II Птолемей – ең ірі кітапхананың бірінің негізін салушы.
- D) 2001 жылы 27 тамызда Қазақстан ұлттық кітапханасы ашылды.

- 29 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные ключевые слова текста.
- A) Александрия, дана, әлем, кітап қоры
B) Александрия, ғылым, сына, жазу, жоба
C) Александрия, ғылым, қалашық, көшірушілер
D) Александрия, кітапхана, әлем, ғылым, кітап қоры
- 30 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.
- Александрия кітапханасының негізін ... құрады.
- A) ежелгі грек әдебиетінен тұратын еңбектер
B) көне грек әдебиеті мен ғылымынан тұратын еңбектер
C) көне грек ғылымынан ғана тұратын құнды туындылар
D) шығыс, грек халықтары әдебиетінен тұратын шығармалар
- 31 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Выберите ответ на вопрос, соответствующий содержанию текста.
- Көшірмешілер немен шұғылданған?
- A) кітаптардың көшірмелерін жинаумен
B) кітаптарды көшірумен, данасын көбейтумен
C) кітаптардың көшірмелерін кітапханаға жеткізумен
D) кітапхана каталогін жасаумен, кітап қорын толықтырумен
- 32 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.
- A) әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы туралы баяндалады.
B) Әлемдегі ірі кітапханалардың ғылыми жобалары туралы айтылады.
C) Әлемдік өркениетке үлес қосқан білім ордалары туралы ақпарат беріледі.
D) Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылу тарихы, қызметі туралы баяндалады.
- 33 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для текста.
- A) Әйгілі грек туындылары
B) Әлемге әйгілі кітапханалар
C) Ұлы Жібек жолының тарихы
D) Еуропа ғалымдарының еңбектері
- 34 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.
- A) Ірі кітапханаларды қалпына келтіру жобасына 2001 жылы 27 тамызда қол қойылды.
B) Отырар кітапханасы – II Птолемей негізін салған әйгілі кітапханалардың бірі.
C) Отырар кітапханасы – үлкен білім бұлағы, жиырма бір әл-Фарабидің отаны.
D) Александрия мен Отырар – адамзат тарихында ерекше орын алған кітапханалар.

35

Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты табыңыз.
Выберите наименее важную информацию по тексту.

- A) Ежелгі туындылар сына жазуымен жазылған.
- B) Отырар қаласы «әлемнің екінші ұстазы» әл-Фарабидің отаны болған.
- C) Кітапхана каталогі Калиммахтың жетекшілігімен жасалынған.
- D) Александрия кітапханасының жанында көшірмешілер жұмыс істеген.

36

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для первого абзаца.

- A) Ежелгі грек әдебиетінің үлгілері
- B) Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметі
- C) Өркениет дамуына үлес қосқан ордалар
- D) Ежелгі грек ғалымдарының шығармалары

37

Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для второго абзаца.

- A) Отырар кітапханасы
- B) Ірі кітапханалардың бірі
- C) Әлемнің екінші ұстазы
- D) Көне Отырар қалашығы

38

Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для третьего абзаца.

- A) Қытай кітапханасы
- B) әл-Фараби шәкірттері
- C) Қазақ мәдениетінің дамуы
- D) Қазақ жеріндегі кітапхана

5-МӘТІН

Жүмекен Нәжімеденов – тұңғалы талант. Ол қысқа өмірінің ішінде өшпейтін көркем туындар қалдырды. Қазақ поэзиясы жөнінде сөз қозғала қалса, Жүмекенді ауызға алмай өту мүмкін емес. Ол сонау алпысыншы жылдардың өзінде-ақ жұрт назарына өзінің ақындық ерекшелігімен ілінді.

Жүмекен Нәжімеденовтің ақын ретіндегі жемісті еңбек еткен кезі – өткен ғасырдың 60-80 жылдары. Бұл кезең – қазақ поэзиясының философиялық тұрғыдан тереңдеп, көркемдік жағынан әрлене түскен кезеңі.

Жүмекен поэзиясы сан қырлы. Ақын поэзиясы бірден қалыптаса қалған жоқ. Өмірді шынайы бейнелеу жолында талай ізденіс соқпақтарынан өтті. Мігерлі талпыныс, бойға біткен табиғи талантты еңбекқорлықпен бантай білушілік оны майталман лирик дәрежесіне көтерді. Шығармашылық болмысындағы ерекшелік пен асқан шеберлігімен Жүмекен Нәжімеденов қазақ әдебиетінен өзіндік лайықты орнын алды.

Ақынның лирикалық қаһарманы – үлкен интеллект. Оның лирикалық қаһарманның ойлайтыны жеке бастың қамы емес, халық мүддесі. «Өлең – сирена», – дейді Қарғыр Мырзалиев. Жүмекен ақынның әр өлеңі – ақын сезімінің сиренасы. Оның лирикалық кейіпкері әлем алдында, адамзат баласы алдында үлкен жауапкершілікті сезінеді.

Ақын – заман перзенті, сондықтан заман үнімен үндесе, заман ағымымен бірге болуы керек. Заманның әр сәт сайын қояр сауалына жауап беру – әр қаламгердің азаматтық борышы. Жүмекен мұны терең сезінеді. Оның кез келген өлеңінен өмірге деген ерекше құштарлықты көретініміз осыдан. «Жүрегімде бір тамшы қан болса егер» деген өлеңімен үндесіп жататын «Соқ, сағат» атты топтама жырлардың мәні де ерекше терең. Ақын уақыт, заман, өмір туралы ой-сезімдерін бес өлеңге топтастырады. Ақын заманның құбылмалы мінезін дөп басып, дәл бағалайды.

XX ғасыр – аласапыран төңкерістер, қаһарлы қарқындылар, өсүлер мен өшүлер, жарылыстар мен жаңғырықтар, керезарлықтар қаптаған, адам ойын талқандап, адам жүрегін тебіренеткен ғасыр. Шилеленістер тұтындап, жаңалықтар ашылып, самғаулар мен шарықтаулар болып жатқан ғасырда ақын жайбарақаттық жасай алмады. Ол өзі де: «Тіпті бір ғажайып тұн өтті – тек қана үлгірдім құмартып», – деп зұлап бара жатқан заман екпініне, уақыт жүрдектігіне ілесу қиын екендігін айтады. Оның лирикалық кейіпкері адал азамат атынан сөйлейді.

Жүмекен поэзияның дәстүрлі төрт – элеңметтік, махаббат, табиғат, көңіл күй тақырыптарында қалам тербегені белгілі. Жүмекен Нәжімеденов қазақ лирикасын тақырыптық жағынан байытты, оның мазмұнын тереңдетті, пішінін жетілдірді, жанрлық жаңа белестерге биіктетті. Ол стиль жағынан да ешкімге ұқсамаса, оның лирикалық кейіпкері де өзгеше болмыс-бітімімен дараланған. Нәжімеденов алпысыншы-сексенінші жылдардағы қазақ лирикасының шындықты терең философиялық толғаныстармен бейнелеу тәжірибесін молықтыра, байыта түсті.

Жүмекен Нәжімеденовтің поэмалары – қазақ әдебиетіндегі дастаншылдық дәстүрді ілгері қамытқан, жаңалығы мол, мазмұны терең, пішіні сұлу сырлы мұра – қымбат қазына.

Сонымен, Жүмекен Нәжімеденов қазақ әдебиетінде поэзиясымен де, прозасымен де қомақты орынға ие болды. Ол – қазақ әдебиетіне ұшан-теңіз жаңалығымен келіп, оны шалқар байлыққа кенелткен ойшыл суреткер.

- 39 Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.
Выберите вопрос, ответ на который присутствует в тексте.
- A) Ж. Нәжімеденов қай жерде туылған?
 - B) Автордың қандай поэмаларын білесіз?
 - C) Жұмекен Нәжімеденов лирик ақын ба?
 - D) Ж. Нәжімеденовтың қандай прозалық шығармаларын білесің?
- 40 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.
Выберите информацию, соответствующую тексту.
- A) Оның өлеңдері орыс тіліне аударылды.
 - B) Ж. Нәжімеденов аударма саласында да еңбек сіңірді.
 - C) Заман сауалдарына жауап беру – әр қаламгердің азаматтық міндеті.
 - D) Ж. Нәжімеденов – еліміздің Әнұранының сөзін жазған авторларының бірі.
- 41 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
Найдите главные ключевые слова текста.
- A) поэма, өлең, топтама, поэзия, уақыт
 - B) поэзия, ақын, азамат, заман, жаңалық
 - C) поэма, поэзия, мүдде, лирика, замана
 - D) поэзия, талант, белес, талант, сирена
- 42 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
Найдите наиболее полную и точную информацию по тексту.
- A) Ол артына өшпес мұра қалдырды.
 - B) Ақын азаматтық борышын терең сезінді.
 - C) Қазақ поэзиясында ақынның өзіндік орны бар.
 - D) Ол алпысыншы жылдардың өзінде ақындық ерекшелігімен көрінді.
- 43 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
Выберите ответ на вопрос, соответствующий содержанию текста.
- Жұмекен қандай тақырыптарда өлең шығарды?
- A) әлеуметтік, махаббат
 - B) әлеуметтік, табиғат, көңіл күй
 - C) әлеуметтік, көңіл күй, махаббат
 - D) әлеуметтік, махаббат, табиғат, көңіл күй
- 44 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.
- A) XX ғасырдағы ірі оқиғалар суреттеледі.
 - B) Ж. Нәжімеденов өмірі туралы мәлімет беріледі.
 - C) Ж. Нәжімеденовтың шығармашылығы туралы ақпарат беріледі.
 - D) Ж. Нәжімеденовтың прозалық туындылары туралы ақпарат беріледі.

- 45 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок текста.
- A) Қазақ әдебиетінің жанрлары
 - B) Қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы
 - C) Қазақ әдебиетінің жанашыры
 - D) Қазақ әдебиетінің даму жолдары
- 46 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.
- A) Ақын лирик дәрежесіне көтерілді.
 - B) Жұмекен поэзиясының ерекшеліктері өте көп.
 - C) Ақын кейіпкері адамзат алдында жауапкершілік сезінеді.
 - D) Ақын заман үнімен үндесе, заман ағымымен үйлесе білді.
- 47 Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты табыңыз.
Выберите наименее важную информацию по тексту.
- A) Ж. Нәжімеденов жаңашыл ақын болатын.
 - B) Ж. Нәжімеденов өнерді жоғары бағалады.
 - C) XX ғасыр жаңалықтарға толы ғасыр болды.
 - D) Ақынның "Соқ, сағат" атты жыр топтамасы бар.
- 48 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий заголовок для первого абзаца.
- A) Суреткер ақын
 - B) Ж. Нәжімеденов – талант иесі
 - C) Ақын поэмалары – қымбат қазына
 - D) Ақынның лирикалық өлеңдерінің сыры
- 49 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для второго абзаца.
- A) Ақын өлеңдерінің құпиясы
 - B) Ақынның жемісті еңбек еткен кездері
 - C) Ж. Нәжімеденов шығармаларының тақырыбы
 - D) Ж. Нәжімеденов – қазақ әдебиетінің негізін салушы
- 50 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящий подзаголовок для третьего абзаца.
- A) Ақын поэзиясы
 - B) Ақынды тебіrentкен тақырыптар
 - C) Ақынның прозалық шығармалары
 - D) Қазақ әдебиетінің жанрлық ерекшеліктері

IV тарау

Жазылым бөлігі

Блок Письмо

- Жазылым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

Жазылым бөлігіне шолу

Жазылым бөлігінің орта деңгейінде сізге әлеуметтік-мәдени тақырыптағы мәтін ұсынылады. Мәтінді аудиоқұрылғыдан 2 рет тындайсыз. Оны мазмұндау үшін жүйелі жоспар құру қажет. Жоспар жай немесе күрделі болуы мүмкін. Жоспар негізінде тақырыптан ауытқымай, ойыңызды жүйелі жазуыңыз керек. Мазмұндама жазуға 25 минут уақыт беріледі.

Мазмұндамада көтерілген тақырып аясында 5 сұрақ қарастырылған. Сұрақтарға жауап бергенде, өз ойыңызды қосуға болады. Мәтінде кездескен сөздерді, тіркестерді сөзбе-сөз қолданбай, мағыналас сөздермен ауыстыру – басты талап. 3-тапсырманы орындауға жұмсайтын уақытыңыз 10 минуттан аспауы міндетті.

Орта деңгей тапсырмаларына жалпы жұмсайтын уақытыңыз – 35 минут. Осы деңгей тапсырмалары бойынша ең жоғары ұпай саны – 50.



Обзор блока Письмо

На среднем уровне блока Письмо Вам предоставляется текст изложения на социально-культурную тематику. Текст прослушивается 2 раза. Обдумав тему изложения, Вам необходимо составить план. План может быть по структуре кратким или развернутым. Изложите свои мысли в соответствии с планом, не отклоняясь от темы. Для написания изложения предоставляется 25 минут.

Далее Вам предлагается ответить на 5 вопросов по теме изложения. Отвечая на вопросы, можно изложить свою точку зрения. Не допускается дословное употребление слов и словосочетаний, взятых из текста, употребление слов, близких по значению – главное требование. На выполнение 3-его задания отводится не более 10 минут.

Всего на выполнение заданий среднего уровня блока Письмо отводится 35 минут, максимальное количество баллов – 50.

1

Жазылым бөлігі. Алдын ала тапсырмалар Блок Письмо. Предварительные задания



Компьютер әлемі

1

Компакт-дискіден аудиожазбаны тыңдаңыз.

Мазмұндама мәтінін екі рет тыңдаңыз.

Мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз.

Мазмұндама соңында берілген мәтін мазмұнын ашатын 5 сұраққа жазбаша жауап беріңіз.

Прослушайте аудиозапись на компакт-диске.

Прослушайте текст изложения два раза.

Составьте план изложения.

Письменно ответьте на 5 вопросов, раскрывающих содержание текста.

Е

1) Мазмұндама мәтінін тыңдаған уақытта қиын сөздерге мән беріп, негізгі мазмұнын есте сақтауға тырысыңыз.

2) Мазмұндама жоспарын цитата, сұраулы сөйлемдерден құруға болады, жоспар жай немесе күрделі болуы мүмкін.

3) Жауабыңызда мәтіндегі тірек сөздерді сөзбе-сөз қайталамауға тырысыңыз.

1) При прослушивании аудиозаписи обратите внимание на сложные слова, постарайтесь запомнить основное содержание текста.

2) План изложения может быть простым либо сложным, могут быть использованы цитаты, вопросительные предложения.

3) Постарайтесь в письменной работе не повторять слова из текста слово в слово.

2

Мәтін мазмұнына қатысты жоспар құрыңыз.

3

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.

Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.

1. Алғашқы компьютерлер қандай болды?

2. Компьютермен жұмыс істеу үшін не керек?

3. Компьютермен қандай жұмыс түрлерін орындауға болады?

4. Ғаламторды қалай пайдаланамыз?

5. Сіз компьютерлік қай бағдарламаларда жұмыс істей аласыз?

2

Жазылым бөлігі. Тапсырмаларды талдау Блок Письмо. Анализ заданий



1-нұсқа

Компакт-дискіден аудиожазбаны тыңдаңыз.
Мазмұндама мәтінін екі рет тыңдайсыз.
Мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз.
Мазмұндама соңында берілген мәтін мазмұнын ашатын 5 сұраққа жазбаша жауап беріңіз.

Прослушайте аудиозапись на компакт-диске.

Прослушайте текст изложения два раза.

Составьте план изложения.

Письменно ответьте на 5 вопросов, раскрывающих содержание текста.

1

Олимпиада ойындары

Олимпиада тарихы алыста жатыр. Олимпиадалық ойындардың тәртіпке түсуі – 1894 жыл.

1894 жылы тұңғыш рет Парижде өткен халықаралық конгресте 34 мемлекеттің келісімімен Халықаралық олимпиада комитеті құрылды. Осы комитеттің шешімімен 4 жылда 1 рет олимпиадалық ойындар өтеді.

Бірінші олимпиадалық ойын 1896 жылы Грекия астанасы Афинада өткен. Онда 8 спорттық ойын түрінен жарыс өтті. Бұл ойынға Еуропа мен Америка құрлығынан 13 мемлекет, 285 спортшы және он мыңдай көрермен қатысты. Содан бері жазғы олимпиада ойындары 27 рет өтті. Ал 1996 жылы 19 шілдеде Атлантада XXVI олимпиада ойындары өткізілді. Онда спорт қозғалысының 100 жылдығы аталып өтті.

Олимпиадалық ойын қалай өтеді? Олимпиада өткізуші мемлекеттің экономикасы күшті болуы керек, 10 000 спортшы, 5000 журналист және бір миллион көрермен қабылдап, қызмет көрсетуі қажет. Олимпиадалық ойын өткізуші мемлекет 100 миллион АҚШ долларын кепілге қояды. Олимпиада дәл уақытында өткізілсе, кепіл ақша 7 миллиард АҚШ доллары өсімімен қайтарылады. Ал уақытында өткізілмесе, кепіл ақша қайтарылмайды, айып ретінде алынып қойылады. Комитеттің бекітуімен 2004 жылы шілдеде Грекия астанасы Афинада XXVIII олимпиада өтті. Ал XXIX олимпиада Бейжің қаласында өткізілді.

Е

Мазмұндама жазуға қажетті дағдылар:

- 1) Оқиғаның реті мен жүйесін сақтау және тақырыптан ауытқымау.
 - 2) Мәтіндегі ақпаратты III жақ және өткен шақ формасында мазмұндау.
 - 3) Өз тарапынан мәтін мазмұны ауқымында қосымша пікір жазу.
 - 4) Берілген мәтін мазмұнына лайықты ой қорытындысын жасау.
- Тапсырманы орындау уақыты – 25 минут.

Навыки, необходимые для написания изложения:

- 1) Соблюдение последовательности событий и умение придерживаться темы.
- 2) Изложение текста от III лица в форме настоящего времени.
- 3) Изложение своей точки зрения по заданной теме.
- 4) Умение сделать вывод по содержанию текста.

Время на выполнение задания – 25 минут.



Сіздің әрекетіңіз:

Сізге жоспар құру керек. Ол үшін:

1. Мазмұндаманы ойша бөліктерге бөліңіз.
2. Тірек сөздерді анықтаңыз.
3. Негізгі ойды құраңыз.

Ваши действия:

Вам необходимо составить план. Для этого необходимо:

1. Мысленно разделить текст на смысловые части.
2. Определите опорные слова.
3. Сформулируйте основную мысль текста.

Үлгі:

Ойша бөлінетін бөліктер	Тірек сөздер	Негізгі ой
Олимпиада тарихы алыста жатыр. Олимпиадалық ойындардың тәртіпке түсуі - 1894 жыл. 1894 жылы тұңғыш рет Парижде өткен халықаралық конгресте 34 мемлекеттің келісімімен Халықаралық олимпиада комитеті құрылды. Осы комитеттің шешімімен 4 жылда 1 рет олимпиадалық ойындар өтеді.	Олимпиадалық ойын тарихы, 1894 жыл, Олимпиадалық комитет, комитет шешімі	1894 жылғы олимпиадалық комитет шешімі.
Бірінші олимпиадалық ойын 1896 жылы Грекия астанасы Афинада өткен. Онда 8 спорттық ойын түрінен жарыс болды. Бұл ойынға Еуропа мен Америка құрлығынан 13 мемлекет, 285 спортшы және он мыңдай көрермен қатысты. Содан бері жазғы олимпиада ойындары 27 рет болды. Ал 1996 жылы 19 шілдеде Атлантада XXVI олимпиада ойындары өткізілді. Онда спорт қозғалысының 100 жылдығы аталды.	Бірінші олимпиадалық ойын, Грекия астанасы, 8 спорттық түр, жарыс, 13 мемлекет, 285 спортшы, 10 мың көрермен, 27 рет өтті, 1996 жыл, спорт қозғалысына 100 жыл	Олимпиада ойындарының тарихы.

Енді негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді жоспар етіп жазамыз:

2

Мазмұндама жоспары:

1. 1894 жылы олимпиадалық комитеттің шешімі.
2. Олимпиада ойындарының тарихы.
3. Олимпиада өткізу шарты.

Тірек сөздер: Олимпиадалық ойын тарихы, 1894 жыл, олимпиадалық комитет, комитет шешімі, бірінші олимпиадалық ойын, Грекия астанасы, 8 спорттық түр, жарыс, 13 мемлекет, 285 спортшы, 10 мың көрермен, 27 рет өтті, 1996 жыл, спорт қозғалысына 100 жыл, Олимпиадалық ойын, өтетін ел экономикасы, 10 мың спортшы, 5 мың журналист, бір миллион көрермен жүз миллион ақша кепілге, 7 миллиард өсімі, айып кепіл қайтарылмайды, 28 ойын Грекияда, 29 ойын, Бейжіңде өтті.

Мазмұндама үлгісі:

«Олимпиадалық ойын тарихы 1894 жылы басталды. Ол жылы алғашқы олимпиадалық комитет ашылды. Комитет шешімі бойынша бірінші олимпиадалық ойын Грекия астанасы Афинада өткізілді. Онда 8 спорт түрінен 13 мемлекет, 285 спортшы, 10 мың көрермен қатысты. Сол уақыттан бері олимпиадалық ойындар 27 рет өткізіліпті.

Жоғарыдағы жоспар негізінде мазмұндама жазып шығыңыз. 1996 жылы аталмыш спорттық қозғалысқа 100 жыл толды.

Олимпиада өтетін елдің экономикасы мықты болуы керек. Олар 10 мың спортшы, 5 мың журналист, 1 миллион көрермен қарсы ала алуы керек. Олимпиада өткізбес бұрын ол ел жүз миллион Америка долларын кепілге қояды. Олимпиада уақытында өткізілсе, кепілге қойылған ақшаны өсімімен қайтарып алады, ал керісінше дәл жоспарланған уақытта өтпесе, ақшасынан айырылады. Сол уақыттан бері олимпиада 4 жылда 1 рет өткізіліп келеді. XXVIII Грекияда болды. XXIX олимпиада Қытай Республикасының астанасы Бейжіңде болды».

3

Мазмұндамадағы мәселеге қатысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу.

- 1) Жауабыңызда мазмұндамадағы тірек сөздер мен сөз тіркестерін сөзбе-сөз қайталауға болмайды.
- 2) Сіз оларға балама сөздер (синонимдер) табуыңыз керек.
- 3) Тапсырманы орындау уақыты – 10 минут.

- 1) Отвечая на вопросы, не допускается дословное употребление слов и словосочетаний из текста.
- 2) Необходимо заменить слова из текста на слова, близкие по значению.
- 3) Время на выполнение задания – 10 минут.

Е

Дұрыс жауап беруге жаттығу жолдарын ұсынамыз:

- 1) Өзіңіз жазған мазмұндама мәтінін қайта оқып шығыңыз.
- 2) Әр сөйлемнің мағынасын түсініп оқыңыз.
- 3) Сізден не сұралып отырғанын түсінуге тырысыңыз.
- 4) Жауабыңыз мәтіндегі мәселемен байланысты болу керек.
- 5) Жауапта сіздің пікіріңіз жүйелі, нақты, толық берілуі қажет.
- 6) Сөйлемдеріңіздегі сөздердің орын тәртібіне мән беріңіз. Қимыл иесі сөйлемнің басында, іс-әрекет сөйлемнің соңында келуі тиіс.

Рекомендации для выбора правильного ответа на заданные вопросы:

- 1) Перечитайте текст написанного Вами изложения.
- 2) Читая, вникайте в суть каждого предложения.
- 3) Постарайтесь понять, в чем суть вопроса.
- 4) Ответ должен быть связан с содержанием текста.
- 5) Ваш ответ должен быть целостным, конкретным и полным.
- 6) Обратите внимание на порядок слов в предложениях. Лицо, производящее действие ставится в начале предложения, действие – в конце предложения.

Т

1. Олимпиадалық ойындардың тәртіпке келуі қай жыл?

Бұл сұраққа жауап берерде жалпы олимпиада не екенін есіңізге түсіріңіз. Сұрау мағынасы «не?» деген есімдік арқылы беріліп тұр, ол сөз атау септігінде тұрғандықтан, жауап та сол формада болуы керек.

Мәтінде мынадай ақпарат бар: Олимпиада тарихы алыста жатыр. Олимпиадалық ойындардың тәртіпке түсуі – 1894 жыл.

Тәртіпке түсуі тіркесінің синонимін анықтаңыз.

Тарихы сөзінің мағынасын басқа сөзбен ауыстырыңыз.

Ойындардың сөзінің баламасын табыңыз.

Анықталған тірек сөздеріңіз арқылы сөйлем құрып, жоғарыдағы сұраққа жауап беріп көріңіз.

Жауап беруде өз ойыңызды қосуыңызға болады.



2. Олимпиадалық ойындар алғашқы рет қай елде өткізілді?

Бұл сұраққа жауап беру үшін мәтінде не туралы айтылғанын еске түсіру керек. Сұрау мағынасы «қай ел+де» жатыс септігінде тұрғандықтан, жауап та сол формада тұруы керек.



Мәтінде мынадай ақпарат бар: Бірінші олимпиадалық ойын 1896 жылы Грекия астанасы Афинада өткен.

Жауабыңыз сәтті болуы үшін мәтіндегі ақпаратты сөзбе-сөз қайталауға болмайды.

Бірінші сөзінің баламасын анықтаңыз.

Астанасы сөзін мағыналас түсінікпен ауыстырыңыз.

Өткен сөзін басқа сөзбен ауыстырыңыз.

Анықталған тірек сөздеріңіз арқылы сөйлем құрып, жоғарыдағы сұраққа жауап беріп көріңіз.

Жауап беруде өз ойыңызды қосуыңызға болады.



3. Бірінші олимпиадада спорттың неше түрі болды?

Бұл сұраққа жауап беру үшін «несше?» деген сауалға жауап іздейміз, ол нақтылықты талап етіп тұр. Мәтін мазмұнын еске түсірсек, мазмұндамада: «Онда 8 спорттық ойын түрінен жарыс болды» деген сөйлем жауап бола алады.

Жауабыңыз сәтті болуы үшін мәтіндегі ақпаратты беретін сөздер мен сөз тіркестерін сөзбе-сөз қайталауға болмайды.

Онда, ойын түрі, жарыс сөздері мен сөз тіркестерінің баламаларын ауыстырып жазуға болады.

Анықталған тірек сөздеріңіз арқылы сөйлем құрып, жоғарыдағы сұраққа жауап беріп көріңіз.



4. Олимпиада өткізетін ел қандай болуы керек?

Сұрау мәні ел сөзіне қатысты болып, сын есімнің «қандай?» сұрағы арқылы беріліп тұр, ендеше жауап нұсқасында ел сипаты анықталу керек.

Мәтінде бұл туралы ақпарат былай берілген: Олимпиада өткізуші мемлекеттің экономикасы күшті болуы керек, 10 000 спортшы, 5000 журналист және бір миллион көрермен қабылдап, қызмет көрсетуі қажет.

Жауабыңыз сәтті болуы үшін мәтіндегі ақпаратты беретін сөздер мен сөз тіркестерін сөзбе-сөз қайталауға болмайды.

Өткізетін, ел, экономикасы күшті сөздері мен сөз тіркестерінің баламаларын анықтаңыз.

Анықталған тірек сөздеріңіз арқылы сөйлем құрып, жоғарыдағы сұраққа жауап беріп көріңіз.

Жауап беруде өз ойыңызды қосуыңызға болады.



5. Олимпиада қай елдерде болды?

Бұл сұраққа жауап беру үшін мәтінге сүйену керек немесе өзіңіз білетін мәліметіңізді қосуға болады. «Қай елдерде?» деген сұрақ құрылымында жатыс септігінің жалғауы болғандықтан, жауап нұсқасында да жатыс септігінің жалғауы тұруы керек, «елдерде» деп көптік жалғауымен беріліп тұрғандықтан, жауапта бір ғана емес, бірнеше ел туралы мәлімет болуы қажет. Мәтінде бұл туралы ақпарат былай берілген: Комитеттің бекітуімен 2004 жылы шілдеде Грекия астанасы Афинада XXVIII олимпиада өтті. Ал XXIX олимпиада Бейжің қаласында өткізіледі.

Жауабыңыз сәтті болуы үшін мәтіндегі ақпаратты сөзбе-сөз қайталауға болмайды.

Бекітуімен, Бейжің қаласы, өткізілді сөздері мен сөз тіркестерінің баламаларын анықтаңыз.

Анықталған баламаларды тірек сөз етіп, сөйлем құрастырыңыз.

Жауабыңызда төмендегі қосымша мәліметті пайдалануыңызға болады.

1908 жылы IV олимпиадалық ойындар Лондон + да болды.

1912 жылы V олимпиадалық ойындар Стокгольм+ де өтті.

1980 жылы XXII олимпиадалық ойындар Мәскеу+де өткізілген.

2008 жылы XXIX олимпиадалық ойындар Пекин+де ұйымдастырылған.



2-нұсқа

Компакт-дискіден аудиожазбаны тыңдаңыз.

Мазмұндама мәтінін екі рет тыңдайсыз.

Мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз.

Мазмұндама соңында берілген мәтін мазмұнын ашатын 5 сұраққа жазбаша жауап беріңіз.

Прослушайте аудиозапись на компакт-диске.

Прослушайте текст изложения два раза.

Составьте план изложения в соответствии с содержанием текста.

Письменно ответьте на 5 вопросов, раскрывающих содержание текста.

1

Алғашқы мектеп

Сауытбайдың тойына көп адам жиналыпты. Менің әкемді үлкен ақ боз үйге түсірді. Біз үйге кірсек, жұрт лық толып, қымыз ішіп отыр екен. Ақсақал, қарасақалдардың алуан түрі осы үйде. Төрде доп-домалақ, қара біреу отыр. Ол Тыржық деген бай екен, оның жанында тағы біреу отыр, ол – осы ауылдың молдасы. Өріректе аққұба, шоқша сақалды біреу отыр. Бұл – Ыбырай Алтынсарин еді.

Біз келіп отырғанда, балаларды оқыту туралы әңгіме болып жатты. Әңгімені қозғап, бүкіл жиынды аузына қаратып отырған – Ыбырай. Жұрт үнсіз тыңдап қана отыр. Ыбырай өзінің сөзінде ғылым да, өнер де оқуда екенін түсіндірді. Ыбырай:

– Өзіміз талпынып, өзіміз еңбектенбесек, бәрінен артта қаламыз. Заман өнерлі, білімді болуды талап етеді. Өткенге өкінуіміз пайдасыз. "Өнер жастан шығады", – деген үлкендер. Бүгінгі таңда әуелі екі жылдық ауыл мектебін ашуды көздеп отырмыз. Жастарды білімге шақыруымыз керек. Балалар – біздің болашағымыз, – деді.

Ыбырайдың сөзінен соң жұрт біраз пікір алысты да, ауылдық мектеп ашылсын деген шешімге келді.

Жиын тарауға айналды. Бір топ адам жиналып, ойын болатын төбеге қарай кетті.

Сонымен, той аяқталатын мезгіл де келіп жетті. Ауыл ақсақалдары өз адамдарын жинап алып, үйлеріне тарай бастады. Біраз елдің адамдары мектептің ашылатынынан хабардар боп кетті.

С. Көбеев бойынша

Мәтінді ойша үш бөлікке бөлейік. Ол үш бөлікті тағы да мағына беретін тақырыпшаларға ажыратайық.

Мысалы:

Жоспар үлгісі	Тақырыпшалар
Тойға жиналған адамдар	Сауытбайдың үйіне жиналған адамдар.
	Қымыз ішіп отырған ақсақал, қарасақалдар.
	Төрде отырған аққұба, шоқша сақалды адам.
Ы. Алтынсариннің пікірі	Оқыту туралы әңгіме.
	Жиынды аузына қаратып отырған Ыбырай
	«Өнер жастан шығады».
Шешім	Ауылдық мектепті ашу туралы шешім.
	Жиын тарады.
	Мектеп ашылатыны туралы хабардар болу.

2

Жоспары:

1. Тойға жиналған адамдар
2. Ы. Алтынсариннің өз пікірі
3. Шешім

Мазмұндама жазуға көшіңіз, ол үшін:

1. Мәтіндегі тақырыпшаларды сұрақтарға ажыратыңыз.
2. Сұрақтарға жауап бере отырып, мазмұндама жазыңыз.

Т

Тақырыпшалар	Бағыттаушы сұрақтар	Мазмұндама
Сауытбайдың үйіне жиналған адамдар.	Сауытбайдың үйіне кімдер жиналды?	Сауытбайдың үйіне біраз адамдар жиналды.
Қымыз ішіп отырған ақсақал, қарасақалдар.	Олардың ішінде кімдер бар?	Ішінде ақсақалдары да, қарасақалдары да бар. Қонақтардың ішінде шоқша сақалды біреу отыр. Ол – ағартушы педагог Ыбырай Алтынсарин еді.
Төрде отырған аққұба, шоқша сақалды адам.	Қонақтардың арасында кімдер бар? Ол кім?	
Балаларды оқыту туралы әңгіме.	Жиналған қонақтар не істеп отыр? Олар не туралы сөйлесуде? Ол үшін не істеуіміз керек?	Жиналған қонақтар қымыз ішіп, әңгімелесіп отыр. Олар ауылда мектеп ашу керектігі жөнінде сөйлесуде. Ыбырай Алтынсарин өнер-білім жастардан шығады, сондықтан балаларды оқыту керектігі туралы айтып отыр. Ол үшін өзіміз еңбектенуіміз керек дейді. Ауылда екі жылдық мектеп ашуға болады. Жастарды шақыру қажет. Ыбырай атамыз «Жастар – біздің болашағымыз», – деді.
Жиынды сөйлеп отырған Ыбырай «Өнер жастан шығады».	Ыбырай Алтынсарин не деді?	Ыбырайды тыңдап болғаннан соң, халық ауылда мектеп ашу керек деген ойға келді.
Ауылдық мектепті ашу туралы шешім.	Ыбырайды тыңдаған халық қандай шешімге келді?	
Жиын тарады.	Жиыннан кейін адамдардың біразы қайда кетті?	Жиын тарап, біраз адамдар ойынға кетті.
Мектеп ашылатыны туралы хабардар болу.	Барлық адамдар не туралы естіді?	Барлық адамдар ауылда мектеп салынатыны туралы естіді.

3

Мазмұндамадағы мәселеге қатысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жазу.

Жауабыңызда мазмұндамадағы тірек сөздер мен сөз тіркестерін сөзбе-сөз қайталауға болмайды.

Сіз оларға балама сөздер (синонимдер) табуыңыз керек.

Тапсырманы орындау уақыты – 10 минут.

Т

1. Ыбырай Алтынсарин кім?

Ыбырай Алтынсариннің атына лайық сөздердің барлығын жатқызуға болады. Тарихта оның кім болғанын есімізге түсірейік.

Жауап үлгісі:

1-нұсқа: «Ыбырай Алтынсарин – мұғалім (ұстаз, ағартушы, жазушы, аудармашы, қоғам қайраткері)» деген жауап беруге болады немесе жауапты нақтылай отыра, қазақ халқының кімі деп түсініп, төмендегідей жауап нұсқасын ұсынған да жөн.

2-нұсқа: Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының алғашқы (педагог-ағартушысы, мұғалімі, алғашқы мектеп ашқан адамы, оқытушысы).

Жауап нұсқаларына жақша ішіндегі кез келген сөзді немесе үтір арқылы барлығын алуға болады.

Т

2. Ыбырай Алтынсариннің туған жері қай өңір?

Жауап «қай?» есімдігі арқылы жасалып, бұл жерде нақты географиялық атауды талап етіп тұр. «Өңір» сөзі аймақ, облыс, аудан, жер мағыналарына жақын.

Т

3. Жиында ол не туралы айтты?

Сұрақ «не туралы айтты?» Атау септігін меңгеріп тұрған септеулік шылау мен «айтты» етістігі: -айт – түбір етістік, -ты – жедел өткен шақ жұрнағы, ендеше жауаптағы іс-әрекет те өткен шақта тұруы керек. Жауап берген уақытта «айтты?» сұрағына жауап беретін сөз баяндауыш болатындықтан, ол сөйлемнің соңында орналасуы керек екенін ұмытпаңыз.

Сөздердің орын тәртібі – сөйлем мүшелерінің сөйлемде орналасу реті. Сөздердің орын тәртібінің сөйлемнің жасалуында зор мәні бар. Жалпы ереже бойынша баяндауыш сөйлемнің соңында, бастауыш одан бұрын, анықтауыш анықтайтын сөзінен, толықтауыш пен пысықтауыш өздері қатысты сөздерден бұрын тұрады. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты сөйлем мүшелерінің қалыпты орнынан жылжып отыруы да нормалық құбылыс болып табылады.

Т

4. Ыбырай балалар туралы не деді?

Ыбырайдың айтқан сөзін табу керек, оның жауабы мәтін ішінде болуы керек.

Жауабы:

1-нұсқа: «Өнер жастан шығады, біздің болашағымыз – балалар», – деді деп төл сөз түрінде жауап беруге болады.

2-нұсқа: Төл сөзді төлеу сөзге айналдырып, Ыбырай Алтынсарин өнер жастан шығатынын, балалар біздің болашағымыз екендігін айтты – түрінде жауап беруге болады.

Т

5. Халық қандай оймен тарады?

«Қандай оймен?» деген сұрақ арқылы мәтінде сөз болған халықтың ойы туралы сұрап тұр, «тарады» (тара - түбір етістік, -ды-жедел өткен шақ жұрнағы) етістігі өткен шақта тұр. Жауап берген кезде де етістіктің шақ категориясын өзгертпейміз. Сұрақ қай шақ формасында қойылса, жауап та сол шақта болу керек.

Дәлме-дәл мәтін сөзімен жауап бермеу үшін, кейбір сөздердің баламасын ауыстыруға болады.

Жауабы: Халық (адамдар, жұрт, көпшілік) мектепті міндетті түрде ашу керек деген оймен тарады (үйлеріне қайтты, үйді-үйге кетті).



3-нұсқа

Компакт-дискіден аудиожазбаны тыңдаңыз.

Мазмұндама мәтінін екі рет тыңдайсыз.

Мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз.

Мазмұндама соңында берілген мәтін мазмұнын ашатын 5 сұраққа жазбаша жауап беріңіз.

Прослушайте аудиозапись на компакт-диске.

Прослушайте текст изложения два раза.

Составьте план изложения в соответствии с содержанием текста.

Письменно ответьте на 5 вопросов, раскрывающих содержание текста.

1

Мәдениет туралы түсінік

Мәдениет (латын. *Cultura* – өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген. Кейіннен «мәдениет» деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанның бәрін де «мәдениет» деп атады. Осы ұғымда мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетілді. Мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат».

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.

Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Адамдар мәдениетті өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Мәдениет әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, таптардың, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес пайда болып, қалыптасады. Мысалы: аң аулау, еңбек құралдарын жасау, от жағу, тамақ пісіру, киіну, жарасымды өмір сүру, екінші біреуге ұнау, ортамен қатынаста болу және т.б.

Бұл талап-тілектер қоғамдық прогреске, өрлеуге тікелей байланысты, әр қоғамдық кезеңде жаңа талап, тілектер пайда болады, өндіріс құралдары дамиды. Мәселен, бір кездерде жазба әдебиеті болмады, соның нәтижесінде фольклор қалыптасты, кейінірек білім қалыптасып, жазудың шығуы жаңа талап қойды. Бүкіл құндылықты, мифті жазып қалдыру талабы пайда болды. Информатика дамыды, оларды микрофон, магнитофон, компьютерге түсіру арқылы мәңгі ету қажеттігі туды. Сөйтіп, мәдениет әлеуметтік құрылымдардың, жеке адамның тілегіне, талабына сәйкес қалыптасты. Қоғамда адам тілегінен тыс мәдениет қалыптаспайды. Мәдениет – әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Мәдениет – адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі.

«Парасат» журналынан

Жоспар құру үшін, мәтінді ойша бөліктерге бөліп, негізгі ойды анықтау қажет.

Мәтін бөліктері	Негізгі ой	жоспар
<p>Мәдениет (латын. Cultura – өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген. Кейіннен «мәдениет» деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанның бәрін де «мәдениет» деп атады. Осы ұғымда мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетілді. Мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат».</p>	<p>Мәдениет, адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер, адам еңбегі, адам іс-әрекеті, оның қызметінің бірлігі, жалпылық маңыз, жасағанның бәрін, мазмұнды белгілері, «екінші табиғат»</p>	<p>Мәдениет – «екінші табиғат»</p>
<p>Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.</p> <p>Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.</p>	<p>Өмір сүру мақсаты, құндылық жүйесі, қарым-қатынас негізінде қалыптасады, қоршаған ортаға әсер етеді, мақсатқа пайдалану, ұрпаққа мұра етіп қалдыру</p>	<p>Мәдениет пен адам тығыз байланысты</p>
<p>Мәдениет әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, таптардың, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес пайда болып, қалыптасады. Мысалы: аң аулау, еңбек құралдарын жасау, от жағу, тамақ пісіру, киіну, жарасымды өмір сүру, екінші біреуге ұнау, ортамен қатынаста болу және т.б.</p> <p>Бұл талап-тілектер қоғамдық прогреске, өрлеуге тікелей байланысты, әр қоғамдық кезеңде жаңа талап, тілектер пайда болады, өндіріс құралдары дамиды. Мәселен, бір кездерде жазба әдебиеті болмады, соның нәтижесінде фольклор қалыптасты, кейінірек те білімнің қалыптасып, жазудың шығуы жаңа талап қойды. Бүкіл құндылықты, мифті жазып қалдыру талабы пайда болды. Информатика дамиды, оларды микрофон, магнитофон, компьютерге түсіру арқылы мәңгі ету қажеттігі туды. Сөйтіп, мәдениет әлеуметтік құрылымдардың, жеке адамның тілегіне, талабына сәйкес қалыптасты. Қоғамда адам тілегінен тыс мәдениет қалыптаспайды. Мәдениет – әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Мәдениет – адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі.</p>	<p>Әлеуметтік құрылым, тап, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың, өмір сүру жағдайына, мәдениет байланысты, әр қоғамда жаңа тілек-арман болады, дамиды, жаңалық пайда болады, өндіріс құралы дамиды, адам тілегінен тыс болмайды</p>	<p>Мәдениет – адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі. Мәдениет – адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі.</p>

Мазмұндаманың жоспарына жоба төмендегідей болады:

1. Мәдениет – «екінші табиғат».
2. Мәдениет пен адам тығыз байланысты.
3. Мәдениет – адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі.

2

Мәтін мазмұнына қатысты жоспар құрыңыз.

Мазмұндама жазу үшін жоғарыда айтылған тірек сөздер мен анықталған жоспарды біріктіру қажет.

Тірек сөздер	Жоспар	Мазмұндама жобасы
Мәдениет, адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер, адам еңбегі, адам іс-әрекеті, оның қызметінің бірлігі, жалпылық маңыз, жасағанның бәрін, мазмұнды белгілері, «екінші табиғат»	Мәдениет – «екінші табиғат»	Мәдениет – адамдардың әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл түсінік негізінде мәдениет пен адам еңбегінің бірлігі жатыр. Кейін бұл мағына жалпыланды да, адамның барлық жасағандары «мәдениет» сөзіне біріктірілді. Мәдениет – адам жасаған "екінші табиғат".
Өмір сүру мақсаты, құндылық жүйесі, қарым-қатынас негізінде қалыптасады, қоршаған ортаға әсер етеді, мақсатқа пайдалану, ұрпаққа мұра етіп қалдыру	Мәдениет пен адам тығыз байланысты	Мәдениет әр түрлі таптардың, топтардың, жіктердің, халықтардың мүддесіне қызмет етеді. Мәдениет арқылы адамдар қоршаған ортаға әсер етеді. Ұрпақтарына мұра етіп қалдырады.
Әлеуметтік құрылым, тап, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың, өмір сүру жағдайына, мәдениет байланысты, әр қоғамда жаңа тілек-арман болады, дамиды, жаңалық пайда болады, өндіріс құралы дамиды, адам тілегінен тыс болмайды	Мәдениет – адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі.	Информатика дамыды, компьютерлер енді. Мәдениет жеке адамның тілегіне, талабына сәйкес қалыптасты. Әрқашан жаңалықтар пайда болып отырады. Өндіріс құралдары дамыған сайын мәдениет те дамиды. Мәдениеттің дамуы қоғамды алға жылжытады.

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.

Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.



1. Мәдениет дегеніміз не?

«Не?» арқылы беріліп тұрған сұрақ «мәдениет» сөзіне түсінік беруді талап етеді. Мәтін мазмұны бойынша біз

1. Мәдениет (латын. Cultura – өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер деген сөйлемді аламыз.

2. «Мәдениет» араб тіліндегі «мудун» сөзінен шыққан; біздің түсінігіміздегі «қала» мағынасын берсе, «медэни» – «қала тұрғыны» деген ұғымды меңзейді. Осыдан «мәдениет» деген сөз пайда болған.

3. Енді «мәдениет» – «өркениет» және «қоғамдық-экономикалық формация», «жаһандану» деген ұғымдармен түйіседі. Сіздің жауабыңызда сіз өзіңіз «мәдениет» сөзін қалай түсінетініңізді жазуыңыз керек. Жауабыңыз мына формада болуы мүмкін:

Менің ойымша, мәдениет –



2. Неліктен мәдениет – адам жасаған екінші табиғат деп те аталады?

Бұл сұраққа жауап берерде жалпы табиғат – бізді қоршаған орта екенін көз алдымызға елестетеміз. Адамның табиғатсыз күні жоқ.

Сіздің жауабыңыз: Мәдениет – екінші табиғат, өйткені ... деп өз дәлелдемелеріңізді алға тартқаныңыз жөн.



3. Адамдар қоршаған ортаға қалай әсер етеді, мәдениетке мұның қатысы бар ма?

Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды. Мәдени игіліктерді толассыз жасау нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді. Адамның тікелей әсері туралы кеңірек жауап беруге болады. Мысалы:

1. Адамдар ерте кезден-ақ тасты өңдеді.

2. Қару-жарақ жасады.

3. Тасқа қашап сурет салды.

4. Жан-жануарларды қолға үйретті.

5. Олардың терісінен, жүнінен өзіне қажетті көп нәрселерді жасады.

6. Заман дамыған сайын, жаңалықтар енгізіп, өз шеберлігін арттырып отырды.

7. Табиғаттан алынған заттардың барлығын өз қажетіне жұмсады.



4. Қоғамда адам тілегінен бөлек мәдениет қалыптаса ма?

Бұл сұраққа жауап бергенде, мәтінді, мәтіннен бөлек өз дүниетаным көзқарайы бойынша бар біліміңізді пайдаланып, жауап беруге болады. Жауабыңызда сұрақ негізін растауға немесе жоққа шығаруыңызға болады. Сөйлеміңіз: иә/жоқ модаль сөздерінен басталуы мүмкін.



5. Мәдениет қоғамды қалай алға жылжытады?

Бұл сұраққа жауап бергенде қоғамды алға жылжытушы, экономиканы өркендетуші, адам өмірін жеңілдетуші, жаһандануға жақындатушы факторлар туралы айтуға болады.



4-нұсқа

Компакт-дискіден аудиожазбаны тыңдаңыз.

Мазмұндама мәтінін екі рет тыңдайсыз.

Мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз.

Мазмұндама соңында берілген мәтін мазмұнын ашатын 5 сұраққа жазбаша жауап беріңіз.

Прослушайте аудиозапись на компакт-диске.

Прослушайте текст изложения два раза.

Составьте план изложения в соответствии с содержанием текста.

Письменно ответьте на 5 вопросов, раскрывающих содержание текста.

Марқакөл қорығы

1

Жер-Ана бәрімізге ортақ. Оның бетінде болатын табиғи ауытқушылық ғаламшарды мекен етушілердің бәріне бірдей зардабын тарттырады. Сондықтан Қазақстандағы әрбір өлкенің табиғатын аялау, оған сүйіспеншілікпен қарау табиғатты аялау сезімін оятады.

Осындай Ертіс өңіріндегі көрікті әрі табиғаты бай өлке – Марқакөл көлінің аймағы. Марқакөл теңіз деңгейінен 1434 метр биіктікте орналасқан. Оның тереңдігі – 27 метр.

Басты байлығы – халық «майқан» деп атайтын қызыл балық. Айналасындағы орманда аңдар мен құстардың 60-қа жуық түрі тіршілік етеді. Қазір Марқакөл көлі мен оның төңірегіндегі орманды алқап қорыққа айналдырылған. Өлкенің өсімдіктер мен жануарлар дүниесі қорғауға алынған.

Аңшылар мен ғылыми қызметкерлер аңдарды есепке алады, олардың тіршіліктің тынысын бақылайды. Қыста аңдар қосымша азықтандырылады, өйткені Марқакөлдің қысы қатты әрі ұзақ. Адамдардың қамқорлығына жануарлар әбден үйреніп алған.

Қар қалың жауған жылдары олар таудан түсіп, елді мекендерге жақын жерге жайылады.

Табиғатты қорғау жақсы нәтижелер бере бастады, өйткені Марқакөлде бүкіл Ертіс өңірінің қарағайлы орманы мен қуаң даласын мекендейтін марал, қызыл қасқыр, бұлан, бұғы, қабан, тіпті қоңыр аюды да кездестіруге болады. Аң-құстарға қамқорлық жасау Қазақстан мемлекетінде табиғатты қорғау, табиғат байлықтарын көбейту мақсатында ұйымдастырылған.

Мәтін мазмұнына қатысты жоспар құрыңыз.

- 2 Жоспарды құру үшін мәтінді бірнеше бөлікке бөліп, тірек сөздерді анықтауымыз керек:

Бөліктер	Тірек сөздер	Жоспар
Жер-Ана бәрімізге ортақ. Оның бетінде болатын табиғи ауытқушылық ғаламторды мекен етушілердің бәріне бірдей зардабын тарттырады. Сондықтан Қазақстандағы әрбір өлкенің табиғатын аялау, оған сүйіспеншілікпен қарау табиғатты аялау сезімін оятады.	Табиғи ауытқушылықтар, мекен етушілер, зардабын тарттырады, әрбір өлкенің табиғатын аялау, сүйіспеншілікпен қарау	Жер-Ананы қорғайық
Осындай Ертіс өңіріндегі көрікті әрі табиғаты бай өлке – Марқакөл көлінің аймағы. Марқакөл теңіз деңгейінен 1434 метр биіктікте орналасқан. Оның тереңдігі – 27 метр. Басты байлығы – халық «майқан» деп атайтын қызыл балық. Айналасындағы орманда аңдар мен құстардың 60-қа жуық түрі тіршілік етеді. Қазір Марқакөл көлі мен оның төңірегіндегі орманды алқап қорыққа айналдырылған. Өлкенің өсімдіктер мен жануарлар дүниесі қорғауға алынған.	Ертіс өңірі, бай өлке, Марқакөл аймағы, биіктігі 1434 метр, тереңдігі 27 метр, басты байлық, майқан балығы, Марқакөл төңірегі, орманды алқап, қорыққа айналған, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі	Марқакөл байлығы
Аңшылар мен ғылыми қызметкерлер аңдарды есепке алады, олардың тіршілік-тынысын бақылайды. Қыста аңдар қосымша азықтандырылады, өйткені Марқакөлдің қысы қатты әрі ұзақ. Адамдардың қамқорлығына жануарлар әбден үйреніп алған. Қар қалың жауған жылдары олар таудан түсіп, елді мекендерге жақын жерге жайылады. Табиғатты қорғау жақсы нәтижелер бере бастады, өйткені Марқакөлде бүкіл Ертіс өңірінің қарағайлы орманы мен қуаң даласын мекендейтін марал, қызыл қасқыр, бұлан, бұғы, қабан, тіпті қоңыр аюды да кездестіруге болады.	Аңшылар мен ғылыми қызметкерлер, қосымша азық, қатты қыс, таудан түсу, елді мекенге жақындау, табиғатты қорғау шаралары, қарағайлы орман, қуаң дала, марал, қызыл қасқыр, қоңыр аю, кездестіру	Қазақстан – бай өлке
Аң-құстарға қамқорлық жасау Қазақстан мемлекетінде табиғатты қорғау, табиғат байлықтарын көбейту мақсатында ұйымдастырылған.	Аң-құстарға қамқорлық жасау, табиғат байлығын көбейту	Табиғатты қорғау шаралары

Жоспар құрылды:

1. Жер-Ананы қорғайық
2. Марқакөл байлығы
3. Қазақстан – бай өлке
4. Табиғатты қорғау шаралары

Жоспар	Тірек сөздер	Мазмұндама жобасы
Жер-Ананы қорғайық	Табиғи ауытқушылар, мекен етушілер, зардабын тарттырады, әрбір өлкенің табиғатын аялау, сүйіспеншілікпен қарау.	Жер-Ана бәрімізге ортақ. Жер бетінде болатын табиғи ауытқушылықтардан оның бетін мекендейтіндердің барлығы қиындық көреді. Сондықтан да еліміздің әр өңірінде мекен ететін аң-құстар қамқорлыққа алынады. Адамдар табиғатқа сүйіспеншілікпен қарап, оны аялауы керек.
Марқакөл байлығы	Ертіс өңірі, бай өлке, Марқакөл аймағы, биіктігі 1434 метр, тереңдігі 27 метр, басты байлық, майқан балығы, Марқакөл төңірегі, орманды алқап, қорыққа айналған, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі.	Ертіс өңіріндегі ең бай өлкенің бірі – Марқакөл аймағы. Оның теңіз деңгейінен биіктігі –1434 метр, тереңдігі 27 метр екен. Бұл өлкенің басты байлығы – майқан балығы. Көлдің айналасы қорыққа айналған. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі өте бай.
Қазақстан – бай өлке	Аңшылар мен ғылыми қызметкерлер, қосымша азық, қатты қыс, таудан түсу, елді мекенге жақындау, табиғатты қорғау шаралары, қарағайлы орман, қуаң дала, марал, қызыл қасқыр, қоңыр аю, кездестіру.	Аңшылар мен ғылыми қызметкерлер осындағы жануарларды қамқорлыққа алған. Қыста оларға азық береді. Жануарлар адамдардан қорықпайды. Қыстың қатты аяздарында азық табу қиын болғандықтан, олар адамдар беретін азықпен қоректенеді. Осындай қамқорлықтың арқасында Қазақстан байлығы көбеюде. Бұл өңірдің ормандары мен қуаң даласынан марал, қасқыр, бұлан, бұғы, қоңыр аюды кездестіруге болады.
Табиғатты қорғау шаралары	Аң-құстарға қамқорлық жасау, табиғат байлығын көбейту.	Аң-құстарға қамқорлық жасау – табиғатқа қамқорлық жасау. Осындай шаралардың арқасында ғана табиғат байлығы көбейе береді. Табиғатты қорғау – біздің міндетіміз.

3

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.

Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.



1. Табиғи ауытқушылықтар дегеніміз не?

Мәтінде мынадай мәлімет бар: «Жер-Ана бәрімізге ортақ. Оның бетінде болатын табиғи ауытқушылық планетаны мекен етушілердің бәріне бірдей зардабын тарттырады». Нақты жауап жоқ. Бұл сұраққа жауап беру үшін «ауытқу» деген сөздің мағынасын ашып алуымыз керек.



2. Адамдардың табиғатқа деген қамқорлығы туралы айтыңыз.

Мәтінде мынадай ақпарат бар: «Аңшылар мен ғылыми қызметкерлер аңдарды есепке алады, олардың тіршілік-тынысын бақылайды. Қыста аңдарға қосымша азық береді, өйткені Марқакөлдің қысы қатты әрі ұзақ». Жауабыңызда мәтін мәліметін сөзбе-сөз қайталамау үшін төмендегі сөздердің баламасын анықтап алыңыз:

- аңшылар мен ғылыми қызметкер;
- есепке алады;
- тіршілік-тынысы;
- бақылайды;

Сөйлем құрастырғанда, жоғарыдағы сөздердің баламаларын қолдана отырып, сөйлем құрастырыңыз.



3. Марқакөл қай жерде орналасқан?

Бұл сұраққа жауап беру үшін мәтіндегі географиялық атауларды еске түсіруіңіз керек. Қай облыс, өңір екендігін есіңізге түсіріңіз.



4. Марқакөлдің басты байлығы не?

Мәтінде не туралы айтылғандарды еске түсіріп, жауап берген уақытта «не?» сұрағы арқылы берілгендіктен, жауап беретін кезде атау тұлғада қоюды ескерген жөн. Мәтінде мынадай мәлімет келтірілген: «Басты байлығы – халық «майқан» деп атайтын қызыл балық. Айналасындағы орманда аңдар мен құстардың 60-қа жуық түрі тіршілік етеді. Қазір Марқакөл көлі мен оның төңірегіндегі орманды алқап қорыққа айналдырылған. Өлкенің өсімдіктер мен жануарлар дүниесі қорғауға алынған».

Жауабыңызда «қызыл балық, аңдар мен құстар, өсімдіктер» сөздерінің барлығын бір сөйлемге біріктіруіңізге болады.



5. Табиғатты қорғау үшін не істеу керек?

Бұл сұрақ өз көзқарасыңызды білдіруіңізді талап етеді. Төмендегі мәліметтерді басшылыққа алыңыз:

- табиғат байлықтарын: орман-көлдерді, тау-көнді қорғау;
- табиғат аясында тіршілік ететін аң-құстарға қамқорлық жасау;
- табиғатты адам игілігіне жұмсау үшін, оны тілсіз жаулардан қорғау. Анықталған тірек-сөздермен сөйлем құраңыз.



5-нұсқа

Компакт-дискіден аудиожазбаны тыңдаңыз.

Мазмұндама мәтінін екі рет тыңдайсыз.

Мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз.

Мазмұндама соңында берілген мәтін мазмұнын ашатын 5 сұраққа жазбаша жауап беріңіз.

Прослушайте аудиозапись на компакт-диске.

Прослушайте текст изложения два раза.

Составьте план изложения в соответствии с содержанием текста.

Письменно ответьте на 5 вопросов, раскрывающих содержание текста.

1

Балуан Шолақ

Баймырзаұлы Балуан Шолақ – қазақтың халық композиторы, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпазы, күш өнерін көрсеткен спортшысы, жауырыны жерге тимеген балуаны. Оның есімін халық осы соңғы өнеріне сүйсінгендіктен еркелетіп, жас күнінде саусағын үсітіп алуына байланысты «Балуан Шолақ» деп атаған, әйтпесе өзінің азан шақырылып қойылған шын аты – Нұрмағанбет. Өкесі Баймырза ағаш шебері болған. Өкесіне қарағанда, шешесі Қалампыр қарулы кісі болған дейді. «Алып – анадан туады» деген ғой, Балуан Шолақ та осы анасына тартып, теңдессіз алып күштің иесі болған.

14 жасынан бастап күреске түсіп, ат құлағында ойнаған спортшы болған, шауып келе жатқан ат үстінде әртүрлі күрделі жаттығуларды шебер орындаған. Мысалы, жүйткіп келе жатқан ат үстінде түрегеліп, не басымен тұруы, аттың бауырынан өтуі, бір аяғын үзеңгіге қыстырып, шалқалап жатып шабуы бойындағы жойқын күшті, ептілікті шебер игере алатындығын, қазақтың далалық цирк өнерінің іргетасын қалағандығын айғақтайды. Көкшетау қаласындағы үлкен жиындарда 51 пұт кірдің тасын көтеріп, дүйім жұртты таң қалдырған. 1899 ж. орыс палуаны Иван Кореньмен күресіп, оның қабырғасын сындырғанда Балуан Шолақ 35-те еді.

Мұның үстіне Балуан Шолақ ән-күйге жасынан құмар болады. Бертін келе, жігіт шағында ол осы екі өнерді қатар дамытады. Әке-шешесі қайтыс болған соң, Ғаникей деген қызға үйленген Балуан Шолақ ел аралап, салдық құрады және жалғыз-жарым жүрмей, маңына әнші-күйші, палуан, өнерлі жастарды жинайды. Топ құрып, «ансамбль» болып сауық құру Балуан Шолақтың дәстүріне айналған.

Енді мәтінді бөліктерге бөлеміз де, үзіндіге ат қоямыз.

Поделим текст на три части, озаглавим микротексты.

Мәтін	Жоспар
<p>Баймырзаұлы Балуан Шолақ – қазақтың халық композиторы, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпазы, күш өнерін көрсеткен спортшысы, жауырыны жерге тимеген балуаны. Оның есімін де халық осы соңғы өнеріне сүйсінгендіктен еркелетіп, жас күнінде саусағын үсітіп алуына байланысты «Балуан Шолақ» деп атаған, әйтпесе өзінің азан шақырылып қойылған шын аты – Нұрмағанбет. Әкесі Баймырза ағаш шебері болған. Әкесіне қарағанда, шешесі Қалампыр қарулы кісі болған дейді. «Алып – анадан туады» деген ғой, Балуан Шолақ та осы анасына тартып, теңдессіз алып күштің иесі болған.</p>	<p>Алып анадан туады</p>
<p>14 жасынан бастап күреске түсіп, ат құлағында ойнаған спортшы болған, шауып келе жатқан ат үстінде әртүрлі күрделі жаттығуларды шебер орындаған. Мысалы: жүйткіп келе жатқан ат үстінде түрегеліп, не басымен тұруы, аттың бауырынан өтуі, бір аяғын үзеңгіге қыстырып, шалқалап жатып шабуы бойындағы жойқын күшті, ептілікті шебер игере алатындығын, қазақтың далалық цирк өнерінің іргетасын қалағандығын айғақтайды. Көкшетау қаласындағы үлкен жиындарда 51 пұт кірдің тасын көтеріп, дүйім жұртты таң қалдырған. 1899 ж. Орыс палуаны Иван Кореньмен күресіп, оның қабырғасын сындырғанда Балуан Шолақ 35-те еді.</p>	<p>Ат құлағында ойнаған алғашқы қазақ цирк әртісі</p>
<p>Мұның үстіне Балуан Шолақ ән-күйге жасынан құмар болады. Бертін келе, жігіт шағында Балуан Шолақ осы екі өнерді қатар дамытады. Әке-шешесі қайтыс болған соң, Ғаникей деген қызға үйленген Балуан Шолақ ел аралап, салдық құрады және жалғыз-жарым жүрмей, маңына әнші-күйші, палуан, өнерлі жастарды жинайды. Топ құрып, «ансамбль» болып сауық құру Балуан Шолақтың дәстүріне айналған.</p>	<p>«Жігітке жеті өнер аз»</p>

2

Жоғарыдағы сызбадан көргеніміздей, мазмұндаманы баяндау жоспары мынадай болады:

1. Алып-анадан туады.
2. Ат құлағында ойнаған алғашқы қазақ цирк әртісі.
3. «Жігітке жеті өнер аз».

Мазмұндама жазу үшін құрылған жоспар, тірек сөздерді пайдалана отыра, өз ойымызды білдіретін шығармашылық жұмыс орындаймыз. Шамамен ол төмендегідей жұмыс үлгілерінен тұрады:

Жоспар	Тірек сөздер мен сөз тіркестері	Мазмұндама
Алып анадан туады	Балуан Шолақ, ат өнерін танитын, композитор, әнші, балуан, үсіген саусақ, Нұрмағанбет, әкесі Баймырза, анасы Қалампыр, ірі адам, анасына тарту	Ат өнерін жақсы білген Балуан Шолақ дарынымен қатар композитор, әнші, балуан болған. Оның шын аты - Нұрмағанбет. Кішкентай кезінде саусағын үсіріп алғандықтан, халық оны Балуан Шолақ деп атап кеткен. Әкесі Баймырза, анасы Қалампыр. Әкесіне қарағанда анасы ірі денелі, қарулы адам болыпты дейді. Балуан анасына тартып, кішкентай кезінен алып күш иесі атанған.
Ат құлағында ойнаған цирк әртісі	14 жас, күрес, күрделі жаттығу, ат үстінде тұру, астынан өту, епті шеберлік, Көкшетау қаласындағы, 51 пұт кір, тасын көтеріп, жұртты таң қалдырған. 1899 ж. Орыс палуаны Иван Кореньмен күресіп, оның қабырғасын сындырған. Жасы 35-те еді	Балуан Шолақ 14 жасынан бастап түрлі сайыстарға қатысып отырған. Ат құлағында ойнай алған қазақтан шыққан тұңғыш цирк әртісі деуге әбден болады. Көкшетау қаласында өткен бір сайыста 51 пұт тасты көтеріп, жұртты таңдандырғаны бар. 1899 жылы орыс палуаны Иван Кореньмен күресіп, жеңген. Ол кезде жасы 35-те еді.
«Жігітке жеті өнер аз»	Ән-күйге жаны құмар болу, екі өнерді қатар ұштау, Фаникейге үйлену, ел аралау, әнші-күйші, палуан, өнерлі жастарды жинау, «ансамбль», топ құру	Күрес, ауырлықты көтерумен қатар ол жастайынан ән өнеріне жақын болған. Қасына ақындарды ертіп, салдық өмір кешкен. Бірінші рет «ансамбль» түсінігі қазақ даласында Балуан Шолақ есімімен байланысты болған.

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.

Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.



1. Балуан Шолақ кім?

Бұл сұраққа жауап беру үшін мәтіндегі және өз жадыңыздан білетін ақпараттарды пайдаланып, «кім?» деген сұраққа атау тұлғалы сөздерді қою арқылы жауап беруге болады.



2. «Алып анадан туады» дегенді қалай түсінесің?

Бұл сұраққа жауап берерде Балуан Шолақтың анасына тартқан алып күш иесі екендігін алға тартуға болады, жауабыңызға сұрау мәнін тудырып тұрған сөйлемді толық қойып, құрмалас сөйлемге айналдырып, жалғастыруға болады. Сонда жауабыңыздың үлгісі: «Алып анадан туады», өйткені ... деп жалғастырасыз.



3. Балуан Шолақтың тағы қандай өнері болды?

Сұрақ «қандай?» сын есім арқылы беріліп тұр, осы сұраққа жауап болатын Балуан Шолақтың барлық өнерін тізбектеп жазуға болады.

Жауабыңыз: Балуан Шолақтың ... , ... , ... сияқты өнерлері болды.



4. Балуан Шолақ қазақ елінде ғана танымал болды ма?

Бұл сұраққа жауап беру үшін қосымша ақпаратты қарастыру керек. Мәтінде оның Ресей палуанымен күрескендігі туралы айтылған, ендеше ол тек қана қазақтардың арасында ғана танымал болған жоқ. Тағы да басқа мәліметтерді білсеңіз, қосуыңызға болады. Жауабыңыз: Балуан Шолақты қазақ елі, ... , ... елдерінде таныды.



5. Қазақтың тағы қандай әнші-композиторлары бар?

XIX ғасырда қазақ даласында әнші-композиторлар көп болды. Олар Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан сері, Жаяу Мұса.

Жауабыңыз: Қазақтың әнші – композиторлары-... , ... ,

3

Жазылым бөлігі. Қорытынды тапсырмалар Блок Письмо. Итоговые задания



Бәсеке

1

Компакт-дискіден аудиожазбаны тыңдаңыз.

Мазмұндама мәтінін екі рет тыңдаңыз.

Мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз.

Мазмұндама соңында берілген мәтін мазмұнын ашатын 5 сұраққа жазбаша жауап беріңіз.

Прослушайте аудиозапись на компакт-диске.

Прослушайте текст изложения два раза.

Составьте план изложения.

Письменно ответьте на 5 вопросов, раскрывающих содержание текста.

2

Жоспар құрыңыз.

3

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.

Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.

1. Бәсеке деген не?

2. Бәсекенің қырлары қандай?

3. Бәсекенің нышандарын қайдан байқауға болады?

4. Адамгершілік тұрғыға жатпайтын бәсеке дегенді қалай түсінесіз?

5. Өркениетті қоғамда бәсекенің сипаты қандай болу керек деп ойлайсыз?

V тарау

Қосымшалар

Приложения

1

Тыңдалым бөлігінің қосымшасы Приложение к блоку Аудирование

Тыңдалым бөлігі бойынша мәтіндегі ақпараттарды есте сақтауға, дұрыс және қате ақпараттарды анықтауға, сәйкесін табуға арналған жаттығулар ұсынылады.

1-диалог

- Мен қазақ тілін үйрететін курсқа жазылайын деп едім.
- Сіз қазақша жақсы сөйлеп тұрсыз ғой!
- Иә, бірақ мен көп сөздерді түсінбеймін. Көп сөздерді досымнан үйрендім.
- Досыңыз қазақ па?
- Иә, біз көрші тұрамыз. Біздің отбасымыз жақында көшіп келді. Сондықтан мен қазақша аз білемін.
- Жарайды, талабыңыз оң болсын. Аты-жөніңіз кім?
- Иванов Сергей.
- Жасыңыз нешеде?
- Он бестемін. Мен алфавиттен бастап үйренгім келеді.
- Сізді түсіндім, Сергей. Бастауыш топқа тіркелесіз ғой.
- Иә. Мен енді қашан келейін?
- Топ жиналған соң, сізге өзіміз хабарласамыз. Телефоныңыздың нөмірін қалдырыңыз. Бір аптаның ішінде белгілі болады.
- Сізге көп рақмет! Сау болыңыз!
- Көріскенше!

Диалог мазмұны бойынша тапсырмалар
Тестовые задания по содержанию диалога

- 1 Сәйкесін табыңыз.
Найдите соответствие.

Сергей қазақ тілін
Сергейдің жасы
Сергейдің досы
Сергей қазақша

жақсы біледі.
қазақ.
үйренгісі келеді.
он бесте.

- 2 Мәтін мазмұны бойынша дұрыс және қате ақпараттарды анықтап, кестені толтырыңыз.
Заполните таблицу, определив достоверность информации.

Дұрыс ақпарат	Қате ақпарат	Мәтін мазмұны бойынша ақпараттар
		1. Сергей тіл үйренудің қажеті жоқ деп ойлайды.
		2. Сергей қазақ тілін досынан үйренгісі келеді.
		3. Сергей тіл үйрету курсына жазылды.
		4. Сергейдің досы қазақша білмейді.
		5. Сергей қазақ тілі курсына жазылды.
		6. Сергей – университеттің студенті.
		7. Сергей бастауыш топқа тіркелді.
		8. Сергейдің досы – қазақ.

2-диалог

- Әмин аға, спорт мектебі жоқ ауылда оқып, үлкен спортқа қалай келдіңіз?
- Менің бала кезімде біздің ауылда мектеп болған жоқ. 7-10 шақырым қашықтықтағы көрші ауылға жаяу қатынап оқыдық. Бір топ бала ауылдан жаяулап шығамыз. Кейде тым ерте барып алып, таң ағарып атқанша күтеміз. Сабақтан кештеу шыққан күндері ауылға күн батпай жету үшін, аяғымыз аяғымызға тимей* жарыса жүгіреміз. Мен сол, о бастан жаяу жүргенді, жүгіргенді ұнататын едім. Үлкен спортқа келуіме А.М. Куликова деген жаттықтырушым себепкер болды.
- Бұл студент кезіңіз ғой?
- Иә, 1956 жылы Атырау педагогикалық институтында оқып жүрген кезімде республикалық спартакиадаға жолдама алдым. Сол жолы Қазақстан құрамасына қабылдандым. 1959 жылы 100-200, 400 метрге жүгіруден Қазақстанның чемпионы атандым. 1965 жылы 200 метрге жүгіруден Кеңестер Одағының рекордын жаңарттым.

* аяғы аяғына тимеу – тез жүгіру, жылдам жүру

1

Диалог мазмұны бойынша тапсырмалар
Задания по содержанию диалога

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы по содержанию текста.

1. Сұхбат беруші кім?
2. Әмин Тұяқов спорттың қай түрінен рекорд жаңартты?
3. А.М. Куликова кім?
4. Ә. Тұяқов қайда оқыған?

2

Сәйкесін табыңыз.
Найдите соответствие.

1956 жылы	Қазақстанның чемпионы атанды.
1956 жылы	Қазақстан құрамасына қабылданды.
1959 жылы	Кеңестер Одағының рекордын жаңартты.
1965 жылы	республикалық спартакиадаға жолдама алды.

3-диалог

- Мамырдың 24-і күні Астанада қыздар арасындағы бокстан Азия чемпионаты басталды. Еліміздің бас қаласында өтіп жатқан сыннан қандай үмітіңіз бар?
- Қазақстан боксшылары 3 алтын алуға дәмелі. Осымен бесінші рет ұйымдастырылып отырған қыздар арасындағы бокстан Азия чемпионатында 11 салмақ бойынша жүлде сарапқа салынады. Астанадағы бокс бәсекесіне 16 елден 86 спортшы келген. Әрине, өткен жылдармен салыстырғанда бұл спорт түріне қызығушылықтың артып отырғанын байқауға болады. Оның басты себебі – Лондон Олимпиадасына қыздар боксының еніп отырғандығы екені белгілі.
- Құрамалардың жағдайы туралы не айтасыз?
- Азияда Үндістан қыздары жақсы нәтижелерімен топ бастап жүр. Мысалы, бұл елдің Мэри Ком есімді қызы әлемнің төрт дүркін* жеңімпазы. Оңтүстік Корея мен Қытай спортшылары да Азиядағы үздіктердің қатарында. Бұл елдер Астанаға мықты құраммен келген. Соған қарамастан, біздің қыздар да алдарына үлкен мақсат қойып отыр.
- Біздің құраманың басты қарсыласы кімдер?
- Үндістан, Қытай, Солтүстік Корея елдерінің боксшылары. Әзірше жеребе отандастырымыздың бағына орай, біз үшін оңтайлы* түскен. Үндістан құрамасымен

бірге оқу-жаттығу жиынын өткізген біздің қыздардың бабы жақсы. Екі-үш алтын медаль жеңіп алу жоспарда бар. Қоржынға тағы 2 күміс түсуге тиіс. Жалпы, бес қызымыз ақтық* сынға шығады деген үміт бар.

- Үмітіңіздің ақталуына* тілекшіміз. Сұхбатыңызға рақмет!

* дүркін – мәрте, рет

* оңтайлы – қолайлы, ыңғайлы

* ақтық – соңғы, ақырғы

* үміті ақталу – күткен нәтижеге жету, ойлағаны орындалу

1 Диалог бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы по диалогу.

1. Мәтін не туралы?
2. Азия чемпионаты қашан, қайда өтеді?
3. Чемпионатқа қай елдің спортшылары қатысады?
4. Сұхбат берушінің ниеті қандай?
5. Қазақстан құрамасының басты қарсыластары кімдер?

2 Мәтіндегі сандық ақпараттарды нақтылаңыз.

Уточните количественную информацию по тексту.

жиырма төрт (24)

үш (3)

он бір (11)

он алты (16)

сексен алты (86)

екі (2)

Чемпионатқа қатысатын елдің саны

Күміс медаль алуға дәмелі боксшылар саны

Азия чемпионаты басталған күн

Сарапқа салынатын салмақ саны

Чемпионатқа қатысатын барлық боксшылар

Алтын медаль алуға дәмелі біздің боксшылар саны

3 Мәтіндегі негізгі ақпаратты табыңыз.

Найдите основную информацию текста.

- A) Азия чемпионатының Астанада өткізілуі
- B) Лондон Олимпиадасына қыздар боксының енуі
- C) Қазақ боксшы қыздарының Азия чемпионатына қатысуы
- D) Қыздар боксынан Азия чемпионатының бесінші рет өткізілуі

4 Мәтінде берілген ақпараттарды Ö белгісімен көрсетіңіз.

Обозначьте значком Ö информацию из текста.

- Астанада қыздар арасындағы бокстан Азия чемпионаты басталды.
- Қазақстандық боксшылар 3 алтын, 2 күміс медаль алды.
- Лондон Олимпиадасына қыздар боксы енгізілді.
- Үндістандық Мэри Ком – әлемнің төрт дүркін жеңімпазы.
- Командалық есепте Қазақстан боксшылары екінші орында.
- Қыздар арасындағы бокстан Азия чемпионаты бесінші рет өтуде.

4-диалог

- Нұршат, сүйінші! Арманың орындалатын болды! Шымкентте гимнастика мектебі ашылатын болыпты. Естідің бе?
- Рас па, Жарқын?! Қандай тамаша! Қайдан естідің?
- Ғаламтордан спорт жаңалықтарын көрмедің бе?
- Менің компьютерім бұзылып қалды. Бір аптадан бері жөндеуде жатыр. Сен одан да қашан ашылатынын айтшы.
- Сен шынында да жаңалықтан құр қалған екенсің. 15 мамырда салтанатты түрде ашылады. Сол күні кешкісін осы оқиғаларға орайластырылып, көркем гимнастикадан бірінші халықаралық турнир ашылады. Жарысқа ТМД-ның он елінен, оның ішінде Ресей, Қазақстан, Беларусь, Украина, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан спортшылары қатысады.
- Қандай тамаша жаңалық әкелдің, құрбым!
- Сен оны кім басқаратынын білгің келмей ме?
- Иә, кім?
- Азияның екі дүркін чемпионы, Азия ойындарының чемпионы, ҚР он мәрте чемпионы, басқаратын болады.
- Әлияның үлкен спорттан кету туралы шешім қабылдағанын естігенмін.
- Оған арналған салтанат сенбі күні қаланың орталық стадионында болады екен.

1

Сәйкесін табыңыз.

Найдите соответствие.

Қосымша ақпарат

Негізгі ақпарат

- 1) Компьютер бұзылып қалды
- 2) Әлия үлкен спорттан кетті
- 3) Көркем гимнастика мектебі ашылады
- 4) Гимнастикадан Халықаралық турнир болады
- 5) Гимнастика мектебін Ә.Юсупова басқарады

2

Дұрыс жауапты табыңыз.

Найдите правильный ответ.

Нұршат жаңалықты

А) қуана

В) мұңая

С) таңдана

қабылдады.

3

Мәтін мазмұны бойынша дұрыс және қате ақпараттарды анықтап, кестені толтырыңыз.

Заполните таблицу, определив достоверность информации.

Дұрыс ақпарат	Қате ақпарат	Мәтін мазмұны бойынша ақпараттар
5	1	1. Жарқын жаңалықты радиодан естіді.
		2. Гимнастика мектебін Әлия Юсупова басқарады.
		3. Шымкентте гимнастика мектебі ашылады.
		4. Халықаралық турнирге қазақ спортшылары қатыспайды.
		5. Халықаралық турнирге ТМД-ның он елінен, спортшылар қатысады.
		6. Нұршат болашақта гимнаст болғысы келеді.
		7. 15 мамырда салтанатты Ә.Юсупованың туған күні тойланады
		8. Әлия Юсупова – Афина мен Бейжіңдегі Олимпиадалық ойындардың жүлдегері.

1-мәтін

A Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширьқтырып, шынықтырады.

B Этнограф-ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздың бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамымыздың ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады.

C Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізделген. Ахмет Жүнісовтың айтуынша (Фәниден бақиға дейін, - Алматы: «Қайнар», 1994), «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен»

D Ал енді, «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған»

Кесте бойынша тапсырмалар
Задания по таблице

1

Төменде берілген ақпараттар мәтіннің қай бөлігінде екенін анықтаңыз.
Определите, к какой части текста относится информация, приведенная ниже.

1. Ұлттық ойындардың тарихы _____
2. «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясындағы» қазақтың ұлттық ойындары туралы пікір _____
3. Қазақтың ұлттық ойындарының түрлері _____
4. Ұлттық ойындар туралы пікір _____

__C__

2

Сәйкесін табыңыз.
Найдите соответствие.

Мәтін тақырыбы

Қазақтың ұлттық ойындарын жаңғыртып дамыту

Мәтіндегі негізгі идея

Қазақтың ұлттық ойындары

Мәтіннің түйіні

Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор

3

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.
 Ответьте на вопросы по содержанию текста.

Мәтінде қазақтың қандай ұлттық ойындары аталады?
 Қазақтың ұлттық ойындарының қандай тәрбиелік мәні бар?
 Қазақ ұлттық ойындарының тарихы қай кезден басталады?

2-мәтін

Моншаның бірнеше түрі бар. Мысалы араб моншасы аммам деп аталады. Оның басты шарты – асықпау. Бұлауланудан бұрын сабынсыз жылы себезгіге жуынады. Бірінші рет бұлаулануға кірген кезде бөлменің температурасы 36 градус, ал дымқылдығы 50 пайыз болуы шарт. Бұл жолы 25-30 минутқа дейін бұлаулануға болады. Бұлаулануға екінші рет кіргенде, бөлменің температурасы 90 градус, ал дымқылдығы 95 пайыз болуы қажет. Бұл жағдайда бөлмеде жарты сағаттан артық отыруға болмайды. Бұлауланған соң денені арнайы қолғаппен ысқылап, содан соң себезгіге шайынады. Бұдан кейін денені уқалап, массаж жасайды. Массаждан кейін әуізге сүңгіп шығу керек. Ал әйелдер эфир майы сіңдірілген топырақ жағады немесе апельсин гүліне оранады.

Жапондардың отбасымен бірге түсетін моншасы фурия деп аталады. Мұнда ең алдымен адам денесін уқалап, жөкемен ысқылайды. Содан соң себезгі астында жуынып, ыстық моншаға түседі. Моншадан шыққан соң, себезгі астында біршама шайынады да, қайтадан ваннаға отырады. Осылайша бұл әрекет бес рет қайталанады.

Бұлауланатын бөлмесі құрғақ әрі 80-90 градус ыстыққа дейін қыздырылатын фин моншасын сауна деп атайды. Бұл моншаға түсердің алдында алдымен жақсылап шомылып, себезгіге шайынып, содан соң денені орамалмен әбден кепкенше сүртеді. Сауна ішінде 5-10 минуттан екі-үш рет отырып шығуға болады. Шомылу себезгі астына барып шайынумен жалғасып отырады.

1

Мәтін тақырыбын анықтаңыз.
 Определите тему текста.

- A) Моншаның түрлері мен ерекшеліктері
- B) Бұлаулану тәсілдері
- C) Моншаның пайдасы
- D) Моншадағы қалыпты температура

2

Қай халықтың моншасы қалай аталады?

араб моншасы	/	сауна
жапон моншасы	/	аммам
фин моншасы	/	фурия

2

Мәтін бөліктеріне атау қойыңыз.
 Озаглавьте части текста.

Мәтін бөліктері	
1-бөлім	
2-бөлім	
3-бөлім	

2

Лексика-грамматикалық бөліктің қосымшасы

Приложение к Лексико-грамматическому блоку

Синонимдер

1-жаттығу

Жақша ішіндегі сөздерді мағыналас сөздермен ауыстырыңыз.

Замените слова в скобках близкими по значению словами.

<p>1. (Белгілі) ғарышкер Т.Мұсабаев төрт рет ғарышқа шығып, рекорд жасады. 2. Бұл үлгідегі киімдер қозғалуға (өте қолайлы) болады. 3. (Меймандар) халқымыздың салт-дәстүрімен танысты. 4. Наурыз (мерекесі) қарсаңында саяхатқа жолдама ұтып алдық. 5. Ата-ананы (құрметтеу) – ежелден келе жатқан салтымыз. 6. Нұрбайдың қыздары (инабатты) болып өсті. 7. Қиын кезде кіші әкеміз (қамқор) болып еді. 8. Тұтынушы өзіне (лайық) шартты таңдап алады.</p>	<p>Сөздер: талқылау, сай, ыңғайлы, қорған, қонақтар, әдепті, атақты, қадірлеу, мейрам, кәсіпкер, отандық.</p>
---	---

Жауабы:

<p>1. (Атақты) ғарышкер Т.Мұсабаев төрт рет ғарышқа шығып, рекорд жасады. 2. Бұл үлгідегі киімдер қозғалуға (өте ыңғайлы) болады. 3. (Қонақтар) халқымыздың салт-дәстүрімен танысты. 4. Наурыз (мейрамы) қарсаңында саяхатқа жолдама ұтып алдық. 5. Ата-ананы (қадірлеу) ежелден келе жатқан салтымыз. 6. Нұрбайдың қыздары (әдепті) болып өсті. 7. Қиын кезде кіші әкеміз (қорған) болып еді. 8. Тұтынушы өзіне (сай) шартты таңдап алады.</p>	<p>Артық сөздер: талқылау, кәсіпкер, отандық.</p>
---	---

Тұрақты сөз тіркестері

1-жаттығу

Тұрақты сөз тіркестерді жай сөзбен алмастырыңыз.

Выделенные устойчивые словосочетания замените простыми словами.

1. Ағамның айрандай ұйыған отбасы бар еді. 2. Мағжан кабинетке кіргенде, іштегілер су сепкендей басылды. 3. Әпкем әкеме қатты ренжіп, ат ізін салмай қойды. 4. Тұрпат фирмасының өкілдері келісімшартқа қол қойғанша, күн құрғатпай келіп жүрді. 5. Ағат кеткен жеріміз болса өзімізге айтыңыз. 6. Менің екінші баламмен түйдей жасты екенсің. 7. Алдымызда келе жатқан топтан көз жазып қалдық. Қажетті сөздер: үндемей қалды, күнде, тату, араласпай қойды, адасып қалдық, қателескен, құрдас.

Жауабы:

1. Ағамның айрандай ұйыған (тату) отбасы бар еді. 2. Мағжан кабинетке кіргенде, іштегілер су сепкендей басылды (үндемей қалды). 3. Әпкем әкеме қатты ренжіп, ат ізін салмай қойды (араласпай қойды). 4. Тұрпат фирмасының өкілдері келісімшартқа қол қойғанша, күн құрғатпай (күнде) келіп жүрді. 5. Ағат кеткен (қателескен) жеріміз болса өзімізге айтыңыз. 6. Менің екінші баламмен түйдей жасты (құрдас) екенсің. 7. Алдымызда келе жатқан топтан көз жазып қалдық (адасып қалдық).

Қажетті сөздер: үндемей қалды, күнде, тату, араласпай қойды, адасып қалдық, қателескен, құрдас.

Жауабы:

1. Ағамның айрандай ұйыған (тату) отбасы бар еді. 2. Мағжан кабинетке кіргенде, іштегілер су сепкендей басылды (үндемей қалды). 3. Әпкем әкеме қатты ренжіп, ат ізін салмай қойды (араласпай қойды). 4. Тұрпат фирмасының өкілдері келісімшартқа қол қойғанша, күн құрғатпай (күнде) келіп жүрді. 5. Ағат кеткен (қателескен) жеріміз болса өзімізге айтыңыз. 6. Менің екінші баламмен түйдей жасты (құрдас) екенсің. 7. Алдымызда келе жатқан топтан көз жазып қалдық (адасып қалдық).

Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар**1-жаттығу**

Тиісті қосымшалармен сөз жасаңыз.

Образуйте слова, присоединив нужные аффиксы.

1. Абайдың кейін жинақталған өлеңдері бас...ға өткізілді. 2. Өн... өтімді болу үшін тұтыну... көңілінен шығу қажет. 3. Семинарға қатысушылардың тіз...і жасалды. 4. Іс алдыға жылжу үшін әріптестер арасында сен... болуы керек. 5. Фестивальдың жоғары дәрежеде өтуіне жастар ұйт... болды. 6. Жақсы жазылған эссе авторына бір сұра... , бір тіле... айтылады. 7. Баласын көптен көрмеген ана сағыны...ын жасыра алмады.

Жауабы:

1. Абайдың кейін жинақталған өлеңдері баспаға өткізілді. 2. Өнім өтімді болу үшін тұтынушы көңілінен шығу қажет. 3. Семинарға қатысушылардың тізімі жасалды. 4. Іс алдыға жылжу үшін әріптестер арасында сенім болуы керек. 5. Фестивальдың жоғары дәрежеде өтуіне жастар ұйтқы болды. 6. Жақсы жазылған эссе авторына бір сұрақ, бір тілек айтылады. 7. Баласын көптен көрмеген ана сағынышын жасыра алмады.

Көмекші есімдер. Көмекші есімдердің септелуі**1-жаттығу**

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужные слова.

1. Біздің кеңсенің ... үлкен сауда орталығы орналасқан. 2. Отандық кәсіпкерлердің ... жарнама берушілер көп болды. 3. Мамандардың барлығы зауыттың ... жиналды. 4. Мәдениет үйінің ... қайырымдылық акциясы өткізіліп жатыр. 5. Кинотеатрдың ... күрделі жөндеу жасалды. 6. Кабинеттің ... басқа бөлімнің қызметкерлері де отыр екен. 7. Шеруге шыққандар орталық көшенің ... жүрді. 8. Университет ... темекі тартуға тыйым салынды.

Қажетті сөздер: алдында, сыртына, артына, бойымен, маңында, ішінде, арасынан, қарсысында

Жауабы:

1. Біздің кеңсенің қарсысында үлкен сауда орталығы орналасқан. 2. Отандық кәсіпкерлердің арасынан жарнама берушілер көп болды. 3. Мамандардың барлығы зауыттың артына жиналды. 4. Мәдениет үйінің алдында қайырымдылық акциясы өткізіліп жатыр. 5. Кинотеатрдың сыртына күрделі жөндеу жасалды. 6. Кабинеттің ішінде басқа бөлімнің қызметкерлері де отыр екен. 7. Шеруге шыққандар орталық көшенің бойымен жүрді. 8. Университет маңында темекі тартуға тыйым салынды.

Барыс септігі. Барыс септігінің мақсаттық мағынаны білдіруі

1-жаттығу

Жақша ішіндегі сөздерге қажетті қосымшаны жалғап, сөйлемді толықтырыңыз.

Дополните предложения, раскрыв скобки и присоединив к словам нужные аффиксы.

1. Тұсаукесерге жазушының шығармашылығымен (танысу) келдік. 2. Қытай медицинасының кереметіне (көз жеткізу) келдік. 3. Ыңғайлы бағадағы ең үздік қонақ үйді (көру) бардық. 4. Туристер атақты Қытай қорғанын (аралау) жиналды. 5. «Шолпан» туристік фирмасы демалысыңызды пайдалы әрі жағымды (өткізу) шақырады. 6. Бұл жердегі бағдарламалар демалуға келген әр баламен жеке (жұмыс істеу) бағытталған. 7. Студенттер кешкі шығармашылық бағдарламалар туралы (ақылдасу) отырды. 8. Олар шаңғымен (сырғанау) кетті.

Жауабы:

1. Тұсаукесерге жазушының шығармашылығымен танысуға келдік. 2. Қытай медицинасының кереметіне көз жеткізуге келдік. 3. Ыңғайлы бағадағы ең үздік қонақ үйді көруге бардық. 4. Туристер атақты Қытай қорғанын аралауға жиналды. 5. «Шолпан» туристік фирмасы демалысыңызды пайдалы әрі жағымды өткізуге шақырады. 6. Бұл жердегі бағдарламалар демалуға келген әр баламен жеке жұмыс істеуге бағытталған. 7. Студенттер кешкі шығармашылық бағдарламалар туралы ақылдасуға отырды. 8. Олар шаңғымен сырғанауға кетті.

Табыс септігі. Салт және сабақты етістіктермен байланысы

1-жаттығу

Жақша ішіндегі сөздерге қажетті қосымшаларды жалғап, сөйлемді толықтырыңыз.

Дополните предложения, раскрыв скобки и присоединив к словам нужные аффиксы.

1. Студенттер мерекелік (кеш) ұйымдастырды. 2. Қазақ әдебиетінің (тарихы) екі жыл оқыдық. 3. Әдебиетшілер ХХ ғасырдың соңында жазылған (шығармалар) талдады. 4. Асхат биыл домбыра (үйірмесі) құрды. 5. Оқушылар көрмеден суретшінің (өнері) тамашалады. 6. Туристер Қытайда Император (қамалы) тамашалады. 7. Алма қан құрамындағы (холестерин) төмендетеді. 8. Ғалымдар құс тұмауынан сақтану (жолдары) іздестіруде.

Жауабы:

1. Студенттер мерекелік кеш ұйымдастырды.
2. Қазақ әдебиетінің тарихын екі жыл оқыдық.
3. Әдебиетшілер XX ғасырдың соңында жазылған шығармаларды талдады.
4. Асхат биыл домбыра үйірмесін құрды.
5. Оқушылар көрмеден суретшінің өнерін тамашалады.
6. Туристер Қытайда Император қамалын тамашалады.
7. Алма қан құрамындағы холестеринді төмендетеді.
8. Ғалымдар құс тұмауынан сақтану жолдарын іздестіруде.

Жалпылау есімдігі

1-жаттығу

Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріңіз.

Перепишите предложения, вставив вместо многоточия нужные слова.

1. Өзиза ауылдағы ... туыстарын тойға шақырды.
 2. Гүлнәр кездескен таныстарының ... ертең үлкен алаңда жарыс болатынын айтты.
 3. Аманғали досынан ... көмегін аямай, оған қолынан келгенінше жәрдемдесті.
 4. Табиғатты қорғау – ... адамзатқа ортақ іс.
- Қажетті сөздер: барша, бар, бәріне, барлық

Жауабы:

1. Өзиза ауылдағы барлық туыстарын тойға шақырды.
2. Гүлнәр кездескен таныстарының барша ертең үлкен алаңда жарыс болатынын айтты.
3. Аманғали досынан бар көмегін аямай, оған қолынан келгенінше жәрдемдесті.
4. Табиғатты қорғау – барша адамзатқа ортақ іс.

Белгісіздік есімдігі

1-жаттығу

Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Дополните предложения, вместо многоточия вставив нужные слова.

1. ... адамдарда өзге тілді тез үйренетін ерекше қабілет болады.
 2. Айнұр ... тілде еркін сөйлейді екен.
 3. Люда мемлекеттік тілді ... меңгеріп алыпты.
 4. Айжан түсіндірме сөздікті ... рет ақтарса да, мына сөздің синонимін таба алмады.
- Қажетті сөздер: әлденеше, бірнеше, кейбір, әлдеқашан

Жауабы:

1. Кейбір адамдарда өзге тілді тез үйренетін ерекше қабілет болады.
2. Айнұр бірнеше тілде еркін сөйлейді екен.
3. Люда мемлекеттік тілді әлдеқашан жетік меңгеріп алыпты.
4. Айжан түсіндірме сөздікті әлденеше рет ақтарса да, мына сөздің синонимін таба алмады.

Болымсыздық есімдігі

1-жаттығу

Жақшаны ашып, тиісті сөзді қойып сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

Перепишите предложения, раскрыв скобки и вставляя нужные слова.

1. «Айдар, сенің жақсылығыңды (ешкім, ешқашан) ұмытпаймын», - деді Гүлнәз.
2. Менің қолымнан сурет салудан басқа (ештеңе, ешқашан) келмейді.
3. Гүлсім ертең (ешқандай, ешқайда) бармайды.
4. Асылжан жол-жөнекей (ешбір, ешкім) танысын кездестірмеді.
5. Балжан (ешқандай, ешқайда) амалы болмай, көршісінен көмек сұрады.

Жауабы:

1. «Айдар, сенің жақсылығыңды ешқашан ұмытпаймын», - деді Гүлнәз.
2. Менің қолымнан сурет салудан басқа ештеңе келмейді.
3. Гүлсім ертең ешқайда бармайды.
4. Асылжан жол-жөнекей ешбір танысын кездестірмеді.
5. Балжан ешқандай амалы болмай, көршісінен көмек сұрады.

Бұрынғы өткен шақ етістік**1-жаттығу**

Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, жаттығуды көшіріңіз.

Вместо многоточия вставьте нужные слова и перепишите упражнения.

1. Олар мектепті былтыр 2. Ал ЖОО-ға оқуға биыл 3. Кеше менің төрт курстасым кітапханаға 4. Айгүл де түстен кейін кітапханаға барып, сабаққа 5. Ол кітапханада көптен көрмеген құрбысын

Қажетті сөздер: кездестіріпті, бітіріпті, түсіпті, барыпты, дайындалыпты

Жауабы:

1. Олар мектепті былтыр бітіріпті.
2. Ал ЖОО-ға оқуға биыл түсіпті.
3. Кеше менің төрт курстасым кітапханаға барыпты.
4. Айгүл де түстен кейін кітапханаға барып, сабаққа дайындалыпты.
5. Ол кітапханада көптен көрмеген құрбысын кездестіріпті.

Нақ осы шақ етістік (күрделі түрі)**1-жаттығу**

Қажетті тіркестерді қойып, сөйлемдерді көшіріңіз.

Перепишите предложения вставьте нужные словосочетания.

1. Мен есеп 2. Інім далада 3. Анам ас үйде тамақ 4. Әкем қарындасыма ертегі 5. Қарындасым ертегіні ұйып

Қажетті сөз тіркестері: тыңдап отыр, пісіріп жатыр, ойнап жүр, шығарып отырмын, айтып отыр

Жауабы:

1. Мен есеп шығарып отырмын.
2. Інім далада ойнап жүр.
3. Анам ас үйде тамақ пісіріп жатыр.
4. Әкем қарындасыма ертегі айтып отыр.
5. Қарындасым ертегіні ұйып тыңдап отыр.

Ауыспалы осы шақ етістік (болымсыз түрі)**1-жаттығу**

Асты сызылған етістіктердің қай шақта тұрғанын анықтаңыз.

Определите время подчеркнутых глаголов.

1. Гүлсім қазір оның айтқанын тыңдамайды.
2. Батырхан көп сөйлемейді.
3. Айгүл бүгін Жазирамен ойнамайды.
4. Дариға жұмысқа кешікпейді.
5. Әділхан сабақтан қалмайды.

Жауабы: асты сызылған етістіктер ауыспалы осы шақта айтылып тұр.

Мақсатты келер шақ етістік (болымсыз түрі)

1-жаттығу

Тиісті қосымшаларды қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

Перепишите предложения, вставив вместо многоточия нужные аффиксы и.

1. Бүгін кешке Мақсат киноға бар...шы емес.
 2. Айдана оған сырын айт...шы емес.
 3. Маржан биыл күйеуге шығып кет...ші емес, себебі оның оқуға түскісі келеді.
 4. Бекжан өз шешімін оған білдір...ші емес.
 5. Ерлан бұл көлікті қайтып жүргіз...ші емес.
- Тиісті қосымшалар:** -бек, -мақ, -мек, -пек, -пақ

Жауабы:

1. Бүгін кешке Мақсат киноға бармақшы емес.
2. Айдана оған сырын айтпақшы емес.
3. Маржан биыл күйеуге шығып кетпекші емес, себебі оның оқуға түскісі келеді.
4. Бекжан өз шешімін оған білдірмекші емес.
5. Ерлан бұл көлікті қайтып жүргізбекші емес.

Ауыспалы келер шақ етістік (-атын, -етін, -йтын, -йтін)

1-жаттығу

Қажетті қосымшаларды қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Дополните предложения, вставляя нужные аффиксы.

1. Шәкірттер тарихшы ағайдың дәрісін сүйіп мұқият тыңда... болар.
2. Ертең жаңбыр жау... сияқты.
3. Осы айда ауа райы жылынып кет... тәрізді.
4. Ағам бүрсігүні Астанаға бар... шығар.
5. Біздің апайымыз осы жиналыста сөйле... болар.

Қажетті қосымшалар: -атын, -етін, -йтын, -йтін

Жауабы:

1. Шәкірттер тарихшы ағайдың дәрісін сүйіп мұқият тыңдайтын болар.
2. Ертең жаңбыр жауатын сияқты.
3. Осы айда ауа райы жылынып кететін тәрізді.
4. Ағам бүрсігүні Астанаға баратын шығар.
5. Біздің апайымыз осы жиналыста сөйлейтін болар.

Мекен үстеулер

1-жаттығу

Тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Дополните предложения, вставив нужные слова.

1. Олар бізден сәл ... көтеріліп барып тоқтады.
2. Кейбір саяхатшы көтерілгісі келмей, ... қалды.
3. Ағам менен біраз ... кетіп қалыпты.
4. Мен ағамның ... жүгіре жөнелдім.

Қажетті сөздер: артынан, ілгері, төменде, жоғары.

Жауабы:

1. Олар бізден сәл жоғары көтеріліп барып тоқтады.
2. Кейбір саяхатшы көтерілгісі келмей, төменде қалды.
3. Ағам менен біраз ілгері кетіп қалыпты.
4. Мен ағамның артынан жүгіре жөнелдім.

Септеулік шылаулар (атау септігіндегі сөздермен тіркесетін септеулік)

1-жаттығу

Қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Дополните предложения, вставляя нужные слова.

1. Айбек Астанаға оқуға түсу ... келіпті. 2. Анам әскердегі ағам ... көп ойлайды. 3. Майра Тараздағы сіңлісімен телефон ... сөйлесті. 4. Гүлсім оның ол жайындағы сырын білетін 5. Біз жазғы демалыста жыл ... ауылдағы туыстарымызға барамыз.

Қажетті шылаулар: сайын, арқылы, үшін, сияқты, туралы

Жауабы:

1. Айбек Астанаға оқуға түсу үшін келіпті. 2. Анам әскердегі ағам туралы көп ойлайды. 3. Майра Тараздағы сіңлісімен телефон арқылы сөйлесті. 4. Гүлсім оның сырын білетін сияқты. 5. Біз жазғы демалыста жыл сайын ауылдағы туыстарымызға барамыз.

Септеулік шылау (барыс септігіндегі сөздермен тіркесетін септеулік)

1-жаттығу

Көп нүктенің орнына тиісті шылаударды қойып жазыңыз.

Вместо многоточия вставьте соответствующие служебные слова.

1. Алмас үйге ... келе жатқанда Біржанды жолықтырды. 2. Ол әйелін ертіп кешке ... бұлардікіне келетін болды. 3. Мен бар шаруамды түске ... тез бітіріп тастадым. 4. Досымды үйіне ... машинамен жеткізіп салдым.

Тиісті шылаулар: шейін, таман, қарай, шейін.

Жауабы:

1. Алмас үйге қарай келе жатқанда Біржанды жолықтырды. 2. Ол әйелін ертіп кешке таман бұлардікіне келетін болды. 3. Мен бар шаруамды түске шейін тез бітіріп тастадым. 4. Досымды үйіне дейін машинамен жеткізіп салдым.

Шығыс септігін меңгеретін септеулік шылаулар

1-жаттығу

Көп нүктенің орнына қажетті шылауларды қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужные служебные слова.

1. Қыстан ... ұзақ күттіріп көктем де келеді. 2. Бір аптадан ... әкем іссапардан қайтатын болды. 3. Кенже сіңілісі өзінен ... тұрмысқа шығып кетті. 4. Бізді әкемнен ... шешеміз қаталдау ұстайтын. 5. Апасына орамалдан ... алған жеке сыйлығы бар. 6. Сендерден ... маған жақын ешкім жоқ екенін түсіндім. 7. Менің біреуден ... болайын деген бөтен ойым жоқ болатын. 8. Әбу Насыр әл-Фарабидің 150-ден ... еңбектері бар. 9. Баласының үйден ... жүргеніне де біраз жылдың жүзі болыпты. 10. Оқудан ... уақытында спорт секциясына барып жүретін.

Қажетті сөздер: соң, бөлек, бұрын, гөрі, ілгері, астам, басқа, тыс, тысқары, кейін

Жауабы:

1. Қыстан кейін ұзақ күттіріп көктем де келеді. 2. Бір аптадан соң әкем іссапардан қайтатын болды. 3. Кенже сіңілісі өзінен бұрын тұрмысқа шығып кетті. 4. Бізді әкемнен гөрі шешеміз қаталдау ұстайтын. 5. Апасына орамалдан бөлек алған жеке сыйлығы бар. 6. Сендерден басқа маған жақын ешкім жоқ екенін түсіндім. 7. Менің біреуден ілгері болайын деген бөтен ойым жоқ болатын. 8. Әбу Насыр әл-Фарабидің 150-ден астам еңбектері бар. 9. Баласының үйден тысқары жүргеніне де біраз жылдың жүзі болыпты. 10. Оқудан тыс уақытында спорт секциясына барып жүретін.

Көмектес септігін меңгеретін септеуліктер**1-жаттығу**

Көмектес септігін меңгеретін септеулік шылауы бар сөйлемді жазып, шылаудың астын сызыңыз.

Спишите предложения с послелогоми творительного падежа и подчеркните их.

1. Мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты спектакльге отбасыммен бірге барамын. 2. Сейфуллин даңғылымен төмен қарай жүріп келемін. 3. Сен таңертеңге дейін құжаттарыңды алып кел. 4. Ол отырған көлік автобуспен қатар біраз жерге дейін жүріп отырды. 5. Осы аптада жұмыспен қоса отбасылық мәселе де басымды қатырды. 6. Дүкенде көптен бері көрмеген досымды кездестіріп, қуанып қалдым. 7. Дүкеннен кейін екеуіміз бір жақсы кафеге барып тамақтандық. 8. Сабақпен қабаттасып тексеру жүріп жатыр.

Жауабы:

1. Мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты спектакльге отбасыммен бірге барамын. 2. Жол Сейфуллин даңғылымен бірге жөнделіп жатыр. 4. Ол отырған көлік автобуспен қатар біраз жерге дейін жүріп отырды. 5. Осы аптада жұмыспен қоса отбасылық мәселе де басымды қатырды. 8. Сабақпен қабаттасып тексеру жүріп жатыр.

Демеулік шылаулар. Күшейткіш, нақтылау демеуліктері**1-жаттығу**

Көп нүктенің орнына қажетті (-ай, -ау, де, ғой, -ақ) шылауларды жазыңыз.

Вместо многоточия вставьте нужные частицы (-ай, -ау, де, ғой, -ақ).

1. Қайран, жастық жылдар-..., зуылдап өте шықты.
2. – Әй, Жиренше-..., осыны да азаматым бар деп, әлдеқандай етіп айтасың-...! - дейді жолдастары.
3. Ол қызды бір көрді ... ұнатып қалды.
4. Сен кеше театрға барғанда ..., тамаша қойылым болды.
5. – Ербол-..., мен қайда тұрмын осы? (М.Ә.)
6. Мынау үйде мені шақырып отырған Тоғжаным ...! - деп, бар сабырдан айырылып, тағы да өзгеше бұзылып кетті (М.Ә.).
7. Бұл қала шекарадан небары қырық-... километр жерде болатын (Қ.Қайсенов).

Жауабы:

1. Қайран, жастық жылдар-ай, зуылдап өте шықты.
2. – Әй, Жиренше ай, осыны да азаматым бар деп, әлдеқандай етіп айтасың-ау! - дейді жолдастары.
3. Ол қызды бір көрді де ұнатып қалды.
4. Сен кеше театрға барғанда ғой, тамаша қойылым болды.
5. – Ербол-ау, мен қайда тұрмын осы? (М.Ә.)

6. Мынау үйде мені шақырып отырған Тоғжаным ғой! - деп, бар сабырдан айырылып, тағы да өзгеше бұзылып кетті. (М.Ә.)

7. Бұл қала шекарадан небары қырық-ақ километр жерде болатын.

(Қ.Қайсенов)

Жалғаулық шылаулар. Себептік жалғаулықтар

1-жаттығу

Сөйлемнің екінші сыңарын тауып, бағанды сәйкестендіріңіз.

Найдите вторую часть предложения и соотнесите столбцы.

Мен саған уақытылы келе алмаймын, Сен қалаға бармайтын болдың, Асқар дұрыс жауап бермеді, Кеше ол киноға бармады, Айгүл қолшатырын алып алды, Ол анасына телефон жоғалтқанын айпады, Мен үйден ерте шықтым,	себебі анасын ашуландырғысы келмеді себебі жаңбыр жауады деп хабарлады себебі көлік кептелісінде тұрмын себебі әкең өзі баратын болды себебі бүгін жұмысым ерте басталады себебі оның өзі де түсініп тұрған жоқ себебі ата-анасы рұқсат етпеді
---	--

Жауабы:

Мен саған уақытылы келе алмаймын, Сен қалаға бармайтын болдың, Асқар дұрыс жауап бермеді, Кеше ол киноға бармады, Айгүл қолшатырын алып алды, Ол анасына телефон жоғалтқанын айпады, Мен үйден ерте шықтым,	себебі көлік кептелісінде тұрмын себебі әкең өзі баратын болды себебі оның өзі де түсініп тұрған жоқ себебі ата-анасы рұқсат етпеді себебі жаңбыр жауады деп хабарлады себебі анасын ашуландырғысы келмеді себебі бүгін жұмысым ерте басталады
---	--

Салдарлық жалғаулық шылаулар

1-жаттығу

Себеп мәнді жалғаулықты сөйлемді бір бөлек, салдарлық мәнді жалғаулықты сөйлемді бір бөлек жазыңыз.

Запишите отдельно: предложения с причинными союзами и предложения со следственными союзами.

1. Мен бүгін ерте жатып қалдым, себебі таңертең үйден ерте шығып кетуім керек.
2. Сіз күні бойы көп жұмыс бітірдіңіз, сондықтан біраз демалып алыңыз.
3. Қазақ тілін әрбір азамат білуі керек, себебі ол – мемлекеттік тіл.
4. Ертең мен болмаймын, сондықтан жиналысты өткізе беріңдер.
5. Баланың бар тәрбиесіне сіз жауаптысыз, өйткені сіз баланың анасысыз.
6. Ол кеше жиналыста болған жоқ, сондықтан кейбір мәселелерді түсінбей отыр.
7. Сіз симпозиумда сөйлейсіз, сол себепті сөйлейтін тезисіңізді дайындаңыз.
8. Мен ол жерде болмадым, себебі мені үй иелері шақырған жоқ.
9. Асқар үйіне кетті, себебі баласы үйдің кілтін жоғалтып алыпты.
10. Мен өте ақкөңіл адаммын, неге десейсіз, менің шешем де, әкем де ақкөңіл кісілер.

Себеп мәнді жалғаулықты сөйлем	Салдарлық мәнді жалғаулықты сөйлем

Жауабы:

Мен бүгін ерте жатып қалдым, себебі таңертең үйден ерте шығып кетуім керек.	Сіз күні бойы көп жұмыс бітірдіңіз, сондықтан біраз демалып алыңыз.
Қазақ тілін әрбір азамат білуі керек, себебі ол – мемлекеттік тіл.	Ертең мен болмаймын, сондықтан жиналысты өткізе беріңдер.
Баланың бар тәрбиесіне сіз жауаптысыз, өйткені сіз баланың анасысыз.	Ол кеше жиналыста болған жоқ, сондықтан кейбір мәселелерді түсінбей отыр.
Мен ол жерде болмадым, себебі мені үй иелері шақырған жоқ.	Сіз симпозиумда сөйлейсіз, сол себепті сөйлейтін тезисіңізді дайындаңыз.
Асқар үйіне кетті, себебі баласы үйдің кілтін жоғалтып алыпты.	Мен өте ақкөңіл адаммын, неге десеңіз, менің шешем де, әкем де ақкөңіл кісілер.

Демеулік шылаулар (Шектік, болымсыздық, салыстыру)

1-жаттығу

Демеулік шылауларды мағынасы бойынша топтаңыз.

Сгруппируйте частицы по значению.

Шектік	Болымсыздық (салыстыру)	Күшейткіш	Нақтылау

1. Сіздің-ақ естімейтін нәрсеңіз жоқ екен?
2. Биыл университетке тек 70-тен жоғары балл жинағандарды ғана қабылдады.
3. Студент тұрмақ оқытушының өзі де сабаққа кешікпеуі керек.
4. Ол әжесіне өткен аптада кіріп шыққан-ды.
5. Құдай-ау, осыны да үлкен мәселеге айналдырып отырсыңдар ма?
6. Кездесу наурыз айының ортасында өтті ғой.
7. Тек ұлдар ғана барған сияқты.
8. Саған бермек түгіл өзімде де бір кітап қалмайтын болды.

Жауабы:

Шектік	Болымсыздық (салыстыру)	Күшейткіш	Нақтылау
Тек ұлдар ғана барған сияқты.	Студент тұрмақ оқытушының өзі де сабаққа кешікпеуі керек.	Құдай ау, осыны да үлкен мәселеге айналдырып отырсыңдар ма?	Ол әжесіне өткен аптада кіріп шыққан ды.
Биыл университетке тек 70-тен жоғары балл жинағандарды ғана қабылдады.	Саған бермек түгіл өзімде де бір кітап қалмайтын болды.	Сіздің ақ естімейтін нәрсеңіз жоқ екен?	Кездесу наурыз айының ортасында өтті ғой.

Еліктеуіш сөздер

1-жаттығу

Сөздерді сәйкестендіріңіз.
Определите соответствие.

Қарға	сарт етіп жабылды
Дөңгелек	қарқылдайды
Есік	зырылдайды
Бала	әңгіме болды
Гу-гу	шыр-шыр етті
Аяғын	гүрілдеп шығады
Даусы	тарп-тарп басты

Жауабы:

Қарға	қарқылдайды
Дөңгелек	зырылдайды
Есік	сарт етіп жабылды
Бала	шыр-шыр етті
Гу-гу	әңгіме болды
Аяғын	тарп-тарп басты
Даусы	гүрілдеп шығады

Бейнелеуіш сөздер

1-жаттығу

Көп нүктенің орнына қажетті бейнелеуіш сөздерді қойыңыз.

Вместо многоточия вставьте необходимые образоподражательные слова.

1. «Қара Көже» дегендерге «әу» деп ... қарайтын болдым. 2. Ғимараттың кіре берінде ... етіп құлап, аяғын қайырып алды. 3. Құлағындағы сырғасы күнмен шағылысып, ... әдемі көрінеді. 4. Аттылар бұрылып келіп, дөңгелене отырған жиынға ... сәлем берісіп амандасып қалды (М.Әуезов). 5. Мойнындағы жұқа мойын орағышы желмен 6. Бүгін күні бойы ... біреуді күтумен болды. 7. Баласының ... түріне қарап, әңгімесін бастады. 8. Әжесінің ... жүзінен мейірім шуағы төгіліп тұр. 9. ... айнадай таза кең үйіне алып келді. 10. Байғұс қара өгіз, көзіне шыбын үймелеп, аузынан сілекейі шұбырып, ... аяңдап келеді.

Қажетті сөздер: жалп, жылтылдап, елеңдеп, митың митың, сөлбіреген, жапыр жұпыр, жарқыраған, жалт, желпілдейді, күлімсіреген

Жауабы:

1. «Қара Көже» дегендерге «әу» деп жалт қарайтын болдым. 2. Ғимараттың кіре берінде жалп етіп құлап, аяғын қайырып алды. 3. Құлағындағы сырғасы күнмен шағылысып, жылтылдап әдемі көрінеді. 4. Аттылар бұрылып келіп, дөңгелене отырған жиынға жапыр жұпыр сәлем берісіп амандасып қалды (М. Әуезов). 5. Мойнындағы жұқа мойын орағышы желмен желпілдейді. 6. Бүгін күні бойы елеңдеп біреуді күтумен болды. 7. Баласының сөлбіреген түріне қарап, әңгімесін бастады. 8. Әжесінің күлімсіреген жүзінен мейірім шуағы төгіліп тұр. 9. Жарқыраған айнадай таза кең үйіне алып келді. 10. Байғұс қара өгіз, көзіне шыбын үймелеп, аузынан сілекейі шұбырып, митың митың аяңдап келеді.

Императивтік ишара одағайларының берілуі

1-жаттығу

Берілген сөйлемнен адамға арнай айтылған сөздердің астын сызыңыз.
Из данных предложений подчеркните слова, обращенные к человеку.

1. Әй, бәрің маған неге қарап қалғансыңдар?
2. Ау, халайық! Шешімін айтыңдар.
3. Тұу, болар-болмас нәрсені айтып отыра береді екенсің.
4. Қаз-қаз, балам, қаз балам!
Қадам бассаң, мәз болам.
5. Кәне, жігіттер, үйдің шаңырағын көтеруге көмектесіп жіберейік.
6. Жә, үндемеген сайын басына береді екенсіңдер.
7. Тәйт, мұндай жаман қылығыңды анаң екеуміз екінші рет естімейтін де, көрмейтін де болайық!
8. Ой, қойған затым қайда кетті екен!?

Жауабы:

1. Әй, бәрің маған неге қарап қалғансыңдар?
2. Ау, халайық! Шешімін айтыңдар.
3. Тұу, болар болмас нәрсені айтып отыра береді екенсің.
4. Қаз-қаз, балам, қаз балам!
Қадам бассаң, мәз болам.
5. Кәне, жігіттер, үйдің шаңырағын көтеруге көмектесіп жіберейік.
6. Жә, үндемеген сайын басына береді екенсіңдер.
7. Тәйт, мұндай жаман қылығыңды анаң екеуміз екінші рет естімейтін де, көрмейтін де болайық!
8. Ой, қойған затым қайда кетті екен!?

Қыстырма сөздердің берілуі

1-жаттығу

Қыстырма сөздерді анықтаңыз.
Определите вводные слова.

1. Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар, менен артық табылса да (Абай).
2. Менің ойымша, біз адамның сыр келбетіне қарап баға берген сияқтымыз.
3. Алдымен, сен ұйықтап дем алып ал, сосын екеуіміз бақшаны суғарамыз.
4. Осының бәрі, әрине, оның адамгершілігін танытады.
5. Қорыта келгенде, дәріні ішкен кезде дәрігер жазып берген кеңесті бұлжытпай орындаңыз.
6. Қысқасы, латынға көшудің техникалық қиындықтары – шешуге болатын іс.
7. Емханада:
– Дәрігер, маған кімнің миын ауыстырып салғансыз?
– МАИ қызметкерінің.
– Бәсе, қолымды шошайтып, ысқыра беремін, ысқыра беремін...
(Алматтың әзілі)
8. Кино қарағанды хобби көресіз бе? Мысалы, мен қымбатқа түсірілген тарихи киноларды жақсы көремін.
9. Негізінен, патриотизм өзіңнің отбасыңнан басталады. Сен ата-ананды қалай сүйсең, Отан да саған сондай ыстық болуы керек.
10. Дағдарыс қайталануы мүмкін, бірақ біз оған дайынбыз.

Жауабы:

- 1) сірә
- 2) менің ойымша
- 3) алдымен
- 4) әрине
- 5) қорыта келгенде
- 6) қысқасы
- 7) бәсе
- 8) мысалы
- 9) негізінен
- 10) мүмкін

3

Оқылым бөлігінің қосымшасы Приложение к блоку Чтение

Оқылым бөлігі бойынша дағды қалыптастыратын жаттығулар
Упражнения для формирования навыков чтения

1-мәтін

Сағи Асанұлы Әшімов 1961 жылдың 18 шілдесінде Алматы қаласында дүниеге келген. Т. Жүргенов атындағы Алматы мемлекеттік театр және көркемсурет институтын қызыл дипломмен бітірген. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Жиырмадан астам фильмде басты рөлдерде ойнаған. Алғашқы фильмге («Өз бидайыңды өзің өсір», режиссері – Болат Шманов) тоғызыншы сыныпта түскен.

1

Мәтін бойынша төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы по тексту.

1. Сағи Асанұлы Әшімов кім?
2. Сағи қай оқу орнында білім алған?
3. Жас әртіс қай жылы қайда туылған?
4. Әртіс ең алғаш қай фильмде ойнады?

2-мәтін

Бұлан – Сырым ауданындағы елді мекен. Бұлан – аша тұяқты, бұғытекес ірі аңның бірі. Тарихи деректерге сүйенсек, Қандағайты өзенінің бойында бұландар көп болыпты. Тіпті өзен атауындағы «қандағай» сөзі де моңғол тілінде «бұлан» деген ұғымды білдіреді. Кейін бұлан атауы Байбақты руының бір бөлімінің аты ретінде қолданылған. Сонымен қатар бұл елді мекен атауы Байбақты руының XVIII ғасырда өмір сүрген биі Бұлан Қарақұлұлының есіміне де байланысты болуы мүмкін. Бұлан Қарақұлұлы 1783-1797 жылдары Сырым Датұлы басқарған ұлт-азаттық көтеріліске белсене қатысқан.

2

Мәтін бойынша берілген төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.
Ответьте на вопросы по тексту.

- 1) Бұлан қандай аң?
- 2) Бұлан қай ауданда орналасқан?
- 3) Елді мекен атауы неге байланысты?
- 4) Бұлан Қарақұлұлы қандай көтеріліске қатысқан?
- 5) Тарихи деректер бойынша бұландар қайда көп орналасқан?

3-мәтін

Ел ордасы – Астана

Қай елдің болса да астанасының аты мемлекеттік рәмізі тәріздес. Мысалы, Мәскеу десе – Ресей, Лондон десе – Англия мемлекеттерін көз алдымызға елестетеміз.

Біздің мемлекетіміздің бас қаласы – Астана. Бүгінде Астананың аты әлемге әйгілі. Бұл өңір – талай тарихи оқиғаларды бастан өткізген қасиетті өлке. Тарихшылардың айтуы бойынша, өткен ғасырларда осы күнгі Астана тұрған орын ғұндардың батыстағы бір ордасы болған.

Астана қаласы Солтүстік Қазақстан аймағында орналасқан. Бұл жердің ауасы таза, қысы қатал, жазы ыстық болады.

Астана – болашағы үлкен қала. Мұнда әсем, зәулім ғимараттар салынып жатыр. Астана іскерлік пен мәдени орталыққа айналды.

- 3 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
Определите основную мысль текста.

- A) Қазақ жерінің тарихы баяндалады.
- B) Солтүстік Қазақстан аймағының табиғаты суреттеледі.
- C) Қазақстанның бас қаласы Астана қаласы туралы ақпарат беріледі.
- D) Қазақ елінің Ресеймен достық қарым-қатынасы туралы ақпарат беріледі ақпарат.

- 4 Мәтіннің бірінші азатжолына нақтырақ тақырып таңдаңыз таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящую тему для первого абзаца.

- A) Қазақ елінің тарихы
- B) Астананың бүгінгі келбеті
- C) Астана қаласының болашағы
- D) Әр елдің астанасы – сол мемлекеттің белгісі.

4-мәтін

Қазақстанда спорттың барлық түрі дамыған. Көптеген ұлттық спорт ойындары бар. Көкпар, бәйге, қазақша күрес, аударыспақ сияқты ұлттық ойын түрлерінен жиі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады.

Тәуелсіз Қазақстан 1994 жылы Дүниежүзілік Олимпиада комитетінің мүшесі болды. Қазақстандық спортшылар әр түрлі жарыстарда жақсы көрсеткіштерге жетіп келеді.

Біздің команда қысқы Наганада өткен олимпиадалық ойында 100 команда арасында 11-орынды жеңіп алды. Атлантада біз 180 команданың ішінен 26-орын алдық. Сиднейдегі спортшыларымыздың жеңісі Қазақстанға даңқ әкелді.

Спорттың көптеген түлерінен әлемге танылған спортшыларымыз бар. Мәселен, боксшы Серік Қонақбаевтың шеберлігін дүниежүзі мойындады. Жақсылық Үшкемпіров – күрестен олимпиада чемпионы. Бекзат Саттарханов – Сидней олимпиадасының чемпионы.

- 5 Ойды жалғастырыңыз.
Продолжите мысль.

- 1) Ұлттық спорт ойындарына
- 2) Қазақстандық спортшылар
- 3) Менің сүйікті спортшыларым

- 6 Мәтінді пайдалана отырып, сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтаңыз.
Определите достоверность предложений, используя текст.

№	Сөйлем	Дұрыс	Қате
1	Қазір елімізде спорттық барлық түрі дамыған.		
2	Ұлттық спорт ойындары назардан тыс қалуда.		
3	Тәуелсіз Қазақстан 1991 жылы Дүниежүзілік Олимпиада комитетіне мүше болды.		
4	Сидней олимпиадасында спортшыларымыз табысқа жетті.		
5	Атақты спортшыларымыз аз емес.		

7

Кестені толтырыңыз.
Заполните таблицу.

Спортшының аты-жөні	Спорт түрі	Қай жарыстың чемпионы	Жарыс өткізілген жыл	Жарыс өткен қала

5-мәтін

Мен 3 жасымнан би билеп, 5 жасымнан сахнаға шығып, ән айтып келемін. Ең алғаш мектепте «Бота, бота» деген әнді айтқанмын. 6 жасымда «Әнші болғым келеді» байқауына қатысып, «Домбырасыз ән қайда?» деген әнмен бас жүлдеге ие болдым. Ең алғашқы байқауым сол болды. Одан кейін көптеген байқауларға қатысып жүрдім. Бәрінен жүлделі орындарға ие болдым.

Репертуарымда «Мектебім», «Бозқараған», «Бала қиял» деген әндермен қоса патриоттық әндер де бар. Әкем Ерғали әскери адам болғаннан кейін, «Туған ел», «Жас ұлан» деген патриоттық әндерді жаздырдым. Болашақта патриоттық әндердің орындаушысы болғым келеді.

Анам Бақыт пен әкем Ерғалидың менің өнеріме қосқан үлесі зор. Олар алғаш «Әнші болғым келеді» продюсерлік орталығына апарып, өнерімді шыңдауға жол ашып берді. Сол кезден бастап әнге деген қызығушылығым күн санап арта түсті. Алдағы уақытта үлкен мамандық иесі болуды армандаймын. Еліме деген өзімнің аз да болса үлесімді өнеріммен қоссам деймін. Қазір репертуарыма жаңа ән жазып жүрмін. Болашақта осы әнге клип түсіру ойымда бар. Мен де Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева апайларым сияқты әнші болғым келеді. Қазақ өнері әлемге танылса деп тілеймін. Қазақтың өнерін дүниежүзіне паш еткізе алатын өнер иесі болсам екен деймін.

8

Мәтін мазмұнындағы негізгі ойды табыңыз.
Найдите основную мысль текста.

- 1) Мен әнші болуды армандадым.
- 2) Менің отбасым – өнерге жақын адамдар.
- 3) Мен атақты әншілермен бірге ән салдым.
- 4) Мен шетелде өзімнің әншілік өнерімді көрсетіп қайттым.

Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящую тему текста.

- 1) Мен өнерді сүйемін
- 2) Әнші болу – арманым
- 3) Маған әншілік ұнайды
- 4) Менің сүйікті әндерім

6-мәтін

Денсаулық – адам өміріндегі баға жетпейтін ең бағалы дүние. Өмірдің шаттығы мен қызығы денсаулыққа байланысты. «Денсаулық – зор байлық», - дейді қазақ. "Денсаулықты сақтап, оны үнемі нығайтып отыру керек", - дейді ғалымдар мен биологтар. Денсаулықты сақтаудың жолын үйрену – әрбір адамның басты міндеті. Әркім өзінің денсаулығының нашарлауына өзі кінәлі. Ауруды ағзаларға жолатпау – адамдардың өз қолында. Денсаулықтың нашарлауына көңіл-күйдің де әсер ететіні белгілі.

Денсаулықты қалай сақтау керек? Аурудың алдын алу шараларына не жатады? Осы сұрақтарға жауап беру – валеологияның міндеті. Валеология – денсаулық және салауатты өмір сүру салты туралы ғылым.

Адам – жердегі табиғаттың асқақ туындысы. Адам – күрделі және нәзік жүйе. Алайда табиғат қазынасы игілігін көру үшін адам дені сау әлеуетті және ақылды болуы тиіс.

Қазақ халқының денсаулық туралы мақал-мәтелдерінен мысалдар келтіре кетелік.

Мысалы:

1. Ауырып ем іздегенше,
Ауырмайтын жол ізде.
2. Денсаулық ғанибет,
Сырқаулығы болмаса.
3. Миға көнген дене азбас.
4. Жарлының байлығы,
Денінің саулығы.

Ақылды адамдардың дені сау, бақытты болатын реті бар. Өйткені олар әр нәрсені ақылға салып, көзін, тетігін, кемістігін таба біледі, болжайды, мақсатына жете алады. Орынсыз ешнәрсеге ұрынбайды. Олар аурулардың қауіптілігінен, зиянды әдеттерден сақтанады. Өз бойында бар күш-қуатты ауруға қарсы орынды жұмсай алады, ерік күші бар.

Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны табыңыз.
Выберите вывод, конкретизирующий содержание текста.

- 1) Денсаулықты жас кезден күту керек.
- 2) Әрбір адамның денсаулығын күту – оның өз қолында.
- 3) Денсаулық туралы мақал-мәтелдерді біліп жүрген пайдалы.
- 4) Адамның денсаулығы оның баға жетпес байлығы болып табылады.

11

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
Выберите наиболее подходящую тему для 1-го абзаца.

- 1) Денсаулықты күту
- 2) Денсаулық – зор байлық
- 3) Денсаулықты сақтау жолдары
- 4) Денсаулықты күту – әркімнің өз міндеті

7-мәтін

Ұлттық атауларда үлкен мән бар

Ел еңсесін көтеріп, рухын асқақтататын мәдени құндылықтардың бірі әрі бірегейі – ұлттық атаулар. Қазақ халқының ежелден қалыптасқан ұлттық ономастикалық жүйесі бар. Егер тереңірек ойлап қарасақ, ономастикалық атаулар – осы жердің иесі қазақ екенін білдірумен қатар, тіл тәуелсіздігін де жалпақ жұртқа паш ететін ұлттық дүние. Ұлттық дүние бір ұлтқа тиесілі болғанымен, ол жалпыадамзаттық құндылық. Мысалы, Отырар, Тараз, Түркістан, Арал, Сарыарқа, Байқоңыр, Алматы, Астана атауларында қаншама тарих, терең сыр, мән-маңыз, мағына жатыр десеңізші. Ежелгі әрі жаңа Қазақстанды бүкіл әлем осы қазақи ұлттық атаулар арқылы танып келеді. Шынында, қазақтың терең мағыналы бір сөзі арқылы тілінді, жерінді, елінді, мәдениетің мен тарихыңды дүниежүзі танып жатса, одан артық қандай идеология керек?!

Алда қабылданатын 2011-2020 жылдарға арналған Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында осы үрдіс жалғасын тауып жатса, құба-құп. Жалпы, туған өлкеміздегі жер-су, елді мекен атауларын қалпына келтіру – тарихи әділеттілікті орнату деген сөз. Елімізде ономастика мәселесіне үлкен мән беріледі. Республика бойынша бүгінгі таңда бір мыңнан астам елді мекеннің атауы өзгертілді. Бұндай көрсеткішке зиялы қауым мен түрлі қоғамдық бірлестіктердің және жергілікті ономастика комиссиялары тарапынан ұзақ жылдар бойы тынымсыз жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде қол жеткізілді.

12

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыз.
Вставьте нужные слова вместо многоточия.

1. Ұлттық атауларда үлкен ... бар 2. Республика бойынша бүгінгі таңда бір мыңнан астам елді мекеннің ... өзгертілді. 3. Қазақ халқының ежелден қалыптасқан ұлттық ономастикалық ... бар. 4. Ұлттық ... бір ұлтқа тиесілі болғанымен, ол жалпыадамзаттық құндылық.

Қажетті сөздер: дүние, мән, атауы, жүйесі

13

Ұсынылған сөздер мен сөз тіркестерін іріктеп, мәтін түйіндісін құрастырыңыз.
Составьте резюме текста, отобразив нужные слова и словосочетания.

Ономастикалық жүйе, ұлттық атаулар, үлкен мән, ел, үрдіс, қауым

14

Ұсынылған сөйлемдер арасынан мәтінге басқаша тақырып бола алатын сөйлемді табыңыз.

Из данных предложений найдите предложение, которое могло бы быть заголовком текста.

1. Ұлттық атаулар – мәдени құндылықтардың бірі. 2. Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасы. 3. Зиялы қауым мен түрлі қоғамдық бірлестіктер.

15

Мәтінге сәйкес сөздерді орнына қойыңыз.

Вставьте нужные слова в соответствии с текстом.

жалпыадамзаттық	қауым
ономастикалық	асқақтататын
жаңа	қолдану
Тілдерді	Қазақстан
зиялы	құндылық
қол	жеткізілді
рухын	жүйе

16

Жақшаның ішіндегі сөздерді дұрыс формасында пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.

Составьте предложение, используя слова в скобках в правильной форме.

Қазақ (халқы) ежелден қалыптасқан ұлттық ономастикалық (жүйе) бар. Республика бойынша бүгінгі (таң) бір мыңнан астам елді мекеннің (атау) өзгертілді. Туған өлкеміздегі жер-су, елді мекен (атаулары) қалпына келтіру – тарихи (әділеттілік) орнату деген сөз.

4

Жазылым бөлігінің қосымшасы Приложение к блоку Письмо

1

Төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыз, бұл кісілер Сізге кім болады?
Напишите ответы на следующие вопросы, ответьте на вопрос «Кто эти люди?»

Бұлар кімдер?

1. Ағаларыңның жұбайлары Сізге кім болады?
2. Әпкелеріңнің күйеулері ше?
3. Шешеңнің туыстары ше ?
4. Шешеңнің сіңлісінің балалары кім болады?

2

Берілген сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс орналастырып, сөйлем құраңыз.
Составьте предложение, правильно расположив данные слова и словосочетания.

1. Көк жайлау төрі/ кілемдей құлпыра/ өрнектелген/ бұрқыраған/ бұлақтармен.
2. Жетелейді/ адам көңілін/ еріксіз шаттандырып/ көрікті ойға/ байытады/ сезімді оятып/ жан дүниенді.
3. Төзімсіз жанның/ өзін, әсемдікке тәнті етеді/ селт еткізіп.
4. Өмірдің мәнін/ әсем табиғаттың құдіреті арқылы/ ғашық боласың/ сезініп.
5. Табиғат-Ана/ өз анаңдай/ елжіреді.

Өз бетінше мазмұндама жазуға арналған мазмұндама мәтіндері

Тоғызқұмалақ

Тоғызқұмалақ – қазақтың ұлттық ойыны. Оны қырғыз, қарақалпақтар да ойнайды. Тоғызқұмалақты кейде «қойшының алгебрасы» дейді. Өйткені бұл ойынды алғаш рет ойлап тапқан – қойшы.

Тоғызқұмалақ бұрын қойдың құмалағымен ойналған. Жерден тоғыз-тоғыздан шұңқыр, бір-бірден қазан қазып алып, әрқайсысы сексен бірден құмалақ алған. Оны қойшылар жүрелеп не малдас құрып отырып ойнайды екен. Бара-бара ойын қазақ арасына тарап, ұлттық ойынға айналды. Әншіл, сауықшыл қазақ халқы адамның ой-өрісін кеңітетін, ойша есептеуге төселдіретін, ұстамдылыққа, тапқырлыққа баулитын бұл тамаша ойынға бос уақытын бөліп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Тоғызқұмалақ ойыны қазір арнаулы тақтада бұршақпен ойналатын болған.

Бұл – ойын нағыз есеп ойыны. Мұнда есепке жүйрік адам ғана жеңеді. Тоғызқұмалақ, шахмат сияқты, тапқырлықты, қиялдауды қажет етеді. Өткен позицияны не бір-екі жүрістен қандай позиция болатынын есте сақтау, бағдарлау тек шебер, тәжірибелі, ауызша есепке жүйрік адамның ғана қолынан келеді.

Тапсырма:

1. Жоспар құрыңыз.
2. Тақырыпты ашатын сұрақтар құрастырыңыз.
3. Сұрақтарға мәтін мазмұнына сай өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

Мерейің үстем болсын, Астана!

Біз бүгін Астананың ажарына қарап қуанамыз. Кеудемізді мақтаныш сезімі билейді. Осыдан небәрі бір мүшел бұрын Арқа төсінде осындай зәулім қаланың бой көтеретініне кім сенді дейсіз. Арман болатын ол. Бірақ, бүгін сол арман ақиқатқа айналып отыр. Қанатын құлаштай сермеген Астанаға бүгін әлемдік қауымдастықтың өзі қызыға, қызғана қарайды. Небәрі оншақты жылда ертегідегідей әсем қала тұрғызу қалай мүмкін болды деп таңданады, таңдай қағады олар.

Иә, Астана – Елбасының ерлігі. Астана – Елбасының өрлігі. Мұны бүкіл Қазақ елі біледі, түсінеді, түйсінеді. Жаңа қаланы тұрғызудың қандай қиын болғанын да сезеді халық. Астанадай алып қала тұрғызу үшін алып жүрек керек болатын. Құрылыс саламын деп балғаң мен қайлаңды сайлау үшін ыстық қайрат пен қайтпас қайсарлық қажет еді. Алып жүректі ұлды қазақ анасы туған екен. Ол – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Қайратты ұл өз халқын қашанда қияға бастайды. Кезінде “осындай қиын шақта қазаққа жаңа астананың керегі қанша?” деп көлгірсіп, кері тартқандар бүгін төмен қарайды, жанарымен жер шұқиды. Астана барда Қазақ елі бар. Астана – қазақтың жүрегі. Қазақстан ұлан-байтақ. Оның солтүстігінде әлі қыс қаһары қайта қоймаса, оңтүстігінде дән сеуіп жатады.

Ал осы алып елдің ниетін Астананың үстінде ұстау, ең алдымен, халықтың Елбасына деген ыстық ықыласына, Елбасының төл перзенті саналатын Астанаға деген сүйіспеншілігіне байланысты болса, екіншіден, мұнда болып жатқан әр жаңалықты жұрттың назарына күн сайын жеткізіп тұрған бұқаралық ақпарат құралдарына, соның ішінде өзіміз сүйіп оқитын “Егемен Қазақстан” газетіне қатысты екендігін айта аламыз.

Тапсырма:

1. Жоспар құрыңыз.
2. Тақырыпты ашатын сұрақтар құрастырыңыз.
3. Сұрақтарға мәтін мазмұнына сай өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

Жазбаша жұмыстарды бағалау межелері

Мазмұндаманы бағалауда жұмыстың мәтін мазмұны мен негізгі ойға сәйкестігі, тақырыптың толық ашылуы, баяндау жүйесі ескеріліп, сөздік қорының деңгейіне, сөйлем құрылысына, мәтіннің стильдік біртектілігіне, тіл шеберлігіне назар аударылады.

Бағалау өлшемі негізгі ой, тақырып, фактінің толық және дұрыс жеткізілуін, мазмұндауда ішкі мәтіндік байланысты (суреттеу, әңгімелеу, ой-толғау) қолдану біліктілігін, қолданылған тілдік құралдардың қазақ тілінің бүгінгі күнгі талаптарына (дұрыс жаза білуі, тыныс белгілері, лексика, грамматика) сәйкестігін қамтиды.

1. Мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құруға жоғары балл – 5, яғни жалпы көрсеткіштің 10%-ы.
2. Жоспарға сәйкес мазмұндама жазуға берілетін жоғары балл – 25, яғни жалпы көрсеткішінің 50%-ы.
3. Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде өз ойын жазуға ең жоғары балл – 20, яғни жалпы жоғары көрсеткіштің 40%-ы.

Межелері	Белгілеу үшін	
жоспар құру дағдысы		
толыққанды, жүйелі жоспар құрылған	5	
жақсы жоспар құрылған	4	
жоспар толық құрылмаған	3	
жоспар тақырыпқа сай емес	2	
дұрыс құрылмаған	1	
мазмұндама жазуды бағалау		
ойы жүйелі баяндалған	5	
әдеби тілмен жазылған, бірақ ойын баяндауда біраз дәлсіздіктер бар	4	
материалды баяндауы дұрыс, бірақ жекелеген фактілік дәлсіздіктер бар	3	
баяндау желісі бұзылған	2	
көптеген фактілер бұрмаланған	1	
әдеби материалды дұрыс түсінген	5	
оны тақырып ашуда пайдаланған	4	
мазмұны тақырыпқа сай	3	
тақырыптан ауытқыған	2	
тақырыпқа сай емес	1	
тақырып ашылмаған	0	
сөздік қоры мол, әдеби тіл стилінде жазылған	5	
қажетті қорытындылар мен түйіндеулер дұрыс жасалған	4	
сөздік қоры жұтаң, сөйлем құрылысы бір үлгіде, біркелкі, сөйлемдер қысқа	3	
сөздік қоры өте жұтаң, сөйлемдер арасында байланыс жоқ	2	
сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі ауысқан	1	
мазмұндама бір стильде толық баяндалған, төл сөздер енгізілген	5	

стиль бірлігі сақталған, сөйлем құрылысы алуан түрлі	4	
стиль бірлігі сақталмаған	3	
стильдік біркелкілік сақталмаған	2	
өртүрлі стильдерде жазылған	1	
ешбір қатесі жоқ немесе 1 емлелік қатесі, тыныс белгісінен 1 қатесі бар	5	
емле және тыныс белгісінен екі-екіден қате бар	4	
емле және тыныс белгісінен 4-5 қате немесе 3 емле, 5 тыныс белгісінен қатесі бар	3	
емле мен тыныс белгісінен 6-10-ға дейін қате кеткен	2	
емле мен тыныс белгісінен қателер саны 10-15	1	

Мазмұндамадағы сұрақтарға жауапты бағалау

құрмалас сөйлемдер бір стильде толық баяндалған, төл сөздер арқылы құрылған	10	
жай сөйлемдерден тұрады, стиль бірлігі сақталған, сөйлем құрылысы алуан түрлі	7-8	
толымсыз сөйлемдерден тұрады, стиль бірлігі сақталмаған	5-6	
сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібі дұрыс емес, стильдік біркелкілік сақталмаған	3-4	
сөйлемдегі сөздердің байланысы дұрыс емес	1-2	
өздігінен ой қосып, сөздердің баламаларын, синонимдерді еркін қолданады, негізгі ойды қосымша мәліметтер арқылы терең ашады	10	
сұрақты дұрыс түсініп, сөйлемде айтылуға тиісті барлық мүшелерді қолданады, негізгі ой жақсы беріледі	7-8	
сұраққа жалпылама жауап береді, негізгі ойдан жауап алшақ	5-6	
сұраққа жауап толық берілмейді, жауап сәйкес келмейді	3-4	
сұрақ пен жауап байланысы жоқ, мағынасыз жауап жазылған	1-2	

Жауап кілттеріндегі ұпай санының сәйкесін тиісті тор көзге қойып, өз біліміңізді бағалауыңызға болады.

5

Тыңдалым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері Блок Аудирование. Тексты аудиозаписей и ключи правильных ответов тестовых заданий

Алдын ала тест бойынша аудиожазба мәтіндері Тексты аудиозаписей предварительного теста

1-диалог

– Мақпал, 2005 жылы Юрмалада өткен халықаралық жас орындаушылар байқауының жеңімпазысың. Балалар өзіңнің туған жерің, отбасың туралы білгісі келеді.

– Мен бұрынғы Талдықорған облысы, Жаркент қаласында дүниеге келдім. Алдымда аға, апам бар. Әкем – суретші, анам – колледжде педагог-психолог. Үйде менен басқа ешкім ән айтпайды.

– Қандай әндерді айтқанды ұнатасың?

– Лирикалық әндерді ұнатамын. Өмір туралы, адамдық абзал қасиеттер туралы асқақ рухты әндер кездесе, тіпті жақсы.

«Жұлдыздар отбасы» журналынан

2-диалог

– Хайуанаттар бағында бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күніне орай қандай іс-шаралар өтеді?

– 5 маусымда, яғни қоршаған ортаны қорғау күнінде, ата-аналар мен балаларға, саябақты тамашалаушыларға арналған мерекелік кездесу өткізіледі. Түрлі танымдық байқаулар, ойындар ұйымдастырылады.

– Жаз айларында балаларға қандай жеңілдіктер бар?

– Бес жасқа дейінгі балаларға баққа кіру тегін, бес-он екі жастағыларға жүз теңге, он үш жастан жоғары – төрт жүз теңге.

– Қандай хайуанаттар бар?

– Зообақта 475 түрлі, жалпы саны 5 мыңдай хайуанат бар. Әсіресе, сақалтай, тазқара, су бүркіті, дала бүркіті, қаршыға қырғи сияқты жыртқыш құстармен әлемге танымал. Қазақстанда тіршілік ететін құлан, арқар, қабылан сынды хайуанаттар да бар. Бұлардың көбі Қызыл Кітапқа енген.

3-диалог

– Жарас аға, мына жарнаманы көрдіңіз бе? Газеттің әдеби сын бөліміне шақырады.

– Қандай талаптары бар екен?

– Үміткердің жоғары білімі, үш жыл басшылық қызметте жұмыс тәжірибесі болу керек.

– Менің жоғары білімім, педагогикалық тәжірибем бар. Бірақ басшылық қызметте тәжірибем жоқ.

– Әрі компьютерлік білімі болуы керек екен. Сіз компьютерді жақсы меңгергенсіз. Әрі ұйымдастыру қабілетіңіз де жоғары. Мемлекеттік тілді жақсы білесіз. Түйіндемеңізді тапсырып көрсеніңізші!

– Кеңесіңе рақмет, Тоғжан!

4-диалог

– Райхан, мынау «подснежник» пе, қарашы?

– Иә, мұны қазақша «бәйшешек» дейді. Бәйшешек – қазақтың жаңа жылында гүлдейтін гүлдердің бірі. Хош иісі мұрын жаратын бәйшешекті жазда таппайсың. Ол тек көктемде ғана шығады. Қазіргі уақытта бәйшешектің біраз түрлері «Қызыл кітапқа» енгізілген.

Жылда қар еріп, күн жылына бастағанда дала алуан түске боялады. Біз бәйшешек пен жауқазын тереміз.

– Жауқазын деген қандай гүл?

– Жауқазын наурыз айында шығады. Ол сары және қызыл түсті болады. Жауқазынның да көптеген түрлері қорғауға мұқтаж. Ол, әсіресе, Тянь-Шань беткейінде көп өседі.

5-диалог

– Елена, сізді ел ақын ретінде таныған. Өнші болуыңызға не себеп болды?

– Мен бала күнімнен өн салғанмын. «Есіңе мені алғайсың», «Көздеріңе ғашықпын», «Сыр елі» сияқты әндерімді сахнада алғаш орындаған өзім болатынмын. 1993 жылы Алматыда жас композиторлардың «Үкілі үміт» байқауында өз әндерімді орындап, лауреат атандым.

– Әсерлі әндер жазасыз. Бірер әніңіздің жазылуы туралы айтсаңыз.

– Әндерімнің бәрі – өзімнің тағдырым. Мен де адам баласымын. Біреуді жақсы көрем, ғашық болам. Ең бастысы, елім мен жерімді, Отанымды қатты сүйемін. Бір әнімнің жазылу тарихын айтып берейін. Студент шағымда, 1990 жылы жазғы демалыс кезінде Мұқағалидың, Жүмекеннің, Фаризаның, Төлегеннің кітаптарын қолымнан тастамай, жаттап жүретін едім. Бірде Мұқағалидың кітабынан «Нұр жауып тұрған көктемде» деп басталатын өлеңі көзіме түсті. Бұған дейін талай рет оқыған өлең қатты әсер етті. Домбырамды қолыма алып, өн қылып айта бастадым. Бірнеше минут ішінде осылай өн туды. Бұл – Мұқағали өлеңдерінің құдіреті. Егер өлең соншалықты әсерлі болмаса, мен ондай өн жаза алмас едім.

«Жұлдыздар отбасы» журналынан

6-диалог

– Жеміс-жидектерде болатын дәрумендер туралы айтып беріңізші! Оларды қалай пайдаланған жөн?

– Жалпы барлық көкөністер мен жеміс-жидектерде түрлі дәрумендер болатыны белгілі. Жеміс-жидектерді қабығымен, шикі күйінде жеу керек. Жемістің қабығында дәрумендер көп болады. Күнделікті тұрмыста жеміс-жидек, көкөністерді жуып жеу керек. Себебі жеміс-жидектерде түрлі зиянкестерге, микробтарға қарсы себілген улы химикаттар болады. Ал шіріген жеміс-жидектерді мүлдем жеуге болмайды. Бұзылған кез келген бақша дақылының бойында митоксин деп аталатын улы зат түзіледі. Ол жемістің шіріген жерін алып тастағанмен, жойылмайды. Ол бауыр мен жүректі зақымдап, қатерлі ісік ауруына себеп болады.

– Құрамында дәрумендер болумен қатар, жеміс-жидектердің емдік қасиеттері де бар ма?

– Әрине! Мысалы, жүзімнің шырынын жинап, күніне бір шай қасықпен үш рет ішсе, бауырды жазады. Ұзынша келген ақ жүзім бауыр ауруын емдеп, қан қысымын төмендетеді. Буынға суық тигенде, қара жүзімді жиі жеген жөн. Жүзімнің қатерлі ісіктен қорғау қасиеті бар, сонымен бірге қан азаю сырқатын да емдейді.

– Жылдың барлық мезгілінде қолданатын сәбіздің қандай қасиеттері бар?

– Сәбіз тағамда дәруменнің жетіспеуінен болатын ауруды жояды.

Ағзаның тұмауға қарсы тұруын күшейтеді, зат алмасуды жақсартады. Сәбіздің шырыны жүрек ауруына ем.

– Қазір көктем мезгілі. Қалай тамақтанған дұрыс?

– Әрбір төрт сағат сайын тамақтанып, ұйқыға жатар алдында жеміс жидек жеген жөн.

– Кеңесіңізге рақмет!

«Парасат» журналынан

1-мәтін

Би – дау-жанжалға билік айтушы адам. Би халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жақсы білген. Сөз таласында шешендігімен, даулы істі қарауда тапқырлығымен дараланатын ел ішінде белгілі жан болған.

Билер билік шығару, ол биліктердің орындалу әдістерін белгілеуде тең құқықтарын пайдаланған. Олар Кіші, Орта және Ішкі Ордалар хандарының кеңес құрамына кіріп, хандар саясатына елеулі ықпал жасаған. Ел ішінде «Билер соты» деген кеңес өкіметінің алғашқы жылдарына дейін болды.

Қазақтың тұңғыш биі атанған Майқы би – ұлттық шешендік өнеріміздің атасы. Халқымыздың аңыз-әңгімелері бойынша Майқы би әділ бітім айтып, шешім шығарған парасатты, ақылды би болған. Майқы – халқына адал болып, бейбіт өмірді жақтаған адам. «Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би» деген халық даналығы осыдан шыққан. Ел аузында Семей жеріндегі Шыңғыстауда Шыңғыс ханды ақ киізге көтеріп хан сайлағанда Майқы би батасын берген деген аңыз да бар. Ел мүддесі, мемлекеттік бірлік пен береке туралы Майқы би өз толғамдарымен ұрпаққа өшпес өсиет сөз қалдырды. Майқы би айтқан ой талай-талай ғасырлардан бері қазақ халқының, түркі жұртының дәстүрлі қағидасы, аталы сөзі болып келеді.

Майқы биді өзбек, татар, башқұрт халықтары да өз биіміз деп есептейді. Бұған Майқы бимен бір атадан тараған Қойылдыр, Мекре есімді туыстарының осы халықтардың арасына барып, сіңісіп кетуімен себеп болса керек.

2-мәтін

Түркі жұртының тарихынан хабар беретін көне жазба – Бехистун жазбасы. Жарты әлемді билеген сақ ханшайымы, қолбасшысы Тұмар (Томирис) ханымнан жеңілген Кир патшаның кегін қайтару үшін Дари патша (біздің заманымызға дейінгі 522-486 жылдар) 700 мың әскер жиып, Ұлы далаға аттанады. Жолында тұрғанның бәрін жапырып өтіп, Дари патша бұл жорықта жеңіске жетеді. Бірақ Ұлы далаға ішкерілеп еруге қорқады. Сақтардың жеңілген тайпасының көсемін байлап-матап өзімен бірге алып кейін шегінеді. Жол-жөнекей Бехистун құзының маңына демалады. Бехистун жартасы қазіргі Иран жерінде орналасқан. Жартас жерден 152 метр биіктікте тұр. Дари патша ұсталарына осы жартасқа Ахманидтер әулетінің жеңістері, оның жаулап алған жерлері туралы тасқа қашап жазуды бұйырады. Тұтқынға түскен патшалардың да суреттерін салдыртады. Оның ішінде парсы патшасы Даридің алдында аяқ-қолы байланып, мойындарына тұзақ салынған 9 патша және тайпа көсемдері бар. Өзінен жеңілген оныншы патша ретінде сақ көсемі Скунханның да суретін салдырған. Жартастағы бұл жазу әлемге «Бехистун жазбасы» деген атпен танымал болған. Жазу көне парсы, элам және вавилон тілдерінде жазылған. Ол 414 сөйлемнен тұрады.

Бехистун жазбасын XIX ғасырда ағылшын ғалымы Г.К. Роулинсоно оқып, әлемге танытқан. Бұл жазба Азия тарихынан кең мағлұмат беретін көне дерек көзі болып табылатындығымен құнды.

Қорытынды тест бойынша аудиожазба мәтіндері

Тексты аудиоматериалов итогового теста

1-диалог

- Төрге шығыңыз! Сыйлы қонақты қазақ халқы төрге шығарып отырғызады.
- Оның ұлттық ерекшелігі бар ма? Ол нені білдіреді?
- Қонақты жоғары шығару – құрметтеудің белгісі. Асықпаңыз сыбағаңызды жеп кетесіз.
- Сыбаға деген не?
- Сіз шетелде жүріп, қазақтың дәстүрлерін әбден ұмытыпсыз ғой. Қазақ отбасы сыйлы қонақтың сыбағасын сақтайды. Етті сүрлеп қояды. Сүрленген ет дәмді болады. Дәмін татқасын, бағасын өзіңіз берерсіз. О, міне, ет те келді. Алыңыз.
- Шындығында, өте дәмді екен.
- Енді сорпа алыңыз. Сорпадан кейін ас қайырамыз.

2-диалог

- Сіз отандық өнімдерді пайдаланасыз ба?
- Әрине, өйткені мен сапасы жоғары тауарларды тұтынамын.
- Отандық өнімдердің сапасы жоғары дегіңіз келе ме?
- Иә, қазір отандық өнімге сұраныс артып келеді. Қазақстанда қазір өнімді жаңа технологиямен дайындайды. Отандық кәсіпкерлер тұтынушы қажеттілігін өтеу үшін сапалы өнім шығару керектігін түсінді.
- Етігімнің табаны ашылып кетті. Мен де енді отандық өнімді алып көрейін. Қандай дүкендерде сатылады?
- Табаны ашылған етікті етікшіге жөндетуге болады ғой. Жаңасын аламын десең, дүкенге ертіп апарайын.

3-диалог

- Концертке келгеніміз қандай жақсы болды, Асқар! Әншінің даусы қандай?! Айтқан әндері қандай?!
- Иә, тамаша әсер алдық. Бәрінен де әншінің домбырасы тамаша екен.
- Сен домбыраны жақсы білуші ме едің?
- Мектепте домбыра үйірмесіне қатысқанмын. Әкем – домбыра жасаудың шебері. Мына домбыра да шебер қолдан шыққаны көрініп тұр. Сүйегі мықты екен.
- Бәрекелді, онда сен домбыра тартады екенсің ғой.
- Иә, арнайы музыкалық білімім болмаса да, әкемнен дарыған талантымның арқасында аздап күй шертетінім бар. Көп күй білмесем де, үйірмеде жүргенде және әкемнен үйренген он шақты күйді әжептәуір тартамын.

4-диалог

- Туристік фирмалармен қалай танысуға болады?
- Теледидар жарнамалары арқылы танысуға болады.
- Бірінші рет туристік сапарға шыққалы отырмын. Неден бастау керек екенін білмеймін. Тіпті қайда баратынымды да әлі анықтаған жоқпын.
- Туристік сапарға шықпас бұрын туристік бағдарламамен танысу керек. Туристік сапарларға арналған фирмалар қалада көп қой.
- Қандай жеңілдік болады екен?
- Егер ерте алсаңыз, жолдамаға да, жол ақысына да жеңілдіктер болады. Барлық мәліметті фирмадан барып білгеніңіз жөн.

5-диалог

Марат Жыланбаев –1990-1994 жылдары дүниежүзін 365 күнде жүгіріп өтіп, Гиннестің рекордтар кітабына енген жүйрік.

– Марат, сіз жасаған рекордты әлемде ешбір желаяқ* қайталаған емес. Қалай желаяқ болдыңыз?

– 1981 жылы облыс арасында 20 шақырымға жүгіріп, бірінші келдім. 1987 жылы «Марафон» деген клуб аштым. Клуб Кеңестер Одағы бойынша ең күшті он клубтың қатарына кірді. Содан кейін арнайы бағдарлама жасап, жүгіруге кірістім.

– Жеке бапкеріңіз болды ма?

– Бапкерім – ресейлік Федор Склокин. Қарақұмды айтпағанның өзінде, Сахара мен Невада шөлін кесіп өтемін деген жоспарыма ешкім сенген жоқ.

– Ең қиыны қай шөл болды?

– Невадада қиын болды. Онда «Өлім мекені» деген жер бар. Онда екі рет құлап, орнымнан тұра алмай қалдым.

– Шөл далаларда қанша күн болдыңыз?

– Қарақұмды 20 күнде, «өлім мекені» шөлін 17 күнде жүгіріп өттім.

– Олар сіздің қазақ екеніңізді біле ме?

– Көп жерде түріме қарап, моңғол деп ойлады. Шыңғысхан деп ат қойды. Оларға Қазақстанның туын көрсетіп, қазақпын деп танысам.

– Отбасыңыз бар ғой?

– Бар. Әйелімнің есімі – Ақмарал. Бір ұл, үш қыз тәрбиелеп отырмыз.

6-диалог

1 сәуір – күлкі күні. Осы күні Бейжің олимпиадасының чемпионы Бақыт Сәрсекбаевпен сұхбаттасқан едік. «Батыр аңғал келеді» дейді халық. Бұл сөздің растығын боксшымен болған сұхбат нақты дәлелдеп бергендей болды.

– Сәлеметсіз бе? Бұл Бақыт Сәрсекбаев па екен?

– Иә, мен Бақытпын.

– Сізді мазалап тұрған Қазақ тілі қоғамдық қорынан Жадыра деген қарындасыңыз. Біз жақында «Ана тілім – ардағым» атты акция аясында концерт қоймақшы едік. Соған сізді арнайы шақырмақпыз.

– Рақмет!

– Білесіз бе, сіз «Екі жұлдызда» тамаша өнер көрсетіп жүрсіз, даусыңыз жақсы екен.

– Ой, сіз де айтасыз-ау! Рақмет, барымызды салып жатырмыз.

– «Екі жұлдызға» қатысып жүрген ерекше жұп ретінде концертте де өнер көрсетсеңіз деп едік. Мәдина келісті, сізді де «қарсы болмайды» деп еді.

– Ой, білесіз бе, мен «Екі жұлдыз» тележобасына әрең қатысып жүрмін. Бастапқыда сөз беріп қойған соң амал жоқ.

– Бұл акцияның да қазақ үшін маңызы зор.

– Сонда қай жерде болады?

– Алдын ала студияда дайындаласыздар. Келесі аптада болады.

– Қазір жұмысым Астанада. Қолым тимейді.

– Оқасы жоқ. Біз де сізбен қалжыңдасып отыр едік. «Ақ желкен» журналынанбыз.

– Онда мен журналға сұхбат беруім керек пе?

– Сіз қазір сұхбат беріп тұрсыз.

– А-а-а... сіз мені алдап тұр екенсіз ғой.

«Ақ желкен» журналынан

1-мәтін

Киіз үй – қазақтың баспанасы. Мал баққан көшпелі халықтар қысы-жазы киіз үйде отыратын болған. Ол тез тігіп, тез жығуға ыңғайлы. Сонымен бірге оның ауасы таза, салқын болады.

Киіз үй ағашының уақ-ірілігіне қарай төрт қанат, алты қанат, сегіз қанат, он екі қанат, он сегіз қанат болып бөлінеді. Ал салтанатына қарай «ақ орда», «ақ отау», «қараша үй», «жолым үй» сияқты түрлері бар. Оның сүйегі «қазақ» және «қалмақ» үлгісімен екі түрде жасалады.

Киіз үйдің сүйегі дегеніміз – оның ағаштан жасалған бөлшектері. Олар – кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық. Киіз үйдің сүйегі арнайы дайындалған ағаштан жасалады. Кереге – киіз үйдің шеңбер қабырғасын құрайды. Кереге жасау үшін шыбық талды кептіріп, оны қоламтаға (жанған оттан қалған ыстық күл) төсеп балқытып, арнаулы үлгімен қатырады. Ол тор көз етіп жасалады.

Уық – шаңырақ пен керегені байланыстыратын бөлшек. Уық та керегеге ұқсас әдіспен дайындалады.

Шаңырақ – киіз үйдің күмбезді төбесін құрайтын ең жоғарғы бөлшегі. Қазақ ұл-қызына бата бергенде, «Шаңырағың биік болсын!» деуі осыдан шыққан. Жалпы, қазақ шаңырақты қасиетті санаған. Бата-тілек бергенде, «Шаңырағың шайқалмасын!» деп жатады.

Шаңырақтан кейінгі ерекше қастерленетін киіз үйдің бөлшегі – босаға. Жаңа қосылған жас жұбайларға үлкендердің «Босағаң берік болсын» немесе балаларға «босағаны керме, бақытсыздық орнайды» деуінде үлкен мән бар.

Киіз үйдің сыртқы бөліктері киізден жасалады. Олар – туырлық, үзік, түндік, іргелік. Бұлар күн сәулесі мен су өткізбеу, жылу сақтау қызметін атқарады. Олар пісірілген ақ киізден пішіп, ою-өрнекті жіппен жиектеу, ою бастыру арқылы тігіледі. Киіз үйдің іші алуан түрлі ою-өрнекті бау, басқұрлармен әшекейленеді.

Киіз үйді сәулеттендіріп жасау – халық шеберлерінің ғана қолынан келетін үлкен өнер.

2-мәтін

Қажымұқан Мұңайтпасұлы – қазақтың әлемге әйгілі балуаны, классикалық күрестің асқан шебері. Оның балуан ретінде алғаш танылуы О.Масляков деген орыс саудагерінің үйінде жалшылықта жүрген кезінен басталады. Бірде боранды күні шөп алып келе жатқанда, шанасы қарға тіреліп тұрып қалады. Атына көмектеспек болады. Шананың артынан бар күшімен итеріп қалғанда, шана жылжып кетіп, ат астында қалып өледі. Басқа амалы қалмаған ол атты шөптің үстіне тастап, шананы қалаға сүйреп әкеледі. Бұл қала тұрғындарына аңыз болып тарайды.

Қажымұқанның балуандық жолы – Омбы қаласында өткен балуандар чемпионатында Иван Злобинмен кездесуінен басталады. Ол – орыстың атақты, тәжірибелі балуаны. Бұдан кейін Қажымұқан Петербургтегі бүкіл Ресейге танымал Иван Лебедевтің балуандар мектебінде тәрбиеленеді. Осында цирк ойындарын көрсетуге машықтанады.

1908 жылы күрестен әлем чемпионы Георг Лурихтің ұйымдастыруымен Ресейдің ірі қалаларында өткен чемпионаттарға қатысады. Бұдан кейін ол Оңтүстік Американың қалаларын аралайды. Варшавада өткен дүниежүзілік чемпионатта кіші алтын медальмен марапатталады. Түрік еліне барған сапарында түрік елі оның күшіне риза болып, оған «Қажы» деген атақ береді. Бұрын оның азан шақырып қойған аты Мұқан болса, енді ол Қажы Мұқан аталады. Балуанның осы аты бүкіл өміріне қалады.

1913 жылы Троицк қаласында халықаралық ең ірі чемпионат өтеді. Қажымұқан осы чемпионатта он сегіз балуанмен күресіп, соның бәрін де жығады.

Қажымұқан барлығы 48 алтын, күміс, қола медальмен, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Оған 1937 жылы Орынборда өткен ең ірі чемпионатта бірінші орын алуына орай Қазақстан Орталық Атқару Комитеті «Қазақ даласының батыры» деген атақ берген.

Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Блок Аудирование. Ключи правильных ответов тестовых заданий предварительного теста

Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап
1	D	11	C	21	A
2	A	12	C	22	B
3	D	13	A	23	D
4	A	14	D	24	D
5	B	15	D	25	D
6	A	16	D	26	D
7	B	17	A	27	D
8	B	18	D	28	A
9	C	19	B	29	D
10	D	20	C	30	C

Тест тапсырмаларын талдау бойынша дұрыс жауап кілттері
Ключи правильных ответов тестовых заданий для анализа

Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап
1	B	11	D	21	A
2	C	12	A	22	A
3	D	13	B	23	B
4	A	14	D	24	B
5	B	15	D	25	D
6	D	16	A	26	B
7	D	17	D	27	A
8	D	18	C	28	D
9	A	19	D	29	D
10	C	20	D	30	C

Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Блок Аудирование. Ключи правильных ответов
тестовых заданий предварительного теста

Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап
1	D	11	C	21	C
2	C	12	B	22	C
3	D	13	C	23	D
4	B	14	C	24	D
5	B	15	A	25	A
6	A	16	B	26	C
7	A	17	B	27	B
8	B	18	A	28	A
9	C	19	A	29	A
10	D	20	A	30	D

6

Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері Лексико-грамматический блок. Ключи правильных ответов тестовых заданий

Алдын ала тест бойынша тес тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Ключи правильных ответов тестовых заданий предварительного теста

1.	A		B		A		C		B		A		B
2.	B		B		B		D		C		C		C
3.	C		C		C		A		D		B		A
4.	B		B		A		A		A		D		D
5.	A		D		C		B		C		A		A
6.	B		C		B		C		D		D		B
7.	A		A		C		A		B		C		D
8.	B		B		A		B		A		D		C
9.	D		C		A		B		B		B		D
10.	A		D		D		D		D		A		A

Тест тапсырмаларын талдау бойынша дұрыс жауаптар кілттері
Ключи правильных ответов тестовых заданий для анализа

1.	C	21.	A	41.	C	61.	D
2.	A	22.	C	42.	A	62.	D
3.	B	23.	C	43.	B	63.	C
4.	C	24.	C	44.	B	64.	B
5.	D	25.	D	45.	C	65.	C
6.	A	26.	C	46.	A	66.	D
7.	C	27.	D	47.	C	67.	B
8.	D	28.	C	48.	D	68.	C
9.	C	29.	A	49.	A	69.	C
10.	B	30.	B	50.	B	70.	D
11.	D	31.	B	51.	C	71.	C
12.	A	32.	D	52.	B	72.	A
13.	A	33.	A	53.	C	73.	C
14.	D	34.	D	54.	B	74.	C
15.	C	35.	C	55.	C	75.	A
16.	B	36.	B	56.	B	76.	B
17.	B	37.	D	57.	B	77.	B
18.	C	38.	C	58.	A	78.	A
19.	B	39.	A	59.	D	79.	A
20.	D	40.	D	60.	A	80.	B

81.	C	101.	A	121.	D		
82.	A	102.	D	122.	B		
83.	A	103.	D				
84.	A	104.	C				
85.	A	105.	D				
86.	A	106.	B				
87.	B	107.	D				
88.	B	108.	C				
89.	C	109.	D				
90.	C	110.	D				
91.	C	111.	B				
92.	A	112.	C				
93.	B	113.	D				
94.	B	114.	B				
95.	A	115.	D				
96.	C	116.	B				
97.	B	117.	C				
98.	C	118.	D				
99.	D	119.	B				
100.	D	120.	A				

Қорытынды тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
 Лексико-грамматический блок. Ключи правильных ответов тестовых заданий итогового теста

1.	C	11.	C	21.	B	31.	C	41.	D	51.	C	61.	D
2.	B	12.	B	22.	C	32.	B	42.	A	52.	D	62.	C
3.	A	13.	A	23.	B	33.	C	43.	D	53.	B	63.	A
4.	C	14.	B	24.	C	34.	D	44.	B	54.	A	64.	B
5.	A	15.	D	25.	B	35.	D	45.	C	55.	D	65.	B
6.	D	16.	C	26.	D	36.	B	46.	C	56.	C	66.	C
7.	A	17.	B	27.	C	37.	A	47.	D	57.	B	67.	D
8.	D	18.	C	28.	A	38.	D	48.	C	58.	A	68.	D
9.	B	19.	A	29.	D	39.	B	49.	B	59.	D	69.	D
10.	A	20.	A	30.	B	40.	C	50.	C	60.	D	70.	D

7

Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Блок Чтение. Ключи правильных ответов тестовых заданий

Алдын ала бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Ключи правильных ответов тестовых заданий предварительного теста

1	C	11	C	21	C	31	C	41	B
2	D	12	D	22	D	32	B	42	D
3	B	13	A	23	A	33	C	43	C
4	C	14	C	24	D	34	C	44	C
5	D	15	A	25	C	35	A	45	B
6	C	16	B	26	D	36	B	46	C
7	C	17	D	27	C	37	A	47	B
8	B	18	B	28	C	38	C	48	D
9	D	19	C	29	A	39	B	49	C
10	C	20	D	30	B	40	C	50	D

Талдау бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Ключи правильных ответов тестовых заданий для анализа

1	A	11	A	21	C	31	D	41	C
2	D	12	C	22	B	32	B	42	A
3	D	13	D	23	C	33	D	43	A
4	A	14	C	24	D	34	C	44	B
5	B	15	A	25	B	35	C	45	C
6	D	16	C	26	C	36	D	46	D
7	C	17	A	27	A	37	B	47	A
8	D	18	B	28	C	38	B	48	A
9	B	19	C	29	B	39	C	49	B
10	C	20	D	30	C	40	B	50	C

Қорытынды тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері
Ключи правильных ответов тестовых заданий итогового теста

1	B	11	B	21	D	31	B	41	B
2	C	12	A	22	D	32	C	42	C
3	C	13	C	23	A	33	B	43	D
4	D	14	C	24	C	34	D	44	C
5	C	15	D	25	D	35	A	45	B
6	B	16	C	26	D	36	C	46	D
7	C	17	B	27	A	37	B	47	D
8	B	18	D	28	C	38	D	48	B
9	A	19	B	29	D	39	C	49	B
10	D	20	A	30	B	40	C	50	A

8

Жазылым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері Блок Письмо. Тексты аудиозаписей и образцы правильных ответов заданий

Алдын ала тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері
Примеры правильных ответов предварительных заданий

1

Компьютер әлемі

Алғашқы компьютерлер кең бөлменің ауқымындай үлкен болды. Оны ЭВМ деп атады. Дербес компьютерлер ақпараттарды сақтауға, оны өңдеу кезінде есептерді жеңілдетуге арналған. Дербес компьютерлердің жұмыс істеуі үшін оған «бағдарлама» деп аталатын арнайы нұсқауды ендіру керек. Бағдарламаның үш түрі бар: қолданбалы пайдаланушылардың жұмыс істеуі үшін, жүйелік бағдарламаның жұмыс істеуі үшін, жаңа бағдарлама жасау үшін. Жүйелік бағдарламалардың ең күрделісі – операция орындау жүйесі (Microsoft фирманың MS DOS, Windows-95 және Windows NT Workstation). Олар компьютерді басшылыққа алып, бағдарламаларды іске қосады және мәліметтің сақталуын қамтамасыз етеді.

1952 жылы АҚШ-та дербес компьютерді пайдаланушылардың ақпараттарды іздеуіне және өзара алмасуына қолайлы интернет желісі құрылды. Нәтижесінде, интернет барлық компьютерлік жүйелердің басын қосатын дүниежүзілік «өрмекші торға» айналды. XXI ғасырда болашақ қоғамның қалыптасуында шешуші рөл информатика мен компьютерлендіруге түсіп отыр. Компьютерде жұмыс істей білу – адамның құндылық сапасы болып табылады.

«Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында еліміздегі ғылым, басқару және оқу-ағарту салаларында компьютерлік базаны кеңінен енгізу көзделіп отыр. Қазір компьютерлердің көптеген түрлері бар. Компьютерсіз еш салада жұмыс істеу мүмкін емес.

2

Жоспары:

1. Алғашқы компьютерлер.
2. Бағдарламаның түрлері.
3. Ғаламтор ерекшелігі.

3

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.

Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.

1. Алғашқы компьютерлер өте үлкен болды.
2. Компьютер дұрыс жұмыс істеу үшін жақсы «бағдарлама» қажет.
3. Ақпаратты өңдеу, саралау.
4. Ғаламтордан жаңалықтар, қажетті ақпарат алуға болады.
5. Мен компьютердің барлық бағдарламаларында жұмыс істей аламын.

1-нұсқа

1 Олимпиада ойындары

2 Мазмұндама жоспары:

1. 1894 жылы олимпиадалық комитет шешімі
2. Олимпиадалық ойындарының тарихы
3. Олимпиада өткізу шарты

3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.

Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.

1. Олимпиадалық ойындар 1894 жылы тәртіпке түсті.
2. Алғашқы рет Грекия астанасы Афинада өткізілді.
3. Олимпиадада 8 спорт түрінен жарыс өткізілді.
4. Олимпиада өткізетін ел қандай (бай, экономикасы дамыған, ақшасы мол, қонақ қарсы алатындай) болуы керек.
5. Олимпиада көп елдерде өтті.

1908 жылы IV олимпиадалық ойындар Лондон + да болды.

1912 жылы V олимпиадалық ойындар Стокгольм+ де өтті.

1980 жылы XXII олимпиадалық ойындар Мәскеу+де өткізілген.

2008 жылы XXIX олимпиадалық ойындар Пекин+де ұйымдастырылған.

2-нұсқа

1 Алғашқы мектеп

2 Жоспары:

1. Тойға жиналған адамдар.
2. Ы. Алтынсариннің сөзі
3. Шешім.

3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.

Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.

Жауап үлгісі:

1-нұсқа: «Ыбырай Алтынсарин – мұғалім (ұстаз, ағартушы, жазушы, аудармашы, қоғам қайраткері)» деген жауап беруге болады немесе жауапты нақтылай отыра, қазақ халқының кімі деп түсініп, төмендегідей жауап нұсқасын ұсынған да жөн.

2-нұсқа: Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының алғашқы (педагог-ағартушысы, мұғалімі, алғашқы мектеп ашқан адамы, оқытушысы).

Жауап нұсқаларына жақша ішіндегі кез келген сөзді немесе үтір арқылы барлығын алуға болады.

Ыбырай Алтынсариннің туған жері – Қостанай облысы.

Адамдарға өткенге қарамау керек екендігі (білім қажеттігі, оқу) туралы айтты.

1-нұсқа: «Өнер жастан шығады, біздің болашағымыз – балалар», - деді деп тәл сөз түрінде жауап беруге болады.

2-нұсқа: Тәл сөзді төлеу сөзге айналдырып, «Ыбырай Алтынсарин өнер жастан шығатынын, балалар біздің болашағымыз екендігін айтты» – түрінде жауап беруге болады.

3-нұсқа: Халық (адамдар, жұрт, көпшілік) мектепті міндетті түрде ашу керек деген оймен тарады (үйлеріне қайтты, үйді-үйге кетті).

3-нұсқа

1 Мәдениет туралы түсінік

2 Жоспары:

1. Мәдениет – «екінші табиғат»
2. Мәдениет пен адам тығыз байланысты
3. Мәдениет – адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі

3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.

Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.

1. Менің ойымша, мәдениет – адамның табиғатқа әсер ете отыра, оны өңдеп, дамытып, өркениетке жақындатады.
2. Мәдениет – екінші табиғат, өйткені бізді қоршаған орта – табиғат. Біз өмірімізде пайдаланылатын барлық мәдениет элементтері табиғаттан алынады.
3. Адам табиғатқа әсер ете отыра мәдениетке бір табан жақындайды. Адам өзіне қажеттілердің барлығын табиғаттан алады.
4. Жоқ, адам табиғаттан бөлек өмір сүре алмайды.
5. Қоғам бір орында тұрмайды. Оның басты бағдары – өркениет.

4-нұсқа

1 Марқакөл қорығы

2 Жоспар:

1. Жер-Ананы қорғайық
2. Марқакөл байлығы
3. Қазақстан – бай өлке
4. Табиғатты қорғау шаралары

- 3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.
Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.

1. Менің ойымша, мәдениет – адамның өркениетке еңбегі арқылы жақындауы.
2. Мәдениет – екінші табиғат, өйткені біз табиғат аясында тіршілік етеміз, өмір сүреміз.
3. Адамдар табиғатқа тікелей әсер етеді, оның сыйларын өңдеп, өз керегіне жаратады, өңдеген сайын шебер бола түседі. Шеберлік – өркениет. Өркениет – мәдениеттің ең жоғары сатысы.
4. Жабайы табиғатта мәдениет болуы мүмкін емес.
5. Мәдениет дамуы арқылы қоғамды өркениетке жақындатады.

5-нұсқа

- 1 **Балуан Шолақ**

- 2 **Жоспары:**

1. Алып анадан туады
2. Ат құлағында ойнаған цирк әртісі
3. Жігітке жеті өнер аз

- 3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.
Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.

1. Балуан Шолақ – әнші, композитор, палуан, ауыр атлет, сал, сері.
2. «Алып анадан туады», өйткені әрбір адамға өмір сыйлайтын, тәрбие беретін – ана.
3. Балуан Шолақ – ән шығарып, өзі айтатын әнші композитор.
4. Балуан Шолақты қазақ елінде, Ресейде танымал болған.
5. Қазақтың әнші – композиторлары Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан сері, Жаяу Мұса.

Қорытынды тапсырмалар бойынша дұрыс жауап үлгілері

Образцы правильных ответов итоговых заданий

1

Бәсеке

Бәсеке деген не? Бәсеке – тауар өндірісі үшін де, нарықтық экономика үшін де бірінші заң. Неге солай?

Біріншіден, әр өндіріске ынталандыру көзі, прогресс көзі – бәсеке болып табылады. Бұл – бәсекенің бір жағы. Бәсекенің екінші жағы – бірлестік. Кейбір әріптестер қаржысын, шикізатын ортаға салып, жақсырақ, сапалы әдемі, халыққа өте қажет тауарды шығаруды ойлайды, сол мақсатпен бірлеседі, нарықта өз өнімдерімен бәсекелесе алмайтын өнімді өндіруге тырысады. Сонымен бәсекенің бір жағы күрес, жарыс болса, екінші жағы – бірлесу.

Өмірдің өзі – бәсеке. Кішкентай бала өмірінен де бәсекенің нышандары байқалады. Балабақшада екі балаға бірдей тапсырма беріңіз, олар бірінен бірі артық, тез, жақсы орындауға тырысады. Анасының көңілін өзіне көбірек аударуға ұмтылады. Бұл да бәсеке. Яғни адам бойында бар қасиет. Кейде адамдар өмірі, тірлігі үнемі бір қалыпты бола бермейді, дағдарыс болады, қиындық болады, банкротқа ұшырайды. Мұндай жағдайда адамдар бір-біріне көмекке келеді, бірлеседі. Яғни бірлесу де адам бойында бар қасиет.

Тұрмыс-тіршілікте, өндірісте адамгершілік тұрғыға жатпайтын бәсеке де бар. Әр мемлекетте адамгершілікке жат бәсекеге қарсы заң бар.

Өркениетті қоғамда бәсеке қандай болу керек? Қытайда мынадай мақал бар: «Жауын дос ете алған адам жеңеді». Неге десеңіз, өркениетті қоғамда бәсекенің тек жарыс, күрес, айтыс жағы болмайды, бәсекенің тек бір жағы болса, онда адам адамға жау болады.

Қазіргі өркениетті мемлекеттерде әділетті бәсеке бар. Бұл бәсеке мемлекет үшін жақсы. Бәсекеде әділетті болу керек. Әділетсіз бәсеке болса, экономикада прогресс болмайды

2

Жоспар құрыңыз.
Составьте план.

3

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.

Ответить на вопросы по теме изложения, объединив предложения друг с другом.

1. Бәсеке өндіріске ынталандыру көзі.
2. Бәсекенің қырлары – жарыс, сайыс, бірлесу.
3. Бәсекенің нышандарын сапаны арттыру жолындағы жарыстан көруге болады.
4. Адамгершілік тұрғыға жатпайтын бәсеке – адамдар арасындағы бір-бірін көре алмайтын сезімі.
5. Өркениетті қоғамда бәсекенің сипаты әділетті болуы керек.

Жаттығулар мен тапсырмалар кілттері

Ключи к заданиям и упражнениям

Қосымша жаттығулардың дұрыс жауап нұсқалары
Образцы правильных ответов дополнительных упражнений

1. жеңгелері
2. жезделері
3. нағашылары
4. жиендері

- 2 Көк жайлау төрі бұрқыраған, бұлақтармен кілемдей құлпыра өрнектелген. Адам көңілін көрікті ойға еріксіз шаттандырып жетелейді. Жан дүниенді, сезімінді оятып, байытады. Төзімсіз жанның өзін селт еткізіп, әсемдікке тәнті етеді. Өмірдің мәнін, әсем табиғаттың құдіреті арқылы сезініп, ғашық боласың. Табиғат – Ана өз анаңдай елжіреді.

Өз бетінше жаттығуға арналған мазмұндама тапсырмаларының дұрыс жауап үлгілері
Образцы правильных ответов заданий по изложению для самостоятельной работы

- 1 **Тақырып:** Тоғызқұмалақ

- 2 **Жоспар:**
 1. Ұлттық ойын – «Тоғызқұмалақ»
 2. Қазіргі кездегі ойынның жағдайы
 3. Жүйрік адам жеңіске жетеді

- 3 Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.
 1. Иә (жоқ) ойнап көр(ме)дім.
 2. Ұрпақтан-ұрпаққа жетті.
 3. Адамды ойландырады, қолын жаттықтырады.
 4. Қазір «Тоғызқұмалақ» спорт түріне жатқызылып, сайыстар өткізіледі.
 5. Дойбы, күрес.

- 1 **Тақырып:** Мерейің үстем болсын, Астана!

- 2 **Жоспары:**
 1. Арқа төсіндегі зәулім қала.
 2. Астана – Елбасының ерлігі.
 3. Халқының қайратты ұлы – Нұрсұлтан.

3

Мазмұндамадағы мәселеге байланысты берілген сұрақтар негізінде сөйлемдерді бір-біріне байланыстыра жауап жазу.

Написать ответы на 5 вопросов, объединив предложения друг с другом.

1. Астана – Қазақстан Республикасының астанасы.

2. Астана дәл Сарыарқаның төрінде орналасқан.

«Астана – арман қала» деп әнде айтылған. Халық Астананы жақсы көреді, өйткені ол қаланың болашағына сенеді.

3. Әр елдің астанасы экономикалық, саяси, ғылым мен білімі жағынан бар күшті тоғыстыратын орталық болғандықтан, мемлекеттің жүрегі қызметін атқарады.

4. Астана жас болса да, осы функцияны жақсы орындайды.

5. Бұқаралық ақпарат құралдарының ел өмірін көпшілікке паш етуде, әділетсіздікке жол бермеуде алатын орны ерекше. Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің де көптеген жылдар бойы көптеген адамдардың сүйікті газеті болуы – осының айғағы.

Мәтіндерде кездесетін күрделі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы:

АҚШ доллары ~ халықаралық шарттық белгі
Артта қалу ~ кенже қалу
Астанасы ~ бас қаласы
Бейжің қаласы ~ Қытай Халық Республикасының астанасы
Жарыс ~ сайыс
Жастар ~ жас ұрпақ
Жауырыны жерге тимеген – жеңіліп көрмеген
Күштің иесі ~ күші бар
Мектептің ашылатыны ~ білім ошағының ашылуы
Ойын түрі ~ спорт түрлері
Ойындардың ~ жарыстардың
Өнерпаз ~ өнер иесі
Өткен ~ ұйымдастырылған
Өткізілді ~ жүзеге асырылды
Адамдары ~ кісілері
Аққұба ~ ақшыл реңді
Бекітуімен ~ шешуімен
Біреу ~ адам
Болашақ ~ келешек
Ел ~ мемлекет
Әрекеті ~ жұмысы
Әріректе ~ алыстау жерде
Жасалатын ~ іске асатын
Композитор ~ сазгер
Мәдениет ~ өркениет
Объектiсiндегi ~ нысанындағы
Онда ~ Грекия астанасы Афинада
Өзгерістер ~ жаңалықтар
Өңір ~ аймақ, облыс, аудан, жер «туған жері» – дүниеге келген жері
Табиғат ауытқушылығы ~ табиғат апаттары: цунами, жер сілкінісі, жанартау ағылуы
Талпыну ~ тырысу
Тарихы ~ жылнамасы
Теңдессіз ~ ешкімге ұқсамайтын
Тәртіпке түсуі ~ қалыпқа келуі
Туған ~ дүниеге келген
Хабардар боп кетті ~ біліп кетті
Шақыруымыз керек ~ тартуымыз керек
Экономикасы күшті ~ әл-ауқаты жоғары

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».
2. ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру».
3. ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».
4. ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».
5. ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».
6. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 30 бет.
7. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 54 бет.
8. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 66 бет.
9. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. М.С. Жолшаева. Қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 108 бет.
10. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. М.С. Жолшаева. Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 156 бет.
11. Preparation Course for the TOEFL Test, DEBORAH PHILLIPS, Pearson Longman, Education Testing Service, USA
12. IELTS with answers. Examination papers from University of Cambridge ESOL examinations: English for Speakers of Other Languages, Cambridge University Press, UK, 2007
13. Pamela J. Sharpe, TOEFL IBT Internet-Based test, Barrons Educational Series, NY, 2007

14. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. – 784 бет.
15. А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991. – 384 бет.
16. М. Балақаев, А. Ысқақов, Т. Қордабаев, А. Хасенова. Қазақ тілінің грамматикасы. I Морфология, Алматы, 1967. – 264 бет.
17. Ф.Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Қасым, А. Қобыланова, Қ. Есенова, Ұ. Исабекова, Қ. Қасабек, Ж. Балтабаева, Қ. Мұхамеди, Р. Рахметова, Ж. Көпбаева. Қазіргі қазақ тілі (оқу құралы), Алматы, 2005. – 535 бет.
18. З.С. Күзекова, Г.С. Пазылова, Е.Қ. Әбдірәсілов. Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы, Алматы, 2009. – 156 б.
19. Ғ. Смағұлова. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі, Алматы, 2002, – 191б.
20. Г.Қ. Рысбаева. Қазақ тілі (грамматикалық анықтағыш), Алматы, 2000. – 192 бет.
21. А. Салқынбай. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. Алматы, 2008, – 462 б.
22. Н. Оралбай, К.Құрманәлиев. Қазақ тілі. Алматы, 2007, – 454 б.
23. Н.Т. Сауранбаев редакциясымен, Орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1954.
24. Д. Ақанова, А. Алдашева, З. Ахметжанова, Қ. Қадашева, Э. Сүлейменова. Ресми-іскери қазақ тілі. Бірінші-екінші-үшінші деңгей. Алматы, Арман-ПВ, – 2010.
25. Қ. Бектаев. Үлкен қазақша-орысша/орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1999.
26. Ұ.А. Жанпейісова, Х.К. Мауленова. Қазақша-орысша тақырыптық сөздік, Алматы, 1997.
27. Э.Д. Сүлейменова, А.М. Алдашева, Д.Х. Аканова, Ж.Б. Алдаш. Ресми-іскери тіл: қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі, Алматы, 2005.
28. З.С. Күзекова, Т. Тұяқбаев. Қазақша-орысша, орысша-қазақша дипломатиялық сөздік, Астана: Елорда, 1998.

Пішімі 210x275
Қөріп түрі «Arial»
Таралымы 5000 дана
Тапсырыс № 734



Дизайн және басып шығару «Ақарман-медиа» ЖШС
Астана қ-сы, К. Байсейітова к-сі, 114/2
тел. 28 96 67, 28 96 68

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком способом тестирования



Қазақ тілін меңгерудің бес деңгейі бойынша әзірленген оқу-әдістемелік құралдар қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау емтиханына дайындалу үшін ұсынылады.

Емтиханға дайындық нәтижелі болу үшін оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны төмендегідей берілген:

- тіл қолданушыға бастапқы бағыт ретінде әр сөйлеу әрекетінің түріне қысқаша шолу жасалынған;
- қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін алдын ала тест ұсынылады;
- тілдік дағдыларды қалыптастыру мақсатында әр бөлік бойынша тест тапсырмаларына талдау жасалынып, дұрыс жауапты анықтау тәсілдері берілген;
- тілдік дағдыларды шыңдау үшін қорытынды тест ұсынылады;
- қосымшада қазақ тілін меңгеру деңгейіне сәйкес жаттығу тапсырмалары мен анықтамалық ақпарат берілген;
- сондай-ақ қосымшада тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері мен аудиожазбалардың мәтіндері қамтылған.

Оқу-әдістемелік құралдарға **CD-дискіде** қазақ тілін меңгеру деңгейіне сәйкес Тыңдалым және Жазылым бөліктерінің аудиожазба мәтіндері қосымша беріледі.

Емтиханды сәтті тапсыруға тілектеспіз!

Учебно-методические пособия по пяти уровням владения казахским языком рекомендованы для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком.

Для эффективности подготовки предложено следующее содержание:


- в качестве экскурсии дана краткая характеристика каждого вида речевой деятельности;
- для определения своего уровня владения казахским языком предложен предварительный тест;
- с целью формирования речевых навыков приведен подробный анализ достаточного количества тестовых заданий по каждому блоку, в ходе которого предложены способы определения правильного варианта ответа;
- для закрепления речевых навыков предлагается итоговый тест;
- в приложении даны тренировочные упражнения и необходимая для определенного уровня справочная информация;
- ключи правильных ответов тестовых заданий, тексты аудиозаписей, материалы самопроверки также приведены в приложении.

К учебно-методическим пособиям прилагаются **CD-диск** с аудиозаписями текстов по блокам Аудирование и Письмо, соответствующими уровню владения казахским языком.

Желаем успешной сдачи экзамена!

Қарапайым, базалық, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер үшін келесі оқу-әдістемелік құралдар ұсынылады:

Для элементарного, базового, уровня выше среднего и высокого уровней предлагаются следующие учебно-методические пособия:




ISBN 978-601-7185-45-9



ISBN 978-601-7185-46-6



ISBN 978-601-7185-48-0



ISBN 978-601-7185-49-7